1925 жылы қазағыстан кіндігі орынбордан қызыл орда қаласына көшіп келді. 1929 жылы қызыл ордан алматыға көшіп келді. 1928 жылы қазағыстан өкрікке бөлінді.

қазағыстандағы елдің көбі – қазақ. қазағыстанда қазақтан басқа мына қалықтар бар: орыс, украинілік, ноғай, өзбек, қара қалпақ, тараншы, дұңған, неміс, жебірей тағысын тағылар.

алматыда қазағыстанның кіндік үкіметі тұрады. кіндік үкіметке кіретіндер: кіндік атқару кәмитет, кемесерлер кеңесі, кемесереттер. алматыда ортақшыл партыйаның өлкелік кәмітеті бар. бұлардан басқа үніберісетет, мал дәрігерлік үнісететі, екінші басқыш мектеп, бірінші басқыш мектептер, мемлекет баспасы оннан асуу газет-журналдар басқармалар мемлекет тій-әтірі түрлі ілім орындары бар. қазағыстанда өктәбірдің 4-і республике мыйрамы. ғыныуардың бірі қазақ әйеленің мыйрамы, ғыныуар бірінде қазақ үкіметі қалың малды, көк қатын алуды жойатын декрет шығарған.

Урок 106. 106-сабақ (жүз алтыншы сабақ)

қазағыстан шаруашылығының негізі (основа) мал бағуу. сонаң соң егіншілік. оң түстікте (на юге) ел тек мал бағады. егін салуға бұлардың жері жарамайды. сол түстікте (на севере) егіншілік пен мал бағуу қатар жүреді. пәбрік-зауыт аз. бары (то, что есть) дійірмен (мельница), тері ійлейтін зауыт, (кож. зав.) сабын бұлғайтын зауыт (мыловаренный завод) сықылдылар. қазағыстанда кен көп, бірақ қазып алуу кем. бес жылдық пыланда пәбрік, зауыт, кен жұмысы күшейтіледі. түркістан жағында бақшашылық (огор-во, садов-во), мақта кесібі бар. қазағыстанда қол шеберлігі (кустар. пром.) үлкен орын алады. қазағыстанның сол түстігінде быйдай, оң түстік жағында тары көп салынады. бұлардан басқа аздап қара быйдай

салынады. бұлардан басқа аздап кара быйдай, арпа, сұлы, салады. қазағыстанда ұсталатын мал: қой, сыйыр, түйе, жылқы. темір жолға жақын аудандарда сыйыр көп. семей мен ақмолада жылқы көбірек. ақтөбе торғай гүбірнелерінде, қазалы мен қызыл орда аудандарында түйе мен қой көп ұсталады.

қазағыстан жүн, тері (кожа), май, мал сатады. сырттан пәбрик зауыт тауарларын алады. осы күні қазағыстанда үлкен мауыты пәбригі үлкен бұлғары зауыты салынып жатыр. қазағыстанда ірі кесіп орындары енді-енді жанданып келеді. бұл күнде доссордан мұнай, рійдідрден түсті метал, қарағандыдан көмір, қарсақпайдан шойын алынады.

бес жылдық пыланда қазағыстанда зауыт-пәбрик көбейеді, қалқоз көбейеді, мәденіет ілгерілейді, жалпы оқу басталады.

Урок 107. 107-сабақ (жүз жетінші сабақ)

қазақ даласында қыс өте суық. жаз өте ыссы. жаз күн ыссы, түн салқын. жауыны аз. қазағыстан ауасы – кәнтійнент ауа. тал өкпе, елек аудандарында ақтөбе, қостанай сол түстігінде қызыл жар көкшетау сол түстігінде семей жеті су таулы жерінде жылына 300 мілліметрдей жауын жауады. мұның оң түстігінде 200 мілліметрдей жауын жауады. мұнан оң түстікке кеткен соң 100 мілліметр жауын жауады. жауыны молырақ жердің топырағы да тәуір: лаар топырақ пен қоңыр кәштән. отарға алынған да осы жерлер.

ресейде кенге бай жердің бірі қазағыстан. қазағыстанда мұнай (нефть), тас көмір (каменный уголь) мыс, бақыр (свинец), күміс, алтын, тұз, жер тезек (торф), гілаувер тұзы (глаубер. соль), арасан (целебный источник) көп. мұнай оралда каспій жағасында бар. әсіресе мұнайға бай орын доссор. тас көмір ақмола, атпасар, керекүү де (павлодар) көп. алтын қостанай, көкшетау, өскемен, зайсан, бұқтарма да бар. тұз төбеде тас тұз бар. басқа кендер әр жерде де бар.

Урок 108. 108-сабақ (жүз сегізінші сабақ)

Қойшы (өлең)

Йит үрмей, адам жүрмей тынған көзі;
Тыныштық жан біткеннің қылған кезі;
Қотанда қой шетінде арпалысып;
Төңбекшіп жатыр қойшы жалғыз өзі.
Қасынып қотандағы қойшы жатыр;
Тынсайшы мазаламай, бійт батыр!
Таң келеді бай да келіп қалама деп;
Кірді ол тәтті ұйқыға балдай татыр.
Бейімбет.

Урок 109. 109-сабақ (жүз тоғызыншы сабақ)

Баспа қана (өлең)

Он жыл болды баспа қана
Піесінің қолында,
Содан бері түзуу сана
Таратудың жолында.
Болашақтың жыры естілет
Машыйнаның шуынан;
Алдағы шат сыр естілет
Күрсілдеген бұуынан...
Баспа қана дүрсілдейді,
Жанды сөзді жаратып;
Демі қайнап күрсілдейді –
Әлемге өрнек таратып

(Сәкен.)

Урок 110. 110-сабақ (жүз оныншы сабақ)

Майдан (өлең)

Майдан – оқу майданы;
Ұмтылғаным өнерге,
Жауыққан жауым надандық,
Өнерсіздік өштесім,
Қараңғылық қастасым,
Жігерім жегем жеңерге.
Оқу майданы оңалды,
Жұмбақ жолдар жоғалды.
Күн санап күүлеп келеміз.
Жел біздердей желеме?
Мектебім – мерей мекенім;
Менің емес, дүкенім.
Дүкенін құрған шеберім,
Шеберлер, шеге шегеле!

Ілійас.

СЛОВАРЬ

А

Арба – арба
Араб – арап
Аршин – аршын, кез
Америка – әмерік
Армия – әскер
Агитация – үгіт
Азия – әзіе
Африка – әпірік
Австралия – ауыстрал

Б

Баба – қатын
Бадья – қауға
Банда – баспашы
Баня – монша
Баран – қой
Батрак – батырақ, малай
Беги – жүгір
Беги (от преследований) – қаш
Бедный – кедей, жарлы
Белый – ақ
Бей – ұр, сок
Бери, возьми, получи – ал
Берег – жаға, жійек
Богатый, бай – хозяин
Болгара – былғары
Болезнь, болей, больной – ауырұу
Большой (ая,ое) – үлкен
Болит – ауырады
Борода – сақал
Бойкий, острый – өткір
Борьба, борись – күрес
Брошюруй – түпте
Бочка – бөшке
Брюки – шалбар
Бугай – бұқа
Будущее – болашақ
Будь – бол
Был выбранным – сайланды
Годный – жарамды
Был обманут – алданды
Был угнетенным – езілді
Был утверждён – бекітілді

Был побежден – жеңілді
 Буква – әгір
 Булаг – болат
 Бумага – қағаз
 Быстрый – жылдам
 Бюджет – бұджет

В

Вагон – бәгөн
 Важный – маңызды
 Вазелин – бәзелін
 Вата, хвали, хлопок – мақта
 В большинстве случаев, обыкновенно – көбінесе
 Вернись – қайт
 Весы – таразы, кір, шеккі
 Ветер – жел
 Вечер, поздно – кеш
 Вечером – кешкісін
 Вечерний – кешкі
 Вдоль – бойында
 Вексель – бексіл
 Весна – жазғытұры
 Весть, известие – қабар
 В это время – осы күні
 Верь – ыйнан
 Верно, правильно – дұрыс
 Верблюды – түйе
 Верста – шақырым
 Верни – қайтар
 Вершок – бұршік
 Верный, заслужив-ий доверия – сенімді
 Верх – үст, жоғары
 Входи (заходи, въезжай) – кір
 Вчера – кеше
 Вчерашний – кешегі
 Выбор – сайлау
 Вывод, заключение – қорытұу
 Вылечись – жазыл
 Вылечи – жаз
 Высокий – бйік
 Выстирай (от гл. стирать), мой – жұу
 Выпрямись – түзел
 Выпадает (дождь, снег) – жауады
 Выпрями, восстанови разрушенное – түзе
 Вырезывай – ой
 Восстань, поднимайся – көтеріл
 Вы – сіз

Внутри – ісі
Внутренний – ішкі
Вода – суу
Водка-вино – арақ
Видь, пов. от гл. видеть – көр
Вкусный – дәмді
Внешность, наружность – сырт
Внеочередный – кезексіз
Враг – жау
Волость – болыс
В прошлом году – былтыр
Водворись – орна
Возложи – жүкте
Воздух – ауа
Врач – дәрігер
Время – ұуақыт
Все – бәрі
Все таки, тем не менее – сонда да
Всегда – әр қашанда
Всего – барлығы
В ссоре – араз
Встречай – жолық
Вступай в конкуренцию – бәсекелес
В то время – сол кезде
Власть – үкімет
Возле – қасында
Вождь, главарь – бастық
Воздух – ауа
Война, воюй, бейся, сражайся – соғыс
Воинственный – жауынкер
Войско, армия – әскер
Вокруг, кругом – айналасында
Вол – өгіз
Волк – қасқыр
Волос – шаш, қыл
Вор – ұры
Воротник – жаға
Воруй – ұрла
Вот – міне
Выходи – шық
В особенности, особенно – әсіресе
Восемь – сегіз
Восстание – көтеріліс
Вперед – ілгері
Вред – зыйан
Враг – жау

Г

Газ – ғаз
 Гасни, будь погашенным – сөн
 Герой – батыр
 Глаз – көз
 Глотай – жұт
 Глина – саз
 Глубокий – терең
 Гнев – ашұу
 Гневается – ашұуланды
 Год – жыл
 Галоша – кәлош
 Голодай – ашық
 Голодный – аш
 Голод – ашаршылық
 Гони (скот) – айда
 Город – қала
 Готовый, – пока – әзір
 Готовься – әзірлен
 Горы – таулар
 Государство – мемлекет
 Гость – қонақ
 Грабли – тырма
 Гражданин – азамат
 Грозный, внушительный – айбарлы, сұсты
 Грязный – ылас
 Губа – ерін
 Гуляй, пройдишь – қыдыр
 Густой – қойұу
 Гусь – қаз

Д

Да – йа
 Давно – әлде қашан
 Далекый, дальний – алыс
 Дай – бер
 Дай распоряжение – бұйыр
 Два (две) – екі
 Дверь – есік
 Девять – тоғыз
 Дед – ата
 Демократия – бұқара
 День – күн
 Деньги – ақша
 Дели – бөл
 Делай – істе, қыл, ет

Детеныш, приплод – төл
Дерево – ағаш
Деревня – ауыл
Дикий – тағы жабайы
Диковина, редкость – таңсық
Дитя – бала
Добрый – езгі
Доверься, положишь – сен
Доверие, кредит – сенім
Догони (в смысле хватай) – жет
Дои, здоров – сау
Доклад – байандама
Докладчик – байандамашы
Докладывай – байанда
Долг – борыш
Европа – еуропы
До свидания – қош
Доска – тақта
До сего времени, еще пока – әлі
Доход – түсім
Думай – йола
Друг – дос
Другой – өзге, басқа, бөтен
Дочь, девочка – қыз
Дыхание – дем
Держи, лови (скот) – ұста
Десять – он
Дешево(ый) – арзан
Длинный – ұзын
Для, ради – үшін
До – шейін
Дойди, доезжай – жет
Дождь – жаңбыр, жауын
Долгий – ұзақ
Должен – тийіс, тийісті
Дом – үй
Дорого(ой) – қымбат
Дорога, путь, правило – жол
Дуга – доға
Есть (имеется) – бар
Ешь, кушай – же
Еще, и – жана
Этак – бүйтіп, бұлай
Это – бұл, мынау

Ж

Жара, - кий – ысы
Железо – темір

Желудок – қарын
 Желтый – сары
 Женщина – қатын, әйел
 Жесть – қалайы
 Жестокый, (суровый) – катал
 Жни (от сл. жать) – ор
 Жирный – семіз
 Животное – қайуан
 Живот – іш
 Жидкий – сұйық

3

Забудь – ұмыт
 Заведывай, управляй – басқар
 Завет – өсіет
 Завод – зауыт
 Завтра – ертең
 Зажигай – жақ
 Задолжался – борыштанды
 Загадка – жұмбақ
 Закрой – жап
 Залог – аманат
 Замок – құлып
 Заработная плата – жал ақы
 Заряди – жаса, оқта
 Закон – заң
 Заседание – мәжіліс
 Засуха – құрғақшылық
 Защищайся, защита – қорған
 Защити – қорға
 Заяц – қойан
 Заявление, прошение – арыз
 Зверь – аң
 Здесь, сюда – мұнда
 Здравствуй-те – аман ба? сәлеумәліікүм
 Зеленый – жасыл
 Земледелие, урожай, поле – егін
 Земля – жер
 Зима – қыс
 Зови – шақыр
 Золото – алтын
 Знакомый – таныс
 Знай – біл
 Знание – білім
 Знахарь – емсек, бақсы
 Злой – жауыз
 Знаменитый, славный – даңықты, атақты
 Золотник – мысқал

Золото – алтын

Зонт – зонт

И

Играй – ойна

Иголка – ийне

Идеология – салт-сана

Иди, ходи – жүр

Избирай, выбирай – сайла

Изредка – анда-санда

Или – йа, немесе

Империалист – жійәнгер

Империализм – жійәнгерлік

Ищи, выслеживай – ізде

Иначе, в противном случае – әйтпесе, болмаса

Иначе, или – болмаса

Иногда – кейде

Инструкция – нұсқау

Ископаемые (полезн.) – кен

Исполнительный – атқарушы

Истина – шындық

И так далее и пр. – тағысын тағылар

К

Когда – қашан

Каждый – әр

Казак – казак

Какой (ая, ое) – қандай

Команда – кәманда

Камень – тас

Компания – науқан

Канал – арық

Канцелярия – кеңсе

Капля – тамшы

Колодец – құдық

Кальсоны – дамбал

Колония – отар

Колхоз – қолқоз

Коллектив – бірлестік

Комиссар – кемесер

Комната – бөлме

Комиссариат – кәмесерет

Коммуна – ортақ

Комсомолец – кәсамол

Кнут – шыбыртқы

Конкуренция – бәсеке

Кончай – бітір, тауыс

Кончился – таусылды
 Конфеты – кәмпійт
 Копейка – тыйын
 Кооператив – кәперетіп
 Корова – сыйыр
 Коса – шалғы
 Коси, скачи – шап
 Кошка – мысық
 Короткий (ая-ое) – қысқа
 Который – қайсы
 Кради (воруй) – ұрла
 Край – өлке
 Капризный – ерке
 Карандаш – қарындас
 Караул – карауыл
 Кассация – шағым
 Керосин – жер май
 Кипит – қайнайды
 Кишки – ішек
 Ключ – кілт
 Класс, обще-нный, найди (глагол) – тап
 Кожа – тері
 Красный – қызыл
 Край (окраина) – шет
 Край (чего-нибудь, берег) – жійек
 Кредит – несіе
 Крестьянин, мужик – кара шекпен, мұжық, кара шарұуа
 Крик – айқай
 Критикуй – сына
 Кричи – айқайла
 Крупный – ірі
 Кругом, обернись – айнал
 Кровь, хан, напейся – қан
 Крыло – қанат
 Книга – кітап
 Кто – кім
 Куда – қайда
 Где – қайда
 Культура – мәденіет
 Курево, папироса – шылым
 Купи – сатып ал
 Кузнец, мастер – ұста
 Кустарный промысел – қол шебері
 Куцый – шолақ

Л

Лавка, мастерская – дүкен
 Лай – ур

Лампа – шам
Легкое – өкпе
Легкий – жеңіл
Лекарство – дәрі
Лето – жаз
Лети – ұш
Лечи – емде
Лечись – емдел
Лей – құй
Ли – ма (ба, ме, бе)
Литература – әдебиет
Лишись (страд. залог от «айр») – айырыл
Лови (рыбу, зверя) – аула
Лопата – күрек
Лошадь – ат, жылқы
Луна – ай
Лучше – тәуір
Ляг, ложись – жат

М

Магазин – мағазын
Мама – шеше
Мануфактура – мата, кездеме
Машина – ташыйна
Масло – май
Материя – мата
Мастер – шебер
Метод – әдіс
Метр – метір г
Мелочь – ұуақ-түйек
Мешок – қап
Минута – мүйнет
Милитарист, воинствующий – жійәнкер
Милитаризм – жійәнкерлік
Мир (соглашение) – бітім
Мир (вселенная) – дүніе
Мири – бітір
Мирись – біт
Младшая сестра – қарындас
Младший брат – іні
Мозг – мій
Молоко – сүт
Мясо – ет
Медь – мыс
Мел – бор
Мелкий, неглубокий – тайыз
Мельница – дйірмен

Место – орын
 Местонахождение – мекен
 Месяц, луна – ай
 Молодой, возраст – жас
 Молви, говори – де
 Молитва, благословение – бата, намаз
 Мокрый, сырой, влажный – ылғал
 Море – теңіз
 Мороз – айаз
 мотив – ән
 Мужчина – еркек
 Мука – ұн
 Мутный – ылай
 Мягкий – жұмсақ
 Мы – біз
 Мыло – сабын

Н

Набирай, подбирай – тер
 Надень – кій
 Нагайка – қамшы
 Надо, нужно – керек-ті
 Назад – кейін
 Наказание – жаза
 Наказывай – жазала
 Наконец – ақырында, айағында
 Напиток – сұусын
 Народ – жұрт, қалық
 Недавно – жаңада
 Наркомвнудел – ішкі істер қалық кәмесеріеті
 Наркомздрав – ден саулық қалық кәмесеріеті
 Недавно, давеча – мана
 Недостача – кем
 Невод – жылым
 Небо – әуе, аспан
 Немец – неміс
 Надорвался – әлсіреді
 Не полный – орта
 Неприхотливый – көнбісті
 Несколько – біг песе
 Нет – жоқ
 Наркомзем – жер-сұу қалық кәмесеріеті
 Наркомвоендел – соғыс қалық кәмесеріеті
 Наркомпрос – қалық ағартуу кәмесеріеті
 Наркомторг – сауда қалық кәмесеріеті
 Наркомтруд – еңбек қалық кәмесеріеті
 Наркомсобес – қарып кәсерге жәрдем қалық кәмесеріеті

Наркомфин – ақша қалық кәмесеріеті
НКРКИ – жұмысшы қара шаруа бақылау қалық кәмесеріеті
Наркоминдел – сыртқы істер қалық кәмесеріеті
Наркомпочтель – пошта-телегірап қалық кәмесеріеті
НКПС – жол қалық кәмесеріеті
ЦСНХ – қалық шаруашылығының кіндік кеңесі
Госплан – мемлекет жоспар кемесіесі
Население – ел
Наследство – мұра
Налог – салық
Направление – жөн
Настроение – көңіл
Наука – ғылым
Начинай – баста
Начался, наступил – басталды
Ночуй – қон, түне
Найдись – табыл
Наука – ілім (ғылым)
Национальность – ұлт
Начало, голова – бас
Не – емес
Невежество – надандық
Низ – ас, төмен
Низкий – аласа, тапал
Нитка – жіп
Новый – жаңа
Новость, новизна – жаңалық
Ноготь – тырнақ
Нога – аяқ
Нож – пышақ
Ножницы – қайшы
Но – бірақ
Нос – мұрын
Неучтивый – әдепсіз
Ночь – түн
Нуль – нөл

О

Об – тұралы
Обвиняй (очерни) – қарала
Обед, пища, кушанье – тамақ, ас
Область – обылыс
Объединяй – біріктір
Объединяйся (корень «бырь», один) – бірік
Один – бір
Обещание – үуәде
Обмен, мена – айрбас

Обманывай – алда
Обанкротился, сломался – сынды
Обучайся (чись) – үйрен
Обучай – үйрет
Общество – қоғам, әлеумет
Объясни – түсіндір
Обязательство – міндет
Обычай – әдет
Овес – сұлы
Овца – сарық
Одежда – кійім
Одевайся – кійін
Одеяло – көрпе
Один (одна, одно)
Одобри – ұнат
Озеро – көл
Окно – терезе
Около, подле, возле
Округ – өкірік
Он (оно, она) – ол
Он сам – өзі
Они – олар
Опоздал – кешікті
Оправдывай – ақта
Опять, дикий – тағы
Опыт – тәжірійбе
Организация – ұйым
Орудие, средства – құрал
Оружие – қару
Оседлай – ерле
Основа – негіз
Оставь – қалдыр
Останови – тоқтат
Остановись – тоқта
Останься – қал
Остров – арал
Отступи – шегін
Отвечай – жауап бер
Отвори (открой, отопри) – аш
Отдаляй, удаляй – алыстат
Отдаляйся, удаляйся – алыста
Отдыхай (буквально: возьми дыхание) – дем ал
Отнеси, снеси, отведи и т.д. – алып бар
Отпусти, отправь, пошли – жібер
Отец – әке
Отряд – әтірет
Основательный – орнықты
Осень – күз

0, (об, бо), про – тұралы, тақырыпты, жайында
Очередь – кезек
Очередной – кезекті
Ошибка – қата, жаңылыс

П

Падеж скота (от) бескормицы зимой) – жұт
Палец – саусақ
Папа – әке
Паразит – арам тамақ, жатып ішер
Пар – бұу
Партия – партыйа
Паси, стереги, наблюдай – бақ
Пастбище – жайылым
Пашня – егіс
Печатай – бас
Печать – мөр
Печень – бауыр
Пей – іш
Пиво – сыра
Пила, пчела, между – ара
Пика, копье – найза
Письмо – қат
Пиши – жаз
План – пылан
Плохой (ая, ое) – жаман
Платок – орамал
Плачь – жыла
Пленник (арестант) – тұтқын
Плуг – сабан
Паши – егін сал, егін ек
Переверни, опрокинь – төңкер
Перо – қалам ұш
Перестань гневаться – ашұу бас
Переменчивый, изменчивый – құбылмалы
Перец – бұрыш
Песок – құм
Песнь, стихотворение – өлең
Подними – көтер
Подошва – табан
Позавчера – алдыңғы күні
Пойми – түсін
Пой – сұуар
Польй – кеуек
Политика – сайасат
Полный – толық
Полководец, командир – әскер басы

Положи, клади, строй – сал
Полотенце – сүлгі
Польза, барыш, прибыль – пайда
Помни – ескер
Помощь – жәрдем, көмек
После того, затем – сонан соң
После этого – мұнан соң
Победи, рукава – жең
Повеление (высочайшее) – әмір, жарлық
Повернись, поворачивайся – бұрыл
Повестка – шақырғу қағаз
Подарок, подношение – сый
Подметай – сыпыр
Поп – молда
Шылым – папироса
Поразмышляй – ойлан
Пора – мезгіл
Порицание – сөгіс
Порицай – сөк
Порох – оқ, дәрі
Порошок – ұнтақ
Поручи, вручи – тапсыр
Порядок, дисциплина – тәртіп
После – соңынан
Последствие – салдар
После завтра – бүрсі күні
Поэтому – сондықтан
Подвода – көлік
Поддержи – қоста
Прежде – бұрын
Прение, спор – айтыс
Преступление – қылмыс
Престол – тақ
Приблизительно, приблизительная величина – шама
Продай – сат
Пчела – ара
Пыль – шаң
Пшеница – быйдай
По (на вопрос как ? например: по-русски) – ша, ше
Пословица – мақал
Посредник – ділдәл
Постановление, решение, резолюция – қаулы, қарар
Постоянный – тұрақты
Посуда, сосуд – ыдыс
Пот – тер
Поток – сел
Поход – аттаныс
Потому что – неге десеңіз, үйткені
Почва – топырақ
Пояс – белбеу

Правда – ырас
Правило, устав – ереже
Правительство, власть – үкімет
Правление, управление, редакция – басқарма
Правый – оң
Предложение – ұсыныс
Предложи, пореши – ұйғар
Председатель – төр-аға
Представитель, доверенный, депутат, уполномоченный, делегат – өкіл
Предприятие – кесіп дүкені
Производительность, продуктивность – өніс
Происхождение – тек
Промысел, промышленность – кесід
Пропаганда – насыйқат
Пропади – жоғал
Проклятие – қарғыс
Просо – тары
Проходи, пройди – өт
Прохлада, прохладно, -ый – салқын
Прощай, до свидания – қош
Прошение, заявление – арыз
Проект – жоспар
Пряди – ійір
Прямой – түзуу
Прыгай – қарғы, секір
Птица – құс
Пуговица – ілгек
Пуд – пұт
Пузырь (стеклян.) – шөлмек
Пуля – оқ
Пустой – бос
Путник – жолаушы
Пух – мамық
Пушка – зеңбірек
Пять – бес
Пыль – шаң

Р

Работа – жұмыс
Родись, знамя, яловый – түр
Радостный – шат
Раз – есе
Разветчик – баршы
Разводи, клади, плот – сал
Разлилась, перевез – тасыды
Разомкни – жаз
Разомкнись – жазыл
Различи, разменяй, разрывай. Вилы – айыр
Разрешение (в смысле позволения) – ұлықсат

Разруши, отмени – бұз
 Разрушился – бұзылды
 Район – аудан
 Рана – жара
 Рано, утро – ерте
 Распространяй – тарат
 Расследуй – тексер
 Реформмируй, перемени – өзгерт
 Рис – күріш
 Ров – ор
 Роди – тудыр
 Рожь – қара быйдай
 Рой, гусь – қаз
 Рот – ауыз
 Рассыпайся – шашыра
 Расти – өс
 Распоряжение, приказ – бұйрық
 Расход – шығын
 Расходись, расчесывай – тара
 Расчет, счет, отчет – есеп
 Регистрируй – тірке
 Револьвер – алты атар
 Революция – төңкеріс
 Редкий – сійрек
 Результат – натыйжа
 Рисуи, сними (фотографию), рисунок, картина – сүгірет сал
 Река – өзен
 Реформа, изменение – өзгеріс
 Ругай – кейі, боқта
 Ружье – мылтық
 Рука – қол
 Руку приложи, распишись – қол қой
 Русский – орыс
 Ряд, раз – ірет
 Рыба – балық
 Рубашка – көйлек
 Рубль – сом, теңге

С

Сад – бақша
 Садись³ – мін
 Сажень – сажын
 Сапог – етік
 Сазан – сазан
 Самовар – самаурын
 Саратов – саратов
 Сей разводи, возделывай – ек

Сила – әл
Сеть - ау
Сядь, садись – отыр
Сила – күш
Синий – көк
Сильный – күшті
Сахар – қант
Свет, светлый – жарық
Свинец – қорғасын
Свидетель – кууә, айғақ
Свидетельство, удостоверение – кууәлік
Съезд – сійез, топ
Сегодня – бүгін
Седло, следуй – ер
Серебро – күміс
Семипалатинск – семей
Семя, плод – тұқым
Семь – жетінші
Сено – пішен
Сердце – жүрек
Серп – орақ
Серый – сұр
Сеть – ау
Слезь – түс
След – із
Следователь – тексерууші
Слей (от гл. лей) – төк
Слово, речь – сөз
Сей, рассыпай – шаш
Соедини, сложи, походная кибитка – қос
Создай, твори, производи, сделай, здравствуй – жаса
Сократи, прекрати – қыскарт
Сократился – қысқарды
Соль – тұз
Солдат – салдат
Сон – ұйқы
Сомкни – кұусыр
Сомкнись – кұусырыл
Сосед – көрші
Сотрудник – қолғабысшы
Соха – соқа
Социализм – сотсыйалдық
Спреди – алдынан
Союз – одақ
Секунда – секүнт
Сельский хозяин – ауыл шаруа
Селезенка, развод – талақ
Сзади – артынан
Скажи, говори – айт
Сколько – қанша

Скромный – жұпыны
Скорый – шапшаң
Скот – мал
Словно, подобно – сыйақты, секілді, тәрізді
Слово – сөз
Сложи, сверни – бүкте
Служба – қызмет
Слушай – тыңда
Слышь – есті
Смерь, взвесь – өлше
Смейся – күл
Смета – ісмет
Смирно – тыныштал
Смотри – қара
Снег – қар
Сноворка – тәсіл
Собака – ійт
Собрание – жыйылыс
Совет – кеңес
Совнарком – қалық кемесерлер кенесі
Содержи – тұт
Старик – шал
Старуха – кемпір
Старшая сестра – апа
Старший брат – аға
Старый – кәрі, қарт
Статья – мақала
Статья (закона) – ыстатыйа
Степень – даража
Страна, край – жер
Стреляй – ат
Стремись – ұмтыл
Строй, устройство – құрылыс
Столько – сонша
Стой, (живи, находишь) – тұр
Сукно – шұға
Сутки – тәулік
Спи – ұйықта
Спина – арқа
Спичка – шырпы, сіріңке
Спокойствие – тыныштық
Спрашивай – сұра
Средства производства – өндіріс құралы
Станция – ыстанса
Сухой – құрғақ
Судья – бій
Сходи, съезди – бар
Счеты – шот
Сын – ұл
Съезд – сійез, топ, құрылтай

Т

Табак – темекі
Так – солай, олай
Таким образом – сүйтіп
Тебеневка – тебін
Твердый, сильный, жестокий – қатты
Телега – арба
Телефон – телепон
Темный (ота) – қараңғы
Тепло (ый) – жылы
Теряй – жоғалт
Тетрадь – дәптер
Типография – баспақана
Товар – тауар
Тихий – ақырын
Тобол – тобыл
Толстый (глубокий) – жуан
Только, происхождение – тек
Тонкий – жіңішке
Ты – сен
Ты сам – өзің
Тяжба – дау
Тогда, тут – сонда
Тощий – арық
Товарищ, попутчик – жолдас
Топор – балта
Торговля – сауда
Торгуйся – саудалас
Торговец – саудагер
Торопись, бабка, влюбленный – асық
Торф – жер тезек
Три – үш
Трава – шөп
Тронь – тій
Труд – еңбек
Трудный – қыйын
Трусливый – қорқақ
Тупой – топас
Туши – сөндірі
Тки – тоғы
Туман – тұман
Тяжись – даулас
Тяжелый – ауыр
Тяни, кури – тарт

У

Убей – өлтір
Уважай, почитай, подари – сыйла

Угол – бұрыш
 Угнетай – ез
 Уподобляется – ұқсайды
 Узнавай, опознай – таны
 Удостоверяй – кууәләндір
 Узбек – өзбек
 Улица – көше, орам
 Ум – ақыл
 Умри – өл
 Умещаюсь, уложись – сый
 Урок – сабақ
 Устройся, пристройся – орналас
 Устрой, пристрой – орналастыр
 Устал – шаршады
 Утверди – бекіт
 Утренний (завтрашний) – ертенгі
 Утвердись, укрепись – орнык
 Утро – таң
 Ухо – құлак
 Уходи – кет
 Учи – оқыт
 Учись, читай – оқы
 Умный – ақылды
 Унеси, увези, уведи – алып кет
 Уничтожь – жой, құрт
 Упражнение, упр-няться – жаттығу
 Упржняйся, приобретаай опыт – жаттық
 Урал – орал
 Ученик – шәкірт, оқушы
 Учитель – мұғалім
 Уйми – тый

Ф

Фабрика – пәбрік
 Фальшь – жалған
 Фунт – қадақ
 Фрунт, поля действия – майдан

Ц

Цветной металл – түсті тас
 Центральный – орталық, кіндік
 Цвет – түс
 Царь – патша
 ЦИК – кіндік атқаруу кәмітеті

Ч

Часть, отдел – бөлім
Частый – жыйы
Часы, час – сағат
Чертеж, черточка – сызық
Четыре – төрт
Четверть – шійрек
Чертеж – сызық
Чек – шек
Человек – адам, кісі
Червонец – шербен
Черный – кара
Черти – сыз
Член – мүше
Чистый – таза
Чужой, ляг (глагол) – жат
Что – не
Чугун – шойын

Ш

Шагни – бас
Шаловливый – тентек
Шашка, сабля – қылыш
Шапка – бөрік
Шум – шум
Шерсть – жүн, жабағы
Шесть – алты
Шея – мойын
Школа – мектеп, үшкел
Юг – оң түстік

Я

Яйцо – жұмыртка
Я сам – өзім
Ячень – арпа
Яблоко – алма
Я – мен
Ясный, открытый – ашық

Э

Энергия – жігер
Этап – ыйтап
Эпоха – дәуір
Это – бұл
Эксплоатация – қанау
Эксплоатируется – қаналады

Таблица спряжений

Основы казахских глаголов – II лицо ед.ч. повелительного наклонения. основы через прибавление к ней соответствующих приставок. Приставки нию конечного согласного звука основы.

Положительная форма

Лицо	Единственное число			Множественное число		
	По сингармонизму		По прогресс. уподоблен.	По сингармонизму	По прогресс. уподоблен.	
	Твердое спряжение	Мягкое спряжение	После конеч. Корневого глухого	Твердое спряжение	Мягкое спряжение	После конеч. корневого глухого
Настоящее время						
III {	жаз-ады сұра-йды	бер-еді же-йіді		мн. ч. нет		
II {	жаз-асың сұра-йсың	бер-есің же-йісің		жаз-асыз сұра-йсыз	бер-есіз же-йісіз	
I {	жаз-амын сұра-ймын	бер-емін же-ймін		жаз-амыз сұра-ймыз	бер-еміз же-йміз	
Будущее время						
III {	жаз-ар сұра-р	бер-ер же-р		мн.	чис.	нет
II {	жаз-арсың сұра-рсың	бер-ерсің же-рсің		жаз-арсыз сұра-рсыз	бер-ерсіз же-рсіз	
I {	жаз-армын сұра-рмын	бер-ермін же-рмін		жаз-армыз сұра-рмыз	бер-ерміз же-рміз	
Прошедшее время						
III {	жаз-ды сұра-ды	бер-ді же-ді	айт-ты	мн.	чис.	нет
II {	жаз-дың сұра-дың	бер-дің же-дің	айт-тың	жаз-дыңыз сұра-дыңыз	бер-діңіз же-діңіз	айт-тыңыз
I {	жаз-дым сұра-дым	бер-дім же-дім	айт-тым	жаз-дым жаз-дық	бер-дік же-дік	айт-тым
Повелительное наклонение						
III {	жаз сұра	бер же		жаз-ыңыз сұра-ңыз	бер-іңіз же-ңіз	
II {	жаз-айын сұра-йын	бер-ейін же-йін		жаз-айық сұра-йық	бер-ейік же-йік	
I {	жаз-сын сұра-сын	бер-сін же-сін		мн.	чис.	нет.

казахских глаголов

Другие наклонения формы, виды и залоги глаголов образуется из этой же подчиняются гармонии гласных основы и прогрессивному уподобле-

Отрицательная форма (отрицание *ма – ме, ба – бе, па – пе* ставится между основой и личн. приставкой)

Единственного числа			Мн. числа	Приставки причастий: <i>Прошедшее время:</i> После гласных и звонких звуков <i>ған</i> или <i>ген</i> . После глух.зв. <i>қан</i> или <i>кен</i> . <i>Настоящее время:</i> Окончание <i>ушы</i> или <i>ушиі</i> Возможной формы (буд. вр.) окончание <i>атын</i> или <i>етін</i> . Приставки деепричастий: <i>Прошедшее время</i> После гласных <i>п</i> »» согласных <i>ып</i> . <i>Настоящее время</i> После согласных в твердых словах <i>а</i> После согласных в мягких словах <i>е</i> »» гласных <i>й</i>
По сингармонизму		По прогресс. подоблен.		
Мягкое склонение	Твердое склонение	После конеч. Корневого глухого		
Настоящее время				
жаз-байды сұра-майды	бер-мейді же-мейді	айт-пайды кес-пейді	Мн. ч. нет	
жаз-байсың сұра-майсың	бер-мейсің же-мейсің	айт-пайсың кес-пейсің	жаз-байсыз	
жаз-баймын сұра-маймын	бер-меймін же-меймін	айт-паймын кес-пеймін	жаз-баймын	
Будущее время				
жаз-бас сұра-мас	жаз-бас сұра-мас	жаз-бас сұра-мас	жаз-бас сұра-мас	
жаз-бассың сұра-массың	жаз-бассың сұра-массың	жаз-бассың сұра-массың	жаз-бассың сұра-массың	
жаз-баспын сұра-масын	жаз-баспын сұра-масын	жаз-баспын сұра-масын	жаз-баспын сұра-масын	
Прошедшее время				
жаз-бады сұра-мады	жаз-бады сұра-мады	жаз-бады сұра-мады	жаз-бады сұра-мады	
жаз-бадың сұра-мадың	жаз-бадың сұра-мадың	жаз-бадың сұра-мадың	жаз-бадың сұра-мадың	
жаз-бадым сұра-мадым	жаз-бадым сұра-мадым	жаз-бадым сұра-мадым	жаз-бадым сұра-мадым	
Повелительное наклонение				
жаз-ба сұра-ма	бер-ме же-ме	айт-па кес-пе	жаз-баңыз	
жаз-байын сұра-майын	бер-мейін же-мейін	айт-пайын кес-пейін	жаз-байын	
жаз-басын сұра-масын	бер-месін же-месін	айт-пасын кес-песін	Мн. ч. нет	

Т а б
падежных приставок всех слоняемых частей речи.

Обычная форма

Вопрос (сұрау)	Единственное числов			
	После гласных	После звонких	После глухих	После носовых: н,ң,м
Им.п. – атау. <i>кім? не? (кто? что)</i>	—	—	—	—
Род. п. – ілік жалғау. <i>кімнің? ненің? (кого? чего? чей?)</i>	ның (нің)	дың (дің)	тың (тің)	ның (нің)
Барыс жалғау. <i>кімге? неге? қайда? (кому? чему? за чем? за что? на что? куда?)</i>	ға (ге)	ға (ге)	қа (ке)	қа (ге)
Вин. п. табыс жалғау <i>кімді? нені? (кого? что?)</i>	ны (ні)	ды (ді)	ты (ті)	ды (ді)
Исх. р. шығыс жалғау <i>қайдан? (откуда? из чего? от кого?)</i>	дан (ден)	дан (ден)	тан (тен)	нан (нен)
Мест.п. жатыс жалғау. <i>қайда? (где? у кого?)</i>	да (де)	да (де)	та (те)	та (те)

Т а б
склонений личных, указательных и некоторых вопросительных место-
ютя по особому, приложенному здесь, образцу

Падежи	Личные местоимения		Указательные местоимения	
	Ед. число	Мн. число	Ед. число	мн. Число
Атау Іл.жал. Бар.ж. Таб.ж. Шығ.ж. Жат.ж.	Мен, сен, ол Ме- <i>нің</i> , се- <i>нің</i> , о- <i>ның</i> Ма- <i>ған</i> , са- <i>ған</i> , о- <i>ған</i> Ме- <i>ні</i> , се- <i>ні</i> , о- <i>ны</i> Ме- <i>нен</i> , се- <i>нен</i> , о- <i>дан</i> Мен- <i>де</i> , сен- <i>де</i> , он- <i>да</i>	Біз, сіз, олар Так же, как ед.ч.	Бұл, сол, Бұ- <i>ның</i> , со- <i>ның</i> Бұ- <i>ған</i> , со- <i>ған</i> Мұ- <i>ны</i> , со- <i>ны</i> Мұ- <i>нан</i> , со- <i>нан</i> Мұн- <i>да</i> , сон- <i>да</i>	Бұл-ар, сол-ар. Так же, как ед.ч

л и ц а

Особая внимание обратить на приставки притяжательной формы

Притяжательная форма

Единственное число			Множественное число
I лицо	II лицо	III лицо	
ым (м)	ың (н)	ы (сы)	Для образования мн. числа между основной и падежным окончанием вставляются приставки: После гласных и согласных (<i>р, л, й у</i>) <i>лар (лер)</i> » » глухих <i>тар (тер)</i> » » звонких ... <i>дар (дер)</i> Это относится к обычной и к притяжательной форме.
ымның (мының)	ыңның (ңның)	ының (сының)	
ыма (та)	ыңа (іңе) (ңа)	ыңа (сына)	
ымды (мды)	ыңды (нды)	ың (сын)	
ымынан (мынан)	ыңынан (ңнан)	ынан (сынан)	
ымда (тда)	ыңда (нда)	ында (сында)	

Приложение № 3

л и ц а

имений. Местоимения *мен, сен, ол, бұл, сол, қайсы, өзім, өзің, өзі* склоня-

Возвратные местоимения		Вопросит. местоимения	
Ед. число	Мн. число	Ед. число	Мн. число
Өзім, өзің, өзі Өзім- <i>нің</i> , өзің- <i>нің</i> , өзі- <i>нің</i> Өзім- <i>е</i> , өзі- <i>ңе</i> , өзі- <i>не</i> Өзім- <i>ді</i> , өзің- <i>ді</i> , өзі- <i>н</i> Өзім- <i>нен</i> , өзің- <i>нен</i> , өзі- <i>нен</i> Өзі- <i>де</i> , өзің- <i>де</i> , өзім- <i>де</i>	Өзіміз, өзіңіз, өздері Так жс, ка вед, ч	Қайсы Қайсы- <i>ның</i> Қайсы- <i>ған</i> Қайсы- <i>ны</i> Қайсы- <i>дан</i> Қайсы- <i>да</i>	Қайсылары Так жс, ка вед, ч

ҚАЗ. ҚАЛЫҚ АҒАРТУ КӘМ-НІҢ
БАСТАУЫШ ОРТА МЕКТЕП БАСҚАРМАСЫ
оқу әдіс сектірі

ШОНАН ұлы Т., БЕГӘЛІ ұлы Ғ., ЖИЕНБАЙ ұлы С.

Бастауыш мектептегі қазақ тілінің әдісі

Қазағыстан қалық ағарту кәмесереті бегіткен

Қазағыстан баспасы
1935

НКПрос КАССР
Управление по начальным и средним школам
Программно-метод. сектор

ШОНАНОВ Т., БЕГАЛИЕВ Г. и ЖИЕНБАЕВ С.

Методика казахского языка в начальной школе

под общей редакцией проф. К. Жубанова

Утверждена НКП КАССР

Ответ. Редактор Алибаев А.
Тех. редактор Шабаев Ф.

Ответств. кор. Уразбаев

Сдано в производство 28/IX 1934г.
Подписано 13/XI 1934г.
62x94 1/16
Казиздат № 2400
Уполказлито № 1- 985

Объем 7 3/4 п. листов
Формат А5 (6 1/2 x 10 1/2)
Тираж 7000
Знаков в 1п/ листе 56576

г. Кзыл-Орда, гостипография Казиздата № 1. Зак. № 793

Сөз басы

Жалпы білім беру үшін де дұрыс сауаттылықты күшейтүү үшін де ана тілі – мықты құрал. Мектепте ана тіліне айрықша маңыз беріп, маркшілдік жолға дұрыс салып оқытүүға аса көңіл бөлінүүі керек. Ана тілін оқытүү жұмысы әдіс жағынан да, баланың жасына сәйкес келүүі жағынан да мүлтіксіз болуу керек.

Бастауыш мектепте ана тілін оқытүүдың мақсаты баланы білімін толықтырүү үшін кітап пен пайдаланууға баулүү, жазып та, ауызша да өз ойын түсіндірүүге дағдыландыруу, біреудің ойын дұрыс түсінүүге жаттықтырүү, тіл арқылы балаға Маркшіл-Лениншіл төңкерісшіл салт-сананы сіңіріп күшейте беруу.

Бұл мақсаттарды орындау үшін мектеп алды мен балаларға тілден дәл көлемі көрсетілген жүйелі білім беруу керек. Сөздің пішіні мен мағнасын айырмай тұтас алып қарастыруу керек. Керек жерінде ана тілін әдебийет, тарыйк қоғам тану пәндері мен байланыстыра жүргізуу керек. Әрийне мұның бәрі жаңа прғрамда көрсетілген.

Ана тілінің жұмысы бастауыш мектепте бес салаға бөлінеді: с а у а т а ш т ы р ұ у, о қ у, г р а м а т і к е мен е м л е, т і л д а м ы т у. Кіласқа баланың біліміне қарай әр жылы жұмыстың әр тарауының тұтатын орны әр түрлі. Әуелгі жылдың жартысы тұтас сауат аштырууға, әліппе оқытүүға кетеді. Бірінші, екінші класта уақыттың көбі оқу мен жазууға беріледі. Үшінші, төртінші жылдары грамати́ке, емле күшейе бастайды.

Жұмыстың тарауына қарай ана тілінің програмы да әдісі де жоғарғы бес салаға бөлінеді. Осы ұсынып отырған ана тіл әдіс де сол бес саладан құралған. Сағат аштыруу мен тіл дамытүү әдісін жазған ж. Бегәлі ұлы Ғ. Грамати́ке, емле, жазуу әдісін жазған ж. Шонан ұлы Т. Оқуу әдісін жазған ж. Жиенбай ұлы С.

Бұл кітап бастауыш мектеп оқытүүшылары мен педтектікүмдер үшін арналған. Сондықтан бұл кітаптан осы көлемдегі ғана нәрсені талап етуу керек. Бұрын ана тілінің әдіс кітабы бізде тіпті жазылған емес. Сондықтан бұл еңбектің кемшілігі де болар. Ол кемшіліктерін оқытүүшылар көрсетсе, алғыс айтамыз да кітап қайта басылғанда түзеуге тырысамыз. Біз кітабымыздың жеңіл түсінікті болууын, оқытүүшының күнделік жұмысына шамасынша жәрдем берууін көздедік. Сондықтан «құралмайтын ұзын көтереді» деп ана тілінің талас жерлерін, шешілмеген мәселелерін мұнда қойғанымыз жоқ. Әзіргі оқытүүшылардың қолына қалай оқытүү тетігін текнікін көрсетүү мен мүсе тұттық. Осы мақсаттың өзі де қолдан келгенше орындалса, олжа деп ойладық. «Қайта құрылыс дәуірінде барлық істің тетігін текніке шешеді» (Сталин). Ана тіл әдісі – ана тілін дұрыс жүргізуудің текнікесі.

Жазуушылар

Алматы, 1934 жыл, үйел.

I. Сауаттандыруу әдісі

«Мәдениетімізді мүлдем жоғары көтеру керек». Кісі ойға алғанын ауыз бен айтып, қағаз бетінде жазып білдіре алатын болсын, оның гәзеті де, кітаптары да алдында болсын ... Оқый-жаза білуу арқасында ол өзінің мәдениетін жоғары көтеретін кәлге жетсін: қара шаруа оқу-жазғуға үйреніп, оны ауыл шаруашылығын, мемлекетін көгертуге жұмсай алатын болсын (Ленін).

Сауаттандыруудан көзделген мақсаттарды біз Леніннің осы сөзіне сүйене отырып белгілейміз.

Олай болса, оқу – адам баласының қолын білімге жеткізетін күшті, аса маңызды құрал екен. Бұл даусыз мәселе. Бірақ әңгіме – баланы оқуға қайткенде шапшаң, оңай үйретіп шығарғуда. Мәселенің түйіні осында.

Оқытушылар – тәрбиешілер сауаттандыруу жұмысын жеңілдетуу жолдарын іздеді, тәжірийбелерді қорытты; бірақ жүйелі қыйсын шығара алмады; алдыңғы қатар оқытушылар – тәрбиешілер осы жолда мың жылдап ізденді.

Олардың еңбектері еш болмады: XIX әсірдің орта кезінде сауат ашу жолында ауызға аларлық түрлі әдістер жарыққа шықты; оқу мен жазғуға үйретуудің негізгі желісі құрылды.

Сауаттандыруу әдістері тарыйқына тоқталмаймыз. Жалғыз ақ сол әдістердің басты-бастыларын шолып, өтіп, әдіс әдебийетінде осы тұралы жазылған мінеземелер мен, қысқаша болса да, мұғалымдарды таныстырып өтпекпіз.

Сауат ашу әдістерін жіктеу

Сауат ашу әдістерін санай берсек өте көп. Бірақ соларды екшей келгенде негізінде іргелі үш тарауға қайтып қалатын сыйақты. Сауат ашу әдістерін жіктегенде әдіс мамандары талдау (аналіз), жыйнау (жінтез) принциптеріне сүйенетін сыйақты.

1. **Жыйнау әдісі.** Бұл әдістің өзгешелігі сол, мұнда оқуға дағдыландыруу – әріптерден, йә дыбыстардан басталады, сонсын сөздерге бұуындарға, немесе бұуындардан сөздерге көшеді.

2. **Талдау әдісі.** Мұнда баланы оқуға дағдыландыруу керісінше: тұтас сөзден, йә сөйлемнен басталып, бұуын, дыбыс-әріпке көшеді.

3. **Талдау-жинау әдісі.** Мұнда талдау, жыйнау принциптері қатар қолданылады.

Жыйнау әдістері

(Жыйнау принципіне құрылған әріп әдісі)

Жыйнау принципіне құрылған әріп әдісі сауат ашу әдістері ішінде ең ескі әдіс.

Бұл әдіс пен сабақ беруу скемасы мынадай:

Бірінші сагы – әріптерде атын жаттап, сол әріптердің түрін жатта ұстау; әр әріптің аты болады: **а** – «әліп», **б** – «бій», **т** – «тій» т.т., әріп сөздің (атының) басында келіп отырады.

Екінші сагы – сол әріптерден бұуындар құрастырылып жатталады, мысалы: әліп пен бій – **әб**, жем мен дал – **жел**: «мөлдекендер» мұнан да қый-

ынырақ жол мен оқытқан: «Әліпсін – ә, биге секін – әб, жемсін – жә-әбжә, қалға секін – әбжәд» болып шығатын.

Үшінші саты – жеке сөздер оқуға жаттықтыруу.

Әріптерді жаттау

Бала әріптерді оқытушының аузынан (таңбасын көрместен) ұтып алады, йа таңбасын да көре отырып жаттап алады: әрйіне, соңғысы жеңілдеу келетін; сабақ тәртібі былай болады: оқытушы әліппе тәртібі мен әріптерді айтады (*әліп, бйі, тйі* т.т.), оқушылар еріп айта отырады. Оқушылар барлық әріпті бүлдірмей шатастырмай атап шығатын шекке жеткенде әліппй сатысы бітеді.

Бала әріптерді әліппе тәртібі мен атап шыққан мен жеке әріпті көрсеткенде шатастырып көпке дейін әріптерді айыра алмайтын. Үйткені бала тек жатқа сүйеніп, әріп таңбасы мен ісі болмайтын. Сондықтан әріптерді әліппе тәртібі мен оқытып шыққаннан кейін, сол әріптерді жеке-жеке алып айыртқу дағдылығы басталады.

Бұуын жаттау

Бала барлық әріпті шатастырмай таныйтын болғаннан кейін, бұуын жаттау (ежік) басталатын, – ең әуелі екі әріпті, сонсын үш, төрт әріпті бұуындар. Мұның басы «әбжәд» пен басталып аяғы «ежік» болатын.

Сөзді тұтас күйінде оқу – сөз бұуындарын бөліп-бөліп оқу болып шығатын.

Әріп әдісінің кемшіліктері

Әріптің аты мен оның дабысы арасында қандай байланыс бар, неліктен басқасы емес, – сол дыбыс, – мұны оқушы анық ұқпайды, мысалы, *әліп А* дыбысын, *қап – Қ* дыбысын... білдірмек.

Мұның қыйындығы – әріптің атынан затын – дыбысын біліуге болмайтындығы.

«Төте оқу» таралмастан бұрын бізде сауат ашу «әптіек» – «Құран» оқуға дағдыландыру болып, «түркі тану» есейгеннен кейін әр кімнің өз ісі болатын. Балаға таныс емес бір тілдің (арабтың) бұуын жігін айыруу, әсіресе «мөлдеке»лердің әдісі мен өте-мөте қыйын болатын. Мысалы, әптіектің басындағы *әлхамдұ* сөзін бала былайша бұуындап оқуға тйіс: *әліп-сін-ә-ләм-ға-секін әл*; (1) *һййсін-һа-әһһа* (2); *мйімға-секін-әһһам* (3); *далүтірді-әһһамдұ* (4) болып бір сөздің бұуынын айыруу үшін жоқ дыбыстар қосып үш төрт жолдық сөз құрастыруу керек болатын.

Екінші кемшілігі – әріптер әліппе тәртібі мен үйретіледі, – олардың ауыр жеңілдігі ескерілмейді.

Үшінші кемшілігі – дыбыстарды бір-біріне қосып содан бұуын, сөз құрастыруу «жырының» балаға түсініксіздігі.

XIX әкірдің ортасынан бастап Еуропа әдіскойлары әріп әдісін жеңілдетуге кірісті: әліппелеріне суреттер ендірді; балаға жаңа әріпті қызыл әңгіме мен байланыстырып үйретүүді қолданатын болды; баланың сауатын әр түрлі ойындар арқылы ашу жолдары ұсынылды; әріп аты жеңілдетілді т.т.

Бұуын әдісі

Әріп әдісі мен оқуға дағдыланғанда оқушылар сөзді көпке шейін тұтас оқый алмайды, – бұуын-бұуынға тоқтала береді, жүргізіп оқуға дағдылана алмайды, себебі – бұуындарды бір-біріне қосуу керек. Педагоктер

осы қыйыншылықты ескеріп, бұуындарды олай қосып жатпай, жаттап алып, солардан сөз құрастыруу сауат ашуу жұмысын жеңілдетпек деген пікірге келді. Сүйтіп бұуын әдісі жарыққа шықты. Бұл әдіс пен оқытқанда ең әуелі дауысты әріптер, сонсын дауыссыздар үйретіледі; сонсын бірден ақ бұуындарды оқууға кірісіледі: **ба, та, ша** т.т. содан кейін (үшінші кезеңі) сол бұуындардан құралған сөздер алынып, бұуындарды айытқызады, мысалы: *баба, тата, шаша* т.т. «Жадійт» мектептері алғаш осы әдіс пен оқытты. Хадій Максұудый (татар) әліппесі осы әдіс жүйесі мен түзілген болатын. Бізде бұл әдіс өріс алған жоқ. Қазіргі уақта мәденіетті елдерде әріп әдісі мен де, бұуын әдісі мен де оқытұушы жоқ. Әріп әдісі мен бұуын әдісінің шійкілігі сезілген соң ақ жыйнау прінсіпіне құрылған дыбыс әдісі бауырын көтерді. Бұл әдіске бірінші рет негіз салған неміс педагогі Ійкелзамер деген адам.

Жыйнау прінсіпіне құрылған дыбыс әдісі

Ійкелзамер: оқуу, дұрысын айтқанда – әріптерді атау, дейді. Осыны негіз қып ұстайды. Ол балаға әр әріптің табыйғый дыбысын ұқтырууға тырысқан. Бірақ жеке күйінде әріптің табыйғый дыбысын айтұу мүмкін еместігін ескеріп, ол балаға дыбыс шығаратын мүшелеріміздің пізіологійелік жұмыстарын салыстыруу жолы мен түсіндірууді ұсынған. Мысалы, **А. О.** дыбыстарын шығарғанда ауыз бен ерін қалай тұратыны анық көрінеді: ауыз кере ашылады, екі ерін жыйырыла барып ілгері созылады, ұрт томпайа түседі (**О**).

М – екі ерін бір-бірі мен желімдесіп, дауыс мұрыннан шығады.

Н – екі ерін бір-бірінен қашықтап, тіл тіске тійеді де дауыс мұрыннан шығады.

П – екі ерін бір-бірімен желімдесіп, екі шеке томайынқырайды.

Т – екі ерін бір-бірінен қашықтайды, тіл тіске тіреледі де, ауызды ашқанда шоршып кері түседі.

Л – екі ерін бір-бірінен қашықтап, тіл барып тіске тіреледі.

Р – тіл ауыз ұшында дәл таңдайдың алдыңғы жағында дірілдей қалады.

Ійкелзамер әдісі мен сауат ашуу жолы былайша болатын: сөз дыбыстарға айыртылады, содан кейін ғана дыбыстардың таңбалары (әріптері) мен таныстырылады, әріптерден сөздер құрастырылады. Ійкелзамер мен қатар дыбыс әдісін белгілі бір жүйеге салған Степаній деген адам.

Степаній әдісі

Степаній әдісі жыйнау прінсіптеріне құрылған дыбыс әдістері ішіндегі маңыздырағы, жолы даңғылырағы.

Бұрынғы әдістерге сын таққанда Степаній, оларды дыбыс әріп, әріптің аты дегендерді айырмайды деп, өзі: «ауыздан дыбыс шыққанда дауыс түрленіп шығады, дауыстың түрленууі ауыз түрлі қалде болууына қарайды. Сөздің онан әрі бөлінбейтін бөлшегі дыбыс, дыбыстардан бұуын, сөз құралады. Әріп – дыбыс таңбасы. Естілетін де, айтылатын да әріп емес, дыбыс... Әріпке қойылған ат дыбысты емес, – сол дыбыстың таңбасын ғана білдіреді» – деген.

Тіл дыбыс тұуралы орныққан үнді еуропалық тіл ғылымы көз қарасын, оның қандай көз қарас екеніне кейінде тоқталармыз. Қазір Степаній әдісі мен сабақ барысын қысқаша ғана айтып өтелік.

Степанійше сабақ барысы былай: оқытұшы ең әуелі балаларға әрбір дауысты әріпті көрсетеді, атын айтады, балалар ілесіп айтып отырады. Барлық дауысты дыбыстар жалғыз ақ негізгі дыбыстың түрленуінен пайда болады, сол негізгі дыбыс ауыздың қандай қалыпта болуына қарай түрленуін оқытұшы балаларға түсіндіре барады.

Оқушылар барлық дауыстылар мен танысқаннан кейін, оларды дауыссыздар мен таныстыруға көшіледі. Дауыссыздарды бірнеше бөліп, айтұға жеңілдіктерін бұрын үйретеді; балалар дауыссыздардың бірнешеуі мен танысқаннан кейін, соларды дауыстылар мен қосып айтұға дағдыланады: мысалы, оқытұшы, екінші, дауысты дыбысты басып тұрады да бірінші дауыссызды созып айт, қашан мен қолымды алғанда тоқтарсын, дейді: сонда бала еріксіз ақ дауыссыз дыбысты дауыстыға қосып айтатын болса керек.

Дыбыс әдісі мен оқытұ жолдары

Сабақтың жалпы тәртібі

Жыйнау талдау принципіне құрылған дыбыс әдісі мен оқытқанда сабақ тәртібі былайша болмақ:

1. Мектеп босағасын бірінші рет аттап отырғандар мен алғашқы әңгіме;
2. Оқуға дайарлайтын дағдылықтар: балаларға «сөз» бен «дыбыс» тардың не екенін түсіндіру; сөзді дыбыстарға айыртұ;
3. Сөз ішінен керек дыбысты тапқызұ;
4. Әріптің баспа түрі мен таныстырұ;
5. Үйретілген әріптерден сөздер құрастырұ, оқу.

Алғашқы әңгіме

Мектепке бірінші рет келіп отырған балалар мен әңгімелесууден мынадай мақсат көзделген:

1. Оқушыларды мектепке баулып тартұ, балалар алдында мектептің беделін көтерұ;
- 2) балаларды мектеп тәртібі, мектеп ішіндегі нәрселер мен таныстырұ;
- 3) балаларға – оң мен сол, а – үс, жоғары – төмен, ал – арт, деген сыйақты ұғындар берұ;
- 4) балалардың ақыл парасатын, неменеге әуестігін ашұ;
- 5) балалардың тіл мүкістігін білұ.

«Сөз», «дыбыс» не екенін айыртұ

Бұл жөнде оқытұшылар мынадай әдістер қолданатын: мысалы, «мынау не» деп сұрайды; бала: «үстел» – «терезе» т.т. деп жауап береді; сол нәрселер тұралы оқытұшы әңгіме айтады, әлігі сөздерді өзі анық етіп айтады, балалардан да айтқызады; тілсіз мылқаулардан басқалардың бәрі сөйлейтінін, түсіндіреді; сөйлемді сөздерге айыртады. Бұл үшін ол, алғашқы кезде екі сөзді сөйлем алады; сонсын әлігі сөйлемді – сөз арасына тоқталып – айтып шығады, әр сөзді айтқанда бармағы мен үстелге соғады, неше сөз айттым, деп балалардан сұрайды, біріншісі, екіншісі не деген сөз, деп сұрайды, балалардан айтқызады. Оқушылардың өздеріне ойлатлып жеңіл сөйлемдер айтқызады, сөздерін айыртады.

Дыбыс пен таныстыруудан бұрын сөзді бұуынға айыртады. Оқытушы бір сөзді алып, оқушылар байқап отырады. Алғашқы кезде бұуыны оңай ашылатын сөздер алынады, мысалы, *бала, дала, ара, қала*, сыйақты.

Бұуын жігін айырту үшін мынадай дағдылықтар да істеледі: 1) жеке-жеке бұуындарды оқытушы өзі айтады, оқушылар қосып айтады (оқытушы: *ба-ла*; оқушылар: *бала*); 2) сөздің бас бұуынын оқытушы айтады, оқушылар толықтырады (мысалы: *да-ла, а-на*); 3) сөздің бастапқы бөлшектерін оқытушы өзі айтады, оқушылар айтылған бөлшегі бойынша толықтырады.

Дыбыс пен таныстыруу үшін екі жол қолданылады. Біреуі: оқытушы бір дыбысты айтады, мысалы, **А**; не дедім, деп балалардан сұрайды, – **А** деген дыбыс шығардыңыз, дейді; сонсын басқа дыбыстарды айтады. Бірақ бұл жол мен балаға дыбыстың не екенін түсіндіруу қиын. Екінші жол – балалардың көздерін жұмдырып, қоңырау сылдыратады, немесе үстелге соғады да, мен не қылдым оны алай білдіңдер, дейді. Содан кейін: «құлағымыз бен есіткен нәрсені дыбыс» дейміз – дейді.

Сөздің дыбыс жігін айырту

Жаңағыдай дайарлық жұмыстарды істегеннен кейін, оқытушы бір дауысты дыбысты (мысалы, **а**) айтады, – не деген дыбыс есіттіңдер, деп сұрайды. Сонсын дауысты дыбысқа дауыссыздарды қосып айтады (*ар, ас, ат*, т.т.). Оқушылар сол дыбыстарды жыға айыратын болды ау дегенде, екі бұуынды сөздердің дыбыс жігін айырта бастайды.

Дыбыстарды қостырып сөз құрастыруу.

Сөзді дыбыстарға жіктеу мен қатар, сол дыбыстарды қостырып, сол дыбыстарды қостырып, сөз құрастыруға дағдыландырылады. Кей бір әдіс қойлар мынадай жол ұстайды: оқуға кіріспестен бұрын оқушыларды жаттай дыбыс қосқызып дағдыландырады; кей біреулері бұлайша алғашқы дайарлық жұмыс бекер, үйткені, оқу – дыбыстарды біріктіруу мен табылады, олай болса, дыбыстарды қостыруу оқуға үйрету мен сабақталып отырғаны дұрыс – деседі, кей біреулері – «бала тіпті дыбыстарды қосқу-біріктіруу керек деп ойлайтын болмасын», деген пікірде. Дыбыс әдісі мен оқытқанда, сөз жоқ, оқығанда қалайда дыбыстарды қосқу біріктіруу болмақшы: оқу әріпті дыбысқа айналдыруу деген сөзі, – олай болса, дыбыстарда қостыруу азабынан құтылам деуге болмайды. Бірақ дыбыстарды қосып оқығаны болғанда, сөз жәй сөйлегендегідей тәбйғый қалпында айтылмайды. Дыбыс әдісінің осы кемшілігін жойып, жамап-жасқағысы келгендер, дыбыс жеке күйінде қалай естіледі, ауыздан шыққан сөз ішінде қалай естіледі – сол айырмашықты оқушыларға ұқтыруу жолын көздейді.

Сөз ішінен дыбыс айыруу

Оқушылар сөзді дыбыс жігі мен айыруға дағдыланғаннан кейін, оларға бір сөз ішінен керек дыбысты айырып алуу қиын болмайды. Дауысты дыбыстарды айыруу, дауыссыздарға қарағанда оңайрақ.

Дыбысты былайша айыртады. Оқытушы *Ас* немесе *Аз* деген сөзді (соңғы дыбысын созып) айтады (*ассс, аззз*) да, айағында қандай дыбыс естіледі дейді; оқушылар: **С**, **З** деген дыбыстар естіледі, дейді – әр қайсысы айтып шығады, ақырында қор мен айтады. Сонсын әлігі дыбысты ішінен іздеп табады, сондай дыбысы бар сөздер ойлап табады.

Әріп пен таныстыруу

Оқушыларды әріп пен таныстыруудан бұрын әңгіме болуға тийіс; сол әңгіме ішінде оқытушы балаларға «әріп»тің не екенін түсіндіреді. Оқушылар бір дыбысты айырады екен, оның таңбасы мынау болады, деп оқытушы баспа әріпті көрсете отырады, тактаға жазып көрсетеді, балалардың өздеріне айтқызады.

Оқу, таныс әріптер арқылы сөздер құрастыруу

Көрсетілген, таныстырылған әріптерді оқушылар жыға таныйтын болды ау дегенде оқуға, сөздер құрастыруға көшіледі. Мысалы, оқушылар *ac* деген сөзден **A** мен **C** әріптері мен танысқан боса *Ac* деген сөзді окыйда, жаза да (баспа әріп пен) алады; **д, ы, қ** дыбыстарын білген болса, *дала, қала*, деп те окый-жаза алады.

Дыбыс әдісінің кемшіліктері

Кең өріс алған әдістердің бірі дыбыс әдісі. Біз жоғарыда дыбыс әдісінің негізгі жолдарын көрсеттік, енді осы әдістің кемшіліктерін қорытуу ретінде шолып өтпекпіз. Бұл үшін ең әуелі тіл дыбыстары тұралы орныққан көз қарас пен танысуу керек. Сол көз қарасты талдай келіп Жұбан ұлы былай дейді «Палійтекнйкелі мектеп» № 7841 бет: «Бүгіндегі адам баласының тілі дыбыс тілі. Бүгінде «сөйлеген» деген – «дыбыстаған» деген мен бір есеп «сөйлеген сөздеріміздің қай-қайсысыда түрлі дыбыстардың түрліше құралысууы, орнасууы сыйақты көрінеді»... сөз – тіл болмас бұрын дыбыстар, дыбыс болғанда да осы күнгі біз білген «а», «б», «ш» дыбыстары болған сыйақты көрінеді. «Тілдің арғы атасы» жеке-жеке дыбыстар сыйақтана. Ертегі оқымыстар атом – заттың бөлінбейтін өзгермейтін ең кішкене бөлшегі деген сыйақты, тіл мамандары да тіл дыбыстарын тілдің, онан әрі бөлімбейтін, ең кішкене бөлшегі» деп таныған.

Міні, дыбыс жүйелі әдісте осы көз қарасқа сүйенеді, есебі – тілесе қандай сөз болсын, оны әлгі ең кішкене бөлшектеріне айыра білген адам, сол бөлшектерден бүтін сөздер құрастыруу «сырын» да аша алмақ, сүйтіп оқуға да, жазуға да үйренбек. Осы әдісті қолдаушылардың «дыбыстар мен жаттықтуды» ойлау табууы – жаңағы көз қарастың салдары екені даусыз.

Олай болса, мұны қыйсынсыз бір әдіс дей алмаймыз. Бірақ осы әдістің сүйенген тірегін ауыз тілі қарауылынан құбылыстары мен есептеспей, ауыздан шыққан сөз бен емес, құр әріп пен, сөздің таңбалары мен ғана есептескен. Ал енді жеке дыбыс, тіл дыбысы дегенге тіл ғылымы қалай қарайды?

Шынында әдебиет тілі мен ауыз тілінің дыбысы өзгеше; бірақ дыбыс жүйелі әдісті қолдаушылар осы екеуі бір деп есеп қылады.

Дыбыс жүйелі әдісті қолдаушылар үнді – Еуропа тіл ғылымының тіл дыбыстары, олардың табығаты тұралы орныққан көз қарасқа сүйенген. Тіл дыбыстары жайында үнді – Еуропа ғылымы тудырған теріс ұғымды Жұбан ұлы былайша қорытады. Үнді Еуропа тіл ғылымы:

1. Тіл дыбыстарын сөздерді құрастырған тіл кірпіштері етіп көрсеткен.
2. Тіл дыбыстарын, дыбыс тілін қашаннан келе жатқан, болмақшы мәңгілікті құбылыс етіп ұғындырған, табығаттағы, тарыйқтағы өзгеріштік заңына сыймайтын бір өзгеше құдрет қылып түсіндірген.
3. Дыбыс жүйесін тілдің басқа жүйелерінен айырып, оңашалап тексерген, сондықтан.

4. Тіл категориейелеріндегі өткіншілікті, бірінен біріне алмасып отырушылықты бүркеп кеткен.

5. Дыбыстардың тілдің, қоғам – жағын, қоғамдық салт сананың тілдің өз жүйесін дыбыстарға ететін ықпалын көзге түсірмей жауып қойған.

6. Дыбысты тілдік, қоғамдық астарынан оңашалап алып тексеруі мен дыбыстың жаратылыстық жағына ауып кеткен, дыбыс жүйесі қоғамдық ғылым болуу орнына жаратылыстық бір ғылым болып қалған (палйітек – мектеп. № 7-8, 48 бет).

Біздің сөзіміздің элементтері сөздің мағна жағы мен, гараматйкелік пормысы мен қатты байланысқан; сауатты адамды алсақ, сөздің жазұдағы таңбалары мен де байланысты.

Сондықтан тіл дыбыстарын оңашалап қарауға болмайды. Бізін тақрыбымыз үшін бір керек мәселе – тіл дыбыстарының табыйғатын анатомпзізіологийелік жағынан тексеруу.

Сөйлеу мүшелеріміздің құрылысын тексергенде мынадай бөлшектері көзге түседі: 1) өкпе мен кеңірдек; 2) жұтқыншақ, скрипкенің қылындай дауыс қылдары: ұйаң-қатандығы жаңағы қылдардың тартымды-тартымсыздығына қарайды; 3) онан кейінгісі жұтқыншық, ауыз, мұрын құуыстары.

Сөйлеу мүшелерінің жұмыстарын сарастап тексермей ақ сөйлегенде сөйлеу мүшелерінің құйкылжууын, өз ара бір-біріне тйігізетін ықпалдарын қысқаша шолып өтпекпіз. Үйткені мұның бәрі тіл дыбыстарын былтып түрлендіріп отырады.

Дыбыс шығаратын әр бір жұмысында үш саты көреміз: жұмысқа шығуу, жұмыс дағдылы орнына қайтып тұрақтау. Бірінші мен екінші саты – тыныш тұрған жерінен жұмысқа шығып, дағдылы орнына кері қайтып тыныштанғанда да бірі мен бірі алмасып тұрғанда да, бірдей болмайды, мысалы, «баба» деген сөздегі бірінші «б» мен екінші «б»лерді айтқанда мүше бір қалыпта болмайды: біріншіні айтқанда мүше жұмысқа тек тыныш тұрған жерінен шығады, екіншіні айтқанда «б» дыбысын шығаруу үшін, мүшелердің бастапқы жұмысы, «а» дыбысын шығаруу үшін керек ақырғы жұмысы мен ұштасады; сол сөздегі «а» дыбысы тууралы да осыны айтұуға болады.

Ендеше, ауыздан шыққан сөзді дыбыстарға айырып түгендеймін деу бекер: сөзден айырып алынған дыбыс сөз ішіндегі басқа дыбыстар мен қосылып айтылғандағысынан – сөз жоқ өзгеше болмақ. «Тұзшы» деген сөзде ауыздан шыққанда, «ұ»дан соң «ш» есітіледі, жеке айырып алғанда «з» болмақ. Оның бер жағында дауыссыз дыбыстардың өзгерууіне көршілес дыбыстардың да ықпалы мол. Тартымсыз дауыссыздарды мүлде жеке айтұу мүмкін емес: «п» немесе «т» дыбыстарын, «па», «та» бұуындарынан айырып алып айтып қара!

Талдау (аналйіз) әдістері

Сауат ашуу ісінде талдау жолдарын қостаушылар өз пікірлерін ашық айтып XVIII әсірдің айағында ортаға шықты. Сонда олар мынадай ййдейаға сүйенген: «балаға бір нәрсе тұуралы айтып түсіндіргенде, оның бөлшектерін көрсетпейміз, бірден соның өзін көрсетеміз, үйткені баланың көзі әлгі нәрсенің бөлшектеріне емес – тұтас тұрпатына түседі; баланы оқұуға үйреткенде де солай болұуға тйііс; «біз не нәрсені де талдау жолы мен барып білеміз: қашанда кәнкрет нәрсі дерексіз нәрседен, бүтіні – бөлшегінен бұрын келеді; олай болса баланы дағдыландыруу үшін, оған та-

ныс – кәңкрет емес, баланың көзінде еш бір мағнасы жоқ әріптен емес, – сөзден бастау керек, дейді – талдау жолын қостаушылар.

Талдау жолын қостаушылар алғашқы кезде баланы оқуға дағдыландырғанда сезіп, түсініп оқығандай әдіс қойдана алмаған, – құр қара жаттау болып шыққан. Мысалы ішінде сол әріп бар бір несе сөз алады; **А** әрпі мен таныстыруу үшін (қазақ тілінде) *ат, ара, қас, арба, ата*, сөздерін алуу керек. Әлгі сөздер бірінші жолда тұрады, кейінгі жолдарда орны өзгеріп бір неше рет тағы келеді. Оқытұшы сөздерді бірінен соң бірі көрсетіп айтып береді, оқушылар айқайлап сөздерді айтып тұрады. Оқушылар әлгі сөздерді жыға таныттын болғанда, оқытұшы жаңағы сөздерді бұуындарға, бұуынды – әріптерге айыртады. Мысалы, оқытұшы: *ара* деген сөзді созып (бұуын жігімен) айтады да, оқушыдан: «мен сөзді неше бөліп айттым» деп сұрайды; оқушы – «екі» дейді. Оқытұшы: бірінші бөлшегінде бір ақ дыбыс бар, ол дыбыстың белгісі (таңбасы) мынау – **А** дейді.

Әріпне бұ жол мен бала сөзді, бұуында әріпті тек жаттап қана біледі. Сондықтан бұл әдіс таралмаған.

Кейінірек Прансоз педагогі жакты деген талдау жолын толықтырды, баланы оқуға дағдыландыруу жұмысын табиғый жол мен алып баруу жағын көздеді. Бұл үшін ол арнаулы әліппе алмайды, кез келген кітаптан бір сөйлемді сөздерге, сөзді – бұуындарға, бұуынды – әріптерге айырады. Келесі сабақтарда жаңағы сөйлемге жаңа сөз қосыла барады.

Сонсон оқытұшы кеспе әліппеден бірінші сөзді бұуын жігі мен құрастырып балаларға көрсетеді, өзі бұуын жігі мен оқып көрсетеді, оқушылар ілесіп айтып тұрады, неше бұуын бар екенін айтады. Басқаларын да солай талдатады. Содан кейін сөз ішінен бұуындарды іздетіп тапқызады.

Сонсын оқытұшы кеспе әліппеден бірінші сөзді бұуын жігі мен құрастырып балаларға көрсетеді, өзі бұуын жігі мен оқып көрсетеді, оқушылар ілесіп айтып тұрады, неше бұуын бар екенін айтады. Басқаларын да солай талдатады. Содан кейін сөз ішінен бұуындарды іздетіп тапқызады.

Әріп пен де осылайша талдау жолы мен таныстырады. Оқытұшы: **ба** бұуыны (бірінші сөз *бала* болсын) қай сөз ішінде? осы бұуында неше әріп бар? Естерінде болсын, бірінші әріп **б** екіншісі – **а** болатын. Басқа сөздер ішінде осы әріптер барма, т.т.?

Жакото әдісінің де, онан бұрынғылардың да үлкен кемшілігі – құр жаттауға сүйенішілігінде болатын. Алайда жакото әдісі кең өріс алған, неміс педагогтері жакото ідейасына сүйеніп, әріп емес, дыбыс жүйесіне құрылған әдістер шығарды. Сүйтіп талдау принципіне құрылған дыбыс әдісі мен жыйнау принципіне құрылған дыбыс әдісі қатар өріс алды. Содан келіп осы екі принципті бір әдісте бірлестіруу пікірі тұды.

Талдау-жыйнау әдістері

Талдау-жыйнау әдістері мен сауат ашуудың негіздерін ашуу үшін нормал сөздер жүйесін тексеріп көрейік. Мұның мәні сол, белгілі бір жүйе мен сөздер сайланып алынады, бірақ алғашқы кезде бір-екілі ғана сөз алынасы, сол сөздер арқылы баланы оқу-жазуға дағдыландырады. Сабақ схемасы былай болады: әліппе 1) сүуреттенде үзілген: 2) сөздің баспа, жазба түрлері, – сол сөздер – сүуреттегі нәрселердің аттары: 3) алғашқы сабақтардан үйретілген сөздерге ұқсас сөздер: 4) сөйлемдер, қысқа әңгімелер, – бірақ бұл сөйлем-әңгімелерде оқушыларға жат әріп болмайды; 5) әліппе.

Бұл әдіс бойынша сабақтың барысы былайша болады:

1) Әліппенің бірінші бегіндегі сұурет бойынша әңгіме болады, оқытушы сол нәрсенің сұуретін салып көрсетеді. Оқытушы әңгіме арқылы сабаққа балалардың назарын аударады, балаларды ойындағысын сөйлеп беруге үйретеді.

2) Оқушыларға нәрсенің сұуретін салдыруу. Мұндағы мақсат – баланың кыймылға, сұурет салуға әуестігі мен пайдаланып, оны қалам ұстай білууге үйретуу.

Сұуреттегі нәрсенің атын көрсеткен сөзді көшіріп жазуу. Сол сөзді тақтайға оқушы өзі жазады, оқушылар тақтайдан көшіріп жазады. Мұнда оқытушы мынадай әдіс қолданады; оқытушы сөздің жеке-жеке әріптерін ақырын ғана қаламмен үстінен сызып шығады. Оқушылар байқап отырады, сонсын сөздің ішіндегі әріптерді әуеге, (жазып көрсетеді: содан кейін оқушылар әліппеден қарап әлігі сөзді жазба түрін) тас қалам мен үстінен сызып шығады, айағында дәптеріне көшіріп жазады.

4) Сөздің дыбыстарын айырттуу. Оқытушы сөзді анық, есітерлік етіп айтады, әсіресе үйретілетін дыбысқа келгенде үнін қаттырақ шығарады.

5) Сөздің ішіндегі әріптерді айыруу. Сөзді тақтайға әріптердің арасын қоспай жазады (мысалы, *бала*), оқушылар үйретіліп отырған дыбыс таңбасын – әріпті іздеп табады, соны бір неше рет жазады. Сүйтіп бір неше әріп пен таныстырғаннан кейін, сол әріптердің біреуін оқытушы тақтайға жазады да, сол әріпті сөз ішінен іздетіп тапқызады.

6) Жаңа сөздерді құрастыруу. Оқушылар **б, а, л, д, к** дыбыстары мен танысқан, сол дыбыстардың таңбаларын да білген екен. Оқытушы, тақтайға *бала* деген сөзді жазады; **б** орнын **д**, немесе **к** қойады, *бала, қала* сөздері шығады.

7) Әріптердің баспа түрлері мен таныстыруу. Балаларға таныс бір сөзді оқытушы өзі әдемілеп тақтайға жазады, соның астына әлгі сөзді баспа түрінде жазады; сонсын әріптердің басып және жазба түрлерін салыстырып көрсетеді.

Жазуу оқуу әдісі

Жазуу-оқуу әдісі дегеніміз, тегінде жоғарыда айтылған әдістердің біреуіне қайтады. Жазуу-оқуу әдісі – баланы жазуу арқылы оқууға немесе оқуу арқылы жазууға дағдыландыруу. Бірақ әдістің негізін алсақ, алдыңғысы дәл келеді, үйткені бұл әдісті қолдаушылар: баланы оқууға дағдыландыруу үшін оқудан бастау табиғый болып шықпайды, сөз ең әуелі жазылған болуу керек, сонсын барып оқылса, дұрыс болады, дейді. Бірақ іс жүзінде кей бір оқытушылар баланы оқуу мен жазууға қатар дағдыландырады, – бала оқып шыққанын артынша жазып шығады; кей біреулері әуелі балаға сөзді жаздырып, сонсын оқытады.

Тұтас сөз әдісі

Сауат ашуу әдістері ішінде соңғы кезде, әсіресе кеңес мектептерінде кең өріс алған әдістердің бірі – тұтас сөз әдісі. Бұл әдістің негізі – бір жағынан, балаға сөздің тұрпатын көрсетіп, әрі айтқызып таныстыруу, екінші жағынан – сол сөздің тұрпаты мен мағнасы арасындағы байланысты ұқтыруу.

Тұтас сөз әдісі сауатты естіяр адамның оқууын талдау қорытындысына сүйеніп шығарылған әдіс. Есебі, сауатты естіяр адам сөздің жеке-жеке әріптерін іркіліп жатпайды, – сөзді тұтас оқыйды; олай болса баланы да соған дағдыландыруу керек. Оның бер жағында әріптер де, тұтас сөздер де

жазылғанда бір түрлі болып, айтылғанда екінші түрлі болуы мүмкін, мысалы: *тұшыы, ашыы* деп жазамыз, бірақ *тұшышы, ашышы* деп айтамыз т.т.

Сүурет жүйелі жазуу әр кімге түсінікті болатын, бірақ дыбыс жүйелі жазуу сауаттыларға ғана түсінікті. Мысалы, мысық сүуреті тұрса, оны әркім ұғады, ал енді *мысық* деген сөздің жазба, йа баспа түрін сауатты кісі ғана ұқпақ.

Осы айтылғандарға сүйеніп, тұтас сөз әдісін қолдаушылар, сауат жұмысын оқудан, сүурет салудан бастап, сонсын тұтас сөздер оқуға, сүуретін салуға көшуу керек, күн бұрын әріп таныстырғудың керегі жоқ, дейді. Мысалы, балаға балықтын сүуреті көрсетіледі; бала: *балық* деп оқыйды; сонсын сүуретін салады. Содан кейін әлігі сүурет астына *балық* деген сөз жазылады. Оқытушы сол сөзді өзі жазып көрсетеді, оқушылар байқап тұрып, соңынан өздері жазады. Балалар нәрсенің сүуретін анық, шатастырмай салатын, жаза алатын болғанда оқу басталмақ. Сүйтіп бала тұтас сөзді оқыйды, әріп дегенді білмейді. Жыйнау әдісіне дағдыланып қалған кісіге әріптерді білмей тұрып, сөзді тұтас күйінде оқы деу балаға зорлық сыйақты болып көрінуі мүмкін. Бұл жерде орыстың атақты жазушысы Толстойдың: «оқытушыға ең таныс нәрсе жеңіл болып көрінгенде, оқушы үшін нағыз қыйын нәрсенің жеңіл болып көрінуі мүмкін» дегенін ескерте кетүү орынсыз болмас деп ойлаймыз.

Тұтас сөз жүйелі әдістің, сөзсіз, бір артықшылық жері мынау: бала жазылған сөзді көрсетеді, сол сөздің тұрпатын зейініне орнатады, құлақ және дыбыс шығаратын мүшелерде қолдайды; сөздің көз арқылы орнаған тұрпаты белгі есебінде болып сөздің айтылуына бағынады, оқушыны сөздің мағнасын ұғуға жетектейді. Ұғымды, әстерлі етіп оқу осыдан болады.

Бірақ, тұтас сөз әдісі, қоспасыз күйінде жалғыз ақ Амерійке мектептерінде қолданылады.

Біздің пәлійтекнйкелі кеңес мектебінде қолданылып, орныққан түрі таза тұтас сөз әдісі емес – талдау-жыйнау әдісі. Тұтас сөз әдісінің таза (бір ыңғай) түрі, әрі тіліміздің құрылысына әрі әдіс заңдарына қайшы келеді. Үйткені сауатты адам оқығанда сөздің тұтас тұрпатын ұғып алатыны даусыз болған мен, сөздің көрнекті тұрпатын жаңылыс көріп қаталасуы да мүмкін. Мұндайда әріптерді айыра білуу ғана әлгіндей жаңсақтықтан арашалап қала алады; бірақ тұтас сөз әдісінің бір ыңғай түрі оқушыларға бұл дағдылықты бере алмайды.

Бұл жерге шейін сауат ашуу әдістерінің басты-бастыларын, олардың негізгі жолдарын айттық, шамамыз келгенше кемшіліктерін, әр әдіс бойынша сабақтың барысын да көрсеттік; бірақ, осы әдістер орыс мектебінде қолданылып келген, орыс педагогтерінің іздеп тапқан жолдары, әдістері ғой; сауат ашуу әдісі деген тілдің құрылысына (*структура яз.*) қарай өлшеніп пішілмеспе; әдіс таңдауда тіл өзгешелігінің қатысы болмаспа; қазақ мектебінде қандай әдістер қолданылған, йа қолданылып жүр, деген сұраулар болуы орынды ақ сыйақты.

Осы сұрауларға былай жауап бергіміз келеді. Бірінші – қазақ мектебі деп қанша ауыз толтырып айтсақта, кеңестер тұсындағы мектебімізді айта аламыз; төңкеріске шейін қазақта ұлт мектебі болды, онда қазақ тілі оқытылды деп айта алмаймыз; ендеше, қандай әдіс қолданылды деуде бекер сыйақты. Төңкеріске шейін бірен-саран қазақ әліппесі де шықты, «жәдітшіл» мұғалымдар ұстап балаларын оқытушылар да болды. Бірақ бұл оқытқулар, шынын айтқанда жат сабақ жаттартып, әліппені бір қараға бір

кара оқытуудан әрі аспады. Жаңағы айтқан әліппелердің ішінде ауызға аларлығы Байтұрсын ұлының әліппесі болатын. Бұл әліппе дыбыс жүйелі әдіс пен жазылған болатын. Өктәбір төңкерісі алдында қазақ ауыздарында жүйелі програм мен оқытатын бірен саран екінші басқыш мектептер болған мен бірінші басқыш ұлт мектебі болмады. Қазақша қара таныған қазақ жастары қазақ оқу-жазууға молдекелерден, йа «жәдітші» мұғалымдардан үйренді. Бұлар Надый Максұдый әліппесі мен, көпшілігі Байтұрсын ұлының әліппесі мен оқытты. Максұдый әліппесі бұуын жүйелі әдіс пен, Байтұрсын ұлынікі – дыбыс әдісі мен жазылған болатын. Бірақ әліппелер белгілі бір әдіс бойынша түзілген мен оқытушылары, шығанда біреуі болмаса, көбінесе оқытуу әдісінен түк қабары жоқ, «шекiрттер» болатын: сондықтан ол кезде қазақ «мектептерінде» мынадай оқытуу әдісі колданылды деуге болмайды.

Өктәбір төңкерісінен кейін қазақтың ұлт мектебі ашылды, програмы түзілді. Сауат ашұу жұмысы татар мектептерінен оқып шыққан мұғалымдарға тапсырылды; бұлардың көрген-білгені, колдарындағы қыралы Байтұрсын ұлының әліппесі мен сол әліппеге арналған жетекші болды. мұғалымдарымыз, дұрыс болсын, теріс болсын, көпке шейін соны мен оқытып келді.

Жалпы одақ көлемінде мектепті қайта құруу, еңбек мектебін түзуу жұмысы қолға алынды; соны мен қатар сауат ашұу әдістері тексерілді, әдіс қойлардың көпшілігі тұтас сөз әдісіне тоқтады, кеңес мектебінің тәжрйбелерін қорыта келгенде орныққан пікір осы болды.

Осы ағымның дүмпүуі мен бізде де сауат ашұудың жаңа әдісін колдану керек деген талап тұуды; жаңа әліппелер жарыққа шыға бастады. Солардың ішінен 1-ші басқыш мектеп үшін арналғаны Телжан әліппесі.

Бұл әліппе 1930-ж. 1-ші рет басылды, 1933-ж. II-ші рет түзетіліп басылды; қазірде мектептерімізде қолданылып отырған тұтас сөз жүйесі мен түзелген Телжан әліппесі. Сауат ашұу әдістері тұуралы орныққан пікір бүгінгі таңда тұтас сөз негізіне құрылған талдау жыйнау әдісі, соған лайықты (кемшіліктері бола тұрса да) әліппеміз бар дей тұрсақта, бізін бұл мәселеде әлі жетіспеген жерлеріміз көп. Сауат ашұудың жаңа әдісін (зағында көптегі әдіс болған мен бізге жаңа; сондықтан «жаңа» деп отырмыз) оқытууыларымыздың көпшілігі толық түсінбеген сыйақты. Бұған Қазағыстан педогогйке үністетінің зерттеу матерйалдары айғақ. Осы матерйалдарға қарағанда мектептеріміздің көбінде сауат ашұу жұмысы жүйелі бір әдіс пен жүргізіледі деуге ауыз бармайды. Сондықтан осы әдіске, мұны мен қалай оқытуу жағына көбірек тоқтасақ деген ойымыз бар. Енді бұ тұуралы бізде қазіргі уақытта орныққан пікірді, мұның дәлелдерін, осы әдіс пен қалай сабақ беруу жолын көрсетүүіміз тйіс.

Қортынды сөзге келгенде: әдіс қойлардың көпшілігі тұтас сөзді негізге алып талдау-жыйнау әдісін ұйғарысқан. Мұны пәлійтекнйкелі мектептің соңғы жылдардағы тәжрйбелеріне сүйеніп істеп отыр. Мұғалымдарға бізде әзірге осы пікірді ұсынамыз.

Қай әдіс қолайлы, қайсысы пәлійтекнйкелі мектеп алдына қойылып отырған максатқа тұура жеткізе алады деген сұрауға жауап берместен бұрын, сол әдістердің бір-бірінен артық йа кемшілігі не мен ашылады, соған жауап берууіміз керек. Соңғы сұрауға: қай әдіс баланың сауатын тез ашса, сол әдіс жақсы деп бір ақ қайырұуға болар еді. Бірақ сауат ашұу жөніндегі міндеттер жалғыз тез ғана қара танытып қойұуда емес.

Бұл сұрауға тұра жауапты біз Лениннің 1921-жылғы өктемнің 17-де сайасый ағартушылардың жалпы Ресейлік 2-нші сыйезінде айтқан сөзінен іздейік. Сонда, Ленин былай деген болатын:

«Мәдениетімізді мүлдем жоғары көтеру керек». «Кісі, оқып та, жазып та пайдалана алатын болсын, оның гәзеті да, үгіт-насықаты айтұушы кітаптары да алдына болсын... Оқый, жаза білуу арқасында ол өзінің мәдениетін жоғары көтеретін қәлге жетсін, қара шарұуа өзінің оқый жаза білууін ауыл шарұуашылығын, мемлекетін көтерууге жұмсай алатын болсын».

Ленин осы сөздері мен сауат алуудың мақсаттарын соқырға тайақ ұстатқандай ашып айтып берген. Олай болса, мектеп босағасын бірінші рет аттаған балаларға, сауаттануудың не үшін керектігін ұқтыруу қажет сезімі, оны мен есептесіп баланың жасы, сауат ашудан негізгі мақсатты көзделген дұрыс орындайтын әдісті жақсы, тыйнақты деп тануымыз керек. Сауат ашу әдісіне көз қарасымыз осылай болууға тийіс.

«Оқытушы қай әдіске қанігі болса, сол әдіс жақсы» дейді – Толстой. Сондықтан оқытушы бір әдіске жетіліп қойу жөн емес дейтін әдіс қойлар да жоқ емес. Бірақ бізін жағдайымызға бұл үйлеспейді». Күші жеткен орапта шығады, шалап таман қанігі оқытушылар үшін ба да дұрыс шығар бірақ шығады: бізін оқытушыларымыздың белгілі бір үлгіні қолдарына ұстатпағанда, адасып қалууы мүмкін.

Сауат ашудан көзделген мақсат осылай десек, тұтас сөз жүйелі әдістің жұмысқа кедергі болғандай кемшіліктері жоқ, басқа әдістерге қарағанда маңызды сыйақты. Ал енді осы әдіс пен оқу-жазуға дағдыландыруу жолдарын, істің текніке жағын тексеріп қарайық.

Әріп әдісі болсын, немесе дыбыс жүйелі әдіс болсын, ауыздан шыққанды немесе соның жазба түрлерінің элементтерін нақты ұтып алу жағын көздейді, оқығанда осыны қарауылға алады; талдау әдісі («тұтас сөз жүйелі әдіс») – керісінше: сөздің ауыздан шыққан немесе жазба түрлерінің тұтас тұрпатын көз алдына қойады, неде болса баланың зейініне сөздің элементтері емес, тұрпатын қандырууға тырысады. Бұл әдістің негізгі жолын, неменеге сүйенгенін жоғарыда қысқаша айтып өттік.

Сауатты адам оқығанда, оның көзі жеке-жеке әріптерге түспейді, әріп сағалап іртіліп отырмайды, жолды басынан сүзе бір неше сөзді шолып өтіп кірпігін бірақ қағып, әрі өте шығады, жазаласа әр сөздің тұрпатын айағына шейін тұтас көріп та жатпайды, масбасын көзі шалып өтеді. Сауатты кісі осылай оқыйтын сыйақты.

Тыйнақты оқу тұрақты мағна мен байланысқан болады; мағнысана түсінбеген жат сөзді оқый алмаймыз, – жалғыз ақ тізілген әріптерді көреміз, сөздің мағнасын ұқпасақ, сол сөздің қарасы мен байланысты бір нәрсе, ұғым көз алдымызға келмесе, ол сөзді бір әріптерін сағалап ғана көзімізді қозғап шолып шығамыз; бірақ бұл шын оқу болып шықпайды. Ал енді мағнасы таныс, өзімізге белгі сөздерді алсақ, әңгіме өзгеше болып шығады: мұндай сөздерді оқығанда біз әріпке тоқталмаймыз, – тұра сөздің мағнасына көшеміз.

Олай болса, тұтас сөз жүйелі әдіс пен оқытқанда – әріптер мен балалардың белгілі түсініктері арасын нық байланыстыруу жағына күш салу керек болады.

Бәрінен бұрын, балаға не айтылса да, не көрсетілсе де, көмескі, бұлдыр болмасын. Тұтас сөз жүйелі әдіс баланы әп дегенде ақ сүүрет салууға, сүү-

рет жасатұға шыймайға дағыландырады. Мұны мен бекер деуге болмайды. Сүурет баланың ойын белгілі бір ұғымға жетектейді. Балаға белгілі бір ұғым беру ретінде алғашқы кезде сүурет үлкен орын ұстайды. Сол ұғымды бала сүурет арқылы тапса, соңынан оның орнына сөз қойамыз екен, бұ да әлгі ұғымды білдіретін таңба болып шығады; белгілі бір ұғымды білдіретін таңба болып шығады. Бала ара сүуретін салады, екінші жағынан «ара» деген аспапты көз алдына келтіреді. Сүуретті алып тастап, оның орнынан *ара* деген сөзді қойсақ та, бала сол аспапты көз алдына келтіретін болады. Егер бала, *ара* деген сөзді бір қарауда ақ, әлгі аспапты көз алдына келтірсе, дұрыс оқып алды дейміз.

Бала, сүурет арқылы немесе сөз қарасы арқылы белгілі бір ұғымдарды көз алдына келтіреді дедік. Бірақ сол сүурет немесе сөздің қарасы арқылы белгілі бір ұғымға барып жету үшін екі арадағы дәнекер күшті болу керек қой.

Әңгіме – осы – күшті нық дәнекерді қамтамасыз етуде. Бұған жалғыз ақ жол бар. Ол жол – сөздердің қарасын бала сөздерді екінші көргенде жазбайтын болып зейініне нық орнатып алатын болсын, екінші сөз бен айтқанда сөз көзге шалынғанда, оның мағнасы сол кезбен көрсетілген нәрсенің сүуреті, ұғым деуге баланың зейініне дік ете түссін. Бұл үшін сөзді бір көріп оқып шығу аздық қылады, – оны бала бір неше рет және басқа сөздер қосақталып келгенін көріп айыра алатын болсын. Қысқасы ұшыраған сөзді бала жатырқайтын болмасын. Алғашқы кезеңде қысқа, ықшам сөздер алдына; әйтпесе ұзын сөздің тұрпатын түгел ұтып қалғу қыйынға соғады. Көп дыбысты сөздер кейірек алынады.

Бала сөздің баспа түрі мен танысып алғаннан кейін, оны оқып шығады, сүуретін салады, сонсын оны жазады, немесе кеспе әліппе әріптері мен құрастырылады.

Сүйтіп, бала сөздің әрі қарасын көріп танысады, әрі сол арқылы белгілі бір мағнаны зейініне тоқыйды, әрі оны жазады – міні, сүйтіп сауаттану сатысына керек жұмыстардың бәрі де істелген болады. Тұтас сөз әдісінің қоспасыз бір ыңғай түрі мен оқытқанда, баланы оқуға төселтіп алмай тұрып әріп пен таныстырмайды. Сөз дыбыстарының айтылуы бір түрлі, жазылуы екінші түрлі болатын тілдер үшін (ағылшын тілі сыйақты) бұл дұрыс, – үйткені ондай тілдерде бір әріп сөзде түрліше есітіледі, сондықтан баланы жеке-жеке әріптердің дыбысы мен ерте бастан таныстырудың мәні жоқ.

Қазақ тілін алсақ, жеке сөздің, дыбыс-әріптің жазылуы мен айтылуы арасында айырмашылық сйрек ұшырайды: жылғыз ақ қаспаларға ассимиляция заңының ілгері жә кейін соғатын ықпалдары ескерілетін жерлерде ғана әлгіндей айырмашық болады. Көбінесе ақ біздің тілімізде жеке сөзді, дыбыс-әріптің айтылуы мен жазылуы арасында айырмашық жоқ, болса да сөздің негізгі мағнасы бұзылғандай айырмашық болмайды. Сондықтан, тұтас сөз жүйелі әдіс пен, – дұрысында талдау-жыйнау әдісі – мен оқытқанда, баланы бірден тұтас сөз бен таныстырамыз: бала, берілген сөзді бөлшектемей, тұтас күйінде оқып шығады, тұрпатын тұтас күйінде зейініне қондырады, бірақ артынша әріптері мен де тұтас күйінде зейініне қондырады, бірақ артынша әріптері мен де танысады. Мысалы *бала* деген сөзді оқыды, сүуреті және жазуы арқылы сол сөзді зейініне тоқыйды, - бұл сөз **Б, А, Л, А** әріптерінен дыбыстарынан құралғанын байқайды, сол әріп-

тердің сүуретін салып үйренеді, оларды біріктіріп тізіп жазып *БАЛА* деген сөз құрап оқып шығады.

Тұтас сөз жүйелі әдіс пен оқытқанда, баланы әріп пен осы кезеңде таныстыру керек. Бала үшін алғашқы кезде, *қол – құл, тор – төр, боз – бөз* сыйақты, жазылдулары бір-біріне өте жақын сөздерді жыға айыруу қиын болады; үйткені, бала сөз ішіндегі жеке әріптеріне көп зер салмайды. Тұтас сөз жүйелі әдістің осы кемшілігін бетке соғып, бұған қарсылыр: «тұтас сөз әдісі балаға дәлдік тәрбіе бере алмайды, – әр сөзде жыға айыруға үйрете алмайды, – деседі.

Бірақ кәзірде пәліптектікелі кеңес мектебінде «тұтас сөз жүйелі әдіс»-тің қоспасыз бір ыңғай түрі емес, – толықтырылған, «өз бойымызға» шақталған, тәжрйбе жүзінде сыналған түрі; көп өзгерістер ендірілген түрі. Ол өзгерістер, жалпылап айтқанда, мыналар:

1. Алғашқы кезеңде бала, сөздің ұлы іргесін – қаралдысын көріп, оны көз алдына келтіретін болады, сөз элементтеріне тоқталмайды. Міні, осы кезеңдегі сөздер не ғұрлым ықшам, қысқа болуға тійіс. Сол жол мен бала бір неше сөз бен танысқаннан кейін, әріптер мен танысады. Мектеп тәжрйібесінде әріп пен таныстыру ілесе ақ жүреді: берілген сөзді бала оқып, тұйып алысы мен ақ артынша әріптері мен де танысады.

2. Сөзді бөлшектеріне айырғанда дыбыс, жүйелі әдіске сүйене отырып әртікүүләтсіе жолдары мен пайдаланылады. Артікүүләтсіе жолдары мен былайша пайдалануға болады: Бастың сүуреті – қак маңдайдан желкеге желкеге қарай жаралған; сөз сөйлегенде, дыбыстағанда дем алыстыс жолдары, істейтін жұмыстары қандай, – бала көріп танысады; қай шақта ерін, тіл қалай қыймылдап құйқылжып отыратыны кәртішке мен көрсетілген; әр дыбысты айтқанда сөйлеу мүшелері қандай күйде болады, – бала мұны мен танысады. Кәртішкелер – дыбыс белгісі болып танылады. Осы кәртішкелерді жүз құбылтып балаға түрлі дыбыстарды қосарлатып айтқызып үйретеді. Сонсын кәртішкелерді бір-бірте қалдырып, олардың орнына әріптерді алады; бірақ әріптерді дыбыстары аты мен ататпайды, – сөйлеу мүшелерінің қалпын көрсеткен атама етіп ұқтырады.

3. Ал енді таныс сөздерді оқудан таныс емес сөздерді оқуға көшүү бір қыйын үлкен белес. Мұны оңайлатуу үшін тұтас сөз әдісі мен сөздің бөлшектерін бұуындап табу әдісін қоса пайдалану керек. Сондықтан оқып шыққан сөзді бірден бұуынға айыруу керек емес, үйткені: БАЛА, ШЕШЕ деген сөздерді бұуындағанда БА, ШЕ бұуындары шықпақ, осы бұуындар өзге жана сөздерде де сол бұуын болып шығуы мүмкін.

Жоғарыда айтылған қосымша өзгерістерді еске алғанда талдау-жыйнау әдісі мен балаға қара танытуу жолы былайша болады:

Баланың көрген, білген, байқағанынан алып әңгіме құрастырылады, сол әңгіме ішінде балаға таныстырылатын сөз болады, баланың назары сол сөзге аударылады. Бала сол сөздің сүуретін салады. Сонсын оны кеспе әліппе арқылы құрастырады; екінші жақтан сол сөзді бала сүурет арқылы әбден жыға танып көз алдына келтіре аларлық болғаннан кейін, оны оқыйды; сонда ол әлгі сөзді бүтін сөйлемнің бір бөлшегі деп танийды.

Берілген сөзді бала оқып шыққаннан кейін, оны қайтадан әріптің баспа түрі мен жазып шығады; кеспе әліппеден керекті әріптерді алып әлгі сөзді құрайды; сонда бала әр дыбыстың таңбасы мен сөз бөлшектері мен танысады, бірақ әріптердің атын білмейді.

II. Сауат ашу сатылары

Қай әдіс пен оқытқанда да белгілі жүйе керек. Дыбыс әдісін қолданушылар баланы дыбыс есітууге, айттуға жаттықтырады, бұл үшін бірекі жеті баланы соған дағдыландырады. Талдау-жыйнау әдісі мен оқытқанда жұмысты сөзден бастаймыз: сөзді де сөйлем ішінен айыртып аламыз: соны мен қатар балаға сөздің дыбыс-әріптерден, бұуындардан құралғанын көрсетеміз. Бірақ мұның бері бір күндік йа бір сабақтық жұмыс емес, – бір неше кезендік, бірте-бірте қылатын істелетін жұмыс. Мысалы баланың қолын қыймылға қалам ұстап-тұттуға, көзін көрууге, құлағын есітуу-тыңдауға үйретпестен, жаттықтырмастан, бір сөзді көрсете салып, соны оқы йа жаз десек, үлкен олақтық болады. Сондықтан алғашқы бір неше сабақта баланың қолын қалам ұстауға, көзін көрууге, құлағын тыңдауға, тілін сөйлеуге жыттықтыруу керек. Мұны дайарлық саты дейміз.

Дайарлық саты

Осы дайарлық жұмыстардан мынадай мақсаттар көзделеді: бірінші, баланы өзінің көргенін, байқағанын, немесе бір нәрседен әсерленгенін жазу арқылы білдірсем екен деген тілекке жетектеу, екінші баланың сауатын ашу жөнінде істелетін жұмыстарға дайарлау. Дайарлық сатыдағы жұмыс сүуретке тіреледі: өзінің көргенін-байқағанын, әсерленгенін сүурет арқылы білдіруу әрі оңайрақ, әрі қызықтырақ. Бұл жөнде орыстың атақты әдісқойы Шапошнійкоб сөйлем ішіндегі бір сөзді сүурет пен көрсетсе, сүурет пен көрсетууге болмайтын сөзді сызыкша мен көрсетеді. Сонда бала әріп пен жазуға дайарланған болады. Бірақ дайар сүурет пен пайдалануды азайтып, сүуретті баланың өзі салғаны дұрыс, – бала ойына алғанын, айтайын дегенін жаман болса да өз қолы мен істесін, – дайын сүуретке сүйеніп кетпесін. Біз, баланың көзін түрлі сызыктардан құралған грапик сүуреттерді ұтып алуға, қолын оралымдылыққа үйретуу керек, соны мен қатар оқытұшының құлағын қысқа сөздер мен сөйлемдердің дыбыстарын түгел есітууге, сөйлеу мүшелерін сөзді, сөйлемді анық етіп айттуға дағдыландыруу керек деген едік.

Бұл үшін бір неше дайарлық сабақтар керек. Бұ сабақтарды сүурет қарау мен байланыстырған дұрыс; үйткені мұндай сабақ баланы сүуреттің мазмұны бойынша түсінгенін айтып берууге жетектейді.

Сүурет қараудың бір пайдасы баланың сөйлеуге үйретеді. Соны мен қатар балаларды бір-біріне және оқытұшыға үйір қылады.

Әліппедегі сүуреттерді қарау мен байланыстырып, сүурет сызу сабағын ұйымдастыруға болады. Мысалы, әліппедегі сүуреттермен танысқанда, оқушылар қара таянғаны оған салынған кластың, үстелдің, орындықтың сүуреттерін көреді. Балалардың салған сүуреттері жарға ілініп қойылған болуы мүмкін. Мұны көріп балалар: «біз де осындай етіп сүурет салып көрейік» деп ұмтылуы мүмкін.

Оқушыларға қағаз (сызықсыз) бен қарындаш үлестіріп беріледі. Қағазды, қарандашты қалай ұстау керек – оқытұшы өзі көрсетіп береді (қағаз баланың дәл алдында жатсын: қарандаштың ұшы тым сүйір ұшталған болмасын).

Балалардың қолы мен салынған үй сүуреті көрсетіледі. Қарандаршы, қандай үй сүуретін салған. Біз де сондай етіп салып көрейік. Балалар сүу-

рет салады; қолын қыймылға, көзін өлшеуге дағдыландырады (сызықтар қатар, түзуу болсын).

Телжан әліппесінің 4-ші бетіндегі сүуреттерден осы мақсат көзделген.

Сызғу-сүурет сабағы жыл айағына шейін қалмайды. Сүурет сабағы үшін жалғыз әліппедегі матерыйалдар ғана емес, – текіс пен, әңгіме мен байланысты тақырықтарды пайдалануға, тіпті балалардың өздері ойлап шығаруларына да мүмкін.

Сүурет сабағы мен байланыстырып, балалар мен әңгімелесу керек: не салғанын балалар қысқаша айтып береді. Баланың сөзі анық, тыйанақты болу жағын оқытұшы бақылап отырады. Дұрыс болса, түзетеді.

Сүйтіп, осы алғашқы дайарлық сабақтар арқылы оқытұшы, оқушының құлағын, көзін, қолын сауат сабағына дайарлаған болады: құлағы айтылған сөзді естүүге, көзі – грапійкелік келбетін ұтып алуға, қолы – жазу-сызғуға дайарланған.

Тұтас сөз бен таныстыру сатысы

Дайарлық сатыдан кейінгі тұтас сөзді, сөйлемді оқуға дағдыландыру сатысы келеді. Бұ саты да көзделетін мақсат баланы тұтас сөздерді оқуға үйрету. Осы саты да әдіс жағынан қатты ескеретін бір неше түйінді мәселе бар. Ол мәселе – сөйлем, сөз таңдап алу, және жұмысты қалай ұйымдастыру. Әр сабақ алдыңғысы мен байланысып отыруға тійіс. Баланы сөздің баспа түрін оқуға үйретеміз десек, ол сөзді де әңгіме ішінен шығып аламыз десек, әңгіме тақырыпқа тірелмек.

Бірақ бұ тұралы жоғарыда айтылды: тақырып әңгімеден, баланың өз көрген-білгенін, байқағанын сөйлетүүден шығарылады, немесе баланың ауыз тілін шығарту жөнінде істелетін жұмыс түрлерінен істеледі деген едік. Сүйтіп, әлгіндей түрлі жұмыстардың нәтійжесінде қысқа ғана әңгіме, йа байандама есебінде атшот құрастырылады; осыдан бір-екі сөзді сөйлем айырып алынады; бірақ сөйлем понетіке, емле жағынан оңай, сөздері жалғау-жұрнақсыз, аз бұуынды, дыбыс, саны да аз болуға тійіс. Осы сатыда сабақтың барысы былайша болмақ: 1) әңгіме, әңгіме ішінен керек сөйлем бөліп алу; 2) сөйлемді белгі-шарттар мен жазу (оқытұшы өзі жазып көрсетеді); 3) әріптің баспа түрі мен жазылып қойылған сөйлемді мәнеріне келтіріп оқытұшының оқып шығуы (қай сөзді оқығанын оқытұшы көрсете барады); 4) балаларды бір-бірлеп тактаға шығарып сөйлемді оқытұ, соңынан бүтін класқа сөйлемді түгел оқытып шығаруы; әр сөзді оқытұшы өзі көрсетіп тұрып балалардан оқытұ, мақсат – сөзді көз бен, құлақ пен, сөйлеу мүшелері арқылы зейінге нық орнатұ, бұлардың бір-бірі мен байланысын анықтау; 5) алынған сөйлем ішіндегі сөз санын анықтату; 6) жеке-жеке сөзді әр баладан оқытұ (аналіз); 7) жаңа сөйлемдер құрату (сінтез); 8) мазмұнын жатта қалдыру үшін жеке нәрселердің сүуреттерін салдыру; 9) сөздің тұрпатын (қарасын) жатта қалдыру үшін сөзді әріптің баспа түрі мен ең әуелі оқытұшының өзі тактаға жазуы, сонсың балалардың жазуы. Соңғы жұмыс мыналардан құралмақ: а) сөзді әріптің баспа түрі мен жазғанда белгілі тәртіп болмақ; б) сөз таңбаларының саны анықталады; с) балалар бірінші мен танысады, оны қалай жазуды оқытұшы өзі көрсетеді, содан кейін бір неше баланы тактаға шығарып, әлгі тәртігі бармағы мен үстінен сызып шығартады; содан кейін әлгі әріпті бала саусағы мен ода жазады, шырпыдан әлгі әріпті жасайды,

кеспе әліппеден әлгі әріпті жасайды, кеспе әліппеден әлгі әріпті іздеп табады; баспа таңба (әріп) ларды да осы із бен талдап шығады. Оқушылар әріптердің көбі мен танысқаннан кейін, бірінші таңбаны, екіншісін үшіншісін, т.т. қалай жазамыз деп оқытұшы сұрайды, балалар айтып тұрады, оқытұшы жазады; ж) кеспе әліппе мен сөз құрастырылады; д) сөзді тұтас күйінде тақтаға жазылады; е) балалар дәптерлеріне де жазып алады; 10) балалар, талқылап шыққан плакаттарын дайарлайды; сызбак, әлеміш аттарын жазып дайар қылып қойды.

Осы кезеңдегі сабақ үлгісі мынадай болады. *Сара* деген сөзді аламыз. Сараның оқушы екені кітап оқып отырғаны тұралы, оқытұшы оған «оқы» дегені тұралы әңгіме болған. Енді сол әңгіме ішінен САРА ОҚЫ деген сөйлемді айырып аламыз. *Оқы* деген сөзді шартты таңба мен көрсетууді балалар біледі; САРАНЫҢ сүүретін салып, *оқы* деген сөзді сызықша мен көрсететін боламыз. Оқытұшы САРАНЫҢ сүүретін салады, ОҚЫ деген сөз орнына сызықша сызады. Жазылғанды балалар бірінен соң бірі, айағында қор мен оқып шығады. Сонсын оқытұшы: «мен сендерге САРА деген сөзі бар кәртішке көрсетем, – ол сөз мінікпей, – дейді. Оқытұшы күн бұрын әріптің баспа түрі мен жазылған плакат әзірлейді. Кәртішкені көрсетеді. «Енді біз сүүрет орнына басылған сөз аламыз. Әлгі кәртішкені сүүрет астына қойамыз, *оқы* деген сөзді сызықша мен жазамыз» дейді. «Асан, сен сөйлемді оқы, – мен қай сөзді оқу керек екенін көрсетіп тұрайын». Сүүретті көрсетеді. Асан оқыйды: САРА; сызықшаны көрсетеші, Асан: *оқы* – дейді. Сонсын сөйлемді оқытұшы өзі оқып шығады, әр сөзді көрсете отырады. «Кәзір, Сәуле оқысын». Сәуле бірінші сөзді оқыйды, сонсын екіншісін оқыйды (оқытұшы қолы мен түртіп көрсетіп тұрады). Басқалар да оқыйды, айағында бүтін клас қор мен оқып шығады, оқытұшы әр сөзді қолы мен түртіп көрсетіп тұрады. Оқытұшы: «осы сөйлемде неше сөз бар?» деп сұрайды: – «екеу» дейді – балалар. «Сен бірінші сөзді, сен екінші сөзді оқы». «Балалар, ОҚЫ САРА» деп айтуға болама? – «Болады» – «келіңдер, осы сөйлемді жазайық». Сөйлемді балалар тағы оқып шығады. Ал, енді осы сөйлемді жазып алайық. Балалар Сара-ның сүүретін салады, *оқы* сөзі орнына сызықша қояды. «Мен осыны қалай жазар екем, – байқап қарап тұрыңдар. Оқытұшы жазады, қалай жазғанын түсіндіреді. Әр әріпті қалай жазу керек екенін түсіндіреді, әріптердің элементтерін көрсетеді. «Мен не жаздым – оқыңдаршы». Балалар қорға салып: *Сара* деп оқыйды. «Енді мен көрсетіп тұрайын – сендер соны іштеріңнен оқып шығыңдар». «Бері қараңдаршы: бірінші таңбаны мен қалай қолым мен сызып шығар екем». Әріптерді қолы мен үстінен сызып көрсетеді; сонсын балаларды тақтаға шығарады; балалар шырпыдан әлгі әріпті құрастырады. Қалғандарында солай көрсетеді, сонсын әлгі сөзді балалар тетраттарына жазып алады; *оқы* деген сөз орнына сызықша қояды.

Қандай іске де бірден дағдыланып кете қойу оңай емес: көп ұзақ уақыт дағдылық керек; баланы оқу мен сызуға үйрету үшін көп көп дағдылық керек. Бұл жөнде мынадай дағдылық жұмыстар істеуге болады: 1) балаларға таныс сөздер кірістіріп жаңа сөйлем құрастыру; 2) таныс плакаттар оқу (мезгіл-мезгіл); 3) оқытұшының үлестіріп берген сөздеріне ылайықты сүүрет табу; 4) кеспе әліппе арқылары сөздер құрап, оларды тийісті сүүреттер астына қойу; 5) ойын көрсетіп, оған кеспе әліппе арқылы

сөз табуу; 6) сөздің баспа түрін көрсетіп, дерек нәрсесін табуу; 7) лото; 8) өз-өзін тексеруу.

Сөздің бұуын жігін айырттуу

Сауат ашуу жұмысының үшінші кезеңінде сөздің бұуын жігін айырттуу, бұуын ішіндегі дыбыс жігін ашууға үйретуу кезеңіне көшеміз. Сөздің бұуын жігін айырттуу кей мектептерді екінші кезең айағында (5-6 әріп пен танысқаннан кейін) басталуы мүмкін. Сөздің бұуын жігін ашуу қыйын жұмыс. Сондықтан мұны жақсы талқылау керек. Бұл үшін бұуынның 6 түрін, бұуын жігі қайткенде оңай ашылатынын біліп алу керек («А.М.» журналында басылған Жұбан ұлы жолдастың макаласын қара!).

Осы кезеңде сөздің бұуын жігін айырттуу үшін дауысты әріп бірдей бұуындардан құралған сөздер алынбақ, мысалы, БАЛА, ҚА-ЛА сыйақты. Алғашқы кезде алынатын сөздер ең көп дегенде екі бұуынды болсын, тіпті бір бұуында болса тауы жақсы. Ал енді баланы сөздің бұуын жігін табууға дайарлау үшін, сөздің басын айтып, айағын оқушыға айтқызып дағдыландыруу керек. Бұл үшін балалардың бірлесіп шығарған әңгімесін, ауыздай берген есеп-байандамасын пайдаланууға болады. Мысалы, оқытушы балалар мен әңгімелескен, сол әңгіме ішінде «сара оқы» деген сөйлем бар. Балалар сұуретті қарайды, оқып шығады. Енді сөйлем ішінен *сара* сөзін аламыз. Оқытушы балалардан сұрайды: «Оқушы қыздың аты кім? – кім айтады? – «сара» – Сәуле, сен айтшы... Досан. Тағы кім айтады?» - «Осы сөзді мен (оқытушы) айтатын, сендер байқап тұрындар: СА-РА (деп бұуын жігі мен айтады). – «Асан, сен айттып көрші» – «СА-РА» – «Болат, сен айтшы» – «СА-РА» «Байқадыңдарма, сөзде неше бөліп айттық?» – «Екі бөліп айттық: СА, РА» «Бірінші бөлшегі – СА, екінші бөлшегі – РА болды» (дейді) – оқытушы. «Мырқымбай, сен бірінші бөлшегін айт» «СА» – «Сәуле екінші бөлшегін айт» – «РА» (бір неше балаға айтқызып шығуу керек). Бұл сөз балаларға таныс, оны оқып алады; бұ сыйақты ашық бұуынды сөздің қолайлығы – сөзді бұзбай, созып айттууға келеді. Берілген сөздің бұуын жігі балалар мүдірмей айырып айта алатын болғаннан кейін, оқытушы: «осы бәрін бірден жіктеп айтындар; мен қарандаш пен үстелге тақылдатып тұрармын, неше тақылдатсам, сөзде сонша бөлшек болғаны. СА-РА деп айтындар. Неше тақылдаттым?» – «екі». – Олай болса, осы кезде неше бөлшек болғаны?». «Екі» – «Бәрін бірден, сөздің бірінші бөлшегін айтындар, енді екінші бөлшегін айтындар. Жәй сөйлегенде сөзді осылай бөліп-бөліп айтамыз ба, йа бөлмей тұтас айтамыз ба? – «бірден тұтас күйінде» – «Бірден» – «кәзір бір сөзді қалай айттууға үйреніп отырмыз?» – «жік-жігі мен». Алғашқы кезде балаларға «бұуын» деген термінді айтпай ақ, «сөз жігі», йа «бөлшегі» деп түсіндірген дұрыс. «Бірінші бөлшегін айтындар (тықылдатып қойады), екінші бөлшегін (тағы тықылдатады), сол сөзді тұтас айтып шығындар».

Мұнан соң кітаптан сөздерді бұуынға жіктеуге көшеміз. Балаларға таныс плакаттар ішінен бір сөйлем аламыз, мысалы: *Сара бала*, ең әуелі осы сөздерді оқытушы бұуын жіктеріне тоқталып, өзі айттып шығады; әр сөзде неше бөлшек бар екенін тапқызады; жаңағы сөйлем плакат болса, оны сөз жігі мен екі бөлінеді, *Сара* деген сөз алынады; сол сөзде неше бөлшек бар екені ескертіледі, олай болса баспасында да екі бөлшек болмақ. *Сара* деген сөз бұуын жігі мен ортасынан бір бүктеледі; оқушылар бірінші бөлшегін

айтады, оқытушы сол бұуынның баспасын көрсетеді; сонсын оқушылар сөздің екінші бөлшегін айтады, оқытушы екінші бұуынды көрсетеді. Сөз жаңадан тұтас күйінде оқылады. Екінші сөз де сол із бен жіктеледі. Сүйтіп бұ кезеңдегі сабақтың барысы былай болады: 1) сөйлем ішіндегі сөздердің бұуын жігін айыруу (оқытушы сөзді бұуын жігі мен айтады, оқушылар неше бұуын екенін айтып береді); 2) оқушылар әр бұуынды қарап танысады (талдау); 3) сол сөздер жаңадан тұтас күйінде оқып шығуу (жыйнау); 4) таныс бұуындардан оқушылар жаңа сөздер құрайды (жыйнау); 5) жаңа сөздерде үйлестіріп сүрет салуу; 6) салған суреттердің астына аттарын жазуу (баспа әріп пен); 7) бұуын ойыны. Мұның пайдасы – сөздің тұрпаты баланың зейініне нық орнап қалууға себеп болды. Ол былай болады: 1) Балаларға таныс бұуындар қара тақтаға тізіліп қойылады, оқытушы бір сөзді айтады, оқушылар керек бұуындарды іздеп табады, дұрыстап тізеді, оқып шығады. 2) Балаларға екі-екіден бұуындар үлестіріліп беріледі, бірақ ол бұуындар екі түрлі болады; бұуындар оқытушыға оң ұсталады; бір баланы шығарып, оған бір сөз айтылады, бала керек бұуындар кімнің қолында, соны іздеп тауып алып, қара тақтаға тізеді; барлық бала оқып шығады. 3) Былай істеуге де болады: сөздің бас бұуынын айтылады, айағын оқушылардан тапқызады. т.т.

Оқушыларға сөз ішінен бұуын, бұуын ішінен әріп-дыбыс тапқызып дағдыландыруу керекпе, жоқпа? – Бізінше – керек; бұл – таныс сөздерді оқудан таныс емес сөздерді оқуға көшүүді жеңілдетеді.

Бұуын ішінен әріп дыбысты айыртқу

Бала сөзді, сөйлемді көзі мен бір шалғанда тұрып байқап алғандай болсын, сөздің жеке элементтерін дұрыс есіте, айта алатын болсын. Міне оқушыларды толық жаттықтырғаннан кейін, бұуын ішінен әріпті айыртқуға көшіріледі. Бір кезеңде баланың естуу, көруу күштерін, қол қимылын пайдалануу керек: бала есітуу-тыңдауға дағдыланған болса, бұуын ішіндегі дыбыстарды оңай айырады; көрууге дағдыланған болса, әріптердің өзгешеліктерін тез айырады. Қол сол әріптерді зейінге нық орнатқуға себепші болмақ. Әліппе кезеңінде баланың назарын жеке әріптерге аударуу керек: бұ кезеңде «дыбыс» деген термінді айтпаса да болады.

Бұуын ішінен әріп айыруу сабағын мына үлгі мен жүргізууге болады. Айыртатын әріп А болсын; бұл үшін балалардың өздеріне мәлім *Сара бала*, деген сөйлемді алайық. Плакат түрінде жазылған осы сөйлемді балалар оқып шығады, плакат сөз жігі мен бөлінеді. Сөздері бұуын жігі мен кесіледі, бұуындарды балалар оқыйды, сол бұуындан жаңадан сөздер құрастырылады, жаңадан оқылады. Сосын бұуындар әріп-жігі бөлектеңіп кесіледі, бұуындарды бірінің астына бірін қойып тақтаға тізіп қойады.

С А
Р А
Б А
Л А

Оқытушы: «Байқандаршы, сөздің әр бөлшегінде ұшырайтын бірдей таңба жоқпа? – деп сұрайды. Сәуле, сен тақтаға шығып сол таңбаны көрсетші» дейді. – «Бар. Міні». – «Енді тыңдап, байқап отырындар; мен сөздің

осы бөлшектерін айтармын, сөздің әр бір бөлшегі айағында не естілер екен, соны байқап отырындар: *СА, ра, ба, ла*. Не естілді? «Балалар: «а» демек. «Дұрыс, А естілді. Енді бері қараңдар, мен осы сөйлемді тұтас оқып шығайын, «А» дегенде менің аузым қалай ашылар екен соны жақсы байқаңдар» – дейді. Оқытушы сөйлемді ақырындап бұуын жігі мен оқыйды, А-ға келгенде анықтаңқырап айтады. А-ға келгенде ауызды кере ашuu керек екенін балалар оңай ақ біліп алады, «А»-ны айтuuға әзірленіндер; мен қолымды сермегенде, сендер «а» дерсіңдер». Оқытушы қолын көтереді, оқушылар ауыздарын аша бастайды. «Балалар, ауыздарды кере ашындар да, дыбыс беріндер. Не шықты?» – «а». «Міні, а әріптің таңбасы, ауызды кере ашuu керек» – дейді. Сонсын балалар әріпті қарайды, ескі кәзет ішінен әлігі әріпті іздеп тауып, оқый алысады. Содан кейін балаларды әріптің жазба түрі мен таныстырууға болады.

Бұ кезеңдегі сабақтың барысы мынадай болады: 1) таныстырылатын ретте тұрған әріпті таптыруу-айыртуу сол әріп бар бұуындарды салыстыруу; 2) дыбысты құлақ пен ұтып алып айыруу; 3) шығуы жеңіл дыбыстардың қалай айтылуын байқатuu; 4) айтылған әріп дыбысты анық есітіп, жазып дағдыландыруу; 5) қосымша дағдылық: жаңа, және бұрын танысқан әріптен кірген сөздерді оқытуу; 6) әріптің жазба түрі мен таныстыруу; 7) жазба текісті көшіртіп жаздыруу.

Сөзге дыбыс жағынан қойылатын шарттар

Қай әдіс пен оқытсақ та, алынатын сөздерге (мысалдар) дыбыс жағынан да, мағна жағынан да, қойылатын шарттар бар дедік. Сондықтан мысалдар алғанда осы жағын қатты ескеруу керек.

Тіл ғылымы көзі мен қарағанда сөз дыбыстарына қойылатын шарттар бар; алған сөздеріміз осы шарттарға сәйкес болуы керек; мұны білуу үшін, анық айтылатын құлаққа жеңіл естілетін қандай дыбыстар бар мұны айыруу керек, – бұл бір. Екіншіден – сөздің дыбыстары айтылғанда бір түрлі, жазылғанда екінші түрлі бола ма, – жоқпа, – бұ жағын ескеруу керек.

Сөзге мағна жағынан қойылатын шарттар

Талдау жыйнау әдісі мен оқытқанда алынатын сөздерге дыбыс жағынан толып жатқан заттар қойсақ, мағна жағынан да оған аса маңызды шарттар қойамыз: алынатын сөздер мағна жағынан өз ара байланысты болсын. Дыбыс жағынан сөздер жарамды болып та, мағна байланысы жағынан жарамсыз болып шығуы мүмкін. Ескі әліппе кітаптар осылай болатын (*аса, баса, таса, ...* деп тізіп кететін).

Сөз тандағанда сөздің жалғыз ақ түсінікті болуу, белгілі бір тыйанақты ұғымды баланың көз алдына келтіруу жағынан ғана қарап қанағанат қылууға болмайды, – балаға кәмүністік тәрбіе бере алатын болуу жағынан да қатты ескеруу керек. Пәлійтекнйкелі мектеп алдына қойылып отырған негізгі бір міндет осыны керек қылады. Олай болса, алынатын сөздер балаға кәмүністік тәрбіе беруу жолындағы міндеттерге көмекші болууы тійіс.

Бірақ, тәрбіелік маңызы бар сөздер алудың мәні осылай деп, сөзге қойылып отырған шарттар мен есептеспестен, *комбайын, тырақтыр, СССР* т.т. сөздерді тықпалау дұрыс емес. Айтuuға қыйын сөздерсіз ақ тәрбіелік маңызы бар сүурет арқылы айқын ашылатын ықшам сөздер, сөйлемдер табуу оңай.

Сөз – таңдағанда әріпті тәртібі қандай болу керек

Оқушыларды сөз бен таныстырғанда сөз әрі айтуға, әрі жазуға жеңіл болсын, – бірден осы жағын ескереміз. Осы принципті қолға ұстай отырып, әліппеміздің барлық әріптерін айтылу, жазылу жағынан жеңіл-қыйындығына қарап былайша неше сатыға бөлеміз.

Бірінші саты – жұуан сөздер: дауыстылардан – **а, о, ы;** дауыссыздардан – **б, л, р, к, с, м, д, т, з, н.**

Екінші саты – жіңішке сөздер: дауыстылардан – **е, ө, і, ә;** дауыссыздардан – **с, н, е, т, з, д, м, р, к, б, г, ш, ж, ң.**

Әріптерді қандай тәртіп пен ету керек дегенде баланы алғашқы кезде жұуан айтылатын сөздер мен таныстыру керек десек, мәселенің бір сыпыра түйіні осыдан ақ шешіле ме деп ойлаймыз. Үйткені жұуан сөздерге дауыстылардың қайсылары келетіні белгілі, дауыссыздардың ішінен **қ** мен **к, г**-лерден басқалары көнгіш дыбыстар: бұлар дауыстылардың жұуан түрімен де, жіңішке түрімен де со ішінде келе береді. Шонан ұлы әліппесі осы тәртіп пен түзілген: 30-бетке дейін жұуан сөздер беріледі, одан кейін жіңішке сөздер басым бола келіп жұуан сөздер де араласады.

Сонда, алғашқы алынатын әріптер: дауыстылардан – ең әуелі **А**, одан кейін **О**, оған жалғас **Ы**; дауыссыздар үшін пәлендей шарт қою қыйын.

Бұл айтқандарымыз әріптердің айтуға, естуге оңайрақ шығады. Сол тәртіп сақталғанда жазу жағынан да қыйыншылық болмайды. Жазу жағынан қыйындыққа соғатын әріптеріміз – **ғ, ж, с, у, ң, й, т, к, ү**; бұларды кейінірек, баланың қолы жазуға, қалам ұстауға үйреніңкірегеннен кейін берууге болады.

Дыбыс жағынан сөзге қойылатын шарт алғашқы кезде, – әліппе кезеңінің алғашқы сатысында, – сөздің ішінде ауыздан шыққан дыбысқа сәйкес емес әріп болмасын. Бірақ біздің тілімізде жеке сөз ішінде **с** деп жазып **ш** деп оқылұуы сйірек ұшырайды. Сондықтан бұ жағынан үлкен қауіп жоқ.

Біздің әліппемізде балаларға бір қыйын соғатын жері дауыстылардың жұуан-жіңішке түрлері. Мысалы, *боз – бөз, тор – төр, жон – жөн, тон – тән, тұр – түр, бұр – бүр*, т.т.

Баланың көзін осындай дыбыстарға үйрету, дайарлау үшін, сол сөздер қатар қойып салыстыру керек, әлгі дыбыстардың жұуан-жіңішкелігінің мағна жағына ететін ықпалында бала ұққандай етіп түсіндіре кету тийіс.

Баланы дыбыс, әріп пен қай кезеңде таныстыру керек

Оқу үшін сөз таңдағанда мынаны қатты ескеру керек: әрбір жаңа сөзге бірден артық жаңа дыбыс-әріп болмасын, – онда да алдыңғы дыбыстарды –әріптерді бала жыға танып, жаза алатын болғанда ғана жаңа дыбыс-әріп үйретілісін. Сүйткенде сөзді дыбысқа жіктеп, оның ішінен дыбыстарды айыртып жатқудың керегі қанша деген сұрау тұады. Бір есептен дыбыс айыртып жатқудың керегі жоқ сыйақты да.

Бірақ, оқыған сөзінің ішінде жеке дыбыстар барын бала сезбейді десек, үлкен қаталасқан болар едік.

Солай деп түсінүүшілер жоқ емес, – әсіресе тұтас сөз жүйелі әдістің қоспасыз түрін қолдаушылар солай деп біледі, – бала, берілген сөздің тұтас тұрпатын танийды, ұлы іргесін есінде тұтады, – дейді.

Әрйіне, бала сөздің ұлы іргесін, жалпы құралдысын есінде қалдырып

барып, немесе жол сөз жол ішінде жанаса келгендіктен әлгі сөздер оқып алуы мүмкін. Бірақ былайша байағы «әліппий» жаттағандай жатқа оқуу шын оқуу болып шықпайды ғой.

Бала сөздерді оқығанда, сол сөздердің ішіндегі дыбыс жағынан бір-біріне ұқсас болып келген дыбыстарды-әріптерді сезіп отырса, сонда ғана ол дұрыс оқып алмақ.

Сауаттандыруудың алғашқы кезеңдерінде оқуға берілетін сөздер де бір көрсетілген дыбыстар кейінгі сөздерде тағы қайталап отырады, – жаңалары бір-бірлеп қосылып отырады; мұны бекер деуге болмайды: үйткені осы ізбен алынған сөздер дыбыс әріп жағынан бір-біріне ұқсас болады да, ұтып алу үшін оқушыға жеңіл болады.

Тұтас сөз жүйелі әдіс пен, соның өзін де талдау-жыйнау әдісі мен оқытамыз деп, әріптен қол сілтемейміз, – балаға әріпті, бұуынды білу керек, – дыбыстарын – әріптерін білмей сөзді оқуға болмайды. Мұны дыбыс әдісіне қоса артқандық деп тегіс ұғылмасын. Дыбыс әдісі дыбыс деп оның таңбасы әріп деген «ұғымдарды» ғана бөліп алып, олардың байланысын бүркеп көмескі қылып кететін. Талдау-жыйнау әдісі мен оқытқанда олай емес: бала әріппен де, бұуынмен де қатар танысады.

Осы жол мен оқытқанда сөз жоқ, бала белгілі бір дыбыс пен әріп арасындағы байланысты біледі, сонымен қатар әлгі әріпті оқып алатын болады, пәлендей әріп деп атын атайды. Бірақ әріптердің атын атаған мен, сол әріптерден құралған бұуынды ол бұзбай дұрыс қып оқыды. Дыбыс әдісі мен оқытқандағыдай бала ежелеп сөз мүшесі бұуынды түзеп кетпей ме деп қорқуға орын жоқ. Үйткені бала бұуынды бір келкі дұрыс – үзбей дағдыланған болады. Содан кейін ғана жеке әріптермен таныстырылады. Қорыта айтқанда оқыған сөздері ішіндегі дыбыстарды көргенде жазбайтын, жазғанда шатаспайтын шекке жетті ау дегенде ғана баланы жеке әріптер мен таныстыруу керек.

Ал енді балаға әріпті танытқанда оны қалай, не деп атау керек?

Дыбыс әдісі әр әріптің таза, табиғый дыбысын шығартам деп азаптанын.

Бірақ әріп жеке күйінде таза етіп айту мүмкін емес: қанша өзеленген мен әріптің жеке күйіндегі дыбыс сөз ішіндегісіне керіне өзгеше болып шығады, – бұл дауыссыз: жеке айтқан **п**-мыз – «**п**», **т**-мыз – «**т**» болып шықпасақ амалы жоқ.

Сондықтан әріпті жеке күйінде таза ауыздан шыққан сөз ішіндегісіндей етіп айтам, йа айтқызам деу бекер.

Дұрысы – *пы, ты*, немесе – *пе, те* деп тым созып жатпай, йа тіпті *ып, ыт, ы* – *с* деген сыйақты етіп айтпай ақ, екінші бір жалған дыбыстар қосақтамай ақ – **п, т, с** деп болар болмашы сүйемелдеп айтқызуу керек.

Дыбыстарды баланың қалай айтұын байқау

Сауат ашу жұмысында дыбыстарды баланың қалай айтұын байқаудың маңызы қанша?

Бірінші пайдасы мынау: дыбыстар шығару сөйлеу мүшелерінің жұмысы; біз осыдан баланың назарын аударсақ, сол дыбыстарды бала ауыздан шыққан сауатында бұлжытпай айтұуға қалыптанып алады.

Оны мен тұрмай, біз балаға әріпті де көрсетеміз, сүйтіп баланы дыбыстың айтылуы мен әріптің көзге ұрынғаны арасындағы байланысқа жетектейміз; сол арқылы дыбыс-әріп байланыстарының құралғанын жолын оңайлатамыз.

Екіншіден, дыбыстардың қалай айтылуын байқау арқасында – сөз ішіндегі дыбыстардың жалғаса айтылу жолын анықтаймыз. Мысалы, сөз ішінде «п» дыбысы, дыбысы, дыбыс жүйелі әдістегідей құлақ пен ұтып алынбайды, бәлкі соның қалай айтылуын байқау арқылы анықталады, –мұнда екі ерін бір-біріне тийіп, аз ғана томпайды. Ал енді *па, пұ, пий* дегендерге бірінші дыбыстардың түрін айыру оңай: «еріндеріңді бір-біріне тийгізіп, аз ғана екі ұртынды томпай, содан кейін аузыңды кере ашып дауысыңды шығар, немесе «екі ерініңді жыйыра ілгері соз да, даусыңды шығар, т.т. деп байқатамыз.

Бірақ дыбыстардың бәрі бірдей мынадай әурелеуге көніп анық болып шыға бермейді; сондықтан бұған салынып кетіп баланың басын қатырууда дұрыс емес. Қайдан, қалай шығатыны анық дыбыстарды байқату мен ғана қанағаттанған дұрыс.

Тұтас сөз әдісі мен сабақ беру

Дайарлық кезең

Балаларды бірден оқуға бастатпай, ең әуелі оларды сауат сабағына дайарлап алғаны керек: балалар, өздерінің байқағанын, сезімін грапке арқылы түсіндірсе деген тілекке жетсін; өзінің қал жайын грапке сызықтары арқылы түсіндіруге қолы дағдылансын: сол сызықтардан мағна шығаруға оның көзі де дайарланған болсын.

Жаңа келген балаға мектеп жат болып көрінеді, соны жер оған қызықсыз болып көрінбек. Сондықтан алғашқы күндерде оны мектеп пен, мектеп жағдайлары мен таныстыру, мектеп тұрмысына баулу керек, соны мен байланыстырып дайарлық жұмыстар істелмек.

Дайарлық жұмыстардың мазмұны, түрі тұралы жоғарыда айтылды. Енді сол алғашқы сабақтардың үлгісін көрсетпекпіз.

Алғашқы сабақтар

Алғашқы сабақтардан екі түрлі мақсат көзделеді: біреуі жаңа келген балаларды мектеп жағдайы мен, балаларды бір-бірі мен таныстыру, балалардың мектепті жатырқауын жойып, «тілін ашу», екінші – балаларды сауат сабақтарына дайарлау.

Алғашқы сабақтар, көбінесе ақ, балаларды мектеп пен таныстыру, «тілін ашу» жұмысына бағысталады, – бірінші сабақта ақ балалардың «ауыз тілін дамыту»ға кірісіледі. Балаларды мектеп жағдайы мен таныстыру үшін суреттер мен пайдаланған дұрыс; Телжан әліппесінің 1, 2, 3, 4, 5, беттеріндегі суреттер соған арналған.

Біз бір-екі ақ сабақ үлгісін бермекпіз. Бірақ алғашқы сабақтар бір-екі рет емес, көбірек болуға тийіс, сауат сабағына тым асығудың қерегі жоқ. алғашқы сабақтарға күн, сағат кесуі болмайды, – шынында бұл

оқытұшының ұсталығы мен байланысты: тәжірийбелі оқытұшы балаларды 4-5 сабақта ақ сауат сабағына дайарлай алұуы мүмкін.

Бізде бастауыш мектеп үшін арналған жалғаз ақ әліппе (Телжандікі) бар, бірақ мұнда алғашқы сабақ үшін арналған бірінші сұурет (тақырып), әсіресе тәжрийбесіз мұғалымдар үшін қыйын: тым тұйық тақырып, жеңіл әліппе тудырұу қыйын, – әйел кім, қыз кім, – жатқан бір жұмбақ. Сондықтан біз оның орнына сұуреттерді ұсынамыз:



1-сұурет. Бала төсегінен тұрып жагыр.



2-сұурет. Жұуынды.

«Балалар, біз енді мына сұуреттер мен танысалық. Неше сұурет бар: санаңдаршы!» – «Алты!»». – «Біріншісі қандай сұурет?», «Балалар түрліше

көрсетулері мүмкін. – «сол жақтағы ең үстінгісі бірінші сүүрет», дейді – оқытушы. Оң қолдарынды көтеріңдер де оң жаққа сілтеп қалыңдар! Енді сол қолдарынды көтеріңдер де сол жаққа сілтеп қалыңдар!» – «Міні, сол жақтағы ең үстінгісі, бірінші сүүрет соны мен қатар оң жақта тұрғаны – екіншісі болады!» – «Үшінші, төртінші сүүреттер қайда?» т.т.

– «Осы сүүреттердің ең соңғысынан басқаларында жеке кімнің сүүреті?».

– «Байқап қараңдаршы: бұ қай мезгіл? Ертең мен бе, кешкіліктеме?»

– «Бірінші сүүретте бала не істеп жатыр?» – «Бала, төсегінен тұрып жатыр...»

– «Екінші сүүретте бала не ғып жатыр?» т.т.

– «Енді бірінші сүүрет тұуралы ұққандарынды айтыңдаршы!»

– «Бала (ертең мен) төсегінен тұрып атыр».



3-сүүрет. Денесін шынықтырып жатыр. 4-сүүрет. Шай ішеді.



5-сүүрет. Мектепке баруға дайындалып жатыр

6-сүүрет. Апасы баланы мектепке ертіп барады, мектеп қызметкері оны шешіндіреді.

– «Екінші сүүрет тұуралы не дер едіңдер?» – «Бала жұуынып атыр» т.т. Нәтійжесінде мынадай сөйлемдер құралады: «Бала төсегінен тұрып атыр», «Бала гімнастіке ойнап атыр». «Бала шәй ішіп атыр». Бала кійініп атыр» ..

.....
.....
.....

«Енді баланың не қылғанын реті мен айтып шығалық. Кәні, сен айтшы!» – «Бала төсегінен тұрып атыр», «Бала жұуынып атыр»...

Бір неше бала осылай айтып шықсын.

Екінші сабақ

– «Балалар, естеріндеме, өткен сабақта біз кім тұралы қандай сүуретті карап едік?»

– «Ол ерте тұрып қайда келді?»

– «Мектепке».

– «Мына сүуретті (2-беттегі) қараңдар, бұ қайда деп білесіңдер?» («класта» деген тақырыпқа).

– «Балалар қайда? «класта».

– «Скәміе де (парта да) (балалар айта алмаса, оқытұушы өзі айтып жібереді)

– «Бізде сондай парталар барма? Байқап қараңдаршы, бізін парталарда сол сүуреттегідей ме?»

– «Парталар алдында не тұр, жақсылап байқап қараңдаршы!».

– «Үстел мен орындық». Жарда ілуулі тұрған қарта, сүуреттер қаралды, сұраулар беріліп жауаптар алынады.

– «Сүуретте неше қатар парта бар, – байқандаршы!».

– «Парта жанында тұрған кім, – сүуретке қараңдаршы!»

«Ол не ғып тұр?» – «Балаларға сабақ үйретіп тұр». «Балалар не істеп отыр?» – «Сүурет салып отыр», т.т.

– «Сондай етіп сендер де сүурет сала алмайсыңдар ма?»

Содан кейін балаларға «йолка» сыздыртұу керек. Сабақ соны мен айталады.

Сауат сабақтары

Бірінші сабақ. Алынып отырған бірінші сөз: БАЛА. Мұның сүуреті оқушыларға таныс; оған құлақтарыда үйір болған: оқушылар сүуретке карап, баланы көз алдына келтіре алады, бір ұғымды сүурет арқылы көрсетүү мүмкін екенін біледі, енді соны грапик арқылы да көрсетүүге болатындығын түсіндіруу көрсетүү керек.

Оқытұушы тақтаға баланың сүуретін салады немесе дайын сүуретті тақтаға қойады.

– «Мына сүуреттегі кім?» – «Бала». Бір неше баланы тақтаға шығарып, *бала* деген сөзді айтқызады (әрийне, олар сүурет бойынша *бала* деп айтып отыр.)

– Балалар, байқап отырыңдар: мен осы сүурет астына *бала* деген сөзді қойамын (оқытұушы баспа әріптерден *бала* деген сөзді тізіп, сүурет астына қойады). Балалар сүуретке карап *бала* дейді, оқытұушы, сүурет астындағы жазұуды қолы мен (әр әріпті сүртіп) көрсетіп тұрады. Сүуретті өшіріп астындағы сөзді қалдырады, бір неше баланы тақтаға шығарып со сөзді оқытады.

– Әліппелеріңіздің осы сүурет бар бетін ашыңдар. Қолдарыңа тақтада тұрғандай таңбалар берем, өздерің *бала* деген сөзді, құрастырыңдар. Не деген сөз құрастырдыңдар? Неше таңба бар?

Тақтаға қарандар, сондағы реті мен қайтадан тізіп шығындар.

– Кітаптарына қарандар: сұурет астында не деген сөз бар? Енді соны бәріміз қор мен оқылық: бәрің тақтаға қарандар (мен көрсетіп тұрайын) сендер бірлесіп оқырсындар! – Оқытушы солдан оңға қарай көрсетеді балалар қор мен оқыйды: БАЛА. Содан кейін балалар әлігі сөзді әріптің баспа түрі мен жазады: шырпыдан құрайды; әріптің үстінен оқытушы қолы мен сызып көрсетеді, оқушыларға солай істеп шығады; сонсын үйретіліп отырған әріпті баладан әуеде жаздыртады.

Әріптің жазба түрі былайша үйретіледі.

– Мына алынған сөзді тақтаға мен қалай жазар екем, – байқап отырындар! Ірі әріп пен жазады; «Бірінші таңбаны былайша сызамын: қос сызықтың дәл ортасынан оң жаққа қарай бүйірлете жоғары тартып төбе сызыққа тіреймін (тақта сызықсыз болса, сызып алады) содан дәл қоғамдай үйірілте бұрып, төмен тартамын, бірақ төменгі сызыққа жете беріп оң жаққа қарай дөңгелете ішке бұрып тоқтатамыз, басқа әріптер тұуралы да осылай түсіндіріп көрсету керек.

– Енді сол сөзді өздерің жазындар: ең әуелі қайдан, қалай бастар едіңдер! Содан кейін қалай сызар едіңдер?

Кейінгі сабақтар. Кейінгі сабақтарда балаларды бірте-бірте жаңа дыбыстар мен таныстыра беруу. Бірақ әр бір жаңа алған сөзде бірден артық жат дыбыс – әріп болмасқа тійіс.

Екінші сабақтағы жаңа сөз АРА, мұны да алдыңғы жол мен талқылап, әуелі баспа түрін сонсын жазба түрін көрсетуу керек.

III. Бастауыш мектепте тіл шыйратуу жұмысы

Пәлійтекнйкелі кеңес мектебінің іргелі міндеттерінің бірі – сатсыйалдық құрылысқа белсене қатысатын жігерлі адамдар тәрбиелеп шығаруу. Мектеп жұмысына осы көз бен қарағанда, баланың жазуу мен ауыз тілін шыйратуудың керектігі айқын білініп тұр.

Осы мақсатты қарауылға ала отырып бастауыш мектеп, баланың жазуу мен ауыз тілін шыйратуу жағына айанбай күш жұмсауы тийіс: бастауыш мектепті бітіріп шыққан бала жыйылыстарға тіленіп белсене қатысатын болсын, жыйылыста жасалған байандама немесе сөздің мазмұнын жете ұғатын болсын, қалқозшылар мен жұмысшылардың жыйылыстарында шығып сөз сөйлей алатын болсын; оқығанын немесе есіткенін қысқаша, түсінікті етіп жаза алатын болсын; үкімет қаулыларын, бұйрықтарын, нұсқауларын, ауыл кеңестерінен шыққан құлақтандырууларды оқый алатын болып шықсын: қат, іс қағаздарын, қабырға гәзетіне қысқа мақала жаза алатын болсын: оқыған кітабының мазмұнын, гәзет қабарларын түсіндіре-айтып бере алатын болсын.

Мұның бәрін орындап шығуу оп-оңай жұмыс емес, – баланы осы қалге бірте-бірте, белгілі бір тәртіп пен баулыи отырып жеткізууге болады. Ондай дағдылықтар ең жеңілден басталып, жоғарғы кластарда ауырлай келіп тіл сабағының барлық түрлері мен байланысып отырмақ. Жалғыз ана тілі емес, тіл шыйратуу жұмысы басқа сабақтарда да ескеріліп отырууға тийіс; сүйткенде ғана жұмыс жемісті болып шығады.

Тіл шыйратуу үшін алынатын матерыйал бала үшін мазмұны жағынан да, мақсаты жағынан да қызғылықты болғаны дұрыс. Баланың тілін шыйратуу үшін қызғылықты, маңызды матерыйалды мектеп қайдан таппақ: әр түрлі сабақтар мен байланысты, мысалы, қоғам тануу, жағрапыйа, оқуу, көркем әдебиет шығармаларын тындау, мектеп тұрмысына қатыссу сыйакты жұмыстар шығармақ.

Тіл шыйратуу жұмысының түрлері

Әр жылдың програмында тіл шыйратуу жұмысы баланың ауыз тілін шыйратудан басталады. Сүйтіп ауыз тілін шыйратуу жазуу тілін шыйратудан бұрын келеді. Бұл жол, әсіресе бірінші кластар үшін қолайлы, – үйткені бірінші кластарда ауыз тілі дағдылықтарына қарағанда жазуу тілі дағдылықтары аз қолданылмақ. Себебі – бала әлі жазуу текнйкесіне төселмеген, емле білмейді.

Сөзді дұрыс айттуға дағдыландыруу

Баланы бірден ақ сөзді қатты, анық, асықпай айттуға үйретуу керек. Соның мен қатар кей бір балаларға ұшырайтын тіл мүкістерін жойуу керек.

Бұл жөндегі дағдылық жұмыстарды қалай жүргізуу керек?

– Баланы – сөзді көтеріңкі дауыс пен, анық, асықпай айттуға үйретсенде, әрййне матерыйалға сүйеніп үйретілмек. Осы матерыйал мектеп бо-сағасын алғаш аттап отырғандар мен күйіркелесіп сөйлесууге жол ашады. Бұ сыйакты әңгімеден мақсат баланың тілін «ашуу».

Мектепке келгенде баланың қанша болсада сөз запасы болады: ойын, көрген-байқағанын айтып берерлік қалде болады. Бірақ жаңа келген ба-

лаға мектеп жаңа дүниге боп көрінеді. Ол тосырайды, ойына келгенін айтқуға ұйалады, сөйлегенде дауысы шықпай міңгірлеп қалады. Баланың бойын жаздырып, ұйалшақтығын жойып, тілін ашқудан мақсат – қысылмай, бойын бйілеп сөйлеуге үйрету. Бірақ материйалдың тақырыбы балаға таныс нәрседен алынған болуы тийіс.

Баланың жаратып ойнайтын ойыны, әуестеніп қарайтын нәрсесі, басына түскен уақытқа болуы мүмкін. Міні, осы айтылғандарды байқату, солар тұлалары сөйлету – жаңағы мақсат үшін табылмайтын тақырыптар. Тийісті сүуреттерді пайдаланып, түсінікті бір тақырып бойынша бала мен әңгімелесуге болады. Мысалы, «қалқозға тырақтыр келді» тақырыбы болсын.

Тырақтыр сүуреті қаралады, немесе оқытқушы: «қалқозға тырақтыр қайдан келді? деп сұрау қойады, бала жауап береді. Баланың берген жауаптарына еске ала отырып, оқытқушы жетектеуші сұраулар береді. Бастап «өткірлері» жауап береді, оларды көріп оқытқушының сүйемелдеуі мен қалғандарыда әңгімеге қатысады.

Алғашқы әңгімелерді бала міндетті деп түсінбесін, тілегені ғана айтаын болсын. Бұл кезде оқытқушы баланың қаталарын әңгіме ортасында айтпай, тек дәптеріне жазып алады, соңынан, – кейінгі сабақтарда түзетеді. Тіл шыйрату жұмысының алғашқы сатысында оқытқушы қалайда баланы әңгімеге қатыстыру жағын көздейді. Соны мен қатар әп дегеннен ақ баланы анық, қатты сөйлеуге үйретеді. Егер бала міңгірлеп дауысын шығармаса: «не айтқаныңды басқалар естіген жоқ» деп ескертеді. Егер мұны мен ғана бала сүрлеуін түзетпесе, мынадай шара қолдану керек: оқытқуы әлгі баланың жанынан кетіп алысырақ – басқа балалардың жанына барып тұрып мағанда, мына жолдастарыңа да есіттіріп айтшы, – дейді.

Сүйтіп сөзді көтеріңкі дауыс пен анық етіп айтқуға дағдыландыру ретіндегі алғашқы жұмыс баланың «тілін ашуы» үшін істелетін бірінші әңгімелер мен басталады. Кейін бұл жұмыс жалғыз тіл шыйрату сабағы түрлері мен ғана емес, – оқу грамматіке сабақтары мен де байланыстырылады. Үнін келтіріші шарты – міңгірлемей, сөзді анық етіп көтеріңкі дауыс пен айтқу. Бұл жөнде оқытқушы өзі оқып үлгі береді, кейде ерекше дағдылық жұмыс істейді. Ондай дағдылық жұмысты текіс жаттату грамматіке дағдылықтары мен (лепті сұрақты сөйлемдерді үйреткенде) байланыстырып екінші кластан бастау керек. Шүлжіндік, мыңқылдау, тілін тістеп сөйлеу сыйақты тіл мүкістері мен күресуу үшін ерекше дағдылық жұмыс керек. Бұл үшін ең қолайлысы – екінші кластан бастап – грамматіке сабағы.

Р мен **Л**-ға тілі келмейтіндерге осы әріптердің қалай айтылуын байқату керек. **Л**-ды айтқанда екі ерін бір-бірінен қашықтап тіл барып тіске тіреледі. **Р**-ды айтқанда тілдің ұшы дірілдейді. Осы дыбыстарды шығарғанда тіл қандай жұмыс атқаратыны көрсетіліп түсіндірілсе, оқытқушы өзі айттып көрсетсе, ондай тіл мүкістігін жойғу қыйын емес.

Тілін тістеп сөйлейтіндерге, немесе шүлжіндерге **С** пен **Ш**-ты, **З** бен **Ж**-ды айтқызып айырттып үйрету керек. Бірақ мұнда осы дыбыстардың қай жерден шығатынын мұғалым өзі жақсы білуі тийіс: **С** пен **З** тіл ұшынан, – тіске жақынырақ жерден шығады; **С** пен **Ж**-ны айтқанда тілдің ұшы астыңғы тістің көбесінен төменірек жеріне тіреледі де, тілдің ортасы жоғары таңдайға қарай күдістемеді.

Сөз сөйлегенде қақалып, шашалып қалуу – бұл да тіл мүкістігі. Бұл сөйлегенде дем алуға үйренбеуден келіп тұады. Сөйлеуші, ішіне жеткілікті ауа жыйнап алмайды, бар алғаны бір сарын, бір дем алыс пен айтатын сөзін айағына шейін айтып бітіруге жетпей қалады да, сөзін ықылық атып отырған кісіше, бір сөздің өзін бөліп айтады. Мұндай мүкістікті жойу үшін баланы сөз сөйлегенде қалай дем алуға үйрету керек. Балаға демді қалай ішке алу, оны сыртқа шығару жетерлік етіп ішке ауа жұтып оны ақырындап шығару жолын үйрету керек. Бұл жұмысты балаларға өлең жаттату, қор мен жырлату сабақтары мен байланыстыру қолайлы. Қай жерде тоқтатуды оқытұшы өзі айтып тұрады, дем алуға деп оқытұшы ійшара қылады, қай жерде дем шығару керек, – оныда көрсетеді. Сауат ашудың кейінгі сатыларында, – дыбыстарды айтқанда ауыз қандай қалыпта болуын бақлату үшін мәнеріне келтіріп оқу сабағын, немесе балалардың жыйылыста, класта шығып сөйлеуін материйал қылып пайдалану керек.

Бұл жөнде шығып сөйлеуші балаға: «аузыңды жақсылап аш», «көтеріңкі дауыс пен айт, сөзіңнің айағын жұтып қойма» т.т. деген сыйақты нұсқау беріледі.

Сұрауға жауап беруге үйрену

Бұл жөнде бірінші класта қандай жұмыстар болуға мүмкін? – Праграмда: «Баланың маңындағы, оның көрген-білген, байқаған нәрселері тууралы берілген сұрауларға қысқа, бірақ тыйанақты қып жауап бере алу» делінген.

Мектепке келгенше бала маңындағыны түгел болмаса да көрген байқаған болады, оның азда болса тұрмыс жүзінде тәжрйбесі бар. Ол өзі мен қатарлас балалар мен, үлкендер мен араласқан, оның аз-көп болсын көргені, байқағаны бар.

Енді мектеп баланың сол байқағандарының өрісін кеңейтіп, тәжрйбесін молайтатын болады.

Бұл жөнде мектептің бірінші жұмысы – баланың көрген білгенін, байқағанын белгілі бір сестемге салып, баланың білімін тәртіпке салу. Балалардың байқағандарын, алған әсерлерін белгілі тақырыптарға бөлу дұрыс, мысалы: «Мектеп тууралы»; «Қалқоздың балалар бақшасы»; «Тырақтыр қалай жұмыс істейді» т.т.

Осы айтылған тақырыптар, немесе сондайлар балалардың бұрын көрген-білгендерін ойларына түсірді. Оқытұшы сұрау беріп балаларды жетектеп отырады, балалар қысқа ғана түрде айтып береді. Мұнда сұрау беруге де өте ұсталық, белгілі бір сестем керек; үйткені сол арқылы оқытұшы баланы сөз сөйлеу текнйкесіне үйретеді. Орынсыз, сестемсіз сұраулар зыйан келтірмесе пайда бермейді. Мысалы, «Мен мектепке қалай бардым» деген тақырып болсын. Міні, мұнда мынадай сұраулар болуға мүмкін.

– Сен мектепке қашаннан бері бармақшы болып жүр едің?

– Кім мен бірге бармақшы едің?

Сені алып кетуге кім келеді? Ерте келдіме ол?

– Мектепте сендерге кім ұшырады?

– Оқытұшы сенен не сұрады?

– Мектепте бала көппе еді?

– Бірінші күн мектепте не оқыдыңдар?

Әрйіне балалар қысқа ғана бір сөз бен жауап беруді сүйеді. (Мектепте бала көпке екен? «деген сұрауға → көп деп жауап бермек. Жұмыстың алғашқы сатысында баладан онан көпті талап етуге болмайды, соны мен ғана қанағаттану керек. Бірақ мектептің міндеті – баланы тыйанақты түсінікті етіп сөйлеуге үйрету. Сондықтан екінші саты да балаларды толық жауап беруге дағдыландыру керек.

Мұны қалай істеу керек? Мұғалымды сынайтын олақтық қылса, әңгіменің түрі балалар арасында ұшырамайтын «кітапша» болып балалардың зейіні қайтып қалуы мүмкін: бала: «мектепке басқаша сөйлеу керек екен-ау» деген ойға келуі мүмкін: ол уақта бұл баланың тілін дамыту емес, құрытуу болып шықпақ.

Жауапты толық етіп беруге үйретудің бір жақсы жолы былай: оқытушы өзінің қарсысында тұрған балаға: «жә, сен мектепке барам деп қалай жыйналдың? Кәні, сен мектепке бармақшы боп қай уақта жыйналдың, кім мен бірге бармақшы болып сөйлестің? Әңгіменді былай баста: «Мен көптен бер мектепке» деп оқытушы бастап береді. Сонда бала екі сұраудың жауаптарын біріктіріп былайша жауап беруі мүмкін.

«Мен көптен бері мектепке бармақшы болып жүр едім. Мені мектепке қашан жібересің, деп күнде-күнде әжемнен сұрап қоймадым. Мектепке мені ертіп барасын деп Мырқымбай мен сөйлесіп қойғам».

Басқа сұрауларға да осылайша толық жауап алуға болады; бала мүдіріп қалса жетекші сұрау беру керек. Оқытушының нені тілегені балаларға айқындалады. Барлық жауап алынып біткеннен кейін, бір тыйанақты әңгіме болып шығады, балалар тыйанақты, түсінікті етіп әңгіме айттуға бет алады.

Балалар осылай дағдыланды ау дегенде оқытушы оқытушы «толық» жауаптың не екенін ұқтырады. Бірақ мұны лексіе жолы мен емес, – іс жүзінде айтып түсіндіреді. Балалар толық жауап беруге дағдыланып төселіп алғаннан кейін, оқытушы керек жерінде: «Толық жауап беріндер» дейді.

Толық жауапта сұраулар ішіндегі сөздердің түгел болуы шарт емес, – сөздері өзгеше болған мен жауап дұрыс болып шықса болғаны.

Берілген сұрауларға балаларды, қысқа, бірақ тыйанақты етіп жауап беруге дағдыландыру арқылы бірінші жылдан ақ, балаға таныс, оның көрген білген, байқағанын тақырып етіп алып, ойдан сөз шығартып айтқызу жұмысын жүргізуге жол ашылады. Ондай шығарма-әңгімені былайша үйрету керек: оқытушы бір неше сұрау қояды, бірақ сұраулар белгілі тәртіп пен қойылады, бала сол тәртіпке сүйеніп көп қыйналмай ақ әңгімесін тыйанақты түрде сөйлеп береді. Сөйлеушінің сөз қаталарын оқытушы түзетіп отырады (мүмкін болса өзінен, болмаса, өзі). Жеке-жеке сұрауларға жауап алынып болғаннан кейін, сұраусыз ақ әңгімені бастан айақ түгел айтызып шығарады, мүдірген жерінде балаға оқытушы көмек беріп жетелеп отырады. Әңгіме мазмұн жағынан, сөзі жағынан дұрысталып түгенделгеннен кейін, оны жаңадан бір бала сөйлеп береді.

Жаттай ойдан шығарып сөйлеу екінші класта да болуға мүмкін. Бірақ сұраулары маңыздырақ баланы ойлатарлық, екінші клас балаларының біліміне шақталған болады. Мысалы, тақырыпты бір өндірістен алайық, ол

өндіріс балаларға таныс, не сол өндіріске балалардың өздері қатысқан делік; міні мұнда жұмыстың түрлі жақтарына ашып бергендей сұраулар қойуға мүмкін. Егін жұмысын алайық, – бұл жұмыс қалқозшы балаларына таныс. Оқытушы – қалқозда және жеке шаруашылықта өндіріс жолы тұралы сұраулар қояды. Сұраулар мына түрде болуға мүмкін.

- Жеке шаруа жерді не мен айдады?
- Қалқоз ше?
- Жеке шаруа дәнді жерге не мен себеді? Қалқоз ше?
- Шаруаның қандай түрінде егін шығымды болуға мүмкін?
- Жеке шаруа егінді не мен орады? Қалқоздар ше?
- Жеке шаруа егінін не мен бастырады? Қалқоздар ше?
- Шаруашылықпа немесе бірлескен шаруашылық па?

Мұнда да бірінші кластағыдай, тіл дамыту жұмысы оқытушының сұрауларына сүйемелденіп отырады, дайын план мен жүргізіледі. Планымыз сол сұраулар болады. Баланың тілін дамыту жөнінде істелетін дағдылықтарды оңайлату үшін оқытушы сұраулар беріп жетектеп отырады дедік. Бұл әдісті ол жоғарғы кластарда қолданады; бірақ жоғарғы кластар үшін берілетін сұраулары жалпырақ болады. Мысалы, бірлескен шаруашылықтың артықшылығын талқылағанда: «жеке шаруашылыққа қарағанда бірлескен шаруашылықтың артықшылығы не» деп тапсырынды түрінде сұрау беруге болады; бірінші-екінші кластарға сұрауда бұл күйде қойуға болмайды.

Оқып шыққан текіс бойынша ауыз сөз

Баланың ауыз тілін дамыту жөнінде істелетін жұмыстардың ең көп таралған, соны мен қатар оңайырақ түрі де – оқып шыққан текіс бойынша баланың тілін шығару.

Жұмыстың мұндай түрлері болуға мүмкін: 1) Сұраулар беріп оқып шыққан текістің мазмұнын сөйлету; 2) оқып шыққанды балаға өз сөзі мен сөйлету; 3) текістің түйінді-түйінді жерлеріне шапке таптыру; 4) оқып шыққан текіске қосымша жасату, ұсының айтқызуу.

Бірінші түрі, көбінесе ақ, бірінші класта қолданылады. Бірақ бұл үшін балаға берілген мақала қара сөз, және қысқа, балаға түсінікті болу керек. Мысал үшін мынадай бір әңгімені алайық (сейілдің «1-ші оқу кітабы»).

Алғашқы қар

Ұйқыдан тұрып терезеге қарасам, қар жауып қалыпты. Үйдің айналасы аппақ, тап-таза.

Кийініп далаға шықтым. Асқар ағам қалқоздың мал қорасына кеткен екен, қарға ізі түсіп қалыпты. Етігінің өкшесінінде, ұлтанының ізі де аппақ болып тұскен. Өзімнің ізіме қарасам, ода, мөрдей болып түсіп жатыр.

Мойнақ пішеннің түбін құуыстап, соған кіріп жатыпты. «Мойнақ! деп едім, қасыма жүгіріп келді. Орны құп құрғақ екен. Қарға мойнақтыңда ізі түсіп қалды.

Жылдамырақ шай ішіп сабаққа кеттім. Мақаланы оқымастан бұрын, бала жеңіл оқып, мазмұнына оңай түсінсін үшін, баланы мақаланың мазмұнын ұғуға жетектейтін сұраулар беру керек. Мысалы:

- Алғашқы қарды, әсіресе аңшыл не үшін күтеді?

– Қар үстінде қойанды тұрғызғанда, оны қалай іздеп табады?

Былайша сұрақтар берууден мақсат – қарға түскен із арқылы не білууге болатынын балалардың есіне салып, мақаланы оқығанда, бала: «бұл мақалада із тұралы не айтылған екен» деп көңіл қойып оқысын дегендік.

Сұраулар класқа қарай өзгеше түрде болуға мүмкін.

Әліндей сұраулардан кейін мағнаны бөліп-бөліп оқыйды. Мақаланың бірінші бөлімін оқып шыққаннан кейін балаларға мынадай сұраулар беріледі:

– Бала ұйқыдан тұра салып нені көрді? Бала қайда шықты? Баланың ағасы Асқар қайда кеткен екен? Оны неден білді?

Сонсын мақаланың екінші бөлімі оқылады, тийісті сұраулар беріледі.

Балаға әлгіндей ойлататын сұраулар берілгеннен кейін, ол мақаланы зейін қойып оқыйды, сол себепті мақалада не тұралы айтылғанына түсіне отырады. Оқыған мақаланың түйінді жерлерін ұтып алуға алғашқы кезде сұраулар арқылы дағдыланады. Оқушылар осыған төселген сайын, оқып шыққан мақаланың мазмұнын ашу үшін берілген сұраулар жолпырақ түрде берілмек.

Жоғарғы кластар үшін берілетін сұрауларды мынандай қыйындатыңқырауға болады.

Оқып шыққан әңгіменің, мақаланың мазмұны бойынша оқытұшының берген сұрауларына оқушылар жыйнап-теріп жауап бере алатын болғаннан кейін, балаларға өлең-жыр оқытып, мазмұнын ауыздай сөйлетіп дағдыландыруға болады. Бірақ оқып шыққан өлең-жырдың мазмұнын сөйлету үшін сұрау бергенде өте-мөте ұсталық керек. Бала оқып шыққан өлеңін «өз сөзі» мен айтып берем деп, өлеңнің көркемдік жағын бұзып алуы мүмкін. Сондықтан, мұнда берілетін сұраулар өлеңнің ұлы бағытын ғана ашып беретін болсын, көркемдік, салыстыру, жақтарына қағылмау керек.

Төменде, оқып шыққан өлеңдер бойынша берілетін сұрау үлгілерін береміз: біреуі төменгі кластар үшін, екіншісі – жоғарғы кластар үшін.

Екінші оқу жылы үшін арналған оқу кітабындағы (Төлебай ұлы, 2-ші оқу кітабы 34 бет) «күз» деген өлеңге мынадай сұраулар берууге болады: 1. Аспанды не қаптады? Жерді не басты? 2. Жылқы не қылды? 3. Күз өзінің белгісін шөпке, балаларға қалай тийгізді. Ағашта қандай өзгеріс болды?

Б) *Оқып шыққанды сөйлеп беруу.* Оқып шыққан мақаланың маңызын сұрау арқылы түсініп алғаннан кейін, бала өзінің оқып шыққанын сұрауларсыз ақ сөйлеп бере алуға дағдыланды. Оқып шыққанды ауыздай сөйлеп екінші кластан басталады. Мұнда оқытұшы екі түрлі мақсатты көздейді: біреуі балаларды, оқып шыққан мақаланы, әңгіменің мазмұнын түгел оқып алып, қосылмай өз сөзі мен сөйлеп берууге үйрету; екіншісі – бала тартынбай ұйалмай қарапайымдағыдай сөйлеуге үйрету.

Баланы, оқып шыққан мақаласының мазмұнын ұтып алуға дағдыландырудың жеңілдірек жолы – план тізіп беруу. Бірақ жұмысты бұл түрі екінші клас үшін қыйынға соғады, дұрысы мұны үшінші кластан бастау жөн. Екінші класта мақаланың түйінді жерлерін тапқызып соған шапке айтқызу мен қанағаттану керек.

Үшінші кластан бастап бала оқып шыққанын план бойынша сөйлеп беретін болады. Соны мен қатар баланы өз беті мен сұрау түрінде план жаса-

уға да үйретіледі. Бірақ сұрау түріндегі план бойынша сұрауларға берілетін жауап пен сөйлеп беруу үшін жасалған планға берілетін жауап арасында айырмашық бар. Оқығанды сөйлеп бергенде кәдәуілгі түсінікті әңгіме болып шығуы тійіс.

Оқып шыққанды сөйлеп беруу түрліше болады:

а) еш бір сөзін қалдырмай түгел сөйлеп беруу; б) ұсақтарына тоқталмай түйінді жерлерін ғана айтып беруу; ш) текіс тәртібі бойынша айтып беруу; ж) текіс тәртібін өзгертіп сөйлеп беруу. Төменгі кластарды текіс тәртібі бойынша сөйлеп береді. Жоғарғы кластарда текіс тәртібіне ермей ақ қысқартып, өзгертіп сөйлеуге үйретіледі.

Төменгі кластар үшін оқып шыққанды сөйлеп беруу планын толық жа-сауға да болады, – жалғыз ақ өте ұсақ жерлері ғана қалдырылады. Мақала-да әңгіме қандай пормыда жазылған болса, бала оны сол пормыдан айтып береді, бірақ екі кісі арасындағы сөздерді (дйялог) аңызды сөйлем мен айтуу керек.

Жоғарғы кластарда оқып шыққан мақаланы балалар толық план бой-ынша айтып береді, соның мен қатар мұнда әңгіме өзгешерек пормыда бо-лады: мысалы әңгімедегі біреудің сөзінің мазмұнын бала өз сөзі етіп айтып береді.

Баланың тілін дамытуу, соған оны дағдыландыруу үшін тағы мынадай әдіс қолдануу пайдалы: оқытуушының көмегі мен түзілген план бойынша бала оқып шыққанын сөйлеп береді; сонан кейін оқытуушы планды өз-гертіп екінші план береді, оқушылар соңғы план бойынша сөйлейді.

Баланың оқып шыққанын айтып берууге дағдыландыруу жұмысынан мақсат – бала бір мақаланы, текісті оқып шыққаннан кейін оны түгел ұғып, не айтылғанын өз сөзі мен айтып бере алатын болсын, деген едік. Сонда «өз сөзі» дегенді қалай түсінуу керек? Бала мақаланың еш бір сөзін аузына алмайма – жоқ олай емес: ішін-ара сөздері менде, әсіресе мәнерлі, сүуретті сөздері мен пайдаланып үйренсін: бұл – баланың тілін түзейді. Бірақ бала әңгіме ішінен алған сөздерді орнына жұмсай алатын болсын; бұл үшін оның мақаланы түсініп оқуу керек.

Ш) *шапке қойылмаған текіске шапке таптыруу*. Жұмыстың бұл түрін бірінші кластан ақ бастап жүргізууге болады. Бір текіске ат қойуу үшін оның жалпы мазмұнын ғана білуу мен болмайды, – сол текістің түйінді жерлерін білуу керек. Шапке сондай болуу керек: оны көргенде текістің мазмұны, немесе түйінді жері білініп тұрсын.

Ж) *Оқып шыққан мақала, әңгіме бойынша оқушының өз жанынан шығарып, немесе оқығанын толықтырып сөйлеуі*. Бұл түрдегі жұмыс оқып шыққан мақаланы толық, жете түсінуу үшін оқушыға көмек береді; екінші жақтан баланың тілін дамытууға жәрдем етеді. Шынында текіске шапке таптыруудың өзі – оқып шыққанды талқылау жөнінде оқушыны толықтап, немесе қазіргі әңгіме мен байланысты бұрын болған бір әңгімені қоса сөйлеуге үйретуу аса пайдалы.

Мектептің қоғамдық тұрмысы мен байланысты ауыз тілі

Жұмыстың бұл түрі бірінші кластан басталып жоғарғы кластарда да жүргізіледі. Бірінші класта балалар сабақ үстінде йа жыйылыстарда басқа-ның сөзін тыңдауға, сөз сұрауға, ойға алғанын қысқаша айтып берууге үй-ренууі керек.

Бала басқаның айтқанын тыңдап түсіне алуға үйренсін дегенде, бұған ең алды мен оқытушының сөзі болуға тийіс. Сондықтан оқытушының сөзі анық, тыйанақты, балаларға берген сұраулары балалар үшін түсінікті, қысқа болуу керек. Оқушыларға бір мәселені түсіндіргенде ұзаққа созып оларды жалықтырмай тыйымды жерін ғана айтып түсіндіруу керек. Оқушылар мен әңгімелескенде, йа оларға бір мәселені түсіндіргенде оқытушының сөйлемдері не құрлым қысқа, бірақ анық болсын, ішінде көпке ортақ емес жат сөздер болмасын.

Оқытушының сөзін балалар ұқтыма – жоқпа, – сонынан тыңдап қарап тексеруу керек. Мұны оқытушы сұраулар беріп анықтайды. Балалар жалғыз оқытушының ғана сөзін тыңдап отырмайды, – жолдастарының сөздерінде де тыңдайды: дұрыс емес деген жерінде өз пікірін айтады, сұраулар береді. Ойға алғанын қысқаша тыйанақты түрде класта немесе оқушылардың жыйылысында айтып бере білуге балалар ана тілі сабағында үйренеді. Оқу сабағында, грамагійке сабағында, грамагійке сабағында кітаптан балаға тыйанақты сөйлем тапқызу мен қатар сондай сөйлемді өзіне ойынан шығартып айтқызады.

Ал енді класта немесе жыйылыста шығып сөйлейтін оқушыға қандай шарт қойылады?

Ең алды мен шығып сөйлейтін оқуды: не тұралы сөйлемекші, – соның мазмұнын ойлап алуу керек. Шығып сөйлеушіні әп дегеннен айтар сөзін бұлдыр қылмай, тыйанақты, конкрет түрде айттуға дағдыландыруу керек. Балалардың алғашқы шығып сөйлеуіне: кім не істеді, қалай істеді, онан не шықты деген сықылды, немесе ойын, тапсырылған жұмыстың орындау тұралы тақырыптар алынады. Мұның бәрінде оқытушы өзі басқарып көмек беріп отырады, оқушыларды жалғыз жыйылыста, класта шығып сөйлеуге ғана емес, – сұраулар беріп, ұсыныстар кіргізуге де үйретеді. Алғашқы кезде оқытушы балаларға сұраулар беріп, оларды шығып сөйлеуге демдеп, сұрауларды ауыздарын салып жетектеп отырады. Шығып сөйлеген балалардың орынды сөздері, йа ұсыныстары орындалуында да үлкен мән бар: сөзі, йа ұсынысы алынған бала екіншіде жыйылысқа белсеніңкіреп қатысады, оны көріп басқаларда ойнаады. Бірінші, екінші оқу жылдарында балалардың шығып сөйлейтін сөздері тақырып жағынан да, пормы жағынан да бір шамада болады, бірақ екінші жылда мазмұны тереңдетіледі, үшінші жылда пормы жағынан өзгереді. Үйткені үшінші клас оқушылары айтар сөзін план бойынша тыйанақты қылып айтып берууі керек; оның бер жағында үшінші клас оқушылары жыйылысқа ұйымдасқан түрде қатысып, жыйылыста айтылған сөздің, пікірдің барысын байқап, тийісті жерінде өз пікірін ортаға салууы керек.

Оқушылардың класта, жыйылыста шығып сөйлеуіне тақырыпты түрлі екісүрсійелерден, сатсыйалдық жарыс бойынша өзге клас пен арада жасалған шарттан алуға болады.

Мектептің жалпы жыйылысында айтыс ретінде үшінші клас оқушыларының шығып сөйлейтіндері порма жағынан төменгі кластарға қарағанда тереңірек болады. Үйткені айтысқа шығып сөйлеу үшін талқыланып отырған мәселе тұралы айтылғандарды байқап отыруу керек, әйтпесе оның теріс ылағып тақырыптан шығып кетууі мүмкін.

Үшінші оқу жылында оқушылар грамагійке жай сөйлем, тұйық

сөйлем мен танысады, сондай сөйлемдерді өз беттері мен құрап үйренеді. Оқушылардың осы дағдылықтарын әлгіндей жыйылыстарда шығып ауыздай сөйлеулері мен байланыстырып пайдалануу керек.

Оқытұшы шығып сөйлеушілердің сөздерін қадағалап байқап отырып, кемшіліктері болса жазып алып, соңынан класта талқылатып түзеттіреді. Бұл жөнде мынадай кемшіліктер ұшырауға мүмкін:

а) Жеке сөздерді бұзып сөйлеу; б) сөйлемді дұрыс құрамау; ш) етістік шақтарын дұрыс қолданбау, т.т.

Бұл жөнде оқытұшы балалардың сөздерінде сезілген кемшіліктерді көрсетіп дұрыс пормасын айтып береді, сүйтіп бұл жұмыс грамагйке сабағы мен байланысып отырмақ.

Төртінші клас оқушыларына бұл жөнде қойылатын шарттар, үшінші класқа қарағанда да кеңейтіліңкіреді. Класта, немесе жыйылыста, мейрамда шығып сөйлейтіндерін оқушылар күн ілгері дайарлап жолдастары алдында шығып сөйлеп сынағанда, тыйанақты план түзеп алады.

Төртінші клас оқушыларының шығып сөйлейтіндері, көбінесе ақ, байандама түрінде болады (екіскүрсіе қорытындысы, істелген жұмыстан есеп беруу, т.т.). Ондай түрде байандамаға әзірленгенде көніспекті жасап алуу керек, оны қалай жасауды оқытұшы өзі көрсетіп береді. Бірақ бұл көніспект орта, жоғарғы мектептерде қолданылатын түрде болмайды, – ең жеңіл түрі ғана қолданылады. Төртінші клас үшін көніспекті сқемасы мынадай болуы мүмкін.

Не тұралы сөйлеуге	Қандай мысалдар алууда	Қандай сүүрет, плакат көрс.
1.	1.	
2.	2.	

Төртінші клас оқушыларының сөздерінде жоғарыда айтылған қатарлардан басқа, програм матерыйалдарына қарағанда, басқа жаңа түр қатарларда ұшырауы мүмкін. Оқушылардың сөзіндегі қатарлардың қай түрін түзеткенде де, оқушылар сол қатарлардың неден шыққанын дұрысы неліктен былай болуын сезгендей болсын.

Сүүрет пен пайдалануу

Баланың тілін дамытұу жөнінде сүүрет күрделі орын ұстайды. Бірақ сүүретке қойылатын негізі шарт сүүрет баланы алаң қылатын болмасын, қайта балаға түсіндіретін сөзді ашып беретін, соған баланы жетектейтін болсын. Орынды, жақсы, түсінікті сүүрет баланың тілін ашады, баланың сөз запасын анықтауға көмек береді.

Сүүрет пен пайдаланып істелетін жұмыс бірінші жылда ең оңайдан басталады: сүүреттің мазмұны бойынша берілген сұрауларға жауап беруу (мысалы, «мына сүүреттегі не; кім?»); сүүреттің атын жазуу; сүүрет бойынша қысқа әңгіме.

Сүүрет бойынша берілген сұрауларға берілген жауаптар толық, – жай әңгімедегідей болуу керек. Сүүрет пен пайдалануудан көзделген негізгі мақсат балаларды толық, тыйанақты жауап берууге дағдыландыруу. Бұл кезеңдегі сүүреттер балалар үшін ұғымды, баланы жетектеп отыратын

болуға тийіс. Сүурет пен пайдаланып істелетін жұмыстың тағы бір түрі – бір уақығаның, йа бір істің жеке кезеңдерін көрсететін сүурет бойынша балаға сөйлетуу (осы бөлімнің айағындағы үлгіні қара!).

Екінші оқуу жылында сүурет пен пайдаланып істелетін жұмыс түрлері – сұрау тәртібі бойынша сүуреттің мазмұнын айтып беруу; кітап ішінен сүуреттің мазмұны дәл келетін сөздерді, сөйлемдерді тапқызуу.

Кейде сүуреттер тұсында сұраулар болады, жоқ болса, оқытұшы өзі береді, – сол сұрауларға сүйеніп, балалар өз беті мен әңгіме құрастырады. Мысал үшін мынадай бір сүуретті алайық: «Балалар төңкеріс мейрамын мейрамдап жүр». Бұл сүуретте балалардың тұу плакат көтеріп баратқаны көрсетілген. Бұған мынадай сұраулар қойуға болады: «1-ші Майды қалай мейрамдадыңыз? Қандай плакаттарыңыз бар еді? Мектеп болып қайда бардыңыз? Тұуды кім ұстады?»

Жұмыстың екінші түрін былай жүргізүүге болады: бір тақырыпты сайлап алып балаларға соны мен байланысты бір неше сүуреттеледі. Әр сүуреттер сол тақырыптың жеке-жеке кезеңдерін көрсететін болсын.

Балалар әр сүуретті қарап шығады. Әр қайсысына ат ойлайды. Ондай сүуреттердің, кейде ашқышыда болады, ол уақта сүуретті талқылау жұмысы оңайланады (дайын сүурет аттары басылған болады, балалар сүуретті қарап шыққаннан кейін әлгі текістерді оқып, керек сөздерді іздеп тауып алады). Бірақ бұ сыйақты матерыйал мен алғашқы кезеңде ғана пайдалануға болады, әйтпесе бала дайын сөзге салынып кетіп, «өздігінен айналамайтын болып кетуу қаупы бар.

Сүурет мазмұны бойынша балалардың берген жауаптары толық болуға тийіс. Бала көріп байқағанын ауыздай еркін сөйлеп берүүі керек болса мұнда да солай. Сүурет пен пайдаланууда бір ескеретін нәрсе балаларды толық жауап берүүге дағдыландыруу. Бірақ бұл үшін сүурет анық болууы тийіс.

Сүуретті көрсетіп, сұраулар беріп, оған жауаптар алудан баска, сүурет арқылы балаларды сөйлетуу әңгіме айтқызуу түрінде қолдануу керек. Бұл жұмыс бірінші оқуу жылы айағында жүргізіледі. Бірақ бұған өте шеберлік, сабаққа жақсы дайарланып келуу керек болады.

Бұл жұмысты мынадай үлгі мен жүргізуу тийіс. Мысал үшін, баланың мектеп өшескесіндегі жұмысын тәртібі мен көрсеткен сүуретті қарайтын болайық.

– Балалар, байқандаршы мұнда неше сүурет бар? Сүуретте не бар? Баланы кім деп атаймыз? – Асан.

– Сүуреттерді жақсылап қараңдар, Асан қайда тұр? Не істеп тұр? – айтып беріндер.

– Енді бірінші сүуретті қараңдар: бұ тұуралы не айтасыңдар? Асан кім мен келді? Ол қайда кетті? Ол қолына не ұстап келді? т.т.

– Енді сүуреттерді бәрің тегіс қарап шығыңдар да, 1-шіде, 2-шіде, 3-шіде не бар: айтып беріндер. Бірақ оқытұшы жетекші сұраулар беріп көмектесіп отырады.

Енді 4-ші сүуретті байқандар, мұнда не бар: айтып беріндер. Қысқасы сол рет пен сүуреттерді басынан айағына талқылап шығады.

Сонсын сүуреттерді балалар тегіс қарап байқап шығады да түгел айтып береді.

Әңгіменің әр бөлшегін әр бала сөйлеп береді, соңынан әңгімені бір бала шығып түгел айтып береді. Қалған балалар тындап отырады, әңгімеге белсене қатысып отырады.

Екінші оқу жылында сүурет жұмысының мынадай түрлері болуға тийіс: кітаптағы йа оқытушының берген сұраулары бойынша балалар сүуреттің мазмұнын айтып түсіндіреді. Кітап ішінде сүурет мазмұнына сәйкес сөздер тауып алады.

Үшінші оқу жылында жұмыстар істелууге тийіс: бір сүуреттің мазмұнын өз беті мен жазуу;

Сол сүурет арқылы бұрын байқағандарын есіне келтіріп сүуреттер толықтыруу.

Бірінші, екінші кластарда сүурет бойынша балалар көбінесе ақ байқағанын ауыздай сөйлеп беретін болса, үшінші класта сүуреттің мазмұнын балалар жазып береді. Сүурет пен пайдаланғанда сол сүуретке дәл келетін шығармаларды пайдалану керек. Алынған сүуретке сәйкес келетін өлеңді алып, соның ішінен сүуреттің мазмұнын жалпылап айтып бергендей бір жолын тапсыруу керек. Немесе бір мақала алып, соның мазмұны бойынша сұраулар қойып, соған жауап болғандай сөздер жолды тапқызуу.

Төртінші класта жұмыстың мынадай түрлері болуға тийіс: бір уақығаны көрсеткен сүуретті қарап байқап шыққаннан кейін қортынды шығаруу; сүуреттен байқалған көркемдік жақтарды ашып жазуу. Сүуретте көрсетілген уақығадан бұрын не болуға тийіс екенін болжап айтып беруу, одан соң не болуға тийістігін ескертуу.

Сүуретті қарап байқап мазмұнын (сүуретін) жазуу болсын, сол сүурет бойынша қортынды шығаруу болсын, – екеуіде балаларды сүуретке жай скема көзі мен қарамай, сол сүуретті дұрыс, терең ұғынуға үйрететін болуы керек.

Енді сүурет пен пайдалану ретінде соңғы бір жұмыс – балалардың өз беті мен шығарып жазууы: сүуретте көрсетілгенге ұқсас өзге бір уақығаны әңгіме қылып айтып беруу. Жұмысты осы түрі үшінші класта да істеуге болады.

Ойдан шығарып жазуу

Үшінші клас оқушылары проqram бойынша қара сөз бен ең жеңіл тақырыпқа қысқа ғана етіп ойдан шығарып жазуға дағдылануы тийіс. Балаға өз басына, немесе жолдастары, таныстары басына түскенді жазуу оңайырақ. Төртінші клас оқушылары үшін екісүрсейде байқағандары тақырып бола алады. Алғашқы екі жылда тіл дамытуу жөнінде істелген жұмыстар соңғы екі клас оқушыларын жаннан шығарып жазуға дайарлаған болады.

Олар план жасауды біледі, матерыйал сайлап алып, оны тәртіптеуді де біледі. Оқушылар алғашқы екі жылда ойдан шығарып ауыздай әңгіме айтып берууге дағдыланған; енді соны жазуға үйренуу керек. Кітап пен қалай пайдалануу, сүурет жұмыстары, граматйке сабақтары осы жұмысқа көмек бермек.

Бастауыш мектепте балалардың ойдан шығарып жазатында көбінесе ақ қара сөз түрінде болмақ. Ондай шығармалардың тақырыптары да балаға таныс, көрген білген, байқаған нәрсесі болуға тийіс.

Тақырыпты оқытұшы өзі тауып береді. Балалардың өздеріне салуға да болады. Бұл үшін кітаптың бір мақаланы оқып шығып, немесе бір неше уақығаларды айтып, оқушылардың өздеріне таңдатууға болады. Тақырыпты сайлап алғаннан кейін балалар керек матерыйал жыйнауға кіріседі. Бұған керек матерыйалды бала өзінің байқағандарынан алуды, немесе кітап ішінен сол тақырыпқа дәл келетін сөздерден алынады.

Матерыйал жынау-ұйымдастыруу деп отырғанымыз – шығарманың планын түзуу. Қара сөз түріндегі шығарманың план тақырып болып отырған уақығаның барысына қарай түзілмек. Планды сұрау түрінде жасауға болады. Төртінші класта сұрау емес, – шапке түрінде түзүүгеде жарайды. Жұмыстың ең қыйын жағы осы план түзуу, сондықтан оқушылар, көбінесе бұдан қашады, өз реті мен еркінше жазуды сүйеді. Бірақ бұл өте-мөте керек жұмыс, сондықтан оқушыларды бұған дағдыландыруу керек. Алғашқы кезде планды клас болып бірлесіп түзуу керек. Тақырыпты сайлап алғаннан кейін оқытұшы өзі оны тақтаға жазып, неден бастап жазар едіңдер деп балалардан сұрайды. Мысал тақтаға.

«Мен қасқырды қалай көрдім» деген тақырып жазылған екен. Мен тауға не үшін бардым, – ең әуелі осыны жазуу керек дейді. Оқытұшы:

1. Мен тауға не үшін бардым? – деп жазады. Ендігі жерде балалар түрліше айтулары мүмкін. Біреулері – қасқырға қай жерде кездесетін, – соны жазуу керек, деуі; біреулері қалай кездестім, – соны жазуу керек дер.... Қалай кездестім десек, сөз қысқарып, әр жағында іждеңе жазууға болмайды ғой, онанда – қайда кездестің деп жазайық дейді – оқытұшы, сүйтіп план түзеп шығады.

План даяр болғаннан кейін, енді осы план бойынша шығармаңызды жазыңдар, дейді. Бірақ әр сұрауға жауапты толық жазуу керек екенін ескертеді.

Ендігі сабақтарда планды оқушылардың өздері жазады, бірақ әр сөзді қалай жазатынын алды мен айтып береді.

План түзеуге балалар дағдыланыңқырағаннан кейін планды әр бала өз беті мен түземек. Әр оқушы өз планын өзі түзейді. Сонсын план оқылады, түзетіледі, сынға түседі, қай жақсысы тақтаға жазылады. Барлық бала осы план мен жазып шығады.

Ойдан шығарып жазуу жұмысын қабырға гәзетіне, балалар гәзетіне жазуу мен байланыстыруу керек. Мысалы, қат, ұран жазуу сыйақты. Бұл үшін мынадай тақырыптар алуды болады: класта сатсыйалдық жарыстың барысы, екпінділер, тәртіп бұзушылар, серууен қортындысы тұралы немесе басқа аудан мектептері мен қат жазысып тұрғу.

Сонда балалар өз тұрмысы, жұмысы, жаратылыс өзгешелігі, шаруа құрылысы жаңа тұрмыс үшін күрес, т.т. тұралы жазады, басқа мектеп балалары да сондай қат жазады.

Оқытұшы жұмысты ұйымдастырып, тіл, емле қаталарын түзетіп отырады, оның басшылығы осындай болмақ. Соның мен қатар оқушыларға қабырға гәзетін қалай шығаруу жолын ұйымдастырады.

Жазуу жұмысының жалғыз бұл түрі емес, қай-қайсысында оқытұшы түзетіп отырууға тийіс, – оқушылардың жазууларын оқытұшы дәйім бақылап отырууға тийіс. Түзетілмей еш бір қата қалмау керек.

Оқушылардың қаталарын қалдырмай түзетуудің мынадай қаупы бар: қатасы көп шыққан бала, бәрі бір «мен оналмаймын екен» деген ойға келуі мүмкін. Бірақ ондай пікірді жойуу оп-оңай. Бұл үшін оқытұшы баланың қатасын жіктеп, бірте-бірте оны жойууға шара қолданбақ, әрйіне бала бірер сабақтан кейін қайсыбір қаталарын жойады; бала өзінің табысын көріп көңілі өседі, олқылығын тез жойууға тырысады.

Сөздік жасау

Ойдан шығарып жазуу үшін жазууға: а) өзінің байқағандарын толық, түсінікті етіп көрсету үшін керек сөздер таңдап ала білу керек; б) сол сөздері мағна жағынан, пормы жағынан бір-бірі мен байланыстыра білу керек; ж) бүтін бір ойды білдіретін бір неше сөйлемдерді бір-бірі мен байланыстыра білу керек; ш) өз ойын емле қатасыз дұрыс жаза білу. Міні, ойдан шығарып жазуу жұмысы сөздік жұмысы, граматйке, емле жұмысы мен байланысады.

Сөздік түзеу жұмысы бірінші класта ақ басталады.

Сөздік жұмысының мынадай түрлері бар. Бірінші класта сөздік жұмысының мынадай түрлері жүргізіледі:

а) таныс нәрселердің аттарын тізіп жазуу. Мысалы, «өсімдік – «егін құралы» деген сыйақты. Оқуу кітаптарында сөздік түзеу жұмысы үшін мынадай мысалдар болады: «ең әуелі құстар атын, сонсын балықтар атын, онан кейін мал аттарын жазыңдар».

б) істеуді көрсететін сөздерді жазуу (*ұста не істейді*) *темірші? ағаш шебері?* т.т.

ж) нәрселерді түсіне қарай жіктеу (казак. *тас көмір – қара...*), дәміне қарай жіктеу (*бал – тәтті, тұз – ашы...*).

ш) нәрселерді салыстыруу: *жоғары – төмен, бийік – аласа, ұзынырақ – қысқарақ, кеңірек – тарырақ; жұуанырақ – жіңішкерек; жақынырақ – алысырақ.*

Бір нәрсенің неден істелгенін білдіретін матерыйалдың аты (*етік – былғарыдан, стақан – әйнектен...*) сыйақты.

Бұл сабақтас көзделетін мақсат – балалар көрген-байқағанын қаншалық тыйанақты біледі, – соны анықтау; сол білімін сөз бен айтып бере білууге дағдыландыруу. Бұл жөнінде мынадай әдіс, тәсіл қолдануу пайдалы:

– Айтып беріңдерші, мыналардан не істеуге болады: үйде йа қыласта кірпіштен не істеуге болар еді? Есік алдындағы құмнан не істеуге болады? Өзен жағасындағы саздан, құмнан, тастан не істеуге болады? Қысты күні қардан не істеуге болады?

Екінші қыласта оқушылар өздігінен сөздік түзеді; бұл үшін сүүреттер мен пайдаланады.

Баланың сөз қорын молайтуу, сөзге байытуу үшін сөздік түзеу жұмысын кітап оқуу мен немесе екіскүрсіе мен байланыстыруу керек. Бірінші ретте сөздерді әліппе тәртібі мен, екінші ретте – жұмыс түрі ыңғайы мен жазуу дұрыс.

Үшінші, төртінші қыластарда оқушылардың бұрынғы сөз қорына жаңа сөздер қосылып отырады (*қалқоз, кәлектіп, екпінді, бес жылдық, сатсыйалдық жарыс*, т.т.); қысқартылылған, ықшамдалған сөздер мен таңыстырылады.

Қоғамдық-сайаси, ғылым-теknікелік маңызы бар шығармаларды оқығанда оқушылар өздеріне таныс емес сөздерді теріп сөздігіне кіргізіп отырады. Бұл термійндер өндіріс түрлі ыңғайы мен айырылып жазылады.

Соның мен қатар балаларға таныс деген сөздерді мазмұн жағынан анықтау керек. Бұ да сөздік түзеу жұмысының бір тарауы. Бұл түрге жататын – мағна жағынан жақын сөздер алғу (*ескі көне – бұрынғы, қорқақ – үркек – жүрексіз...*). Мұнда оқушыларға ескеретін нәрсе – сөздер негізгі мағнасы жағынан қанша ұқсас болғанмен айырмашығы болатынын көрсету. Ондай сөздерді оқушыларға айыртып үйреткенде көптекіске қай сөз дөп келетінін байқату керек.

Мысал: «Біздің бірігідамыз (екпінді түрде, күш біріктіріп, айанбай) істегендіктен, тапсырылған жұмысты мезгілінде орындап шықты».

«(Ескі, көне) темірден шелек жасап шығарды».

Қарсы мағналы сөздерді байқату жөнінде де жұмысты осылай жүргізу керек.

«Соғыс жақындаған сайын капійталшылар», бейбітшілік «деп айқайлайды». Сөздерді салыстыру жұмысында да осы әдістерді қолдануға болады. Мысалы: *жаңбыр шелектеп құйып тұр. Антамобел, оқтай зырлайды.*

Сонан кейін оқытушы мысалдар береді де, салыстыру үшін керек сөздерді өздеріне тапқызады. Кейінірек жеке сөздер мен салыстыратын сөздер табуға тапсырылады.

Сүйтіп, оқушылар сөздің екінші мағнаға жүретінін біледі, сол сөздерді сол мағнасында оқушылар сөзінде қолданып үйренеді.

Мысал алғанда – біреуінде сөз өзінің, негізгі мағнасында тұрады, екіншісінде – өзге мағнада тұрады: *Оның шашы қысқа. – Оның ақылы қысқа. – Кітап бір сом тұрады. Арба сыртта тұрады.*

Іс пен байланысты сөз

Тіл дамыту жөнінде соңғы екі класта оқушылар іс пен байланысты сөзге дағдыландыру жұмысы жүргізіледі. Үшінші класта жұмыс түрі, көлемі мынадай болуға мүмкін; қат, распеске, телгірам жаза білу; қысқаша пүртәкөл жаза білу.

Қат жаздырып үйреткенде екі нәрсені көздеу керек: біріншіден, мазмұны жағынан қарағанда қат жазу – ойдан шығарып жазудан басқашарак болады – қатта деректі матерыйал жағы, қат жазып отырған кісіге айтылатын сөздер көбірек болады. Дағдылық ретінде класта балалар көрші мектептерге, ісі түскен мектептерге шын қат жазады. Бұл жөнде басқа мектептер мен қат жазысқан өте пайдалы.

Қатқа тағы мынадай шарттар қойылады: айы, күні, жылы жазылған болсын; әдірісі дұрыс жазылуы керек. Мұны оқытушы өзі көрсетіп береді.

Распеске, телгірам, пүртәкөл үлгілерінде оқытушы өзі көрсетіп береді, соңынан оқушылар өз бетімен жазатын болады.

Тіл шырату жұмыстары тіл сабағының басқа түрлері мен қалай байланысып отырады

Ең әуелі ауыз тілі мен жазу тілі арасында байланыс болуға тійіс. Бірінші, екінші кластарда ауыз тілін дамыту сабағы жазу тілі сабағынан

бұрын болуға тийіс. Себебі – бірінші, екінші кластарда оқушылар дұрыс жаза алмайды. Ауыз тілін дамытуу сабақтарында құрастырылған текістерді оқытушының сүйемелдеуі мен жасайды. Текіс қысқа сөйлемдерден құралуға тийіс.

Жоғарғы кластарда ауыз тілі мен жазу тілін дамытуу сабақтары кезектесіп отыруға тийіс. Мұнда жазу тілі сабағы үшін төменгі кластардағыдай дайарлық керек емес. Жалғызак жұмыс планын, әңгіменің мазмұны балаларға ауыздай айтқызып шығылса болады.

2. Тіл дамытуу сабағы көркем шығармаларды оқу мен де байланысу керек дедік. Тіл дамытуу сабағы жалғыз көркем әдебиет шығармалары мен ғана емес, ғылым-сайасый, текнйкелік маңызы бар мақалаларды, басқа сабақтар мен де байланысып отыруға тийіс. Көркем әдебиет шығармаларын балаларға оқытып сөйлеткен сықылды, мұнда да соны істеу керек. Оқушылар мақаланы оқып шығады; оқытушы сұраулар қойады, мақал ішінен керекті жерлерін жазып алуға тырысады; оқушылар сұрауларға жауап жазады, мақаланың ішінен керекті түйінді жерлерін теріп жазып алады. Оқушылар мақала ішінен керекті жерлерін теріп жазып алғанда, текіс сөзін ғана көшірмей, оны өз сөзімен жазууларына да болады.

3. Тіл дамытуу сабағы көбінесе граматйке сабағы мен қатты байланысып отыруға тийіс. Сөздердің өзара байланысын ғана танып сөзді дұрыс құрастыруу, сөздердің бір-бірі мен байланысуына келіп шығатын пормысын дұрыс қолдануу граматйкеге тіреледі.

Бірінші оқу жылында балалар кітаптан тыйнақты сөйлем тауып оқып шығып, жазып үйренеді. Бұл кезеңде оқушылар қысқа сөйлемдер құрап үйренеді. Сөздердің бір-бірімен байланысын сезе бастайды.

Екінші класта жұмыстың қанағы түрі бір қанша қыйындықталады. Оқушыларға ішінен бірен-саран сөзі түсіп қалған сөйлемдерді толықтырып жазуға тапсырмаларды, мысалы («оқушы класта... кімге? суурет көрсетті»). Жұмыстың осы түрін қыйындатыңқырағанда, ішінен бір сөз емес, құрастырып жазуға тийіс бірнеше сөзі түсіп қалған сөйлем беріледі, мысалы: («қалқозға бірнеше) екпін, бірйгада (ұйымдастырылды»).

4. Тіл дамытуу сабағының емле мен байланысы – жазуу жұмыстарын емле жағынан дұрыс жазуу мен табылады. Емле ережелерін оқушылар граматйке сабақтарында іске асырып үйренетін болады. Бірінші, екінші кластарда емле сестемді түрде оқылмайды, сондықтан бұл кластарда балаларды оқытушы өзі жетектеп отырады. – Жазуу-сыззу жұмыстарының бәрінде оқытушы өзі басқарып отырады. Бірінші клас балаларының жазатынын тақтаға оқытушы өзі жазады.

Жоғарғы екі клас оқушылары дұрыс жазуу жолдары мен таныс. Сөзді граматйке жағынан қалай дұрыс құрауды біледі. Сөйлем ішінде сөздің қалай өзгерууін де біледі. Сондықтан жоғарғы кластардың оқушылары өз бетімен жазууда бұ жағынан көп қыйындыққа ұшырамайды. Жалғыз ақ, оқытушы мүмкін қатаның алдын алып отырса болғаны.

Бірақ жоғарғы кластардың оқушылары біз ойлағандай қатасыз жазады деуге болмайды, – олардың жазууларында қате көп шығады. Мұның себебі – йа граматйкені жақсы білмегендіктен, йа біле тұрса да дағдыландыруу жұмысы кемдіктен болады. Олай болса оқушылардың жазуу қаталарын қалай қойуу керек?

Мұнда жаңағы екі түрлі қалды ескеру керек.

Бірінші ретте – сөздің пормысын шыға айыртту жұмысы маңызды орын ұстайды, – сондықтан бұған оқушылардың назарын аудару керек. Мысал оқушылар былай жазады: *ұқыдым төлнебеді...*

IV. Граматіке мен емле үйретүүдін әдісі

Граматіке оқытүүдың мақсаттары

Мектепте граматіке оқытүүдың екі түрлі мақсаты бар. Бірі балаға *жүйелі білім беруу*, қоғам тұрмысы мен сабақтас тілдің өзгерістері мен таныстырып, *балаға затшылық-дйәлектілік көз қарастың негізін егуу*. Екінші – граматіке сүйеніп баланы *дұрыс жаззұға, дұрыс сөйлеуге, дұрыс оқуға, күнделік тұрмыста тіл құбылыстарын түсініп жұмсауға үйретуу*.

Бірінші мақсатты орындау үшін түрлі жолдар бар. Сол жолдардың бастауыш мектепте ұстарлық бір нешелерін көрсетелік. Тіл қоғам тұрмысы мен сабақтас өзгертін, дамыйтын, тұуатын, жойылатын құбылыс. Тіл қоғамдық, тарыйқтық құбылыс. Тілдің осы өзгермелі құбылыс екендігін оқушының санасына бірте-бірте құйа беруу керек. Мұны бір сабақтың ғана, бір күнде ғана баланың санасына құйа салуу мүмкін емес. Мұны мектепті бітіргенше шымшымдап баланың ұғымына сіңіре білуу тійіс. Тіл күрделі қондырма болған соң, ол түрлі сатылар арқылы қоғам-шарууашылық құбылыстар мен байланысады. Кейде ой байланыстардың ұшын шығаруу да қыйын. Ондай білтелеп байланысқан жерлерін балаларға ұғындыруу қыйын. Әйтсе де тіл өзгерісі мен қоғам-шарууашылық құбылыстардың айқынырақ байланыстарын балаларға жеңілдеп түсіндіріп отырууға болады. Мәселен тілдің сөздігін алалық. Төңкерістен соң жаңа тұрмысқа лайықты тілімізде көп сөздер пайда болып отыр. Ол сөздердің бірқатары тілімізге басқа тілдерден кірген интернатсаналдық сөздер, мысалы: *интернатсанал, камүнес, камсамол, бірійгәді, капійталіс, қалқоз, сапқоз* сыйақтылар. Бірқатар сөздер жаңа тұрмысқа үйлесіп өз тілімізден де тұуып отыр, мысалы: *екпінді, қарқын, белсенділік, маман* сыйақтылар. Жаңа тұрмыс пен жаңа ұғымға үйлеспеген кейбір сөздер тілімізден жойылып отыр. Мысалы: *ауылнай, болыс* сыйақтылар. Тілдің қоғам тұрмысы мен мұндай байланыстарын оқушыларға жеңіл түрде түсіндірууге болады.

Оқушыларға үйреткенде тілдің пішіні мен мағнасын бір-бірінен айырып қарауға болмайды. Пішін (түр) мен маңызды бір бірінен айырмай тұтас қарау марксiзiмнiң негiзгi жолдарының бiрi. Сөздің пішіні өзгеше өзгерсе мағнасы да өзгереді, болмаса өзгерген мағна пішінге жаңа маңыз береді. Мысалға *сұу* деген сөзді алып пішінін өзгертсек, мағнасыда өзгереді: *сұу, сұуат, сұрар, сұлық, сұуық, сұула, сұусар, сұулы, сұусыз, сұумаң, сұуық* т.т. Керісінше бұрын қазақ тілінде белгілі пішіні бар сөздерді алсақ, олардың мағнасы өзгеріп, ол сөздердегі ұғым да өзгереді, мысал: *бәйгі, жарыс, ұран* сыйақтылар. Міне осы жоғарғы айтқандарды оқушының білімі мен жасына үйлестіріп түсіндірсек, оларға марксiшiл-дiйалектiлiк көз қарастың негiзiн егемiз.

Партийаның орталық камійтеті өзінің 5/IX 31-жылғы бастауыш және орта мектеп тұралы қаулысында оқушыларға жүйелі білім берілісін дей-

ді. Граматікеден де біз жүйелі білім беруіміз керек. Әр жерден бір шалғаннан жүйелі білім болмайды. Оның үстіне граматікенің категориялерін, пактілерін, терміндерін білудің өзі де үлкен білім. Бірақ мұның бәрі баланың мийінде елжіреген ботқа болмай, анық айқын тұрақты білім болып шығуы керек.

Осы жоғарғы айтқан сыйақты граматікені оқытсақ, граматіке оқытқандағы бірінші мақсатты орындаймыз.

Граматіке оқудың екінші мақсаты балаларға күнделік өмірде ұстайтын білім беруу дедік. Сондықтан бастауыш мектепте оқытұшыны емлеге дағдыландыруу тийіс. Оның үшін граматіке мен емлені байланыстырып оқытуу керек. Мәселен бірінші бөлімде граматікеден сөйлем ішінен сөзді жіктеуге үйренсе, енді әр сөздің бөлек жазылуын үйретуу керек. Граматікеден бұуынды білсе, енді емледен тасымал жайын үйретуу керек. Үшінші бөлімде сөз тұлғасынан алғашқы түсінік алса, енді түбірдің жалғау жұрнақтары мен бірге жазылатынын үйретуу керек. Тыныс белгілеріне дағдыландырууда граматіке оқытудың күнделік мақсатына жатады. Тыныс белгілері синтаксис пен байланысты. Біздің синтаксисіміз әлі толық зерттелмеген. Сондықтан тыныс белгілеріміз әлі орныкпаған, бүгеге-шігесі айқындалмаған. Орыс тілі қай жерде қандай тыныс белгісін ұстаса, көбінесе біз де соны ұстап келеміз. Әрине тыныс белгілерінің түрі бірдей болуу керек. Бірақ қай жерде қандай тыныс қойыллуы әр тілдің өзгешелеріне қарай болууы тийіс. Тыныс белгілеріміз жөнге қанша қойылмады деген мен талассыз жерлері де көп. Міне сол тыныс белгілеріне жаттықтыруу да граматікенің бір міндеті. Граматікеден төртінші класта балалар сұраулы сөйлем мен танысса, сұраулы сөйлемнен соң жазғанда тыныс белгісі қойыллуын үйретуу керек. Оқығанда сұраулы сөйлемді сұрау дауысы мен оқыйтынын үйретуу керек. Бұл шарттарды орындағанда граматіке тілді түсініп пайдануға жәрдем етеді.

Енді бастауыш мектепке арналған тіл проғрамы қандай негіздерге құрылғанын қарастыралық.

Жаңа проғрамының негіздері

ж. Ленін 1920-жылы ж. Крупскаяның пәлійтекнйзім тұралы тезісін қарап шыққанда өзінің ескертүүлөрін жазған. Сол ескертүүлөріннің бір жерінде пәлійтекнйзімге үйренген кісі «сондай, сондай ілімдердің негізінен мінімум білім алсын, оның қандай ілімдер екені дәл көрсетілсін» деген. Партияның Орталық Камітеті бастауыш жаңа орта мектеп тұралы 1931-ж. IX/5 шығарған тарыйқы қаулысында проғрамада білімнің дәл көлемі көрсетілсін деген. Ана тілі жаңа проғрамааның бір негізі – ж. Ленін мен партияның Орталық Камітетінің осы көрсеткендері бойынша *дәл көлемі көрсетілген білім* берууге тырысандық. Бұған проғрама мысал алалық. Бұрынғы проғрамдарымыз да «**ұу, үу, іі** емлесін үйретуу» деп жұмлаздап айта салатын еді. Жаңа проғрамымыз былай дейді: бірінші жылдың айағында «**й, у** дыбыстарының кең шығысты дауыстылар артында йа арасында келууін бақылау (мысалы: *тау – тауар, ай – аяз*)». Екінші жыл ортасында «**й, у** дыбыстарының қысаң дауыстылар арасында йа қысаң мен кең шығыстылар арасында келууінің бақылау (мысалы: *тұу, тұуады, сый, сыйады*). Сөздің түбіріндегі **ұу, үу, йй, іі** емлесі (мысалы: *тұу – тұуады, құу – құуады, жұу – жұуады, үу – үулейді, сый – сыйады, іі –*

ііеді)». Үшінші жыл «**ұу, үу, ый, ій** дыбыстарынан соң қысаң дауыстылар келген жердің емлесін білу (мысалы: *сұйыған, сұуу, жұуынған, жұууу, ійілген, ійууі, сыйуу, сыйууы*)». Сүйтіп жаңа проғрама бұрынғылардай білімнің жұмбаздап дүйім сұлбасын ғана көрсетпей, білімнің дәл көлемін мөлшерлеп нақтап көрсетүүге тырысады.

Жаңа проғрама екінші негізі – Орталық кәміттеттің жоғарғы қаулысында көрсетілгендей сатылап жүйелі білім берүү. Сатылап білім берүү дегеніміздің мағнасы баланың жасы мен біліміне қарай жеңілден ауырға, деректіден дерексізге, таныстан танысқа қарай сатылып ілгерілеп оқытүү деген сөз. Проғраманнан мысал алып көрсетелік. Бірінші жыл оқушылар сөйлемді сөзге жіктеуді үйренеді. Екінші жыл сөйлем ішінде тұрғанда байланыс үшін сөздің айағы өзгеретінін үйренеді, үшінші жыл жалғау және түбір мен танысады. Төртінші жыл жалғау мен жұрнақ айырмашығын үйренеді. Жұрнақ арқылы түбірден жаңа сөздер тұуғызып жаттығады. Жүйелі білім берүү дегеніміз – ана тілі мен грамагтйкені сол ілімнің өз жүйесі мен жүргізуу. Бұрын көмплекс жүйесі мен оқытқанда ана тілі мен грамагтйке белгілі жүйе мен жүрмейтін. Ана тілі мен грамагтйке көмплекске қосақтасып жүретін. Сондықтан грамагтйкеде жүйелі білім берілмей, білімнің тек үзігі берілетін. Бала грамагтйкенің әр жерінен бір шалатын. Оның үстіне жөн тартып жүйе мен қылжыған ілім болмаған соң бала былтыр оқығанын быйыл тағы шарлайтын. Сүйтіп, жүйесіз оқытылған грамагтйке, күзгі сонардағы күзенің шарындай, бас-айағын таптырмайтын, жаңа проғрама осы бытыраңқы үзік білімді қайталама шарды құртып, жүйелі үздіксіз тұтасып ілгерілеген білім берууге тырысады. Ол бағытты проғраманнан алынған жоғарғы мысалдардан көрдік. Бірақ мұнан балалар артын тіпті пысықтамайды екен деген мағна шықпайды. Грамагтйкенің әр бөлімі біткен соң бала оқығанын қайтарып пысықтап отыруу керек. Өткен білімді бала қалай сіңіргенін тексеріп отыруу керек. Бірақ тек қайталамай, сол қайтарған білімді алдағы білімге негіз қылып төсеп отыруу керек. Мәселен балалар қос сөздерді оқып болып, енді кіріккен сөздерге көшпекші екен. Кіріккен сөздерге көшпестен бұрын қос сөздер тұуралы білгенін қайта пысықтау керек. Бірақ сол пысықтауды ілгері білім мен ұштастыруу керек. Қос сөздер мен кіріккен сөздердің ұқсастығын, айырмашықтарын салыстырып айқындау үшін пайдалануу керек.

Жаңа проғрамадың үшінші негізі – грамагтйке негізіне *сөйлемді* салуу. Сауат аштырғанда да бір әуелі сөйлемді аламыз йа сөйлемдік мағнасы бар сөзді аламыз. Сөйлемнен сөзге, сөзден бұуынға, бұуыннан дыбыс-әріпке қарай жүреміз. Грамагтйкені бұлай құруу тілдің дамуу діалектісіне де әдіс шарттарына да дөп келеді. Баста дыбыс тілі шыққанда осы күнгідей жеке дыбыс, жеке сөздер шықпай тұтас сөйлем шыққан. Алғашқы сөйлем жұмбаз жіксіз дыбыс болсын, сөз болсын бәрі бір – сөйлем орнына жүрген. Бері келе сөйлемнен сөз, сөзден дыбыс тұуып дамыған. Оның үстіне балаға жеке дыбыстан сөйлем мен сөз түсінікті, мійге қонғыш. Мұнан дыбыстың маңызын түсіргендік болмайды. Мұнан тек грамагтйкені неден бастап, қалай қарай желісін тартуу жөнін көрсеткендік болады.

Жаңа проғрамада грамагтйкенің төртінші негізі – сөздің пішіні мен мағнасын бір бірінен айырмай тұтас қарастыруу. Марксізім құбылыстың түрі мен маңызын тұтас алып қарастырады. Түр мен маңызды бір бірінен

айырып бөлек қараушылық марксiзiм жолына қайшы келетiн жол. Бұрын қазақ грамматiкесiнде түр мен мағнаны айырып қараушылық болған.

Грамматiйкеде түр (пiшiн) жағын жаба тоқып, мағна жағын ғана алуды *логiсiзiм жолы* деймiз. Қазақ грамматiкесiнде бұл жолы бастаған Байтұрсын ұлы. Сөздің мағнасына қарай, орыс грамматiкесiнiң категориялерiн қазақ грамматiкесiне жанастырып, сөзді тоғыз тапқа бөлүү сол логiсiзiм жолы, марксiзмге қайшы жол. Грамматiйкеде сөздің мағнасын жаба тоқып, түр жағына ғана алуды *нормалiйзм жолы* деймiз. Қазақ грамматiкесiнде бұл жолды алғаш жүргiзген Шонан ұлы. Бұл жол да марксiзмге үйлеспейтiн жол. Шонан ұлының қазақ сөздерiн есiмдер, етiстiктер жалғаусыз (демеу) сөздер деп үш топқа бөлүүi осы нормалiйзмдi ұстаушылықтан болған. Бұл жолдардың қатасын ашуымыз керек. Бұл жолдарға қарсы күресуiмiз керек.

Тiлдiң әр дамұу сатысында өзiнiң азды-көптi сол кезде дәурен сүрiп тұрған заңдары, құбылыстары, пәктiлерi болады. Қазақ тiлiн бұрын зерттеушiлердiң тапқан сондай заңдарын, құбылыстарын, пәктiлерiн олардың теорiйелерi мен қоса сыпырып тастауға болмайды. Бiйтке өкпелеп тонды отқа салсақ, мәдениет мұрасынан қашқан болар едiк. Сондықтан ескi мұраны марксiзм сын елегiнен өткiзiп, керек жерлерiн полiйтекнiйкелiк мектеп тiлегiне үйлестiрiп пайдаланамыз. Әйтпесе, құр солақайлыққа салынып ескi мұраның бәрi жойылсын деген даурыққа түскен болар едiк. Тiл заңды құбылыс. Тiлдi сатсыялдық құрылысқа құрал қылып ұстағанда, тiлдiң сол заңдарына сүйенбей әркiм бет бетiмен, анарқыйа жолы мен кете берүүге тiйiс емес. Бiз мұндай анарқыйа жолына қарсы, сауатсыздықты күшейтуге қарсы, тiл мәдениетiн төмендетүүге қарсы күресуiмiз керек.

Осы күнi жоғарғы мектептерiмiзде, iлiм-зерттеу орындарымызда марксiшiл грамматiкенiң iргесi шымшымдап қаланып жатыр деп айта аламыз.

Жаңа проғрамының бесiншi негiзi – *грамматiйке мен емленi, тыныс белгiлерiн байланыстыра оқыту*. Емленi бiр бөлек, грамматiкенi бiр бөлек айырып оқытуға болмайды. Грамматiйкеден бала жаңа бiлiм алса, сол бiлiмге байланысты емленi де үйретүү керек. Сонда баланың емлеге бiлiмi шынығады, орнығады, бала емленi түсiнiп жазатын болады. Мәселен бала етiстiктiң жiктеуiн үйренсе, сол жерде екiншi жақ жалғау «соң» жазылатынын да бiлдiруу керек. Оны мен емле грамматiйке кiл танылады да жүредi, өз алдына емле үйретiлмейдi деген шықпайды. Емленiң бiр жерi қыйын болса, оған көз жаттығу жұмыстары керек болса, әрiйне керектi жерiнде емлеге өз алдына жаттығу жұмыстарын жүргiзүүге болады. Емленiң сол ережесiне сәйкес арнап мысалдар терiп алу керек болады. Емленi көбiнесе дыбыс жүйесi мен морфологияға байланыстырып, тыныс белгiлерiн сiнтаксiске байланыстырып жүргiземiз.

Жаңа проғрамының алтыншы негiзi – *керек жерiнде тiл және грамматiкенi көркем әдебиет пен, тарыйқ пен, қоғам тану мен байланыстыра отыру*. Мұнан көмплекске қайталап соқтығу керек деген шықпайды. Тiл грамматiйке өз жүйесi мен жүре бередi. Бiрақ iйiндi жерiнде сабақтас пәндер мен байланыса отырады. Көркем әдебиет пен грамматiйке әсiресе сөздiк жағынан байланысып отыру керек. Тiл оқытқанда да бiз көркем әдебиетiмiздiң көркем тiлiне балаларды елiктете бiлүүiмiз керек.

Бірақ мұнан «соқыр тауыққа бәрі быйдай» деп кез келген жазушының кәкір тілін де үлгі қылуға болмайды. Кей бір жазушыларымыз тілге ат үстінен қарап, тілінің «төбе шашын үрпйітіп, бұрымдарын сертйітіп» қойа салады. Кейде төселген дейтін жазушыларымыздың кей жерінде тілінің жексұрын божырақтары кездеседі. Әрйіне ондайлардан мектепте жақсы тілдің үлгісі қылып көрсетіп, «түшкірсе жәрекі мүлда», «ақын» жазғанының бәрі үлгілі тіл деп қарауға болмайды. Мектепте маңызы, салт-санасы жағынан да, тіл жағынан мүлтіксіз көркем шығармаларды тілге үлгі қылып ұстауымыз керек. Бастауыш мектептің өзінде ақ балалар салыстырмалар мен, теңеулер мен, сөздің жанама мағналары мен, сөз ұйқасы мен жабайы түрде танысуу керек. Бұлармен таныстыруу үшін тіл көркем әдебиет пен байланыса жүрууі тйііс. Көркем шығармалар тілінің қылықты өткір жерлерін балалардың есінен шықпастай қылуу керек. Ондай өткір сөздерді, өткір тілді балалар жаттап алып, керек кезінде күнделікті тұрмысында ұстай білетін болсын. ж. Ленин, Сталин сөздерін, байандамаларын орыстың көркем әдебиетінен, әсіресе Салтыкоп пен Шекоптан алған сөздер мен бернелейтінін, ажарлайтыны бәріміз де білеміз ғой. Партийаның XVII сйезіндегі ж.Коганобіштің байандамасы Салтыкоптың сөздеріне, Салтыкоптың бернелеріне бөгіп тұр. Міні тіл мен әдебиетті байланыстырғанда біз марксизм ұстаздарынан үлгі алұуымыз керек.

Жаңа проғрамның соңғы негізі – *тарыйқышылдық*. Төртінші жыл проғрамның айағында тіл ілімінің негізінен, тіл мен жазу тарыйқынан алғашқы түсініктер бар. Әрйіне тіл мен жазу тарыйқын бала бастауыш мектеп түгіл орта мектепте де лабораторыйа мен кабйнетте зерттеп біле алмайды. Бастауыш мектепте тіл мен жазу тарыйқын көрнекі түрде ғана түсіндіруге болады. Оның үшін тарыйқы мақалалар, сол мәселелер тұралы көркем әңгімелер, сұуреттер, мүзейдегі заттар көрнекі құрал бола алады. Бұл бөлімнің білімі балаға жағымды болду үшін Қалық Ағартуу Кәмесерйіеті мектепте ұстарлық көрнекі құралдар да шығаруу керек.

Мұның үстіне проғрамның әр жерінде балаға жеңіл түрде қоғам тұрмысы мен байланыстырып тіл тарыйқынан ұғым берерлік деректер бар. Мәселен төңкерістен соң тұуған сөздер, төңкерістен соң жойылған йа мағнасын өзгерткен сөздер сыйақтылар. Оның үстіне *шық, ас, ат* сыйақты етістіктерге де зат есімге де келетін сөздер бұрын зат есім мен етістіктің айрылмай бір жүргенін, есімдер мен етістік бері келе айырылғанын көрсетеді. Мұның бәрі жеңіл түрде бастауыш мектепте балаларға тіл тарыйқынан алғашқы ұғым берууге болатынын, тіл өзгермелі құбылыс екенін аңғартууға болатынын, тіл қоғам тұрмысы мен сабақтас өзгеріп отыратынын байқатуға болатынын көрсетеді. Сүйтіп, тіл, граматйкемен байланысты балаларға марксшіл-дййалектййкелік көзқарастың негізін егуу керектігін көрсетеді. Балаларда тілге тарыйқ қарауылынан қаратып үйретуу керектігін, солай үйретууге болатынын көрсетеді.

Жаңа проғрамда граматйкенің, емленің көлемі мен құрылған жүйесі

Жаңа проғрам бастауыш мектептегі тіл білімінің тарауларына қарай бірнеше бөлектен құрылған. Бастауыш мектептегі тіл жұмысының тараулары: *оқу, жазу, тіл шыйрату, граматййке мен емле*. Әр жылдың проғрамы да осы төрт салаға бөлінген. Әр жыл үшін осы салада берілетін

білімнің көлемі көрсетілген. Мұнан мектепте ана тілін оқығанда әуелі бір дүкес оқуын тауысып алу керек, онан соң жазуына түсу керек. Жазуды бір дүкесі тамамдап алып, тіл шыйратуға көшу керек екен деп түсінбеу керек. Проғрамада оқытушыға оқытушыға айқын көрсету үшін жұмыстың әр тарауының көлемі бөлек-бөлек көрсетілген мен, іс жүзінде барлық бөлімі қатар жүргізіліп, керек жерінде араласып отырады. Мәселен үшінші жылы грамматікеден сұраулы сөйлем оқытылса, емледен сұраулы сөйлем айағына жазғанда сұрау белгісін қойуды үйрету керек. Мақала оқығанда сұраулы сөйлемді сұрау дауысы мен оқыуға дағдыландыру керек. Әрине тек сұраулы сөйлем ғана емес, басқа білім тұсында да осындай байланыстар болып отыруу тйііс. Проғрама жұмыс тарауына қарай бөлінуудің үстіне, әр жылдың бірінші және екінші жартысына қарай да бөлінген. Оқытушыларымыздың әдіс жағынан дайарлығы толық болса, бір жыл проғрамамын екіге бөлудің керегі де болмас еді. Бірақ әдіс білімі сайаз оқытушыларымызға жылдың әр жартысын тйіісті білімінің көлемі мөлішерлеп беруу жеңілдік келтіреді.

Оқытушылар жұмыстың бір саласы мен екінші саласын шатастырмас үшін, проғрамамынң әр саласына кескіндеме берейік.

Оқуу деген тарауға кітаптан, оқуу құралдарынан, граматікеден кара сөз бен көркем сөзді оқытуу жұмысы кіреді. Бұған дауыстап оқыуға, декламатсыйа оқыуға жаттықтыруу жұмыстары кіреді. Осы кітапта өз алдына оқуу әдісі тұралы бөлек жазылып отыр. Мектепте арнаулы оқуу кітаптары ұсталады. Сондықтан бұған тоқтап жатпаймыз.

Жазуу жұмысына баланың қолын жазууға жаттықтыруу, әдемі, таза жазууға дағдыландыру, әріптінң тұлғасын, арасын, ірілігін, қосыуын дұрыс жазууға машықтандыру, анық танымал жазууға үйретуу, белгілі шапшаңдықпен жазууға жаттықтыру жатады. Жазууға үйретуу әдісі тұралы да осы кітапта арнаулы бөлім бар.

Тіл шыйратууға ауызша дұрыс сөйлеу мен ойын дұрыс жазууға үйретуу, біреудің ойын дұрыс түсінуге жаттықтыруу жатады. Тіл шыйратуудың да әдісі осы кітапта өз алдына жазылып отыр.

Грамматіке мен емледен әр жылға арналған білім көлемі мынадай.

1-жыл: ойдың біткенін табуу, баланың өзі қысқаша біткен ойын айта алуу, сөйлем тұралы алғашқы түсінік, берілген сұрауға қарай 2-3 сөзден сөйлем құрастыруу, сөйлемнің басын бас әріптен бастап жазуу, сөйлем айағына жазғанда ұлы тыныс қойуу, кісі аты мен қала, қалқоз, зауыт аттарын бас әріптен бастап жазуу, сөз бен, дыбыс пен, бұуын мен, тасымал мен танысуу.

2-жылғы: грамматіке мен емле білімнің көлемі мынау: лептеу, сұраулы, жай сөйлемдерді салыстырып, тыныс белгілерін (сұрау леп, ұлы тыныс) қойуу, ма? *Мен, үшін, шейін* демеуліктерін бөлек жазуу; әліппе ретін білуу, дауысты және дауыссыз дыбыстарды, жуан, жіңішке дауыстыларды білуу, **б, г, ғ, д**-лардың сөз айағында келмеуін білуу, қойылған сұрау орнына оқытушы жәрдемі мен сөйлемде жетіспеген сөзді табуу, **й, у** қысаң дауыстының артында **йа** қысаң мен кең шығыстының арасында келууін бақылау, өзгермей қайталаған (*алғуан-алғуан*) сөздерді бақылау, **ө –у, о –ұ, ы – і** ларды шатастырмай жазуу, көптік жекеше жалғаулары, түбір айағындағы дыбысқа қарай жалғауды қатаң **йа** ұйаңнан бастап жазуу, сөйлем

ішінде жалғаусыз жазылған сөздің жалғауын тауып жазуу, дұрыс көшіре алуу, сөздің өз алдына мағналы бөлімі мен сөз алдына сөз алдына мағнасыз бөлмін білуу.

3-жылы: жабайы түрде жай сөйлем мен, сөз таптары мен, жіктеу, септеулер мен, ійтіншек, тартыншақ еліктіруу заңдары мен танысады.

4-жылы: жабайы түрде сөйлем түрлері мен, сөйлем мүшелері мен, қаратпа, қыстырма, төл сөздер мен, сөйлемнің бір текті мүшелері мен танысады, құрмалас сөйлемнен, жалпы түсінік алады, сөйлемдегі сөз орындары тұралы жабайы мағлымат алады. Бұлар мен қатар тйісті емле мен тыныс белгілері де өтіледі. Мұның үстіне тілдің, жазыудың тарыйқынан, тіл сайасатынан жабайы түсінік беріледі.

Бұл айтқанымыз проғырамның тек келте маңызы. Әр оқытұушы әрйіне проғырам мен толық таныс болұуының үстіне, проғырамдағы сөздердің негізгі мағнасына да түсініп алу керек. Проғырамда «бас» деген сөз болса, оны «кұлақ» деп түсінетін оқытұушылар да бар. «Сөйлем ішінде жетіспеген сөзді сұрауға қарай оқытұушының жәрдемі мен тауып жазуу» деген проғырамда сөз болса, бас салып балаға сөз тапқызам деуге болмайды. Әуелі қалған сөздің орнына оның сұрауын жазып қойу керек. Оның үстіне оқытұушының өзі баланы сүйемелдеп жіберуу керек.

Кей бір оқытұушылар проғырам бойынша оқытұудың орнына, балаға проғырамның өзін оқытатын көрінеді. Жазаласаң проғырамды әр балаға көшіртіп, жағтатып, жарға іліп қойғызып, проғырамды бітірдік, енді тіл құралына түсеміз дейтін оқытұушылар да бар көрінеді. Жоқ, жолдастар, проғырамның балаға керегі жоқ. Проғырамды балаға оқытұудың да керегі жоқ. Проғырамды оқытұушы оқып түсініп алып, проғырамның айтқанын істейді.

Грамагійкенің терміндері мен анықтаамалары

Бастауыш мектепте балалар грамагійкенің терміндерін білуу керек пе? – Керек. Бастауыш мектепте оқылатын грамагійкеде *сөйлем, сөз, бұуын, дыбыс, әріп, қатаң, ұйаң дыбыс, жұуан, жіңішке дыбыс, сөйлем мүшелері, түбір, жұрнақ, жалқау, зат есім, егістік, септеу, жіктеу, демеу* деген сыйақты терміндер ұшырады. Бұл терміндердің бәрін бірден емес, кезінде айтып отыруу керек. Үшінші, төртінші кіластарда қазақша терміндердің орысша атын да білдіріп отыруу дұрыс. Үйткені орыс тілін оқығанда мұның бір аз пайдасы болады. Терміндерді білуудің өзі де білімге жатады. Сондықтан да балалар грамагійке терміндерімен таныса берууі тйіс.

Термін мен анықтаманы шатастырмау керек. Анықтама қысқаша берілген түсінік. Анықтаманы дәл айтуу қиын. Оны дәл айта алуға көп білім, жетілген тіл, дерексіз ойлай алатын күш керек. Ол баланың білімі мен жасына жақын келмейді. *Түйе, жаңбыр, төңкеріс* деген сөздердің, *бала* зат есім екенін білууге мүмкін. Бірақ, *зат есім деген не* деп сұрасаң, анықтама бере алуы екіталай. Баладан *балта мен не қылады* деп сұрасаң, *ағаш жарады, ағаш шабады* деп жауап бере алады. *Балта* деп нені айтамыз десең, анықтама бере алмайды. Мықтаса, *балта дегеніміз балта* дейді.

Сондықтан әңгіме балалардың грамагійке анықтамаларын бұлжытпай айтууында емес. Оның керегі де жоқ. Әңгіме грамагійкенің бір пактісін шатастырмай айыра білуінде. *Мынау зат есім, мынау сөйлем болмайды*

деп балалар айыра алса, сол жеткілікті. Енді балалардан анықтаманы құудалаудың керегі жоқ.

Анықтама орнына бастауыш мектепте граматікке кәтегөрийелерінің белгілерін білсе, бір құбылыстан екінші құбылысты айыра білсе болғаны. Мысалға сөйлемді алайық. Бастауыш мектепте сөйлемге анықтама берүүдің орнына, сөйлемнің мынадай белгілерін білдірсе болады: 1) сөйлем бір сөзден йа көп сөзден құралады да біткен ойды көрсетеді; 2) Сөйлемдегі сөздердің арасында мағана жағынан байланысы болады, ол байланысты сұрау қойып білеміз; 3) сөйлемдегі сөздер арасы жалғау мен байланысады; 4) айтқанда сөйлем біткен жерде дауыс бәсеңдейді; 5) жазғанда сөйлем біткен жерде ұлы тыныстық қойылады. Міне сөйлемнің анықтамасын білмей ақ, балалар осындай белгілерді білсе болады. Сол сөйлемге қарап бала *мынау сөйлем, мынау сөйлем емес* дей алады.

Ойды аз сөзбен де, көп сөзбен де түсіндіруге болады. *Мен келдім* деген сөйлем. *Мен мектепке келдім* десем де сөйлем. *Мен мектепке оқуға келдім* десем сөйлем. Сөйтіп сөйлемдегі сөздің саны да түрліше бола бермек. Айтұшының тілегіне қарай ой аз сөзбен де, көп сөзбен де біте алады. Бірақ сөз болмаған жерде ойды түсіндіргенмен де сөйлем болмайды. Алыстағы біреуге мен қол бұлғасам, мұнда кел деген ойымды түсіндірдім. Бірақ бұл граматіккенің сөйлемі болмайды, үйткені мұнда сөз жоқ. Біреуге көзім қыссам, ернімді тістесем, бас ййесем, қабақ түйсем, мұрын шүйірсем, ерін шығарсам, қол шошайтсам ойымды түсіндірем. Бірақ мұның бәрі дыбыс тілінің граматікелік сөйлемі болмайды. Үйткені бұлардың сөзі жоқ.

Сол сыйақты кей бір олақ адамдар: *Жолдастар! Соны... мен... әлгі... мені... менің...айтайын дегенім... өзі... е – е – е... ал* деп көп сөздерді айтса да сөйлем болмайды. Үйткені сөздерінің йа мағна, йа жалғау (граматікке) жағынан байланысы жоқ. Сол жоғарғы сыйақты сөздерді кешке шейін айтса да сөйлем бола алмайды. Балалар мұндайлардың сөйлем болар-болмасын сөйлемнің белгісіне қарап айырады.

Жалғыз сөйлем емес, граматіккені басқа кәтегөрийелерін алсақ та, бастауыш мектепте балаларға анықтама орнына ол кәтегөрийелерін білдірсе болады.

Грамматікке мен емле үйретулердің әдістері

Догматізм жойылсын. Осы күнге шейін мектебіміздің көбінде догматізм әдісі ұсталып келе жатқанын көреміз. *Догматізм әдісі* дегеніміз ескінің ең зыйанды, ең жексұрын сарқыны. Догматізм әдісі дегеніміз қазақ мектебінде былай ұсталады екен: оқытушы балаларға граматіккенің ережесін айтады, балалар жазып алып сол ережені жаттайды, соңынан балаларды тақтаға шығарып аузына әлдеқалай түскен сөйлемдерді жазғызады. Кейде бір жазылған сөйлемдердің әлгі ережемен байланысы болады, кейде байланысы болмайды. Ал, осы догматізмді кей бір оқытушылар азырақ түрлендіреді. Мәселен бірден ережені жазғызбай тұрып алдында бір аз мылжындап сол ереже тұралы лексіе сымақ бірдеме айтқан болады, сонан барып балаларға ережені жазғызады. Кей бір оқытушылар сол ережені жаттағаннан басқа түк жұмыс істетпейді. Бұл кәдімгі ескі молдалардың әптійек оқытатын әдісі сыйақты. Біз оқытушыларға жала жауып

отырғанымыз жоқ. «Көзге айтқанның күүәрі жоқ». 1933-жылы көктемде Қазақстан педагогикалық ілім-зерттеу институтінің экспедициясы, Семей, Ақжал, Түркістан, Шәуілдір мектептерінен алып келген қыстай балалар жазған ана тіл дәптері осыған айғақ. Жазаласаң Алматыдағы №12 «үлгілі» мектебінде де грамматика догматизм жолы мен жүретін көрінеді. Догматизм қазақ мектебінің бір азында грамматиканың айағына түскен құрт сыйақты көрінеді. Жоғарғы мектепте оқып жүрген үстүденттер ана тіл әдістерін оқыуды ауыз бен айтып береді. Берілген темеге дұп-дұрыс кәніспекте жазып береді. Ертең мектепке сабақ берууге апарсаң, кешегі кәніспекті былай тастай беріп, грамматиканы ауыл мұғалімі сыйақты, догматизм әдісі мен бере бастайды. Әрине, кәніспек пен сабағын жүргізе алмауы көптің алдында қысылғаннан да болар. Бірақ, кәніспек желісінен ауыса сала, догматизмге бой ұрғу мектепте байағы өзін оқытқан жексұрын әдістің әсерінен, сол бала күннен сіңген самдық, жоғарғы мектепке шейін ілесіп қалай май келе жатқандығы. Догматизм қарасын өшірмей тұрып, грамматиканы мектепте дұрыс оқыта алмаймыз.

Бақылау. Грамматиканы оқытқанда бақылау үлкен орын алады. Бақылау былай жүреді: әуелі балалар бір үйір патыларды бақылайды, салыстырады, ұқсастығын, айырмашылығын қарастырады. Әрине бақылағанда оқытушы шығарады. Қорытуды балалардың өзі оқытушының жәрдемі мен шығарады. Сол қорытуды сонан соң оқытушы бернелеп, қысқалап, айтып береді де, мысалдары мен оқытушылар дәптеріне жазып алады. Сонан соң оқытушылардың өзі мысалдар ойлап табады, ол мысалдар тексеріліп түзетіледі. Мұнан соң жаттығу жұмыстары беріледі.

Бақылау сөйлемдегі сөздер арасының байланысын байқау үшін де жүреді, тілдегі дыбыстардың айтылуын, өзгерісін білу үшін де жүреді, сөз тұлғасын білу үшін де жүреді тағы басқа жерлерде де жүреді.

Бақылау қалай жүретінін мысалдар мен көрсетейік. Сөйлемдегі сөздер арасының жалғау мен байланысуын түсіндіру үшін бақылау арқылы сабақты былай жүргізер едік. Әуелі арасы жалғаумен байланыспаған ыдыранды сөздерді алып қарастырамыз да артынан сол сөздерге жалғау қосып қараймыз. Оның үшін бір сұурет аламыз. Сұуретте мектеп, мектептен шыққан бала болсын. Сабақты былай жүргіземіз:

Мынау кім? – бала. Өздерің баланың сұуретін салып, астына *бала* деп жазыңдар. – Манау не? – мектеп. – Баланың жанына мектептің сұуретін салыңдар, астына *мектеп* деп жазыңдар, не болды! – *бала мектеп шық.* *Бала, мектеп, шық* деген сөздер жеке-жеке түсінікі ме? – Түсінікті үшеуін қосқанда не мағна шықты – Түсініксіз. – Осы үш сөз сөйлем бола ала ма? – Жоқ, арасы байланыспаған. Бала қайдан шықты? – «Бала мектептен шықты» – Бұл неше сөз? Бұл да үш сөз. Бұл үш сөз сөйлем болды ма? – Болды. – «Бала мектептен шықты» деп жазыңдар. – жаздық. Бұл сөздер арасы байланысты ма? – байланысты. – Арасынан байланыстыру үшін сөйлемдегі сөздер айағын не қылдыңдар? – Арасын байланыстыру үшін сөйлемдегі сөздер айағын өзгертік, жалғау қостық. Енді мынадай сөздер жазайық. *Мен ат мін... сен кел, тақтаға жаз.* Мұның ішінде түсініксіз сөз бар ма? – жоқ. – Үшеуі қосылғанда қандай ойды көрсетті. – Білмейміз. Енді төменде: *Мен атқа мінемін* деп жаз. Енді ой түсінікті болды ма? – болды. Оның үшін не қылдық? – Сөздердің айағына жалғау қостық. Сүй-

тіп, сөйлемдегі сөздер арасын байланыстыру үшін не істейді екенбіз? Сөздердің айағына жалғау қосады екенбіз. Енді бұл қорытуды мен тақтаға жазамын, сендер дәптерлеріңе көшіріп алыңдар: *Сөйлемдегі сөздер арасын байланыстыру үшін жалғау қосылады.*

Бұуын мен сөзді Апанасийеп былай бақылатады:

«Кілас терезесін көрсетіп: мынау не? деп сұраймыз. – терезе. – Сүүретін салыңдар. Дәптеріндегі не? – Терезе. – Кел, терезені аш! Енді дәптеріндегі терезенді аш! Неге ашылмайды! – Бұл шын терезе емес, сүүреті. – Сүүрет астына *терезе* деп атын жаз. Тақтадағы сүүретті өшіремін де, астындағы жазуды қалдырамын. – Тақтада не қалды? –Терезе. Бұл сүүрет пе? – жоқ, сөз. – Олай болса мынау не? деп кіластың терезесін көрсетем. – Ол шын терезе, зат, нәрсе. – Мынау? – Сүүрет. – Ал, мынау не? –Сөз. –Терезе қайдан шыққан? – Ұста істеген. – Сүүрет қайдан шықты? – Біз бор мен, қарындаш пен салдық. – «Терезе» деген сөз қайдан шықты? – Біз бор мен, қарындаш пен, сыйа мен жаздық. Тақтадағы сөзді сұртемін. Тақта да не бар? – Дым жоқ, сіз сөзді сүртіп тастадыңыз. Тыңдаңдар: «терезе» не естідіңдер? – Терезе. – Зат па, сүүрет пе? – жоқ, сөз. – тақтадағы сөзден мұның не басқалығы бар? Ол сөз жазылған, оны біз көрдік, – Бұл сөз айтылды, мұны біз есіттік. – Олай болса сөзді қайттуға болады? – Сөзді тақтаға, дәптерге бор мен, қарындаш пен, сыйа мен жазуға болады, жазған йа басқа сөзді көз бен көреміз. Сөзді ауыз бен, тіл мен, ерін мен айтуға болады; айтқан сөзді құлақпен естіміз. Енді тыңдаңдар, мен сөз айтамын, менің ауызыма қараңдар, ауыз неше қыймылдар екен «терезе» – Үш қыймылдады. – әуелгі қыймылды көрсетіңдер! – Те! – Екінші қыймылды көрсетіңдер! – ре! Үшінші қыймылды көрсетіңдер! – зе! Сүйтіп бұуынды түсіндірем».

Онан әрі Апанасийеп дыбысты қалай түсіндіретінін көрсетеді. Бірақ 1930-ж. шыққан әдіс кітабында Апанасийеп дыбысқа онша мән бермейді. Сондықтан дыбыс тұралы Апанасийеп сабағының ретін жазбайды.

Сүйтіп жеке пактілерді бақылап барып, қорытту шығарылады. Міне бұл *індүксіе жолы*. Граматйке оқытқанда индүксіе әдісі негізгі әдіс болып ұсталмақшы. Индүксіе негізгі әдіс дегеннен граматйкеде одан басқа әдіс ұсталмайды деген шықпайды. Жұмыстың түріне сәйкес түрлі әдіс ұсталып отыру керек. Әдіс мелшііп, қатып қалмай, созымға, бұрауға келіп тұру керек. Бір әдіс пен граматйкені де, емлені де үйретуу қиын.

Кейде *дедүксіе әдісі* де ұсталып отырады. Дедүксіеміз жалпы білімді йа жалпы заңды жеке құбылыстарға ұстай білуу. Мәселен барлық жат есімді жатқа білмесе, де, бала зат есімнің жалпы сырына сүйеніп, жаңа ұшыраған бір сөздің зат есім екенін өзі біле алады. Дедүксіеге сүйеніп, біз соны нәрсен йа істеп көрмеген нәрсемізді осылай болады деп топшылай аламыз. Бұл бақсының бал ашып топшылауындай емес, бұл ілімге сүйенген, құбылыстардың заңына сүйенген ілім қараңғылығы. Дедүксіе граматйкеде, мәселен граматйке талдауын жүргізгенде ұсталады. Бала бір жаңа текісті оқып, оның ішіндегі сөйлем мүшелерін, сөздер арасының байланысын, сөз таптарын тапса, оны дедүксіе жолы мен табады. Белгілі жалпы заңдарды осы жаңа сөйлемге ұстайды.

Жұмыстың түріне қарай әдісті йіп келтіруу керек, түрлендіріп отыруу керек. Тек бақылау және индүксіе мен мүсе тұтуға болмайды. Бұлардан басқа көшіруу, түрлі диктант, граматйкелік талдау, көрнекілік, Сұрау,

сөздік, түрлі кестелер ұсталып отыруу керек. Олар тұралы төменде айтамыз.

Грамматикелік талдау

Грамматикелік талдау деген соңғы кездері қазақ мектептері түгіл, ісін жөнденкіреп қойған орыс мектебінде жүрмей қалғаны Қалық ағартуу кәмісеріеті ініспектірлерінің тексерген материалдарынан көрініп отыр. 1933-1934-жылдары шыққан ілім-зерттеу экспедійтсіелері әкелген дәптерлерден қазақ мектебінде грамматикелік талдаудың ійісі де жоғын көреміз. Баланың тіл жағынан білімі орнықсыз болуына, емлеге орашалақ келуіне грамматикелік талдаудың жоқтығы үлкен себептің бірі. Қазақ тілінің бұған дейін әдіс кітабы жазылып көрген жоқ. Әріне грамматикелік талдау да қазақ тілінде сөз болған жоқ. Әдісі жазылып жүрген орыс тілінде де соңғы жылдары грамматикелік талдау тұралы сөз қозғалмайды. Тек 1933-жылы ғана Ресейлік Ағартуу кәмісеріетінде грамматикелік талдау керек деп шүу ете қалды да, бірақ оны қалай жүргізуу әдісі айтылмайды. Біз грамматикелік талдау бұлай жүруу керек деп ойлаймыз.

Грамматикелік талдау сінтаксіс және морпологияе жағынан болады. Баланы әуелі сентаксіс жағынан талдауға дағдыландырады. Үйкені сөздің толық мағнасы мен пішіні сөйлем ішінде ғана айқындалады.

Балалар сінтаксіс талдауына жаттыққан соң морпологияе талдауына түседі. Сонан соң сінтаксіс талдауы мен морпологияе талдауы қатар жүреді. Мұның үстіне грамматикелік талдау алғашқы кезде ауызша және оқытұшының сұрауы мен жетегіне сүйеніп жүреді. Балалар ауызша талдауға қаныққан соң жазып талдауға да дағдыланады.

Грамматикелік талдау белгілі жүйе мен сатылап жүруу керек. Жүйе мен жүрсе, бала сол жүйеге кәнігі болып алады. Түрткілектемей, сүрінбей талдауға жеңілдік келеді. Сатылап талдаудың керектігі – жұмыс жеңілден ауырға бірте-бірте жылжыйды. Мәселен әуелі жалаң сөйлемді талдап жаттығады. Бұған жаттығып алған соң жайылма сөйлемді талдап дағдыланады. Жайылма сөйлемді әуелі шағындап алады. Мәселен үлкен үй салынды деген сыйақты тек анықтаушы бар ғана жайылма сөйлем алынады. Онан соң толықтауышы бар сөйлем алынады. Онан әрі жұмыс сатылап күрделене береді.

Алғашқы кезде әдейі тандап алынған сөйлемдер талданады. Балалар талдауға төселген соң барып, оқыған мақаласындағы, грамматикадегі сөйлемдер де талданады. Сабақ сайын грамматикелік талдау болып отырғаны дұрыс. Сабақ сайын болмаса, әр жана ереже тұсында талдау жүрууі тиісті. Грамматикенің белгілі бір бөлімін өткен соң да талдау жүргізуу керек.

Әріне талдау мылжынға айналып баланы жалықтырмау керек. Ондай талдау пайда орнына зыян келтіреді, баланың жүрегін шайады, грамматикаден ер қашты қылады. Тек балаға қызғылықты, баланы ынталандыратын, ойландыратын, тапқыштық зейінін ашатын талдау ғана пайдал. Олай болуу үшін талдауға текісті талғап алуу керек, берілген сұраулар да баланың ойын тербететін болсын.

Грамматикелік талдау үлгісі: «Қалқозшы трактірі мен егіске келді». Бұл сөйлемде кім тұралы айтылған? – Қалқозшы тұралы. – Қалқозшы деген сөз қандай сұрауға жауап береді? – Кім? – Аяғы септелген бе? – Жоқ, атау түрінде тұр. Олай болса, қалқозшы сөйлемнің қай мүшесі? – Бастауыш. –

Қалқозшының көпшесі қалай? – *Қалқозшылар*. – Қалқозшы қыймылын көрсететін сөз қайсы? – *Келді*. Сөйлемнің бұл қай мүшесі? – Байандауыш. – Қандай сұрауға жауап береді? – *Не қылды?* – Етістіктің бұл қай шағы? – Өткен шағы. Байандауыш сөйлемнің қай жерінде тұрады? – Айағында. «Егіске» қандай сұрауға жауап береді? – *Қайда?* – Қай сөз бен байланысты? – «Келді» мен. – «Егіске» сөйлемнің қай мүшесі? – Толықтауыш. – Қай жалғауда тұр? – Барыс жалғауда. «Трактір мен» қай сөзбен байланысты? – «Келді» мен. – Қандай сұрауға жауап береді? – «Не мен?». – Сөйлемнің бұл қай мүшесі? – Толықтауыш. – «Мен» сөздің қай табы? – Демеу. – Демеу қалай жазылады? – Бөлек. Сонан соң мұны сызық пен көрсетуге болады.

*Қалқозшы (кім)
Тырақтыр мен (не мен?)*

*Келді (не қылды?)
Егіске (неге?)*


Мұнан соң өткен шақты осы шақ йа келер шаққа, жекешені көпшеге, жай түрді тәуелдеу түрге болмаса түрлі болымсыз түрге айналдыруға болады. Сөйлемнің бұл мүшесі сөздің қай табы екенін сұрауға болады. Баланың берген жаубын сынап отырғуға болады. Мәселен *мұны бастауыш деп неге ойлайсың? Мұның баяндауыш екенін қайдан білдік?* сыйақты сұраулар қойып баланың қаншалық түсініп жауап беріп отырғанын сынау керек.

Мұнан көрінетін нәрсе мынау: синтаксис талдауын жүргізгенде алды мен сөйлемнің тұрлаулы мүшелерінен бастайды. Анықталатын сөзді анықтауыштан бұрын, толықталатын сөзді толықтауыштан бұрын бастайды. Сөйлемдегі сөздердің қайсысы қайсысына байланысты екенін, тұрған орнын, сұрауын және түрлерін талдатады. Құрмалас сөйлем болса әуелі оны жай сөйлемдерге бөліп алып барып жоғарғыша талдайды. Құрмалас сөйлемдер арасы қалай байланысатынын байқатады.

Марпологияе талдауын жүргізу де жоғарғы сыйақты. Онда сөздің қай тапқа жататынын, тұлғасын, жалғауларын, тәуелдеу йа жай түрлерін, болымды болымсыз түрлерін, қандай сөз екенін (қос сөз, кіріккен сөз), қалай жазылатыны талданады. Әрйіне баланың бұрын оқыған білген ережелері бойынша ғана талдау жүреді. Сондықтан бала жоғарғы кіласқа аттаған сайын талдау да күрделене береді. Синтаксис пен морпологияе талдауын қоса жүргізуге де болады.

Енді жазып талдаудың үлгісін көрсетелік. Жазып талдаудың үлгісі көп. Жұмыс ретіне қарай оның әр түрін әр жерде ұстауға болады.

Сызық пен көрсетіп талдауға болады. «Алматы да үлкен үйлер салынды». Сызық пен былай талдап көрсетеміз.



Сөздің үстіне сұрау мен тйісті жауабын қысқартып ұсақ жазуға да болады. Онда әлгі сөйлемді былай жазып талдайды:

*(Қайда салынды?)
Алматы да
(не?) баст.
Үйлер*

*(Қандай үйлер?) анықт.
Үлкен
(не қылды?) байанд.
Салынды*

Дәптерді жоғарыдан төмен үшке бөліп сызып, әуелгі бөлігіне сол сөздерді бірінің астына бірін, екінші бөлігіне әр сөз тұсына жауабын, үшінші бөлігіне сұрауын жазуға да болады. Онда жоғарғы сөйлемді былай талда-тамыз:

*Алматы да (балалар тұсына жазады)
Үлкен
Үйлер
Салынды*

*Толықтауыш қайда?
Анықтауыш қандай?
Бастауыш не?
Баяндауыш не қылды?*

Жоғарғы кіластарда бұл кестені күрделендіруге болады. Бірақ оған ысылған, жаттыққан білімі шыныққан балалар керек. Мысалға үш жай сөйлем алалық: а) «Алматы да үлкен үйлер салынды». – в) «Мен жұмыстан келдім». – о) «Бала жаңа кітап алды».

Бастауыш	Баяндауыш	Анықтауыш	Толықтауыш
а) Үйлер	Салынды	Үлкен	Алматыда
в) Мен	Келдім		Жұмыстан
ш) Бала	Алды	Жаңа	Кітап

Бұл кестелерден басқа текістен керек сөздерді теріп жазуға да болады. Мәселен *әуелі бастауышты, онан соң баяндауышты теріп жазыңдар* деген сыйақты.

Морпология де осы кестелер үлгісі мен жазып талдайды. Талдау деген баланың граматйкеден алған білімін шынықтыруға, пысықтатуға, тереңдетууге, сапасын арттыруға жәрдем ететіні жоғарғы мысалдардан көрініп тұр. Оның үстіне баланың теорйеден алған білімін іске үйлестіруіне де көмек беретіні көрініп тұр. Бала граматйкелік талдауды жүргізуу үшін граматйке терміндерін білуу керек екені де көрініп тұр. Жоғарыда бала терміндерді үйренуу керек дегеніміздің бір себебі де осы еді. Граматйкелік талдауға бұл күнге шейін жасыратыны жоқ мектеп есігін жауып келдік. Граматйкелік талдауға енді мектеп есігін кеңірек ашайық!

Емле, емленің қоғамдық маңызы

Емленің қоғамдық маңызы зор. Адам тек өзі үшін жазып қоймайды, басқалар оқуу үшін жазады. Емлесі қата жазуды оқуу да, мағнасына түсінуу де артық уақыт алады, кейде оқып түсінуу қыйын да болып қалады. Басқаны қойа тұрғанда осының өзі де қоғамның уақытын, күшін босқа шығындайды. Қата жазуу – жаман істелген кеміс жұмыс. Мәшйіне жаман

істелсе, пәбірлік-зауыт, қалқоз жұмысы шала йа кеміс істелсе, сөгеміз, сотқа береміз, жазғырамыз. Мектеп баланы сауатсыз қылып шығарса да, емлеге дұрыс үйрете алмаса да сондай сөгүүіміз, сондай жазғыруымыз керек. Емле үшін күрес – сауаттылық үшін күрес. Сауаттылық үшін күрес – жоғарғы мәдениет үшін күрес. Ең жоғарғы мәдениетті орнатып жатқан пролетарийат мемлекетінде емле мен сауаттылықтың қоғамдық маңызы тым күшті. Мұны бір мүйнет те естен шығармауымыз керек. «Сауатсыз адам сайасаттан сырт тұрады» деген ж. Ленин сөзін тіл оқытушылары есінде берік ұстауы керек. Баланы қатасыз жазууға, сауатты жазууға үйретуу – мектептің қоғамдық зор борышы, сол борышын өтеп, пәліітекнйі-келік мектеп атағын ақтау керек. Баланы емлеге дұрыс үйрете алмаған мектеп – брак жасаушы мектеп.

Қазақ емлесінің негіздері

Осы күнгі қазақ емлесінің негізі дыбыс жүйесіне құрылған. Дыбыс жүйелі емледе сөз қалай естілсе солай жазылады. Бұл жағынан дыбыс жүйелі емле ең жеңіл емле деуге болады. Бірақ, мұның да өзіне лайықты кемшілігі болады. Ол кемшілігі – бір сөзді әр түрлі есітіп, әр түрлі айтып, сондықтан әр түрлі жазууға да болады. Сүйтіп балапан басына, тұрымтай тұсына кетүүге мүмкін. Мұның үстіне тілімізге кіріп жатқан интернатсаналдық сөздердің емлесіде әлі орнығып болмаған. Емлеміздің бұл кемшілігі болған мен ұсталып жүрген емлені дұрыс білгізүүге мектеп міндетті. Емле өзгертуу тұралы, кемшілігі тұралы қандай әңгіме, қандай макала жазылса да, үкімет мектебі үкімет бекіткен емлені үкімет өзі өзгерткенше, бұлжытпай ұстауға міндетті.

Емлеміз дыбыс негізіне құрылған дегенде, тәртіпсіз, жүйесіз анаркыйа жолы мен жаза береміз деген сөз болмайды. Дыбыс жүйесіне құрылған емлеміздің белгілі заңдары, жүйесі бар. Ол жүйе қазақ тілінің осы күнгі ірі дыбыс заңдарына сүйенген. Ол ірі дыбыс заңдары үндестік, ййгіншек, елік-тіруу сыйақты заңдар.

Сөз естілуінше жазылады дегенде, естілген дыбыстың нәзік ййірімдері қалмастан жазылады деген де сөз емес. Мәселен «күрек» деген сөздерде е де емес ө де емес, аралық дыбысша естілгендей болады. Бірақ біз жеңілдік үшін е жазамыз, ол аралық дыбысты жазбаймыз. Онан сөздің мағнасы бұзылмайды. Сүйтіп, біз тек сөз мағнасына әсер ететін ғана дыбыстарды таңбалаймыз. Дыбыстың аралық нәзік талқымаларын таңбаламаймыз. Оларды таңбалау ілім емлесінің ілім транскріпсіейесінің – жұмысы. Мектепке оның керегі жоқ.

Кей жерінде емлеміз сөздің түбірін бұзбас үшін, түрлі жазуу болмас үшін, *морфология* негізіне сүйенеді. Мәселен, *башшы*, *қасса*, *жашишы* деп естілсе де *башы*, *қазса*, *жазышы* деп жазамыз. Бұл ййгіншек еліктіруу келген жерде болады. Бұл жерді дыбыс заңымен түсіндіргенімізбен де, емле негізі морфологияге қарай алғандық.

Ілім жолында ретті жерінде бүтін ойды йа бүтін сөзді бір таңба мен жазатын ййдеограпийені де ұстаймыз. Бұл ййдеограпийе таңбалары бұл күнде интернасаналдық таңба болды десек шындықтан жырақ кетпеспіз. Ол таңбалар жер үстіндегі барлық елдерге тегіс түсінікті. Мәселен, №20 сыйақтылар интернасийаналдық таңбалар. Бұларды қай ел болса да *қосұу*, *алуу*, *көбейтуу*, *бөлуу*, *теңдік*, *радийкал*, *үшкіл*, *бұрыш*, *параллел*, *тік*

бұрыш, сұу деп қана түсінеді. Әрйіне атауы басқа болар, бірақ ұғымы қанда бірдей болады.

Емлеміздің негізін жақсы біліп, граматікке әдістеріне төселген оқытұшы ғана баласын сауатты қылып шығара алады.

Бастауыш мектепте емле қаталарының түрлері

Қазақстан педагогіке ілім-зерттеу институті мектептерді зерттеу үшін 1933- жылы Семейге, Ақжалға, Түркістанға, Шәуілдірге экспедітсіе шығарды. Экспедітсіеге проғрам бойынша арнаулы текстілер беріліп жіберіледі. Сол текстілер бойынша жыйналған деректерге қарағанда бастауыш мектепте емле қаталары мына түрде екенін көреміз: бірінші бөлім қатасының 31,2% жазылмай қалған дауыссыз әріп, 27% қалған дауысты әріп, 14,8% қалған сөз, 4,5% үндестікке қарсы, 3,1% **ый, ій** қатасы, 3,4% **ұу, үу** қатасы, қалғаны басқа қаталар.

Екінші бөлім қатасының 29% бас әріп, 15,5% қалған сөз, 15,1% қалған дауыссыздар, 15% қалған дауыстылар, 3,5% үндестікке қарсы, 2% **ұу**, қатасы, 0,8% **ый, ій** қатасы, қалған басқа қаталар.

Үшінші бөлім қаталарының 27% бас әріп, 22% демеу, 14,2% тыныс белгілері, 14,2% тартыншақ еліктіруге қарсы, 11% қос сөз, 5,9% үндестікке қарсы, 4,6% **ұу, үу** қатасы.

Төртінші бөлім қаталарының 30% тыныс белгілері, 20% бас әріп, 12% демеу, 10% үндестікке қарсы, 7,3% тартыншақ еліктіруге қарсы, 6,8% ійтіншек еліктіруге қарсы, 6% қос сөз, 2,6% қалған сөз, 2,6% **ій** қатасы, 3,3% **ұу, үу** қатасы.

Бұл қаталарға қарағанда емледен қандай өте-мөте зейін салу керектігі көрініп тұр. Алды мен көзге түсетін нәрсе – бірінші, екінші бөлім балаларының әріпті, бұуынды қалдырып кетуі. Бұл сауат аштырғу әдісінің нашарлағынан, көшіру жұмысының дұрыс жолға қойылмағандығынан болып отыр. Тыныс белгісін қойа білмеген бала, сөйлемнің қайда басталып, қайда тынатынын да білмейді. Сүйтіп керек жеріне бас әріпті де қойа алмайды. Мүмкін бұл оқытұшыларымыздың синтаксісті білмеуінен де болар. Онан соң емлеміздің жанды жерінен, проғрам соның үшін ашып көрсеткен жерлерінен де қата көп кетіп отыр. Мұның себебі оқытұшыларымыз граматікке мен емле әдістерін білмегеннен, граматікелік талдау жүрмегеннен, әр жұмысқа сәйкес әдіс ұсталмағаннан болып отыр.

Көшіруу

Емлеге үйретүүдің бір әдісі – *көшіруу*. Бірақ көшіруу екі ұшты нәрсе. Дұрыс жүргізе білсе емле үйретүү үшін көшіруу үлкен құралдың бірі. Дұрыс жүргізе алмаса, көшіруудің зыйаны Ала таудай. Ол зыйан көшірууден емес, көшірууді дұрыс жүргізе білмегеннен шығады.

Дұрыс жүрмеген көшіруудің кемшілігі мынау: баланың ойы мен мій селт етіп ойанбайды, тербелмейді, бірді бірге қопарып көшіре береді, ақырында бала жалығады, көшірууден ер қашты болады. Елендеп ілгері ұмтылудың, білімге сүнгүүдің орнына мұндай көшірууден баланың ойы қалғый бастайды, топастана бастайды.

Гөгілдің «Шійнел» деген әңгімесінде Акакій Акакіебіш деген қақарманның бар білетіні әріп дүнійесі екен. Әріптер арасында Акакійдің достары да, дұшпандары да болыпты. Кей әріпке жылы шыраймен күліп, көз қағып, кейбір әріптерге қабақ түйіп шытырқанады екен. Әріптерді көрген-

де кәдімгі адамды көргендей болады екен. Қыйалы жасаған тек әріп дүниесінде ғана өмір сүреді екен. Дүниенің басқа құбылысынан оған әріп дүниесі деректі көрнекірек екен.

Дұрыс жүргізілмеген көшіруу балаға осы Акакийдің таз кебін кийгізугі мүмкін. Басқа кіласқа барғысы келсе, йа өзі тыныш отырғысы келсе, оқытұшы балаға көшіруу жұмысын бере салады. Кітаптың пәлен бетін ашып, пәлен жерін көшіріңдер дей салады. Қысқасы баланың «қолы бос отырмасын» деп көшіруу жұмысын береді. Міне мұнан зыйанды нәрсе жоқ.

Көшіруу жұмысы баланың ішін пыстырмас үшін, ойын жасытпас үшін қайта баланың ойын шарықтатту үшін тапқыштығының көзін ашу үшін, білім науасынан сұуару үшін, белсенділігін арттыру үшін түрлі нәрселер ұсталады. Енді соған көшейік. Ең алды мен кез келген текісті балаға көшірте берүүге болмайды. Көшірууге берілетін текіст мазмұн жағынан да, әдіс жағынан да жете ойланып, тексеріліп берілсін, тым шұбалаң болып, көп уақытты жұтатын болмасын, белгілі мақсат пен бір ережеге тіреліп берілсін. Көшіртүү тәсілдері көп, оның барын теріп жағпай бір неше бастыларын ған көрсетелік. Әуелі көшіруудің ең жеңіл түрінен ауыр түрлеріне қарай көрсетелік.

1. Көшірілетін үлгіні оқытұшы асықпай әдемілеп, тактаға екі сызықтың арасына жазып қояды. Көшірмей тұрып балалар тактадағы үлгіні дауыстап, бұуынға бөліп оқыйды. Сүйтіп көргенін айтып дағдыланады. Онан соң көшіретін текісті әр бала кеспе әліппеден құрайды да дұрыс құралған құралмағанын тактадағы үлгі мен салыстырады. Сонан соң көшіреді. Көшірууге жеке сөзді де (бірінші кіласта ықшам сөздерді де екінші кіластан әрі қарай) берүүге болады. Тек бала әріптеп көшірмей, сөзді қарап алған соң тұтасынан бір көшіретін болсын. Осы күні оқытұшылар тактаға сызықсыз ұйқы-түйкы жаза салады. Көшірілетін текіске баланың көзі, құлағы, тілі жаттықтырылмайды. Ондай жексұрын көшірууден аулақ болуу керек.

2. Текістен емлесін үйренетін, йа емлесі қыйын деген сөздерді теріп көшіруу. Терілетін сөздер ірі жазылған, йа ірі басылған болады.

Сұу қайнаса бұу болады.

Сен кітап оқуу керек.

3. Қалдырылған сөздерді тауып көшіруу. Ол сөздерді балалар сөйлемнің мағнасына йа қойылған сұрауға қарай табады. Текіст артынан керек мағлұмат ретінде сол керек сөздер көрсетіледі.

Бала мектепке.... Ол әуелі кіласты.... терезені... тақтаны... бор... Бір аздан соң қоңырау.

Керек сөздер: соқты, келді, әзірледі, сұртті, ашты, сытырды.

4. Сөйлемнің айағын тауып көшіруу: *жылқы кісінейді, түйе... Адам жүреді, балық...*

5. Сапырлысқан текістегі сөздердің орнын тауып орналастырып көшіруу: а) *Қыздыра, қатты, бастады, күн.* б) *қарайа, жол, қар, бастады, ерій.* Мұнан мынадай сөйлемдер құрастырууға болады: а) *Күн қатты қыздыра бастады.* б) *Жол қарайа, қар ерій бастады.*

Әріне бірте-бірте ұзынырақ сөйлемдерді ала бастауға да болады. Сөйлемдегі сөздердің орнын дұрыс білуге, тілді жөндеуге бұл өте қолайлы жұмыс.

6. Құрылысқа дағдыландыратын көшіруу. Орны алмасқан сөйлемдерді орналастырып көшірууге дағдыландыруу:

1) *Балалар қаша жөнелді.*

2) *Балалар доп ойнап жүр еді.*

3) *Зың етіп терезе сынды.*

4) *Бір баланың добы қаңғалап барып терезеге тийді.*

Көшіргенде мынадай әңгіме болып шығады: *Балалар доп ойнап жүр еді. Бір баланың добы қаңғалап барып терезеге тийді. Зың етіп терезе сынды. Балалар қаша жөнелді.*

7. Мақаланы өзгертіп көшіруу (*Бұслайыптан алынды*):

1) *Екі йт қойан құды, қойан жалт бұрылды, йтті тістеді де құуып жіберді.*

2) *Өзен тау етегінен ағып шықты. Онан соң таудың етегіне дейін ақты. Таудан асып әрі қарай ақты.*

3) *Бір ағашта алтын, күміс, сыйыр, қой, жылқы өсіпті. Көшіргенде балалар сөйлемнің мағнасын өзгертуу керек.*

8. Берілген сөздерді сөйлем арасына қыстырып, әңгіме жазуу. «Ереуілге шықтық» деген әңгіме жазуу. «Ереуілге шықтық» деген әңгіме жазыңдар, сөйлем мағнасына қарай мына сөздерді кірістіріндер: *ертеңісін, қызыл тұу, өлең, мітінгі, ұура, тарадық.*

Бірінші, екінші бөлімде емле үйретүүдің негізгі әдісі көшіруу. Бірақ бұл бөлімдерде баланың жасына, біліміне қарай көшіруу жеңіл түрлері жүреді. Үшінші және төртінші жылы көшіруудің күрделірек түрлері жүреді. Оқытүүшы тақтаға жазып, түсіндіріп берген текісті көшірууге де, кітаптан көшірууге де болады. Кітаптан көшіретін текісті қалай көшірууін оқытүүшы түсіндіріп беруу керек. Үйде көшірууге берген текісті де қалай істеуін түсіндіріп береді. Бірақ берген текісті ықшам болсын, баланы жалықтыратын ұзақ болмасын. Әрйіне көшірілген текісті артынан оқытүүшының түзетіп отырууы міндетті.

Какограпйе (бұрыс жазуу) дегеніміз теріс жазуу беріп, оны балалардың өзіне түзеттіріп жазғызуу. Какограпйе емлені үйретүү үшін ең зыйанды нәрседен есептеледі. Бала қата жазууды йа оқууға, йа көшірууге тийіс емес. Қата жазууды оқуу мен көруу баланың сауаттылығын күшейтүүге кесел.

Діктант (жат жазуу)

Емлеге жаттықтыруудың мықты әдістерінің бірі – *діктант (жат жазуу)*. Діктант төрт түрлі: көз жаттықтыруу діктанты, құлақ жаттықтыруу діктанты, тапқыштық діктанты, сынау діктанты. Мұның алдыңғы түрлері жаңа білім береді, баланың білімін шынықтырады. Соңғы түрі балаға жаңа білім бермейді, тек баланың бұрынғы білімін тексеруу үшін ұсталады. Көз жаттықтыруу діктанты былай жүреді:

1) Балаларға емлені үйретүүге айналған ережесіне үйлестіріп текіст беріледі. Текісті әдемілеп қолмен жазуу дұрыс. Текісті кітаптан берсе де болады. Қол мен жазылса текістің керек жерін бадырайтып ірі жазады. Кітаптан берілетін текістің керек жері өзекше әріп пен басылады.

2) Оқушылар сол текісті оқыйды, әлгі керекті сөздерін байқастырады, олардың қалай жазылатынын йа граматйкеге йа ұқсас сөздерге қарай түсіндіреді.

3) Ол сөздерді бірінің артына бірін теріп жазады, керек әріпті йа ірі, йа бөтен түс пен жазады, йа астынан сызады.

4) Сонан соң балалар сол сөздерді кірістіріп жаңа сөйлемдер ойлап табады, ол сөздерді оқытұшы әуелі тақтаға теріп жазып қояды.

5) Әріптерін жорта тастап кеткен сөздері бар сөйлемдерді көшіреді де, керек әріптерін тауып жазады.

Кітаптан қаратып диктант жаздырса да, жұмысты осы рет пен жүргізуу керек. Жұмысты осылай сатылай жүргізбей, йа сапырылыстырып жіберсе, йа бір сатысын тастап кетсе, бұл диктанттың емлеге үйретерлік қасиеті жойылады. Мәселен қыйын сөздерді бірінің астына бірін теріп жазууды тастап кетсе де балалар ережені білмей алжасып қалады. Қыйын сөздердің мұндай кестесін көзге түсерлік, есте қаларлық, оңай табарлық етіп істеу керек. Тәртіпсіз йа сұулы жабағы есебінде істелген кестеден пайда жоқ. Ережеге үйлесетін сөздер кестеге әдейі теріп жазылсын. Ақ қағазға әдемі, ірі етіліп жазылсын. Сөздің сол ережеге жататын жері бөлек түсті ашық бойау мен жазылсын.

Мәселен 3- кіласта етістіктің екінші жақ жіктеуі «сын» жазылатынын көрсетуу үшін мынадай кесте жасауға болады:

Екінші кіласта кең шығыстылар алдынан **ұу, үу** жазылұуын көрсетуу үшін мынадай кесте жасауға болады:

Сұуат Құуат Бұуаз	Керұует Керұуен Серұуен
-------------------------	-------------------------------

Үшінші кіласта **ғ, ғ, к, қ** алдынан қай кезде **ң**, қай кезде **н** жазылуын көрсетуу үшін мынадай кесте жасауға болады:

Қазаңқап Есеңгелді Жанғабыл Оңға Жаңға	Қазанға Есенге Ержанға Оңға Жанға
--	---

Көз жаттықтыруу диктанты бір жағынан көшірууге жақын, екінші жағынан сынау мен шығарма жазуға жақын екендігі көрініп тұр. Мәселен қалған әріптерді тауып жазуу – шығармаға жақын, сондықтан бұрынғы жұмыстарды бала әбден білген соң ғана қалған әріпті тауып жазғыззу жұмысы жүреді.

Көз жаттықтыруу диктантының граматйке мен құлақ жаттықтыруу диктантына байланысты бір түрі бұлай жүреді. Айталық екінші айағында де-меу жазылұуын үйретуу керек екен. Кенеспай ұлы граматйкесінің 60 бетіндегі демеулі текісті аламыз:

1) Әуелі оны балаларға оқытамыз. Кітапқа қаратып отырғызып балаларға граматйкелік талдау жүргіземіз. «Егін сұуаруу үшін әкем көп кісімен бірге егістікке кетті».

Егін – жіңішке сөз, **г** деген соң **і** жазылады.

Сууаруу – жұан сөз, **с** пен **р** дан соң ұзын естілген жерде ұу жазылады.

Үшін – демеу алдыңғы сөзден бөлек жазылады.

Әкем – жіңішке сөз, басына **ә** жазылады.

Көп – жіңішке сөз. **К** ден соң **ө** жазылады айағына **п** жазылады.

Кісі – жіңішке сөз, **і** жазылады.

Мен – демеу, бөлек жазылады.

Бірге – жіңішке сөз, **б** дан соң **і** жазылады.

Егістікке – жіңішке сөз, **г** мен **т** дан соң **і** жазылады.

Кемті – жіңішке сөз, айағына **і** жазылады.

2) Талдаған соң кітап жабылады да оқытұшы әлгі сөздерді 2-3 рет айтып шығады. Балалар жатқа жазады.

3) Діктант балалар жазып жатқанда оқытұшы партаны аралап, кімнің кандай қатасы барлығын барлайды, бірақ ештеме демейді.

4) Жазып болған соң балалар кітапты ашып жазғанын салыстырады, қаталарын түзеп, астын сызады.

5) Мұнан соң оқытұшы қаталасқан баланы тақтаға шығарып жазғанын кітаптағы сөздер мен салыстырады, неге былай жазуу керектігін баланың өзіне айтқызады.

Келер сөйлемді де осы сыйақты жүргізеді. Тек осы ізден аумай жүргенде ғана көз жаттықтыруу діктантынан пайда зор болады. Мұның бір шартын бұзса да пайда орнына зыйан шығады, балалар қатаны көп шығарады. Жазғанын артынан балалар кітапқа қарап салыстырмаса да діктанттан пайда жоқ.

Кітаптан оқымай, балалар тақтадан оқып барып жазуға да болады. Онда тақтадағы жазуды артынан салыстыруу үшін сұртпей йа жауып қойа тұруу керек. Артынан балалар тақтадағы жазуу мен салыстырып қатасын өзі табады.

Көз жаттықтыруу діктантының дұрыс жүре қалғандағы артықшылығы мынау: а) баланың дұрыс жазуға көзі жаттығады, б) бала сөзді іретпей, бірден тұтас жазып дағдыланады, ш) өз қатасын өзі табуға құнығады, ж) қатаны аз жібереді, д) грамагійке ережелерін емлеге ұстауға баулынады.

Құлақ жаттықтыруу діктанты бұлай жүреді. Әуелі сөйлемді оқытұшының өзі анықтап, жайлап сөз арасын араластырмай айтады. Онан соң қййын сөздерге грамагійкелік талдау жүргізеді. Мұның соңынан жамылатын ережеге жататын сөздер теріліп тақтаға жазылады. Мәселен діктант демеулердің бөлек жазылуына шынықтыруу үшін болса, сол діктантта ұшырайтын демеулерді теріп тақтаға жазып қойуу керек: *үшін, пен, мен, бен, қой, да, те, ма? ме? ба? бе? на? не?* т.т.

Енді оқытұшы жазылатын сөйлемді 2-3 рет айтып шығады да 1-2 балаға қайтарғады. Сүйтіп, грамагійкелік талдаудан соң, сол ережеге жататын сөздер тақтаға теріп жазылған соң, баланың қаталаспасына көз жеткен соң ғана құлақ жаттықтыруу діктанты жазылады. Әйтпесе діктанттан пайда жоқ.

Құлақ жаттықтыруу діктантының қатасын түзеу үшін оқытұшы партаны аралап жүреді де, сөйлемді жазып болған соң қаталасқан баланы тақтаға шығарып алады: сонан соң қалай жазғанын, дұрысында қалай жазуу керектігін, неге олай жазуу керектігін сұрады.

Әйтпесе керек сөйлемді оқытұшы сабақтан бұрын тақтаға жазады да жауып қояды, йа тақтаны айналдырып қояды. Балалар жазып болған соң, әлгі жазууды ашады да, соған қаратып балалардың қатасын түзеттіреді.

Уақыт жетпесе, оқытұшы балалардың дәптерлерін жыйып алып өзі қарайды да соңынан кіласта отырып балалардың қатасын жоғарғы сыйақты түзеттіреді.

Бұл диктанттың да артықшылығы жоғарғы көз жаттықтыру диктанты сыйақты. Тек айырмасы – мұнда дұрыс жазууға, дұрыс естүүге құлақ жаттығады.

Тапқыштық диктант кезінде бір жағынан бала емлеге үйренсе, екінші жағынан ойын жүгіртіп, жаңа сөз, жаңа пактіні табууға тырысады. Сүйтіп, бала шығарғыштыққа дағдылана бастайды. Шығарғыш диктанттың түрі көп. Бұл түрінің бәрі де баланың білімділігін іске ысылғандығын, оқытұшының ептілігін керек қылады.

Үйірлеп берілген сөздерден сөйлем құрастырууға болады. Болмаса бір топ, екінші топ, үшінші топ қылып берілген сөйлемдердің мағнасына қарай теріп, бастарын құрастырып сөйлем құрастырады. Әйтпесе сөйлемде жорта қалдырып кеткен сөзді, йа сөз айағын сөйлемнің мағнасына қарай, йа қойылған сұрауға қарай тұрып жазады. Әйпесе сызық, йа көп нүкте орнына тийісті әріпті тауып жазады. Бұл жағынан тапқыштық диктант көшіруудің күрделі түрлеріне жақын.

Диктанттың қай түрі болса да, оның ішінде тапқыштық диктант та белгілі болуу керек. Сондықтан арнаулы текіст болмаса, кез келген текісті «бет алды құла түз» диктант қыла берүүге болмайды.

Кеңесбай ұлы грамагійкесінің 51-бетінде 68-жұмыс тапқыштық диктантқа берілген. Мәселен «Бай аттың... (айақ) ақсатты» деген сөйлемде «айақ» деген сөзді балалар «айағын» деп өздері тауып жазуу керек, жақшадағы, йа сызықша йа нүкте орнындағы сөздер не әріптер қалай жазылатыны түсіндірілуу керек. Сонан соң балалар жазуу керек. Мұның да қатасын тексеруу мен түзеу жағы басқа диктанттардай болады.

Сынау диктанты балаға жаңа білім бермейді, тек баланың өткенде алған білімін қалай сіндіргенін сынау үшін, қай жері шійкі қалғанын білуу үшін ұсталады. Сынау диктантында не грамагійкелік талдау не қай сөзді қалай жазууын түсіндіруу деген болмайды. Сынау диктанты былай жүреді:

Бір ереже йа бір бөлім өткен соң, сол өткенді балалар қалай түсініп, қай жерін нашар білгенін сынау үшін арналып текіст алынады. Диктант алдында қай ережеге жазылатыны балаларға айталады. Диктант білімді сынап, шала жерді білуу үшін істелетінін түсіндіреді. Онан соң сол ереже сұралады. Оның бәрине 3-4 мүйінттен артық жібермеу керек. Мұнан соң оқытұшы әуелгі бір сөйлемді оқып шығады, 3-4 рет балаларға диктант айтқызады. Сөйлем ішіндегі сөздерін балалар ұмытпас деген соң барып жазғызады. Оқытұшы жаз дегенше балалар жазбай тек отырады. Балаңың бәрі жазып болған соң екінші сөйлемге көшеді. Сүйтіп барлық текісті жазып болған соң бастан аяқ текісті йа оқытұшы, йа бір бала естіртіп оқып шағады, йа балалар ішінен оқып байқаған қатасын түзетеді. Мұнан соң балалар дәптерін партасының шетіне шығарып қойады да, дежүрній айнала жүріп жыйнап, оқытұшыға тапсырады. Оқытұшы үйіне әкетіп, қаталарын түзеп әкеледі.

Діктанттың қай түрі болса да арнаулы бір ережеге жазылады, 15-20 мүйініттен артық уақытқа созылмайды. Сынау діктанты жылдың бас аяғында, яа бір бөлімді өткен соң бірнеше ережеге болуы да мүмкін. Бірақ оқылмаған ережеге ешқашан да, ешбір діктант жазылмайды. Теңеруу діктант жеті сайын болып тұрғаны дұрыс. Өткен жетідегі ережелерді балалар дұрыс білмесе, тоқтап тағы бір аз еруулеу керек. Балалар ол ережені әбден білген соң, ілгері жылжуу керек.

Діктант түрлері қай рет пен ұсталады? – Әуелі жеңіл түрлері соңынан қыйын түрлері ұсталады. Жаңа оқылған ережеге әуелі көз жаттықтыруу діктанты, онан соң құлақ жаттықтыруу діктанты, мұнан соң тапқыштық діктанты ұсталады. Келер көшуу көшпесті білуу үшін сынау діктанты жүреді. Діктанттар екінші жыл айағынан бастап ұстала береді.

Қатаны түзеу әдісі Мектепте баланың білімін сынау деген дұрыс жолға әлі қойылмаған. Балалардың білімін сынау, тексеруу деген граматийкениң ең басты жұмысы. Баланың білімін сынаудың бір жолы – жазған жұмыстарындағы қаталарын түзеу. Мектептерімізде яа баланың қатасын түзетпейді, яа түзетсе де тек ат өтті қылып ғана көз қылып ғана түзетеді. Қатаны олай түзетууден тийетін пайда жоқ.

Қатаны қашан түзетуу керек? – Сол күні, яа сол сабақтың үстінде, яа соңынан түзетуу керек. Әр нәрсенің керекті мезгілі бар. Бала жазған күні қандай қатам бар екен деп білууге тырысады. Сол күні білсе қатасы есінде ұзағырақ қалады, екіншілей оны істемеске тырысады. Күн аралатып, басқа ережелер араласып кеткен соң, бала байағы жазғанын ұмытып кетеді, көңілі сұуыйды, қатасын білуу үшін жеңсігі басылады. Міне сондықтан жазылған соң ізін сұуытпай, тотықтырмай тұрып қатаны түзетуу керек.

Қатаны қайда түзетуу керек? – Кіласта яа үйде. Қатаны кіласта қалай түзеу ретін жоғарыда көрдік. Енді қатаны үйде түзеу әдісіне келейік.

Қатаны қалай түзетуу керек? – Оның түрлі жолдары бар. Барлық жұмыстың қатасын бір әдіс пен түзетууге болады. Жұмыстың түріне, баланың біліміне қарай оқытұушы ката түзетуу үшін әр түрлі әдіс ұстау керек.

1. Әзір текістен көшірілген жазуу болса, оның қаталарының астын қызыл қарындаш пен сызып, көшірген текіске салыстырып, баланың өзіне түзетіруу керек. Онан соң бір неше баланы тақтаға шығарып, қатасының себебін түсіндіруу керек.

2. Текіске қарамай жазылған діктант болса, 1-2-жылдары қатаның үстінен сызып, оқытұушының өзі жоғарғы жағына дұрысын жазуу керек. Текіске қарамай жазғанда шыққан қатасын 1, 2 жылда балалардың өздері түзете алмайды.

3-4-жылдары ката оқылмаған ережеден шықса, жоғарғыша оқытұушының өзі түзетеді. Ал, ката оқыған ережелерден кетсе, оқытұушы қатаны түзетпей, астынан сызады да дәптердің ақ тұрған жийегіне қатаның тұсына, яа дәптердің төменгі ақ жеріне «тексеруу үлгісін» ғана көрсетеді. Сол тексеруу үлгісіне қарап, бала өзінің қатасын түзейді. Мысал: бала «ілуулі» деген сөзде «у» алдынан «й» қойып, «ілуйлі» деп жазса, қатаның астын сызып, жийекке яа төменгі ақ жерге мынадай тексеруу үлгісін береді: *келуу, білуу, жүруу, кіруу, мінуу* және тексеруу үлгісіндегі баланың шұғылып қаруу керек деген ката кеткен әріпті бадырайтып ірі жазып қойады.

Дәптерді түзеп болған соң, оқытұшы балалардың көп сүрінетін кейіпкер қатарларын бөліп, кіласта түсіндіреді де, сол қатарларды жойғу үшін қосымша жаттығу жұмыстарын жүргізеді. Сол қатарларды жойғанша грамматікке мен емледен ілгергі ережелерге көшпей еруулейді. Мәселен есімді грамматікеден өткен соң да балалар жалқы есімді бас әріп пен жазатын жерде сүріне берсе, жалқы есімді бас әріппен жазуға төселгенше сол тұралы жаттығу жұмыстарын жүргізе тұру керек.

Сөздік, кестелер, кәртiшкi тағы басқа көрнекi құралдар

Баланы емлеге жаттықтыру үшін түрлі құралдар да ұсталады. Ол құралдар сөздік, кесте, кәртiшкi тағы басқа көрнекi шаралар түрінде болады. Мұның еш қайсысы қазақ мектебінде әлі жоқ. Ол құралдарды қолдан жасау қыйын емес. Кестелер мен кәртiшкелерді Қазпiйдiң iлiм-зерттеу сектiрi жасатып жатыр. Олар 1935-жылы басылып шықса керек. Кешiккен кезде де оларды қолдан жасау оншалық қыйын да емес. Сондықтан олар тұралы да жалпы мағлұмат бере кеткенiмiз пайдасыз болмас.

Сөздік. Ұшырасқан қыйын сөздерге балалар емле сөздерін жасап отырады. Ол сөздікке керек кезінде қарап пайдаланып отырады. Қыйын сөздерді, өздері көмескі білетін сөздерді күнде емле сөздігінен қарап отырмаса, ол сөздіктен пайда жоқ. Баланы өзінің емле сөздігіне қарауға дағдыландыру керек. Сөздікке мәселен кіріккен сөздер – *тәнертен, аппақ, көкпеңбек*, қос сөздер – *бала-шаға, дүркін-дүркін, сөз-бе сөз, ауыз-ба ауыз*, сыйақты сөздер, үндестік заңына көнбейтін сөздер, інгірнасыяналдық сөздер, **у, й**-лердің қысаң дауыстылардың алды-артынан келетін жерлері (*қыйын, қыйуу, жжұууы*) кіреді. Емленің басқа ережелеріне де жататын қыйын сөздер сөздіктен орын алу тийіс.

Қолдан жасайтын кестелер тұралы көз жаттықтыру дiктанты тұсында айттық. Тасқа басылып шыққан кестелер жарда iлүүi тұрғу тийiс. Керек кезiнде балалар күнде қарап, пайдаланып отырғу керек. Тасқа басылған кестелер емле мен тыныс белгiлерiнiң түйiндi және кейiрке жерлерiне жасады. Керектi жерлерi ашық бойау мен (қызыл, көк) басылады.

Кәртiшкелер йа көшiрүү, йа дiктанттарға үйлестiрiлiп жасалады. Көбiнесе олар кәнбертке салынады. Керек кезiнде балалар кәнберттен сұуырып алып пайдаланады. Кемiнде әр балаға бiр кәнберт болуу керек. Бұлардан басқа көрнекi құрал есебiнде кеспе әлiппе, түрлi сұуреттер, сөздіктер ұсталады. Не құрлым балалар көрнекi құралдар мен пайдалануды үйренсе, сол құрлым жақсы.

Жазуда тыныс белгiлерiнiң маңызы. Жазуу түсiнiктi болуу үшiн тыныс белгiлерiнiң маңызы зор. Өте-мөте ұзын сөйлемдер, құрмалас сөйлемдер, тыныс белгiлерi дұрыс қойылмаса, мағнасы шатас түсiнiлүүге мүмкiн. Тыныс белгiлерi сiнтаксiс пен байланысты. Бiздiң сiнтаксiсiмiз дұрыс толық зерттелмеген. Сондықтан тыныс белгiлерiмiз де жүйеге салынған деп айта алмаймыз. Арап әлiппесiн Байтұрсын ұлы өзгерткенше бiзде тiптi тыныс белгiсi болмады. Байтұрсын ұлының өзгерiсiнен соң тыныс белгiлерi кiрсе де, мұның екi үлкен кемшiлiгi болды. Бiрi тыныс белгiлерiнiң интернасыяналдық түрiн бұзып кiргiзуу. Екiншiсi орыс тiлiндегi тыныс белгiлерiнiң ережелерiн өзгертпей қазақ сiнтаксiсiне жапсыра салуу. Латын әлiппесiне көшкен соң бiрiншi кемшiлiк жойылса да, екiншi кемшiлiк әлi жойылған жоқ. Бiр тыныс белгiсi түрлi жерде ұсталады. Мәсе-

лен тырнақша төл сөзде де басқа орындарда да ұсталады. Сызықша да түрлі жерде ұсталады. Бір жерде түрлі тыныс белгісі де ұсталады, мәселен қыстырма сөзде отыр да сызықша да ұсталады. Мұның бәрі зор кемшілік. Құрмалас сөйлемдердегі тыныс белгілері тіпті қолға алынбастан жатыр. Мұның себебі өзіміз әлі құрмалас сөйлемдер құрылысының көп жерін айқын біле алмай жатқандығымыз. Бұрынғы зерттеушілер қазақ сінтаксісіне нөқтасын кійгізген. Бірақ қазақ сінтаксісі орыс сінтаксісінен өзгеше көрінеді. Ол өзгешеліктерін әлі індете алғанымыз жоқ.

Тыныс белгілері текісті дұрыс оқып, дұрыс түсінүүге сондай маңызды. Тыныс белгісі дұрыс қойылмаған текісті йа дұрыс оқу йа дұрыс түсінүү өте қййын жұмыстың бірі. Тыныс белгіміз қанша ретке салынбады дегенмен, талассыз анық дерлері де көп мектебіміз, баспақаналарымыз ең болмаса сол анық тыныс белгілерін де дұрыс орнына қоймайды. Тыныс белгісі жағынан сауатты адам шығаруу мектептің міндеті.

Тыныс белгілерін үйретүү әдістері

Дауыс ырғағына қарай тыныс белгілерін қойуу. Тыныс белгілері сөйлемнің құрлысына, мағнасына қарай сөйлемдер мен сөздер арасының байланысына қарай қойылады. Сөйлем мүшелерінің мағнасына, сөйлемнің түріне қарай сөйлегенде, оқығанда дауыс та түрліше өзгеріп отырады. Бірде дауыс күшейеді, бірде бәсендейді, бірде көтеріледі, бірде басылады, бірде байаулап жайлайды, бірде кілт үзіледі. Сондықтан кейбір әдісқойлар тыныс белгісін үйреткенде баланы дауыс ырғағына қарай тыныс белгілерін тауып қойууға дағдыландыруу керек деседі. Әрііне мұның орынды жері де, орынсыз жері де бар. Кей жерлерде дауыс ырғағына қарай тыныс белгілерін қойуу оңтайлы. Бірақ ылғый дауыс ырғағына сүйеніп тыныс белгісін тауып қоууға болмайды. Оған уақытта көп кетеді, кейде нәтййже де қанағаттанарлық бола алмайды. Оның үстіне сөйлем шіндегі сөздердің мағнасына дауыс ырғағының келмейтін жерлері де бар. Қала берді тыныс белгісінің негізіне тек дауыс ырғағын салсақ, білдің пішінін мағнасынан артық ұстап, пормализм жолына түсіп кетүүге болар еді.

Міне сондықтан тек дауыс ырғағына қарай тыныс белгісін қойғызуу деген сынар жақ әдіс, үлкен кемшілігі бар әдіс. Бірақ оны мен пайдалы жерінде, балаға түсінікті анық жерінде, дауыс ырғағына сүйенбе деген шықпайды. Уақыт аз кететін орында, балаға түсініктірек болатын жерде дауыс ырғағына сүйеніп тыныс белгілеріне үйретуге болады. Мысал алаық: 1) Сол сөздерде сызықша йа тырнақша, алды-артында қос нөқат йа отыр қойууды дауыс ырғағымен түсіндірем деу баланы бітпес жарға салып басын қатыруу болар еді. Онан да сол сөздің осындай жерінде осындай тыныс белгілері қойылады деп түсіндірсе, әрі қысқа әрі анық болар еді. Болмаса *Мен бүгін ертеңгісін жеті сағатта төсектен тұрып, мектепке серууенге баруу үшін келдім* деген сыйақты құрмалас сөйлемдегі тыныс белгілерін дауыс ырғағына қарай қойғызам деу – өнбес іске ұрыннуу болар еді. Онан да пәлендей құрмалас сөйлемде пәлендей тыныс белгісі қойылады десе, балаға әлде қайда оңай болар еді. 2) Сұраулы сөйлем айағына сұрау белгісін дауыс ырғағына қарай қойғызуу жеңіл болар еді. Сұраулы сөйлемнің барлық анықтамасын, өзгешелігін түсіндіріп жатүүдан «сұрау дауысымен айтылған сөйлемнің айағына сұрау белгісі қойылады» деу әрі

қысқа әрі анық болар еді. Сондай ақ, сөйлем кілт үзілген жерге көп нүкте қойады да дауыс ырғағына сүйеніп түсіндіруу жеңілiрек болар еді.

Тыныс белгiлерiнiң қойылуды сөйлемдегi сөздердiң iшкi мағнасы мен байланысты жерлердiң бәрiнде де *тыныс белгiлерiн сiнтәксiске* сүйенiп түсiндiруу керек. Тыныс белгiлерiнiң денi сөйлемдегi сөздердiң, сөйлемнiң iшкi мағнасы мен байланысты болған соң, тыныс белгiлерiне үйретуудiң басты әдiсi – сiнтәксiске сүйенуу болады.

Олай болған соң тыныс белгiлерiне үйретуу үшiн жеке сөздердi мысалға алуға болмайды. Тыныс белгiлерiн үйретуу үшiн мысалдар ылғый *тұтас сөйлемнен* тұруу керек. Тек тұтас сөйлем арқылы ғана тыныс белгiлерiне үйретууге болады. Оның үстiне тыныс белгiлерiнiң ретiне қарай, жаттығатын мысалдар, үлгiлер тұтас *қысқа әңгiме* түрiнде болғаны дұрыс. Әйтпесе, жеке сөйлемнiң тыныс белгiлерiн бiлген мен балалар тұтас әңгiменiң тыныс белгiлерiн қойуды шорқақ болып шығады.

Тыныс белгiлерiне үйретуу үшiн *мәнерлеп оқудың да пайдасы көп*. Бiрақ, тек жалғыз мәнерлеп оқу да тыныс белгiлерне толық үйрете алмайды. Оның себебi де дауыс ырғағы жайында айтқанымыз сыйақты. Тыныс белгiсiн үйренуде мәнерлеп оқу қосымша шара. Олай болса кiтап оқуды да керектi жерiнде тыныс белгiлерi мен байланыстыра отыруу керек.

Граматiкке және емле сабағының жүруу тәртiбi

Сабақ үш бөлiмнен тұрады: 1) жаңа бiлiм беруу; 2) бiлiмдi орнықтыруу; 3) бiлiмдi тексеруу. *Жаңа бiлiм беруу тәртiбi*: 1. Өткен бiлiм мен байланыстыруу (оқушылардың бiлiмiн байқау, керек бiлiм мен байланысты өткен сабақтарды пысықтау).

2. Балаларға сабақтың мақсатын түсiндiруу, мәселен «бүгiн зат есiм айағының жалғануы мен танысамыз» деген сыйақты.

3. Жаңа бiлiм беруу: Бұған кiретiн жұмыстар: а) керектi пактыларды бақылауу (тақтадан йа кiтаптан) – оларға оқытуушы жетегi мен көзiн үйретуу; б) ол пактыларды салыстыруу; ш) олардың ұқсастығы мен айырмашылығын табуу.

4. Қорытуу шығаруу (қорытууды оқытуушының жетегi мен балалардың өздерi шығарады).

5. Ол қорытууды мысалдар мен қосып қысқаша әдемлiлеп оқытуушы тақтаға жазып, балалар дәптерiне көшiредi. Дұрыс көшiргенiн оқытуушы тексерiп шығады.

6. Балаларға өз бетi мен iстейтiн жұмыс тапсырып, жаңа бiлiмдi тұрақтатуу. Ол тұрақтатууға мынадай жұмыстар кiредi: а) балаларға мысал ойлатып тапқызуу; б) сол ережеге жататын сөзден кесте жасатуу; ш) болмаса кiтаптан мысал iздетiп тапқызуу; ж) кiтаптан шағын жұмыс iстетiп көруу.

7. Өз бетi мен iстелген жұмысты тексеруу.

8. Үйге жұмыс тапсыруу.

9. Сабақты балалар қалай түсiнгенiн байқау. Оның үшiн «бүгiн бiз не бiлдiк» деп сұрайды.

Жаңа бiлiмдi тұрақтатуу үшiн iстелетiн жаттығу жұмыстарының тәртiбi

1- САБАҚ: 1. Өткен сабақ пен байланыстыруу (өткен жолы бiз не бiлдiк).

2. Сабақтың мақсатын түсiндiруу (пәлен бiлiмдi тұрақтатуу).

3. Көз жаттықтыруу диктаны, оны мен қатар бақылау.

4. Кестелер жасау.

5. Мысал ойлап табуу, жазуу.

6. Емле сөздігіне керек сөздерін жазып алғу.

2 – САБАҚ: 1.

2. Алдыңғы сабақтай

3. Күрделі түрдегі көшіруу.

4. Көшіргенін тексеруу.

5. Үйге жұмыс беруу.

3 – САБАҚ: 1.

2. Алдыңғы сабақтардай.

3. Құлақ жаттықтыруу диктаны.

4. Алдыңғы сабақтардай.

4 – САБАҚ: Басы айағы алдыңғы (сабақтардай, тек мұнда тапқыштық диктаны болады)

5 – САБАҚ: Тексеруу диктаны.

6- САБАҚ: Қаталарды талдау.

Мұнан жаңа ережені үйретуу мен әр сабақтың желісі бірдей екендігі көрінеді. Жаңа ережені үйреткенде әуелгі күн алдыңғы ережелерге байланыстырып жаңа білім береді. Келер күндері сол жаңа білімді тұрақтатады. Ең соңынан жаңа білім қалай сіңгені тексеріледі (тексеруу диктант). Граматікенің жаңа білім беретін сабағы да, жаңа білімді тұрақтататын күнделік сабақтары да осы желі мен жүреді. Тек білімі тұрақтататын сабақтарда жаңа білім орнына жаттықтыруу жұмыстары (көшіруу, диктанттар) болады. Әр сабақ тексеруу мен, баланың білімін байқау мен тынады.

Граматікке сабақтарының үлгілері

Бұл көрсетіп отырған сабақ үлгілері жоғарғы айтылған әдістер негізіне сүйенеді. Барлық граматікке бастан аяқ қалдырмай сабақ үлгілерін жазып беруудің керектігі жоқ. Емле сабақтарының жүруу реті жоғарғы әр әдістің (көшіруу, құлақ жаттықтыруу, көз жаттықтыруу, тапқыштық, тексеруу диктанттар) тұсында көрсетіп кетті. Енді морфология мен синтаксис сабақтарының үлгілерін көрсетелік. Бұл үлгілер жақсы мектептер мен студенттер сабағын басқарған тәжірибелерден алынған. Бұл үлгілер оқытушыға жөн сілтейді, сабақты қалай құруу керектігін көрсетеді. Онан артығын бұл үлгілерден талап етуге болмайды. Сабақты түрлендіруу оқытушының тапқыштығына байланысты.

1933- жылы бүтін одақтық жарыста бірінші орынды алған, онан бұрын неше рет өз өлкесінде бәйгіден келген сол түстік темір жолының Шебакоба деген стансасы бойындағы Ийбанобскій обылыстың бірінші басқыш үлгісі мектебі.

Ең әуелі сол мектеп сабағының үлгісін көрсетелік. Онан соң өз сабақтарымыздың үлгісін көрсетерміз.

Шебакоба үлгілі мектебінің сабағы. Орыс тілінің сабағы III бөлім.

Сабақ темісі: «Тұрлаусыз мүшелер мен олардың сөйлемдегі маңызы мен танысуу».

1) Сабақ мақсаты – 2 мүйнет. 2) алдыңғы сабақ пен байланыстыруу – 5 мүйнет, 3) жаңа матерыйалды түсіндіруу – 33 мүйнет, 4) қорытуу мен үйге жұмыс тапсыруу 3-мүйнет.

– Жоспар бойынша біз бұл сабақта тұрлаусыз мүшелермен танысуды әрі тереңдетеміз, тұрлаусыз мүшелердің тіліміздегі маңызы мен танысымыз. Анықтауыш сөздер мен пайдалана алмаған кісі дұрыс түсінікті сөйлей де жаза да алмайды.

Жалаң сөйлем, жайылма сөйлем болатынын білеміз. Ойымызды қысқаша түсіндіруу керек болса, біз жалаң сөйлеммен сөйлейміз: «Дуунә тігеді». «Қалқозшылар айдайды» деген сыйақты. Ойымызды толығырақ түсіндіргіміз келсе, жайыңқырап сөйлейміз. Онда біз бастауыш пен байандауыштан басқа тұрлаусыз мүшелерді қосқуымыз керек.

– «Дуунә тігеді» деген сөйлемді алалық. Мұны толықтыруу үшін қандай сөз қосқу керек?

– Жаңа сөзді қосып бұл сөйлемді кім айта алады?

– «Дуунә көйлек тігеді»

– «Көйлек» деген сөз болмаса біз *Дуунә шапан, бөрік, дамбал тігеді* деп ойлар едік. *Ол не тігеді* деп сұрар едік, сонда да қыздың не тігетінін білмес едік. Сөйлемге бір сөз қосып едік, енді анық болды. Міне, бұл біздің ойымызды толықтыратын тұрлаусыз мүшелердің бірі.

– Бұл тұрлаусыз мүше қай сөзге байланысты?

– «Тігеді» деген байандауышқа.

– Солай. Бұл тұрлаусыз мүше сөздің қай табы?

– Зат есім.

– Дұрыс. Енді екінші сөйлемді алалық: «Қалқозшылар айдайды». Мұны қандай жаңа сөз бен толықтырасындар?

– «Жер» деген сөз бен.

– Бұл сөйлемді кім айталады?

– Қалқозшылар жер айдайды.

– Мұнда да ой толығырақ айтылған, қалқозшылардың не айдайтыны дәл көрсетілген. Бірақ осы екі сөйлемге бір екі тұрлаусыз сөз қоссақ та, әлі анық емес жері бар. «Дуунә көйлек тігеді» деген сөйлемді алалық. Енді осы қабарды Дуунәнің жолдасы Нүүрәні айтқан болады. *Нүүрә осы қабарды мүсе тұтар ма?* Жоқ, ол бүге-шігесін сұрай бастайды. Алды мен Нүүрә не сұрай бастайды. Алды мен Нүүрә не сұрамақшы?

– Қандай көйлек?

– Дұрыс. Оған сен не деп жауап бересің?

– Ақ.

– Солай. Енді Нүүрәнің жеңсігі басылады, Дуунә ақ көйлек тігеді екен деп біледі. Оны айтпасақ *Дуунә йа көк, йа қызыл йа сары, йа басқа түсті көйлек тігеді* деп ойлар еді, бірақ түсін табуу қыйын болар еді. Міне, мына жаңа сөз ойымызды бұрынғыдан да көрі анығырақ қылды, көйлектің түсін көрсетті.

– Бұл тұрлаусыз мүше қай сөзге байланысты?

– *Көйлек* деген әуелгі тұрлаусыз мүшеге байланысты.

– Енді екінші «Қалқозшылар жер айдайды» деген сөйлемді алалық. «*Қызыл егінші*» қалқозына аграрном келіп, Паша Березіннен қалқозшылар қайда деп сұрапты делік: Паша: *қалқозшылар жер айдайды* деп жауап беріпті. Аграрном осы жауапқа мүсе тұтар ма, йа Пашадан тағы бірдеме сұрар ма?

– Қандай жер айдайды деп сұрар.

- Пашаның орнына сендер не жауап бересіңдер?
– Жазғы.
– Дұрыс. Оны айтпаса аграномдар қалқозшылар пар айдайды екен деп ойлар еді. Жаңа сөз ойымызды анық түсінікті қылды. *Қалқозшылар жазғы жерді айдайды.* Бастауыш қайда?
– *Қалқозшылар.*
– Байандауыш?
– *Айдайды.*
– Тұрлаусыз мүше?
– *Жер.*
– Екінші тұрлаусыз мүше?
– *Жазғы.*
– Бұл қай сөзді анықтап тұр?
– *Жер* деген сөзді.
– Бұл сөздің қай табы?
– Зат есім.
– Сүйтіп бұл тұрлаусыз мүше сөйлемді дәлдейді, түсінікті қылады, анықтайды.
– Мен онсыз да түсінемін...
Әбден түсінерсің!
Түсінбейді дейсің бе?
– Балалар шұуламандар. Үзілісте таласарсыңдар. Әзір ісімізді істелік. Леша маған ышқаптан дәптер алып берші (шәкірт алып береді). Бұл емес (екіншісін алып береді). Бұл да емес (бала аң-тан).
– Қайсысы екенін білмеймін.
– Сөйлемді тұрлаусыз мүшесіз де түсінемін дегенің қайда, жаңа? Мен заттың белгісін айтпап едім, сен қай дәптер екенін таба алмай тұрсың.
– Қай дәптер екенін мен білмейін.
– Жалпы дәптер (шәкірт алып береді, балалар күледі)
– Сөйлемге мен жанадан тұрлаусыз мүше қосқан соң бірден тапқанын көрдіңдер ме?
– Дұрыс, әйтпесе мен таба алмас едім.
– Ондай тұрлаусыз мүшелер сөйлемде өте керек екенін енді білерсің (балалар күледі)
– Ол енді ұмытпас.
– Леша, түсіндің бе?
– Балалар, шұуламандар! Енді бір неше сөйлем жазалық. Мен жайылма сөйлемдер жазамын, бірақ тұрлаусыз мүшелер мен зат есімдер орнына сызықша қойамын сендер дәптерлеріңе көшіріп, зат есімнен болған тұрлаусыз мүшеге жанадан тұрлаусыз мүше тауып жазыңдар. Ондай тұрлаусыз мүшелер қандай сұрауға жауап береді?
– *Қандай, қайшы, қай, кімнің, нешінші.*
– Ал, дәптерінді әзірлендер (тақтаға жазады): «қалқозшылар – егіске әзірленді». – «Балаға – ойыншық сатып әперді». – «Ағама қалам ұш берді». – «Қарыз – сағат (тұрлаусыз мүшеге екінші тұрлаусыз мүше қосып тақтадан көшіріп жазады).
– Жазып болдыңдар ма?
– Болдық.
– Ал, тексерелік. Дәптерлеріңді алмастырыңдар да біреуін маған беріңдер.

- Әуелгі сөйлемді Сережа Базроптың дәптерінен оқыймыз, оның дәптері кімде, оқы!
- «Қалқозшылар жазғы егіске дайарланады».
- Дүксіндікінде «күзгі».
- Майорыптікінде де солай.
- Солай, қарыз тексеріп қаралық, нүйрә Смірнва бұл сөзді қоспай оқып көрсін.
- «Қалқозшылар егіске дайарланды».
- Енді екінші тұрлаусыз мүше жауап берерлік қылып «егіске» деген сөзге сұрау қосыңдар.
- Қандай?
- *Жазғы.*
- Дұрыс. Екінші сөйлемді Зойа Керөлкованың дәптерінен оқыйық.
- «Кішкене балаға жаңа ойыншық сатып әперді».
- Солай. Мұнда зат есімнен болған тұрлаусыз мүшеге қандай тұрлаусыз мүше байланысты?
- «Кішкене» «ғана»
- Олар қандай сұрауға жауап береді?
- Қандай.
- «Кішкене» қай сөзге байланысты екенін кім айтады?
- «Бала» деген сөзге.
- «Жаңа» ше?
- «Ойыншық» деген сөзге.
- «Бала», «ойыншық» сөздің қай табы?
- Зат есім.
- Березін «жаңа» емес», «жақсы» деп жазыпты.
- Бұл сөзге сұрау қой.
- *Қандай?*
- Келер сөйлемді Роза Шернәшұуаның дәптерінен оқыйық.
- «Менің ағам қызық кітап берді».
- Зат есімнен болған тұрлаусыз мүшелерге байланысты тұрлаусыз мүшелер қайсы? Мійтә.
- «Менің» «қызық»
- Менің «орнына басқаша жазылған бар ма?
- Жоқ. Қызық орнына?
- Бәләйіп «жаңа» деп жазыпты.
- Шіркін «күйдіргі» деп жазған.
- Бұл сөздер қандай сұрауларға жауап береді?
- Қай сөзбен байланысты?
- «Кімнің», «қандай» деген сауалдарға жауап береді. Зат есімнен болған «ағам, кітап» деген тұрлаусыз мүшелерге байланысты.
- Соңғы сөйлемді және Бұрыйыптың дәптерінен оқыйды.
- «Қарыз екінші сағат».
- «Екінші»
- Қандай сұрауға жауап береді, қай сөзге байланысты?
- «Нешінші» деген сұрауға жауап береді. «Сауат» деген сөзге байланысты.
- Мұнда «сегізінші».
- Оның бәрі бір: *екінші, сегізінші, тоғызыншы* – бәрі тұрлаусыз сөздер, «нешінші» деген сұрауға жауап береді, «сағат» дегенде зат есімге байланысты.

– Енді, балалар, жақсылап ескеріңдер, зат есімге – бастауыш йа тұрлаусыз мүше бола берсін – байланысты тұрлаусыз мүшелер болады. Олар *қандай, қайсы, қай, кімнің, нешінің* деген сұрауларға жауап береді.

– Үйде кітаптарыңда көрсетілген жұмысты істейсіндер, ішінде осы сұрауларға жауап беретін тұрлаусыз мүшесі бар үш сөйлем тауып жазып келесіндер.

ҚАЗАҚ ТІЛІ

II жыл.

Теме: Түбір мен жалғау.

САБАҚ ЖОСПАРЫ

1) Сабақ жоспарын түсіндіруу – 1 мүйнет, 2) өткен білім мен байланыстыруу – 5 мүйнет, 3) жаңа білім беруу – 34 мүйнет, 4) жұмысын тексеруу, қалай білгенін байқау, үйге жұмыс беруу 5 мүйнет.

САБАҚ ЖҮРІСІ

- Қазір ана тілінен сөздің түбірі және жалғауы мен танысамыз. Түбір мен жалғаудың сөйлемде қандай маңызы барлығын білеміз.

Біз сөздің бір неше түрін білеміз. Біз *қос сөз* дегенді, *демеу* дегенді білеміз. Біз сөзді бұуынға, дыбысқа ажырата аламыз. Оның бәрі әлі жеткіліксіз. Біз сөздің жігін де білуіміз керек. Сонда сөйлемді дұрыс құра аламыз, сонда сөзді дұрыс ұстай аламыз.

Енді мына тақтадағы сөйлемді біртіндеп оқып қаралық. Сол сөйлемдер ішіндегі «сабақ» деген сөзді байқалық. Сөйлем ішінде «сабақ» деген сөздің өзгермей қала берген бөлімінің астын екі сызалық, өзгерген бөлімінің астын бір сызалық (қарастырылатын сөйлемдер күн бұрын ірі, анық, әдемі етіліп тақтаға жазылған болады. Тақтаны әрі айналдырып қойып, сабақ оқырда жазуды бері айналдырамыз). А., сен мына әуелгі сөйлемді оқы!

- «Бүгін сабақ бар».

- Сабақты біз не қыламыз?

- Оқыймыз.

- «Аса», йа «саба» десек «сабақ» деген мағна шығады ма?

- Жок.

- Сөздің мағнасы дұрыс шығуу үшін ол сөзді қалай айтұуымыз керек?

- «Сабақ» деп бүтін айтұуымыз керек.

- Дұрыс, әйтпесе сөздің мағнасы шықпайды. «Сабақ» астын екі сыз.

Сендер дәптеріңе көшіріп «сабақ астын екі сызыңдар».

- Б., сен екінші сөйлемді оқы.

- «Біз сабақта отырмыз».

- «Сабақ» айағына не жалғадық.

- «Та» жалғадық.

- Солай оны «жалғау» делік. Қандай «жалғау» жалғадық?

- «Та» деген жалғау жалғадық.

- Жалғаусыз «Біз сабақ отырмыз» десек дұрыс бола ма?

- Жок. Бір нәрсесі жетпейді.

- Несі жетпейді.

- Жалғау жетпейді.
 - Солай «Сабақ» жеке тұрса, өз алдына мағнасы бар ма?
 - «Та» өз алдына мағнасы бар ма?
 - «Сабақ» өз алдына мағнасы бар «та» өз алдына түсініксіз.
 - Солай. «Сабақ» астын екі сызалық, жалғау «та» астын бір сызалық. Осы күйінше дәптерлеріне көшіріп жазыңдар. Ш., сен үшінші сөйлемді оқы.
 - «Мен сабаққа келдім».
 - «Сабақ» деген сөзге тағы не жалғадық.
 - «қа» деген жаңа жалғау жалғадық.
 - Солай. Жалғаусыз «Мен сабақ келдім» десек сөйлем дұрыс бола ма?
- Сөйлемдегі сөздер арасы байланысады ма?
- Жоқ, байланыспайды.
 - «Сабақта», «сабаққа» деген сөздердің өзгермеген бөлімі қайсы, өзгерген бөлімі қайсы?
 - Өзгермеген бөлімі «сабақ», өзгерген бөлімі «та», «қа».
 - Өзгермеген бөлімінің өз алдына мағнасы бар ма?
 - Бар. «Сабақ» дегенде түсінеміз.
 - Өзгерген «та», «қа» жалғауларының өз алдына мағнасы бар ма?
 - Жалғаудың өз алдына мағнасы жоқ.
 - Бірақ сөйлемдегі сөздер арасын байланыстыру үшін, сөз айағын не қылұуымыз керек екен?
 - Жалғау қосұуымыз керек екен.
 - Дұрыс. Сөздің өзгермейтін бөлімі сөздің түбірі делік. Сөздің түбірге жалғанатын бөлімін жалғау делік. Жалғау сөйлемдегі сөздер арасын байланыстырады екен, бірақ өз алдына мағнасы болмайды екен. Түбір астын екі сыз, жалғау астын бір сыз. Сендер мұны осы күйінде дәптерлеріне көшіріңдер. Ж., төртінші сөйлемді оқы.
 - «Мен сабақтан шықтым».
 - «Сабақтан» дегенде жалғау қайсы, түбір қайсы?
 - Жалғау «тан», түбір «сабақ». Бұл сөйлемді «сабақ» қа жалғау қоспай айтұуға бола ма?
 - Жоқ. Онда сөздер арасы байланыспай қалады.
 - Дұрыс, соны мен жалғау не үшін керек?
 - Сөйлемдегі сөздер арасын байланыстыру үшін керек.
 - Түбір сөздің түпкі мағнасын көрсетеді.
 - Сөздің қай бөлімі өзгереді, қай бөлімі өзгермейді?
 - Түбір өзгермейді де жалғау өзгереді.
 - Солай. Түбір астын екі сыз, жалғау астын бір сыз. Сендер мұны осы күйінде дәптерлеріне көшіріңдер.
 - Д., сен соңғы сөйлемді оқы.
 - Сабақты мен оқыдым.
 - «Сабақты» деген сөз түбірінің астын екі, жалғауының астын бір сыз, сендер мұны осы күйінде дәптерлеріне көшіріп жазыңдар. (барлық сөйлемдерді көшіргенде де оқытұушы партаны аралап қарап жүреді қата қылған баланы тұрғызып, тақтадағы жазу мен салыстырып қатасын өзіне түзетіреді). Сөздің түбірі өзгере ме, түбірі нені көрсетеді?
 - Түбір өзгермейді, түбір сөздің түп мағнасын көрсетеді.
 - Сөздің өзгертін бөлімін не дейміз, ол не үшін керек?
 - Сөздің өзгертін бөлімін жалғау дейміз, жалғау сөйлемдегі сөздер арасын байланыстыру үшін керек.

- Осы мен тақтаға қысқаша жазамын, сендер дәптерлеріңе көшіріп астын сызып қойыңдар өзгермейтін және түпкі мағнасын көрсететін бөлімін түбір дейміз. Сөзден өзгермелі және сөйлемдегі сөздердің арасын байланыстыратын бөлімін жалғау дейміз. Қорытуды дұрыс көшірген көшірмегенін партаны аралап қараймыз, қатаны жоғарғыша түзетеміз).

Енді грамәтйкелерінің 62-бетін ашыңдар. (Кенесбай ұлы грамәтйкесінің 62- беті , 1933 ж. басылуы). Жоғарғы жағындағы үлгілі мектеп деген әңгімені табыңдар. «Мектепке» деген сөз айағындағы сызықша орнына мағнасына қарай жалғау жалғап оқылық. Р., сен әуелгі сөйлемді оқы. Ә., сен үшінші сөйлемді оқы. (Мұның бәрі бес сөйлем. Сүйтіп, жалғау қосып бес бала оқып шығады). Әуелгі екі сөйлемді қарыз дәптерлеріңе көшіріңдер. «Мектеп» деген сөздегі сызықша орнына керек жалғауды қосып жазыңдар. Түбір астын екі, жалғау астын (мектеп деген сөздің) бір сызықпен сызыңдар. Болдыңдар ма?

- Болдық.

- Енді қалғанын үйде көшіріп келіңдер. Сүйтіп, бүгін не білдік? (Балалар бүгін түбір мен жалғау үйренгендігін, түбір мен жалғаудың тілдегі орнын айтады). Міне, қоңырау болды, үзіліске шығамыз.

IV клас

Теме: «Салалас құрмаластан алғашқы түсінік»

САБАҚ ЖОСПАРЫ

1. Сабақ мақсатын түсіндіруу – 2 мүйнет, 2) өткен бөліммен байланыстыруу – 3 мүйнет, 3) жаңа білім беруу – 35 мүйнет, 4) Қалай түсінгенін байқау, тексеруу, үйге жұмыс тапсыруу – 5мүйнет.

Қазір ана тілінен салалас құрмалас сөйлем мен танысамыз. Күрделі ойды құрмалас сөйлем мен түсіндіреміз. Кейде ойды жай сөйлем мен түсіндіруу қыйын болады. Сонда құрмалас сөйлем ұстаймыз. Кейде әлденеше жай сөйлеммен түсіндіретін ойды да бір құрмалас сөйлем мен түсіндіруге болады.

Біз жалаң сөйлемді, жайылма сөйлемді білеміз. Бұл екеуін де жай сөйлем дейміз. Жай сөйлем, жайылма сөйлем деп қандай сөйлемдерді айтамыз? Шәміл, сен тұрып айтып берші (бала тұрып айтып береді).

- Ал мен екі жай сөйлем айтайын: «Қалқозға тірактірі келді». «Қалқоз егіске шықты». Бұл екі жай сөйлемді тақтаға жазайын, сендер дәптерлеріңе көшіріп алыңдар. Осы екі жай сөйлем бірінен бірі кем бе, әлде екеуі тең бе?

- Екеуі тең.

- Солай, бірақ түпкі мағналар арасында байланыс бар ма?

- Бар.

- Дұрыс, олай болса осы жай екі сөйлемді құрмалап, бір сөйлем ішіне ійіріп көрейік. Әлгі екі сөйлемді мен былай жазайын:

Тірактірі келді де, қалқоз егіске шықты. Мұнда неше жай сөйлем бар?

- Екі жай сөйлем бар.

- Ол екеуі бірінен бірі кем бе?

- Тең.

- Олардың арасын немен құрмаладым?

- «Де» деген демеу мен.

- Солай. Екі тең жай сөйлем арасын байланыстырғанда, құрмалағанда неше сөйлем болып шықты?

- Бір сөйлем болып шықты.

- Дұрыс. Ол екі жай сөйлемді, екі шала сөйлем қылып айырып жіберууге келе ме?

- Келеді.

- Дұрыс. Бұл екеуі де біріне бірі тең қолдың екі саласындай тек жапсары құрмаласып тұрған жай сөйлемдер. Мұндай сөйлемді салалас құрмалас дейді. Енді тағы екі жай сөйлем алалық: «Жаңбыр жауды». «Жер көгерді». «Жаңбыр жауды да жер көгерді». (тақтаға жазамын).

- Әуелгі екеуі қандай сөйлем? Соңғы екеуі қандай сөйлем?

- Әуелгі екеуі біріне бірі тең жай сөйлемдер. Соңғы екеуі қандай сөйлем?

- Әуелгі екеуі біріне бірі тең жай сөйлемдер, соңғы екеуі де біріне бірі тең жай сөйлемдер, бірақ салалас құрмаласқан сөйлемдер.

- Дұрыс. Тең жай сөйлемдер құрмаласса, салалас құрмалас болады. Бұл сөйлемдерді көшіріп алыңдар. Тағы екі сөйлем алалық: «Мен айттым». «Ол тыңдамады». Қандай сөйлемдер?

- Жай сөйлемдер.

- Оны бұлай айтсам ше? «Мен айттым, бірақ ол тыңдамады».

- Салалас құрмалас.

- Қайдан білдіңдер?

- Екі тең жай сөйлемдер құрмаласқан.

- Дұрыс, мұны да көшіріп алыңдар. Енді үш сөйлем алайық: «Бқлттан қар жауады». «Бұлттан жаңбыр жауады», «Бұлттан бұршақ жауады» Бұл қандай сөйлемдер?

- Жай сөйлемдер.

- Енді оны бұлай айталық: «Бұлттан не қар жауады, не жаңбыр жауады, не бұршақ жауады». Бұл қандай сөйлем?

- Бұл салалас құрмалас сөйлем.

- Неге?

- Бұл үш жай сөйлемнің үшеуі де біріне бірі тең, тек аралары құрмаласқан.

- Дұрыс мұны көшіріп алыңдар. Енді салалас құрмалас сөйлем деген не екенін кім айта алады?

- Жай сөйлемдер біріне бірі тең болып салалас байланысса, салалас құрмалас дейді.

- Дұрыс. Ал, енді осы қорытуды мен тақтаға жазайын, сендер дәптерлеріне көшіріңдер. Көшіріп болдыңдар ма?

- Болдық.

- Енді мына тақтаға жазған әр екі жай сөйлемнен, бір құрмалас сөйлем жасап жазыңдар. 1) «Ол оқыды». «Мен тыңдадым». 2) «Мен сені күттім». «Сен келмедің» 3) «Ол бүгін келер». «Ол ертең керек». Жазып болдыңдар ма?

- Болдық.

- Дәптерлеріңді алмастырыңдар да біреуін маған беріңдер (сүйтіп, жазғандарыңды тексеріп шығамын). Енді өздерің бір бірден салалас құрмалас сөйлем ойлап табыңдар. Ауызша ойлап тапқан сөйлемдеріңді де тексеріп шығамыз. Енді үйлеріңде екі салалас құрмалас сөйлемнен ойлап тауып жазып келіңдер. Кітаптан оқыңдар, сөздерден, мақалдардан, жұмбақтардан алсаңдар да болады. Бүгін не үйрендік? (бір бала айтып шығады). Міне қоңырау болды.

Шонан ұлы Т.

IV. Жазуға үйретүүдің әдісі

Жазуға үйретүүдің мақсаты мен қоғамдағы маңызы

Жазуға үйретүүдің мақсаты – оқытұшыларды шапшаң, анық, шама келгенше әдемі жазуға үйрету. Шапшаң, танымалы, анық, көркем жазуудың күнделік тұрмыстағы керектігі өзінен өзі белгілі. Ондай жазууды оқу әрі оңай, әрі сүйкімді. Оның үстіне шапшаң жазуу үстіміздегі сатсыялдық құрылыс дәуірінде өте қажет. Байандама жазуу керек пе, тез іс жасау керек пе, жыйылыста, сійезде сөйлеушілер сөзінің керекті жерін қысқаша қорытып алу жазып алу керек пе, қатшы болып пыртакол жазып отырру керек пе – бәріне жылдам жазуу керек.

Көркем жазуға үйретуу оқушыларды тыйанақтылыққа, жұмысын шапшаң, құнтты, көркем әдемі істеуге баулайды. Еңбегінің жемісі адам сүйсінерлік болып жазуға тырыстырып тәрбійелейді.

Көркем жазуу емлеге көмекші. Осы күнгі редактірдің айтуына қарағанда әдемі көркем жазуу емле қатасы аз болуына себепші. Міне, мұның бәрі көркем жазуудың қоғамдық маңызының зорлығын көрсетеді. Көркем жазуға үйрете алмаса, мектеп өзінің қоғамдық бір мақсатын орындай алмаған болады.

Төңкерістен бұрын Ресей жазуға үйретуу мектепте өз алдына жетісіне екі сабақ болып жүретін еді. Батыс елдерінде «каллиграфия», орыс мектептерінде «шійстопійсанійе», «скропійсанійе», татар мектептерінде «күснійкат», «матұр жазуу» қазақтың жақсы медіреселерден оқып шыққан мұғалымдары оқытқан мектептерінде «көркем жазуу» атағымен жүрууші еді. Ол кездегі көркем жазуушылар шапшаң жазуу мен әдемі жазуға үйретсе де әдемі қылып көшіріп жаздыра беретін еді. Баланы жалықтыратын еді, ішін пыстыратын еді, ойын тербетіп, сергітүүдің орнына жасытатын еді.

Бұл әрйіне көркем жазуудың өзінің кемшілігі емес, оны үйретуу әдісінің кемшілігінен болған нәрсе. Соңғы жылдары көркем жазуу мектепте ұсталмайтын болып кетті. Әдіс кітаптарында да көркем жазуу тұуралы жөнді жөн-жоба көрсетілмейтін болып кетті. Орыс тілінің осы күнгі әдіскойы Апанасійеп йа басқалары да бұл жағына қанағаттанарлық көңіл бөлмейді. Біздің ж. Сарбай ұлы Шамғалый сыйақты ана тілінің әдіскойлары да 1932-жылы шыққан «Жаздыруу үйретүүдің әдістері» кітабында тап жазуу тұуралы тек жарты беттік қана немқұрайлы етіп жалпы ойын айта салған. Көркем жазуудың мұндай күйге ұшырауының бір себебі – төңкерістен бұрын көркем жазуу үйретуу әдісінің нашарлығынан оқытұшылардың заразат болып қалуы. Екінші себеп соңғы жылдар педагогійке дүнйесінде болған солақайлық. Ол солақайлықтың бет пердесі ашылған соң, Паргыйа орталық кәмететінің 5/IV. 31-жылғы қаулысынан соң шыққан ана тілінің тұрақты пыроғырамында көркем жазуға үйретуу өз алдына жұмыс тарауы болып кірген. Ендігі жерде сауат аштыруу граматійке әдісін қалай зерттесек, қалай жөнге қойуға тырыссақ, көркем жызуу әдісін жөнге қойуға да сондай тырысуымыз керек. Көркем жазуға үйретуу ана тілінің басты міндетінің бірі екендігін ұмытпауымыз керек.

Жазу мен оқуды қалай сабақтастыруу мәселесі

Жазу үйретууде мынадай мәселе тұуады: жазу мен оқу қатар жүруу

керек пе, йа ілгерілі кейінді бөлек жүруу керек пе? Бұған үш түрлі көз қарас бар: 1) оқу мен жазуу бірге, қатар, қанаттас жүрсін деген ағым. 2) оқудан бұрын жазууға үйретуу керек деген ағым. 3) жазудан бұрын оқуға үйретуу керек және оқуды жазуумен байланыстырам деп жатпау керек деген ағым.

Алды мен соңғы мәселеден бастайық. Мұны соңғы кезде көтеріп отырған Герменәйенің Лінділер деген педагогі. Мұның да өзінше дәлелдері бар. Ол дәлелдер қысқаша мынау: оқу – көз бен құлақ жұмысы, тіл жұмысы жазуу – қол жұмысы, қыймыл жұмысы. Сөзден қол шабан. Көзден қыймыл шабан. Екінші шабан мен жүрдекті шатастырмау керек. Жүрдек оқуды шабан жазудан бұрын жіберуу керек. Жазууға оқу жол ашып берсін. Оның үстіне денсаулық, педагогәйкелік жағынан да бұл дұрыс. Үйткені оқу денеге оңай, жазуу қыйын. Дұрыс отырып, дұрыс қалам ұстап жазудың өзі жұмыс. Дұрыс отырмаса бала ауруға шалдығады. Міне, Лінділердің дәлелдері осы. Осы дәлелдер зілді ме? – Жок. Көз, құлақ, тіл, қол барлығын қанаттас жаттықтырса біздіңше білім сенімді, байыпты бола алады. Сондықтан мій жұмысы мен қол жұмысын бөлүү деген Лінділердің әрйіне буржууашылық көз қарасынан тұған пікір. Екінші дәлелі де сын көтермейді. Үйткені дұрыс отыруу денсаулық сақтау оқу үстінде де, жазуу үстінде де керек. Лінділер ақылы бізге қонбайтын ақыл.

Оқудан бұрын жазууға үйретуу керек деген жолды бастауыш Літаліенің атақты педагогі Монтессоріе деген әйел, «балаларымыз жазууға көп әзірленді, құлақ, көз, тіл жұмыстарында бала өзінің келешегіне әзірленді. Бала тегіс йә бұдыр нәрсені сыйпағанда ұяларға жұмыр нәрселерді салып сұуырғанда, геометріе мандерінің айеаласын қолы мен сыйпағанда – қол түрлі нәрселерге жаттықты. Енді бала әзір тұр, тәжірәйбесін жазуда сынап көрууге талпынады» дейді. Монтессорі әдісінің жақты пайдалы жерлері көп, оқытұшылар Монтессорідің «Менің әдісіме жол басшы» және «Үйлер» деген кітаптарын оқып танысуулары керек. Лендерендер мен Монтессор айтып отырған да біздің сауаттандыруу әдісімізге үйлесе қоймайды. Таза түрде оқуды жазудан бөліп бұрын оқытууға келмейді.

Біз баланы анализ-сінтез (талдау-ұластыруу) әдісі мен сауаттандырамыз. Сөзді талдатамыз, қайтадан сінтез жасатамыз, сөзді шырпыдан құратамыз, жаздырамыз. Олай болса анализ-сінтез әдісі мен сауат аштырғанда амалсыз жазуу мен оқуу қанаттас қатар жүруу керек. Біздің әріптеріміз де солай жазылған. Іс жүзінде солай етіп келеміз. Мұның артықшылығы көзді, қолды, құлақты қатар тәрбійелейді. Онан білім жұғымды болады. Бірақ оқуу мен жазуу қатар жүрсін дегеннен бір мүйнітте екеуі де қатар жүрсін деген шықпайды. Тек екеуі қанаттас сүйемелдене жүрсін деген ғана шығады. Мәселен, бала бір сөзді оқйды. Енді оны көшіріп жазды, йа шырпыдан, кеспе әріптен құрайды. Ол жазғанын йа құрағанын тағы оқып шығады. Міне, осы сыйақты оқуу мен жазуу қанаттас жүреді. Керек кезніде әрйіне өз алдына оқуу, өз алдына жазуу сабақтары да болады. Әйтпесе осы екі жұмыс іргелес, қанаттас көшіп отырады. Қол мен әріп жазбай ақ сөзді шырпыдан да кеспе әліппеден де құрау да жазуудың бір түрі.

Жаздыруу әдістері

Жазууға үйретуу әдісі сауат аштыруу әдісі мен байланысты. Бүгін сөз әдісі мен, былайша айтқанда анализ әдісі мен, сауат аштыратын елдерде

жазуу да анализ әдісі мен жүргізіледі. Әмерійкеде анализ әдісі мен сауат аштыруу күшті. Сондықтан Әмерійке педагогтері мектептері жазуу үйреткенде анализ әдісін ұстайды. Бұл әдіс бізге қолайлы ма? – Жок. Неге? Оған былай жауап берууге болады. Алдымен Әмерійке жазууы ағылшын жазууы. Мұнда мәселен псіқалогіе деп жазады да «сайколожи» деп оқыды. Бүтін жазуу мен оқууды олардың емлесі амалсыз керек қылады. Сондықтан оларда тұтас сөз жазып сонымен кетеді. Біз тұтас сөз әдісімен сауат аштырамыз. Екінші әріп пен бөлшектерін білмеген соң балалар дұрыс йа бұрыс жазғанын тексере алмайды. Екінші мұны мен біздің оқытуушыларымыз жұмыс істеп көрмеген, сондықтан мұны іске асыруу қыйын. Оның үстіне анализ әдісі мен жаздырғанда әуелі көп дайарлық жұмысы керек.

Ол да бұл күнде оқытуушыларымыздың қолынан келмейді. Анализ әдісі мен үйреткенде әуелі жеке әріп, бөлшектерді жазғызбай, бірден тұтас сөзден бастайды. Мұның артықшылығы сөзді әріп-әріпте білдірмей, балаға сыр еткізіп үлкен кісідей жаздыруу. Деген мен артықшылығы жоғарғы кемшіліктерін басып кетеді. Онан соң бүтін сөзден бастап жазған соң ылғый жазууға оңай әріп құралған сөздерді тауып жасау қыйын. Амалсыз қыйын әріпке соқтыруу керек. Қыйын әріптен жазууды бастаған болмайды.

Жазуу үйретуудің екінші әдісі сінтез әдісі. Бұл әдісті Еуропада, кеңестер одағында көп ұстайды. Сінтез әдісі мен әріп үйреткенде балалар әуелі әріп, әріп бөлшектерінен бастап үйренеді де содан жаттыға келе сөз бен сөйлем жазууға көшеді. Әріпне сінтез бұлайша айтқанда дыбыс әдісі мен сауат аштырғанда ұстауға бұл әдіс өте қолайлы.

Педәгәгійке карауылынан да сөз ішіндегі әріптердің маңызы зор. Жеңіл әріптерден бастап жазууға үйретуу үшін де бұл әдіс оңтайлы. Сондықтан сінтез әдісі анализ әдісінен жазуу үйретуу үшін көп артық. Онан жеңіл әріптерді бұрын, қыйын әріптерді кейін жазууға да жеңілден ауырға жолққуға да бұл әдіс дұрыс. Бұл жол жазууды белгілі жүйе мен жүргізеді.

Бірақ, бұл жолдан таймай ұстап отырууға келмейді. Кейде бүтін әріпті, тұтас сөзді де сауат аштыруу сатысында жаздырууға тұра келеді. Мәселен шырпыдан сөз құрастыруу, кеспе әліппеден құрастыруу тақтадан бүтін сөзді баспа түрінде көшіруу сыйақты жұмыстар әуелгі сабақтарда кездеседі. Бұл нақ қол жазуу емес, деген мен жазуу емес деп те айтұға болмайды. Біз анализ, сінтез әдісімен сауат аштырамыз. Тұрақты әліппеміз де сол әдіспен жазылған. Сондықтан бізге сінтез, анализ әдісі мен жазуу үйретуу тийімді.

Жазууға қойылатын шарттар

Жазуу қандай шарттарға тұра келууі керек? Жазуудың қасиеті – танымалдығында. Сондықтан жазуу ең алдымен танымал анық, тақырға бастаған тайдың ізіндей болуу керек. Онан соң жазуу шама келгенше көз тартарлық көркем, сұлу болуу керек. Қандай жазуу анық, танымал, көркем болады? – Көркем, анық, танымал жазуудың әріптердің ірілігі бір келкі болады, әріп арасының алыс жақындығы бірдей болады. Әріп арасы шалжақ та, тығыз да келмейді, әріптері, әріптерінің бөлшектері бір ыңғай көлбеулі, йа бір ыңғай тік тұрады. Жол түзуу шығады, әріптердің арасы үзілмей бір сөз тұтас жазылады, жазуу күлдей ұуақ болмайды. Көзге жеңіл боларлық ірі болады, әріптің тийісті жерлері жуан йа жіңішке жазылад, жазуу таза болады.

Мұның үстіне бала жылдам жазуға да үйрену керек дедік. Жылдамдық мөлшері ана тілі проғрамында бар. Сондықтан оған бұл жерде тоқталмаймыз.

Тік жазу мен көлбеу жазудың қайсысы дұрыс. Мұның қайсысы артық екендігі әлі шешілмеген. Бірақ, әліппелерде, қолжазбаларда көбінесе көлбеу жазу ұсталады. Сондықтан әрине әріпті оңға көлбейту керек, солға көлбейтіп жазуға жазу әдісі қарсы.

Жазу түріне әсер ететін себептер

Жазу түріне қандай себептер әсер ететінін де білуді керек. Сол себептерді білсе, оқытушы жазудың кемшілігі мен күресе алады, жазуды жақсарту жолдарын аңғарта алады. Жазуға әсер ететін себептерді тексерген Рібес, Прийман деген кісілер. Соны Еуріпәнің кітабынан алып көрсетеміз.

Жазу кемшілігі

Жазу кемшілігі	Себептері
Тым көлбеген жазу	1. Жазатын қол денеге тым жақын ұсталады. 2. Бас бармақ тым қатты басылады. 3. Қалам ұштың ұшы қолдан тым қашық. 4. Қағаз алда дұрыс жаппайды. 5. Қаламды басып жазатын жері дұрыс бағытталмаған.
Тым тік жазу	1. Қол денеден тым қашық ұсталады. 2. Саусақ қалам ұшына тым жақын. 3. Қалам ұшты жалғыз тек сұқ қол ғана жүргізеді. 4. Қағаз алда дұрыс ұсталмайды.
Тым басып жазу	1. Қалам ұш тым көлбеу йа тым тік ұсталады. 2. Қалам ұш қырын ұсталады. 3. Қалам сап тым жуан.
Жазу барыстары мен сүйір сойдақ	1. Басбармақ тым қатты басылады. 2. Қалам тым бос ұсталады.
Жазу бір келкі емес қыйралаң	1. Қол жеңіл қыймылдамайды. 2. Қол тым жай қыймылдайды. 3. Қағаз бетін түрткілей береді. 4. Ыңғайсыз отырады, йа дұрыс отырмайды.
Тым созып, сермеп оралтып жазу	1. Қалам ұш оң жаққа тым шапшаң қозғалып отырады.
Әріптер мен әріп бөлшектерінің арасы тым алшақ.	1. Жан жаққа қол тым басын алшақ орғытып, аттатудан болады.

Қазақ мектебінде жазудың қандай кемшіліктері бар

Жоғарғы айтқан кемшіліктер қай елдің мектебінде болса да біреуінде аз, біреуінде көп ұшырай береді. Әрине ол кемшіліктерден қазақ мектебі де құр емес. Оның үстіне біздің мектебіміздің жазуларында өзгеше кемшіліктер бар. Көп мектептің жазуларын көре жүргенде, өте-мөте көзге түсетін кемшіліктер мыналар.

Қазақ оқытушылары бас әріпті дұрыс жаза білмейді. Мұның себебі бұл әріпті оқытушылармыздың көпшілігі білмейтіндігі. Екінші себеп 1930-жылы басып шығарған бес әріп кестесінде Қазақстан баспасының

бас әріп түрін бұзып басуы. Бас әріптің ішінде өте-мөте бұрыс азатындары: **Т, Л, Е, Й, У, Б, К**. Дұрыстарында **Т** қолжазбасы орыстың 9 әрібінің қолжазбасындай болуы керек. **Й** – орыстың бұрынғы жалғыз сайақ **й**-індей болуы керек. **У** орыстың **У**-нің үлкеніндей жазылғуы керек. **З** ортасын бүккен жеті сыйақты жазылғуы керек. **К** орыстың үлкен **Н** дай жазылғуы керек.

Кішкене әріптен мектепте көбінесе дұрыс жазбайтындар: **к, ғ, к, т, ұ, н**. Онан соң **с** мен **ш**-ны бір біріне ұқсатып жазуы. Дұрысында **к** мен **т**-ның тұяғы жолдан жоғары көп асып тұрғуы керек, ол сабақты солға қарай құрық бұуындай бүкпеу керек. **У**-дің соңғы тайағын жоғары тым созып, қайғалаңдырып жібермеу керек. Мектепке **н**-ды **ұ** сыйақты жазып баруы, құйрық қосады, сонда **н** әрібі сыйақтанып шығады, ол дұрыс емес. **Ж** ны **с** сыйақтандырмай **ш**-мен бірдей қылып жазуы керек те, құйрық іле салғуы керек.

Үшінші кемшілік – әріптің іркіс-тіркіс жазылғуы бір келкі жазылмауы, жолдың қыйсықтығы. Бір әріп жоғары шапшып тұрса, жанындағы әріпті пыштайтып, жапырайтып қана қояды. Бір әріп сызықтың үстінде көлбеу жатады, екінші әріп сызыққа сабағынан ілініп тұрады, үшінші әріп кермеге түскен малдай сызыққа оратылып жатады, енді төртінші әріп сөз бен сөз арасын дұрыс бөліп йа дұрыс қосып жазуы да жоқ. Әріпті йа қосып, йа айырып жазғанын айыруы да қыйын. Әріптер мен сөздер арасы бірге дейін десең, бөлек сыйақты, бөлек дейін десең бірге сыйақты болып жазылады. Дұрысында бөлек жазылған әріптердің йа сөздердің арасында үш ырғақ пен (үш такт)жазылатын **м** әрібі сыйғандай болуы керек. Бұл кемшіліктердің себебі көп: 1) Біздің жазылғуы әдісі басылып шыққан жоқ. 2) Бізде көркем жазуы әдісі болған жоқ. 3) Арап әліппесімен жазуы үйреткен оқытушыларымыздың жаңа әріптердің сыры мен жазылуы мен жөнді таныс еместігі. 4) Жазуудан бұрын әзірлік ұмыстар жүргізілмейді. 5) Оқытушылар әдіске шорқақ болған соң баланы дұрыс отырғызып, дұрыс жазғыза, дұрыс қалам ұстата білмейді. 6) Жазуы тұзейтін қолайлы қалам, дәптер ұсталмайды. 7) Програмда жазуы тұуралы айтылған бөлім оқылмай қалады.

Жазуға әзірлік жұмыстары

Жазуға үйретпестен бұрын балаларды бір аз әзірлеп алғуы керек. Сонда жұмыс жемісті болады. Әзірлік жұмысының бастылары мыналар.

Дұрыс оқытуға дағдыландыруы. Жазуға да оңтайлы, денсаулыққа да қолайлы. Жазғанда дұрыс отырмағандықтан денсаулыққа зыйан келеді. Мәселен, басты тым төмен бұғып отырса, көз қалуына себеп. Бүкірейіп отырса омыртқа қыйсайып, баланың бойы ілмек болуына себеп. Үстелге көкірегін тіреп отырса, баланың көкірегіне ауруы пайда болады. Жазғанда баланы еркін отыруға, жазғанға ыңғайлы отыруға, денесіне зыйан келмейтіндей отыруға дағдыландыруы керек. Жазғанда бала үстел шетіне көкірегін тийгізбей, жерге не үстел табанына айағын тіреп, сол айағын ілгерірек созып, тік отыруы керек. Айақ үстіне айақ салып отыруға болмайды. Дұрыс отырғанда екі қол үстелдің үстінде жатады да, оң қолдың шынтағы үстел шетіне жақын тақтаға тіреліп жатады. Сонда оң қол жазғанда еркін қыймылдайды. Сол қол денені сүйемелдеп, дәптерді ұстап қозғалтып отырады. Екі йық көтеріңкі болуы керек. Жаздыруы әдісіне жаппағанымен оқытушыларға пайдасыз болмас деген ой мен парта жайынан қысқаша айта кеткен жөн. Парта әрі дұрыс отыруға келетін болуы керек.

Баланың бойына сәйкес емес парта жазуға мүмкін емес. Баланың бойына сәйкес жазуға ыңғайлы деп мынадай партаны айтамыз. Тізесі тік (90%) бүгіліп, табаны жерге йа партаның табалдырығына тйіп отырса. Парта отырғышының бйіктігі баланың бойына сәйкес дейміз. Тік отырған оқушы екi қолын шынтағынан тік бүккенде шынтақтары партаның үстінде тақтасына тйіп жатса, партаның өзінің бйіктігі баланың бойына сәйкес дейміз. Мұны екінші сөз бен айтқанда партаның жоғарғы тақтайы баланың төс сүріншегінің деңгейінде тұрсын. Парта тақтайы мен отырғыш тақтайының жатық шегі сығылысып мінгесіп те кетпесін, шалқақ бірінен бірі қашық та тұрмасын, парта тақтайының жоғарғы шетінен түсірген тік сызықтырғыш тақтайының шетіне жанап өтетін болсын, йа парта мен отырғыш тақтайы сәл қауысып тұрсын. Партаның үстіндегі тақтайы балаға қарай сәл бейім болсын, сонда көп еңкеймейді. Партаны құлама жағында жазуға кедергі боларлық ешбір бөгет болмасын.

Қалам мен дәптерді дұрыс ұстауға үйретуу

Жазудан бұрын басталады. Бала бір нәрсеге өте тез дағдыланады. Дұрыс отырмауға, дұрыс қалам ұстамауға да тез дағдалынады. Сондықтан баланы салғаннан дұрыс қалам ұстауға, дұрыс оқуға үйретуу керек. Дұрыс отыруу, дұрыс қалам ұстап үйренбеген баланы, артынан түзеу қыйын.

Қаламды баспармақ сұқ қол, ортаң қол үшеуімен ұстау керек. Қаламның оң жағы ортаң қолдың сол бүйіріне, сол жағы баспармақтың ішіне сүйене жатады да, сұқ қол қаламның үстінде жатады. Сұқ қолды тартып алғанда қалам түсіп қалмасын. Атсыз саусақ жазуға кедергі болмас үшін ішке қарай сәл бүгіледі де, шынашақтың тырнағына жазған қол тіреледі. Сондықтан шынашақ тіктеу ұсталады. Қолдың басы дәптерде жатпау керек. Білек пен қолдың басы шынтақ айналасында еркін қозғалып отыруу керек. Қалам үш сұқ қолдан үш сәнтиметірдей артық тұрру керек. Қалам үш қағаз бетіне 45° көлбей тйіуі керек. Жазғанда қаламды қатты қысып ұстамау керек. Қатты қысқаннан саусақ еркін қозғала алмай, қатты шаршайды. Әуелгі кезде бала сұқ қолды өте қысып ұстайды. Сонан бара-бара үлкейгенде жазғанда қол қалтырай бастайды. Шынында сұқ қол қалам үстінде еркін тұрады да, тек қаламды тербетуге жәрдем беріседі.

Дәптерді, қағазды солға таман бұрып, шеткі бұрышын көкірек тұсына келетін қылып қыйғаштау ұстау керек. Жол біткен сайын дәптер жоғары шығарыла береді. Дәптердің жоғарғы жағынан ол қолдың басы сүйемелдеп, қозғалтып отырады.

Қалай отырууды, қалай қалам мен қағаз шыққаннан, балаға оқытушының өзі көрсетіп беруу керек. Сонда балаға түсініктірек болады. Бала оқытушыға еліктеп дұрыс отырууға, дұрыс ұстауға тырысады.

Балаларды жазуда ұшырайтын *терміндер* мен таныстыруу керек. Ондай ұшырайтын терміндер, жатық сызық, жіңішке сызық, оралма сызық, сопақ, тайақ, бүгуу, ілуу т.т. Оның үстіне жазу құралдары мен, саусақ аттары мен қол бөлімдерінің аттары мен таныстыруу керек.

Баланың *көзін, қолын жаттықтырууда* әзірлік жұмысына жатады. Сүуреттер, сызықтар арқылы баланың қолы мен көзін жазуға жаттықтыруу үшін мына жұмыстар жүреді:

а) Әуелі балалар солдан оңға қарай, оннан солға қарай жазық сызып жаттығады.

б) Тік және көлбеу тайақтар, сонан соң тік және көлбеу сызықтар сызып жаттығады.

ш) Көлбеу тайақтардың төменгі жағы әуелі оңға бүгіп, сонан соң жоғарғы жағы бүгілген, онан соң екі басы да бүгілген тайақшалар жазып, дағдыланады. ж) Үлкен, кішкене доғаларды алдымен солдан оңға қарай, онан соң оңнан солға қарай жазып үйренеді. д) Сопақшаларды, шала сопақшаларды (сопақ дөңгелек) солдан оңға қарай, оңнан солға қарай жазып дағдыланады.

Бұлардың бірін біріне қосып жазуға да болады. Мәселен сопақшаларды (сопақ дөңгелек) бір біріне қостыруға болады. Тайақшаларды бір біріне асты үстінен қостыруға болады. Сопатшалар мен тайақшаларды қостыруға болады. Әрйіне тайақшаларды астынан қостырса ұ сыйақты, үстінен қостырса н, м сыйақты, сопақшалар мен тайақшаларды қостыра а, д, г сыйақты болып шығады. Сүйтіп әзірлік жұмысын әкеп әріптің бөлшектерін, әріптің өзін жазуға араластырамыз.

Қазақ әріптерінің элементтері

Қазақ әріптерінің бөлшектері бар. Ол бөлшектерді *элементтер* дейміз. Әріптердің элементтері мыналар: 1) басынан айағына дейін қыйындығы бірдей түзу көлбеу сызық. (№1 сур. қара). 2) Төменгі жағы бүгілген түзу сызық. (№2 сур. қара). 3) Жоғарғы жағы бүгілген түзу сызық. (№3 сур. қара). 4) Екі басы бүгілген сызық. (№4 сур. қара). 5) Сопақшалау дөңгелек (№ 5 сур. қара). 6) Оң жағы кемеш жалаң, сопақ. (№6 сур. қара). 7) Сол жағы кемеш, шала сопақ. (№7 сур. қара). 8) Қылдырықтай жіңішке сызық. (№8 сур. қара). 9) Оратылма (жыйратылма) сызық. (№9 сур. қара). 10) Сүйір сызық (№10 сур. қара). Бұл элементтер жеңілінен бастап ауырына қарай жазылады.

Сыйпырлардың элементтерінде осы әрпі элементтеріне келеді. Сондықтан керекті жерінде сыйпырлар да жазыла кетеді.

Әріптерді жазғызу реті

Әріптерді жазғызбастан бұрын оның элементтерін жазғызып жаттату керек. Онан соң әріп, сөз, сөйлем жазылады. Балаларға әріп элементті, жеке әріптерді жазғаннан сөз бен сөйлемдерді жазған қызғылықты. Сондықтан әріп элементтері мен тұтас сөз жазудың арасын тым ұзақ созбай, тез тез жазуға көшіп отыру керек. Бірақ тым ірі әріпті жазу балаларға ауырлау екенін ескеру тийіс. Ірі жазуға баланың қолы жаттыққан соң, сағылап жазуды уақтата беру керек. Бірақ, тым ірі әріпті жазу балаларға ауырлау екенін ескеру тийіс. Төртінші кіласта балалар анық және шапшаң жазатын болсын. Тым уақ жазу баланың қолын бұзады. Қай кіласта жазудың ірілігі қандай болу керектігі тұуралы ана тіл пырағырамында көрсетілген. Әріп ірілігін сол пырағырам айтұуына қарай жүргізу керек.

Әріптеріміздің жазу үшін қыйындығы бірдей емес. Бір әріптеріміз жазуға жеңіл, біреулері қыйын. Бір әріптеріміз басқа әріпке қосымша элемент тіркеуден шыққан тұуынды әріптер. (№11 сур. қара). Сондықтан әріп-

тегі әліппе ретімен емес, жазуға қыйындығына, бөтен әріппен үйлестігіне қарай, жаңілден ауырға қарай сатылап жаздыруу керек. Осылай еткенде әріптер мынадай ретпен жазғызылады: Әуелі төменгі жағы йілген түзуу сызықты әріптер жазғызылады. (№13 қара). Онан соң сопақ дөңгелекті йа оң жағы немесе шала сопақты (жақ) әріптерді жазғызады. (№14 қара). Мұнан соң бұуылтық қалдырған әріптерді жазғызады (№15 қара).

Кішкене әріптерді дұрыс жазуға балалар жаттыққан соң бас әріптердің жазылдуына көшеді. Бас әріптерді де оңайлығына, үйірлестігіне қарай сатылап жазғызады. Әуелі кішкене түрі мен үлкен түрі ұқсас түзуу сызықты бас әріптер жазылады. (№16 қара). Онан соң кішкене түріне ұқсамайтын түзуу сызықты йа ұшы бүгілген түзуу сызықты бас әріптер жазылады (№18 қара). Сонан соң кішкене түріне ұқсамайтын негізгі элементі түйір сызығына оратылма сызықтар араласқан әріптер жазылады. (№19 қара). Ең соңынан кейбір бас әріптерді әшекейлеп жазуға үйретеді. Әріпті әшекей жазуға үйретуу бастауыш мектепте міндет те емес.

Сызықты дәптер

Оқушылар әріптердің ірілігін бірдей етіп біркелкі көлбетіп, әріп араларын тең жазуға үйренуу үшін сызықты дәптер йа сызықты қағаз ұсталлады. Кішкене әріпті жазуу үшін ұсталатын дәптердің сызығы екі түрлі, жатық сызық және көлбеу сызық. Жатық сызық әріптердің бийіктігі мен жолдың түзуулігін көрсетеді. Жоғары төмен шыққан сабағы **а, е, о, ш, м, ү** сыйақты әріптің жоғарғы жағы үстіңгі жатық сызыққа, астыңғы жағы төменгі жатық сызыққа тийіп тұруу керек. Сабақты **қ, ғ, г, п, һ, л, б, д** сыйақты әріптердің сабағы келер жолға жетіп тұрады. Тек **т** ның сабағы келер жолдың ортасынан тоқтайды да белінен тартылған сызығы **ш, а** сыйақты әріптер тоқтаған сызықтың үстінен тартылады. Құйрықты әріптердің құйрығы әріп жатқан жолдың астынан қойылады да келер жолға жеткізілмейді. Көлбеу сызықтар әріптің негізгі сызығының бағытын көрсетеді, негізгі сызықтарды түзуу тартууға жәрдемші болады. Ұштары бүгілген түзуу сызықты элементтер көлбеу сызықтың үстін баса жүреді де, қайрылатын ұштары екі сызық бұрыштарына жеткен жерде бұрыш пен тік бұрылмай құддуап болып бүгіледі. Кемеш сопақ элементтердің бүйірлері көлбеу сызықтарға тийгізіле тордың ішіне жазылады. Әріптің ем мен аралығын көрсетуу үшін көлбеу сызықтардың арасы мөлшерлі болады. Көлбеу сызықтардың арасы йа әріп бийіктігі, йа жартысындай болады, йа жартысынан сәл артық болады. Көлбеу сызық жыйы болған соң баланың көзін бұлдыратады деседі. Олай болса бала жаттыққан сайын көлбеу сызық арасын сійрете беріп, соңғы жылдары тіпті алып тастау керек.

Осы күні көлбеу сызықты дәптерлер ұшырамайды. Оның себебі жоғарыда айтқан болар.

Әйтпесе тек жатық сызықты дәптер қолға түссе, алғашқы жылдары қолдан көлбеу сызық тартып алған дұрыс. Кереге көз дәптер жазуу жазууға жарамайды. Ондай дәптерлер есеп шығарууға қолайлы. Әзір сызығы жоқ дәптерлер йа ақ қағаз қолға түссе, оларды балалар қолдан сызып алады. Дәптерді қалай сызууын оқытуушы балаларға көрсетіп, сызық аралары қандай болуу керектігін түсіндіріп беруу керек. Дәптер бұлай сызылады: көлбеу сызық бұрышы 45° - 50° болады. 45° көлбеу сызық сызу үшін дәп-

тердің жоғарғы сол бұрышынан екі жағына қарай ұзындығы бірдей бөлімдер белгілейді де араларын қосады. Міне сонда 45° көлбеу сызық болып шығады. 50° көлбеу сызық сызу үшін дәптердің жоғарғы сол бұрышынан төменгі жағына төрт үлес бөледі де, ең соңғы нүктелер арасын қосады. Сонда 50° көлбеу сызық шығады. Басқа сызықтарды осыған параллель қылып өлшемей ақ сызса қырлы сызғыш пен сыза береді.

Мұндай сызықтарға шаршы қырлы линейке қолайлы. Әйтпесе міліметрге бөлімге жалпақ линейкеге жарайды.

Баланың қолы көркем жазуға, әріптің бір келкі ірілігін бір ыңғай көлбеуіне жаттыққан сайын бірте-бірте көлбеу сызық сууретіле береді де ақырында тасталады. Мұны мен жатық сызықтың арасы жақындатыла береді де, бала ұауағырақ жазуға жаттыға береді. Ақырында бір сызық үстіне жазатын болады, онан соң сызықсыз қағаз астына қара жол салып жазады. Ең соңынан қара жолсыз қағазға жазып дағдыланады.

Жазу сабағының жүрісі. Такті мен жаңа тактісіз жазғызу

Көркем жазуды тактімен не тактісіз де жазғызады. Көркем жазу сабағының желісі мынадай болады.

Әріпті жазғызбастан бұрын оқытұшы қалай жазу керектігін түсіндіреді. Оның үшін оқытұшы жазылатын әріпті тақтаға жазады, элементтерін көрсетеді, элементтерін қосып еріп шығарады, элементтері қалай жазылатынын, аралары қалай қосылатынын аңғартады, белгілі элементке йа белгілі сөзге жаңа сызық қосылса жаңа әріп шығатынын көрсетеді. Әріптің қай жерінен бастап жазу керектігін, қай жерінен бітіруу тийістігін, қай жерін басып жазу керек екенін, қай жерін жіңішке жазу керектігін, неше сызық арасына жазу керектігін, неше сызық тастап жазу тийістігін, әріптерді қалай қосу керектігін түсіндіреді. Сонда бала түсініп жазады, өзінше қалай көркем жазуға қай жері келетінін, қай жері келмейтінін біліп, ойын тербетеді.

Мұнан соң балалар такті мен тактысыз жазады. Оқытұшы балалардың дәптерін қарап, дұрыс емес жерлерін қалай түзеу керек екенін түсіндіреді. Балалар жазып жатқанда оқытұшы парталарды аралап жүруі керек. Балалар дұрыс отыр ма, қаламды дұрыс ұстайды ма, дұрыс жазып жатыр ма – бәрін оқытұшы байқап жүруу керек. Жеке қаталарды басқа балаларды алаң қылмай түзеп жіберуу керек. Баланың бәрінде де ұшырайтын қата болса, оны бүтін кіласқа түсіндіріп, артынан жаттықтыруу керек. Ұзақ жазу баланы жалықтырады. Сондықтан баланы жалықтырмайтын ықшам жұмыс беруу керек йа жұмыс ортасында бірнеше мүйнет орындарынан тұрғызып, шынықтыруу қыймылын жасатұ керек.

Такті мен жазғызу. Қолдың басы мен саусақтардың еркін бір ауан мен қыймылдатұна дағдыландыруу үшін керек. Әріпті түріне қарап сууретін салмай еркімен жаттықтыруу үшін керек. Бірте бірте шапшаң жазуға үйретуу балаларды жазуға тегіс қатыстыруу үшін керек. Оқушылар такты мен әріп элементтерін де, әріптерді де, сөздерді де жазады. Такты деп қаламның бір басып тартқанын айтамыз. Басып жазу үшін қашан да қалам үш жоғарыдан төмен тартылады. Сүйтіп қалам ұшты басуу керек жер тактымен жазылады. Жіңішке сызықтар, бүкпелер негізгі сызыққа қосылып бір ақ тактімен жазылады. Әзірлік жаттығулар мен әріп элементтері бір ақ тактімен

жазылады. Тактіні бір-бір... деп санаса да болады. «Бір, екі, үш, төрт» деп әрі қарай әріп біткенше де санай берсе болады. Бір такті мен й, е, э, ө, й, л сыйақты әріптер мен сыйпырлар жазылады. Екі такті мен а, е, г, д, н, п, ү, ө, қ, ш, ү, р, с, һ, а, ы, б, 8, 7 сыйақты әріптер мен сыйпырлар жазылады.

Үш такты мен м, н, ж, р, з, ғ, сыйақты әріптер жазылады. Төрт тактімен Н, Б, Ж, З сыйақты әріптер жазылады. Бес тактімен Б, К сыйақты әріптер жазылады.

Әуелі оқытұшы такты береді, одан соң жекелеп йа қосылып оқушылар да такты береді. Алғашқы кезде такты жай айтұу керек, балалар жылдам жазуға үйренген сайын такты тездетіліп айтыла береді. Бірақ балаларды асықтырмау керек. Сабақ ортасында оқытұшы балалар тактымен жазып йа жазбай жатқанын, кім озып кім кейін қалғанын байқап жүруу керек. Тактімен жазу үшін балалар дәптерінің сызығы да бірдеу болуу керек. Әйтпесе біреулері озып, біреулері қалып та қойады. Ылғый тактымен жазу баланы жалықтырады. Сондықтан тактылы жазу мен тактысыз жазуды араластырып отыруу керек.

Көркем жазуға үйреткенде оқытұшылар тегіс жұмыс қылатын болсын. Тек көркем жазу сабағында әдемі, жылдам жазуға үйренумен місе тұтып, басқа кезде көркем жазуға көңіл бөлінбесе, жұмыстың жемісі шамалы болмақ. Көркем жазу, көп жаттығу, көп құзуау мен қолға түседі. Ана тілінен басқа есеп, жаратылыс таңу және басқа жазуларды қарағанда да оқытұшы жазудың көркемдік, тазалық, қанаттылық жағына көз сала жүруу керек.

КІТАП ОҚУУ⁴

Кітап оқудың мақсаты мен маңызы

Білім алу жаттықтыруудың бір күштісі – кітап оқу, білу. Баланы оқуға дағдыландыруу әліппе үйрену дәуірінен басталады. Оқу тетігін үйренуге осы әліппе дәуірінде негіз салынады. Бастауыш сынып бітіргенде жеңіл оқу дағдысы күшейіп, жетіле береді.

Ана тілінен кітап оқытқандағы мақсат – кітап арқылы білім беруу ғана емес, өз бетімен кітап оқып пайдалануға үйретуу.

Бастауыш мектепте өз бетімен кітап оқып пайдалануға дағдыланған бала мектептен шыққансын (орта мектепте де) кітап оқып білім ала алады.

Жазылған жазудың құр қатасын танығанға мәз болмай, оның ішкі мазмұнын ұғуға дағдылануу қажет. Осы жағын мұғалым көп ескермегеннен, бала зыйан табады. Бала мектепте оқыған ғана мақаласын түсіне алады да, басқа жердегі жазуларды қанша оңай, түсінікті тіл мен жазылса да, тез ұға алмайды. Түрлі ұран, маңдайша жазу, пылакат жазуларды, қабарландыруу сыйақты баспа оқып ұғынууға бастауыш мектеп баласы шорқақ келеді. Әрйіне мұнан кішкене бала үлкендерге арналған жазудың бәрін бірдей түсіне алатын болсын деген сөз шықпайды. Бұл жағын айырықша ескертіп отырған себебіміз – біздің байқауымызша осы күнде текістіні түсініп оқу жағы кем ескеріліп жүр.

4 Тасқа басқан йа қол мен жазған жазуды текісті (орысша мекем) дейміз

Бастауыш мектепте ана тілі сабағынан басқа да кітаптар оқылады. Бірақ, кіласта әдейі кітап оқытып, баланы оқығанын түсінууге жаттықтыр-ру жұмысы ана тілі мұғаліміне жүктеліп отырған зор міндет. Негізгі мақсатымыз – текістіні түсініп, ұғуға үйрету.

Қалай үйреткен мен шамадан тыс ауыр текістіні бала түсіне алмайды. Сондықтан баланың ұғымына мазмұны сәйкес келмейтін, түсініксіз, ауыр текістілерді оқытпау керек. Қара танытып, қат білдіріп алғанша қандай текісті болса да жарамай ма, оқуға жаттығып алғаннан кейін мағынасын түсініп оқыр деген болмайды⁵. Сондықтан бастауыш мектепке арналған, әйтпесе әліппенің сөзін бегірек қарап ал-у керек.

Оқудың дұрыс болуы шарттары

Оқудың дұрыстығына өлшеуіш болатын заттар

Оқудың дұрыс болуы дегенде тек текістінің қарасын дұрыс жүр-гізіп, оқый алса, дұрыс болған деп түсінбеу керек. Оқудың толық мағна-да дұрыс деп саналуы үшін өлшеу болатын заттар бар. Олар мыналар: текістінің қарасын дұрыс оқу, текістіні жүргізіп (шапшаң) оқый алу, оқығанының мазмұнын түсіну, дұрыс ырғағын келтіріп мәнерлеп оқу.

Текістінің қарасын дұрыс оқу. Сөзді қалайша дұрыс оқытып үйрету керек екендігі қат танытуу әдісінде айтылды. Кітап оқу әдісін әңгімеле-генде әліппені бітіріп, бірінші кітапты оқый бастағаннан былай қараған-дағы жұмыс, бірінші жылдың екінші жартысынан басталып жұмыстар қамтылады. Әрйіне қат танып (әріптерді өтіп) болғанша бала сөзді сөй-лемді дұрыс оқуды да түгел үйреніп алады деуге болмайды. Бірінші жыл түгіл, бастауыш мектепті бітіргенге шейін балаға сөзді дұрыс оқуға үйре-те беру керек. Бұл жағын ескеруісіз тастамай, баланың дұрыс – бұрыс оқығанын қадағалап, тексеріп, түзеп отырса, сөзді дұрыс оқуға жаттық-тыру аса қыйын болмайды. Қазақ тілінің ерекшелігі сөз жазылудындай оқылады. Орыс тіліндегі сыйақты «корова» деп жазып «карова» деп оқу қазақ тілінде жоқ.

Бұл жерде ескертіле кететін жайыт – қазақ тілінде ілгерінді-кейінді ықпал тйіуу заңы бойынша сөздің жазылудынан басқаша оқылады. Сөздің былайша өзгертіліп айтылуы сөздің ішінде де, екі сөздің арасында да кез-деседі. *Көрінбейді* деп жазып, *көрімбейді* деп оқыймыз. *Не қылмақ* деп жа-зып *не ғылмақ* деп оқыймыз, *қара өгіз* жазып *қар өгіз* деп оқыймыз. Алғашқы кезде сөз жеке тұрған кезде әріптері бұзылмай, өзгертілмей оқыл-са, соның өзі дұрыс оқу болып табылады. Түбінде, дұрыс оқу сөйлеген-дегідей қылып оқу. Бірақ бала бұлай оқуға бірте-бірте ғана дағдыланады. Жоғарыда көрсетілген сөздер сыйақты жазылудынан басқаша айтылған сөздерді сөйлегендегідей қылып оқытамын деп «іждақат салу 1-2-кілас ба-лаларына ауырлық қылады. Програмада ондай дағды үшінші кіластан басталады. Біздің тәжірийбемізде бала ондай сөздерді әуелінде жазудыңша оқып алып, мұғалімнің түзетуіне еріп, ізінше қайырып, айтылудыңша оқып жаттықса сол болады. Бара-бара ондай сөздерді айтылудыңша оқу

5 Әдісшілер арасында бұған талас та жоқ. мұны қайсы бір дайарлығы кем мұғалімдердің естеріне салу үшін айтып отырмыз.

екендігін бала өзі де біліп, мұғалім айтып жібермей ақ өзі түзеп оқып бастайды. Бірінші, екінші кіластарда осыдан әрі шара қолданудың керегі жоқ. Төртінші кіластарға барғанда сөздің айтылуына оқууды дұрыс оқуудың міндетті шарттарының бірі қылып ендіруге болады.

Сөзді дұрыс оқу ол сөзді – есітпеу мен оның мағанасын түсіну мен байланысты. Бұрын есіткен йа оқыған сөзі мен есітпеген сөзі қатар келгенде алдыңғысынан қате шығарудың мүмкіндігі азырақ та, соңғысының мүмкіндігі көбірек.

Сөздің дұрыс оқылудына себепші болатын пактірдің бірі – көп оқып жаттығу. Бала оқу тетігін қанша жақсы білсе де, кіласта кітап аз оқылып, ылғый әңгімеге не жазуға айналып кетсе, дұрыс оқу деген дұрыс оқу дағдысы. Әсіресе шапшаң оқу дағдысы кем болады. Сондықтан ана тіл сабағында әсіресе I, II кіласта кітап оқытудың оқуға жаттықтыру үшін айрықша маңызы бар екендігін оқытушы есінен шығармау керек.

Шапшаң оқу. Текістінің құр қарасын жүргізумен ғана толық мағнасында дұрыс оқу болып шықпайды. Оққан текістінің мағнасын түсіну үшін сөздерді тым созбай, сөйлегендегіге жақындатып, біршама жылдам оқу керек. Жеке сөздің мағнасы сол сөзді басынан айағына дейін тұтас бір оқып шыққанда йа көзбен қамтығанда барып бірақ ұғылады. Онан бергі жерде сөздің мағнасы көбінесе бөлінбейді. Міне, осы себепті сөзді жалықпай оқу сөз араларына да көп ретсіз кідірмей оқу оқығанды түсіну үшін ең керек шарттардың бірі болып саналады. Сөздің айағына жеткенше басын ұмытып қалу шапшаң оқы алмағаннан болады. Сөз ондай дәрежеге жәй оқылса, оқығанда түсінуге көп кедергі. Мұғалім әуел бастан сөздің құр қарасын таныту мен болып, мазмұн жағын ескерусіз қалдырып отырса оның үстіне сөз шұбатылып оқылса, осылардың нәтижесінде бала, сөйлемді түгел оқып шықса да, түк түсінбей қала береді. Біздің бастауыш мектептеріміздің тәжірийбесінде мұндайлар көп ұшырайды. Мұндайларды әуел бастан қадағалап, түзетіп отырмаса, оның түбі барып қазақ мектебі тарыйқындағы белгілі зарлауықтыққа соғады. (Ол байағы молдалардың замандары әптійек, құрандар оқудан қалған).

Оқығанды түсіну бір жағынан оқудың шапшаңдығына байланысты болса, екінші жағынан шапшаң оқы алудың өзі де баланың сөз запасы молайып, білім өрісі кеңіюіне байланысты. Сондықтан шапшаң оқытып үйретемін деп балаларды «шапшаң оқу бәйгісіне салу» «шапшаң оқуға жаттықтыру тағы сол сыйақты әдейі әдістер қолдану дұрыс емес. Оқудың басқа шарттары түгел орындалып отырса да пайда болмақ. Сондықтан қалық ағартуу кәмесеріетінің 1933-жылғы програмында оқудың шапшаңдығы бірте бірте ғана артып отырсын делінген. (1-жылда 10-25 сөз, 2- жылда 30-40 сөз, 3-жылда 50-60 сөз).

Текістіні шапшаң оқу жайлы сөз қылғанда жұрттың бәрінің оқу шапшаңдығы бірдей бола алмайтындығын айта кетту керек. Адамның алғашқы қыймылының шапшаңдығына қарай, бүкіл денесінің йа болмаса сөйлеу мүшелерінің (тілі, еріні т.т.) қозғалуы шапшаңдығына қарай.

Оқу білімі бар шамалас кісілердің де кітап оқу шапшаңдығы бірдей болмайды. Біреу жай сөйлейді, біреу тез сөйлейді, біреу тіпті жылдам сөйлейді. Осыған байланысты оқудың шапшаңдығы да артық кем бола береді. Мұндай өзгешеліктер мектеп жасындағы балаларда да болады. Әрйі-

не, бұған оқу шапшандығын өз бетімен қойа беруге болмайды. Жай оқыйтын баланы да прогырамдағы орта мөлшерге жақындатуға тырысу керек. Шамадан тыс шапшаң оқу да пайда бермейді, текістіге тұрақтап мазмұнын ұғуға кедергі болады. Бірақ ондайлар тым аз ұшырайды. Міне баланың оқу шапшандығын байқағанда осы сыйақты жағдайларды ескере отыру керек. Сонсын оқылатын текістінің түсінікті, түсініксіз болуы да шапшаң оқуға көп әсерін тийгізеді. Таныс емес сөзді кісі кідіріңкіреп оқыйды жеке сөздер таныс болғанмен, сөйлемнің жалпы сөйлемнің жалпы мазмұны түсініксіз болса, ондай текістіні шапшаң оқу қыйын.

Соны мен, текістінің ішінде балаға танымал, түсінікті сөздердің саны тым құрлым көп болса, оның оқуы да сол құрлым шапшаң бола бермек. (әрийне белгілі шекке дейін).

Бірінші мен екінші кіласқа арналған оқу кітаптарында өздері қайталап келетін жұмбақты текістілер келтірілу осы жағдайларды ескергендіктен. «маң, маң басқан маң басқан» сыйақты қайталап келетін сөздері бар текістер өте жеңіл оқылады, оқу дағдысын күшейтуге мұндай текістің пайдасы көп.

Түсініп оқу. Қандай текісті болса да, оны оқудың негізгі элементі оқыған заттың мазмұнына түсіну болу керек. Текістіні түсіну мынадай үш түрлі кезеңнен құралады; бірі текістідегі жеке сөздердің мағанасына түсіну, екіншісі жеке сөйлемдердің мәнісіне түсіну, үшіншісі – тұтас мақаланы, йа шығарманың мазмұнын ұғу.

Бала екі-үш әріптің басын қосып тұтас бір сөзді қып шыға алатын болған күннен ақ оның оқыған сөздің мағанасына түсіну қамы қарастырылады. Былайша айтқанда, баланың ең алғашқы оқыған сөздері ақ оған түсінікті сөздер болсын. Сөздің қатасын оқып шыққанда баланың ойында, сол сөздің мазмұнына жататын перне пайда болса, оқығанды түсіну деп соны айтамыз. Есітпеген білмеген заттың баланың пернесінде, ойында болмайды. Сондықтан бала ондай сөздің қатасын оқып шыкса да, берне пайда бола алмайды. Былайша айтқанда түсіне алмайды. Иа деп әліппені бастағаннан ақ балаға түсініксіз сөз оқытуға болмайды деген пірінсіп осыдан шығады.

Сөйлемнің мазмұны сөйлем ішіндегі жеке сөздердің мағналарының жағалай қосындысынан құралады деуге болмайды. Жеке сөздер түрлі сөйлемде түрлі мағнада жүруі мүмкін, немесе бір мағынада болған мен, әр сөйлемде реңкі әр түрлі болады. Сондықтан сөйлемдегі сөздердің мазмұндарын жеке жеке алып түсіндірген мен сөйлемнің мазмұны табыла бермейді. Сөйлемдегі сөздердің бір бірімен байланысын, байлынысының түрін ескертіп, оқытқанда тұтас сөйлемнің мазмұнын түсіндіруге тырысу керек. Бұдан әрийне балаларға сөздердің арасындағы байланыстарды тапқызып, соның қыйсының әңгімелеу керек деген сөз шықпайды. *Сөйлемнің мазмұнын ұққан-ұқпағандығын ескермей тастауға болмайды* деген сөз шығады. Баланың сөйлем мазмұнына түсінген – түсінбегендігі сұрау мен білінеді. Мәселен, «бір күн қатты жаңбыр жауды» дегендегі қатты деген сөз нәрсенің қаттылығын көрсететін мағнада емес, жаңбырдың күштілігін көрсетіп тұр. Бұл сөйлемнің мағансын түсіну үшін қаттының жеке тұрғандағы мағансын түсіну жеткілікті емес, оның басқа жерлері де баланың басында болуы шарт. Берненің сан жағынан да, түр мазмұн жағынан да

көбейуі жеке сөздерден ғана емес, осындай тұтас сөйлемдер арқылы, өмір тәжірибесі артып, білім өрісі кеңуі арқылы табылатын зат.

Сөйлемнің мазмұнына түсінуге керектігі сыйақты бала оқыған мақаласының да жалпы мазмұнын, оның ішінде негізгі ойлар, маңызды жерлер қайсылар екенін айырып жағдылану керек. Үстіміздегі сатсыйалық құрғау дәуірінің ерекше қасиеттері баланың бернесіне, сезім-санасына енбей қала алмайды. Бала да сатсыйалдық құрылысқа жанаспайтын, өз алдына бөлек сана-сезіммен тұра алмайды. Сондықтан оған оқытатын материялдар (мақалалар, әңгімелер) кәзіргі тұрмысқа сәйкес мазмұнды болулары шарт, баланың өмір тәжірибесі мен байытып, өзін сатсыйалдық құрылыс майданындағы екпінді жұмысқа тартатын болсын.

Жеке сөздерінің, сөйлемдерінің түсінікті болуы мен ғана бүкіл текісті ұғымды бола бермейді. Жоғарда айтқанымыздай, текістінің мазмұны баланың ынтасын қозғағандай қызғылықты болу керек. Оны мен қатар, текістінің жалпы мазмұнын түгел түсінуге жағдай тұғызатын шарттар мыналар:

1. Белгілі бір мөлшерде шапшаң оқу. Өте шапшаң оқытатын мазмұнын түсінуге кедергі болу қауып бар.
2. Үлкен кісі түсініп оқуға өзі ақ тырысады. Ал, бастауыш мектеп баласы оқыған текістінің мазмұнын айтып беруге тийіс екендігін есінде тұтса, ода зейін салып оқуына себеп болады.
3. Баланың сөз сапасы жеткілікті болу.
4. Текістінің мазмұны қызғылықты болу.
5. Оқығанды (есіткенді) жанында қалдыру қабілеті.
6. Баланың өзіне текістіні не мақсат пен оқып отырғаны анық болу.

Мәнерлеп оқу. Оқудың дұрыс болу шартының төртіншісі – мәнерлеп оқу. Қазақ мектебінің өткен тәжірибесінен бұл жөнде үлгі болғандай оңды мұра қалған жоқ. Біз өлең оқысақ, әндетіп оқыйтынымыз да, қара сөзді оқығанда дауысты құбылтып, мәнеріне келтіріп оқу дегенді білмейтінбіз.

Сазына келтіріп мәнерлеп оқу деген оқығанды түсінбегендіктің өлшеуіші бола алатын зат. Текістіні оқығанда дауыс сөйлегендегі сыйақты құбылып отырса – *мәнерлеп оқу* деп соны айтамыз.

Оқығанда сөз екпіні дұрыс қойылу керек. Біздің қазақ тілінде екпінің орны ауыспалы емес: етістіктің келер, осы шақтары мен есімдердің жіктеулі түрлері мен басқа жерлерде сөз екпіні ылғый айақта болады. Шет сөздерде ғана екпін басқа жерде келе алады, бірақ, онда да сөз өзгергенде екпін бір тұрған жерінен айнамайды. Сондықтан қазақ тілінде сөздің екпінін дұрыс келтіріп оқудың қазақ баласы үшін еш қыйындығы жоқ.

Жеке сөзде сөз екпіні болғаны сыйақты сөйлемде *ой екпіні* болады. Ой екпіні түскен сөзді дауысты көтеріңкіреп айтамыз. Міне, осы ой екпінін дұрыс келтіріп оқу әсерлендіріп оқудың бір шарты.

Сөйлегенде, сөздің мазмұнына қарай, дауысымыз құбылып отырады, және сөз араларындағы тыныстар бірдей болмайды. Сөз араларында тыныс белгісі жоқ жерлердің өзінде бірде көп бірде аз кідіреміз, кей жерде тіпті кідіріс жасамай екі сөзді (яа бір неше сөзді) тұтастырып жібереміз.

«Ленинградтағы Пүүтйлоп зауытынан әлде неше жұмысшы шығарылады» деген сөйлемде сөз араларында ешбір тыныс белгі жоқ. Бірақ сөздердің араларында кідіруу бірдей емес. Ұзақ кідіретін жерде аз кідіріске, кідіріс жоқ, екі сөз бірігіп кететін жерде еш нәрсе қоймай жазсақ, былай болып шығады. Ленинградтағы Пүүтйлоп зауытынан әлде «неше» жұмысшы шығарылады. (III кітап, 9-ғыныуар мақаласы).

Бала сөйлегендегідей қылып оқып дағдыланса, осындай құбылыстар өзінен өзі ақ дұрыс келіп отырады.

Мәнерлеп оқуға тыныс белгілерінің де жәрдемі көп. Сондықтан йа деп тұтас сөйлем оқый бастағаннан ақ тыныс белгілеріне тйіісінше кідіртіп, лептеулік, сұраулықтарға тйіісінше дауысты құбылтып оқытып жыттықтыра беруу қажет. Әсерлендіріп оқый алмаушылық жоғарда айтылған шарттарда да емес, оқушы иекістіні түсінбегендіктен йа болмаса бар зейінін текістінің қарасын жүргізүүге жұмсамағандықтан да болады. Екінші жағынан, дауысты түрлі құбылтпай, ылғый бір үнді қылып оқуудың өзі де, текістіні түсінүүге кедергі жасайды.

Ілкі бастағанда да, онан соң да көпке дейін бала мұғалімнің оқығанына еліктеу арқылы ғана мәнерлеп оқып үйренеді. Одан басқа әдейі шаралар (әдістер) қолдануудың көп қажеті болмайды. Үйткені мәнерлеп оқуға шамадан тыс «ыждағат» салынса, (шапшаң оқуу сыйақты) пайда орнына зыйан келүү қауып бар.

Мәнерлеп оқуудың мәнісін ұқпай (сезбей) бала «мәнерлеп оқуу» аурууға ұшырап, дауысын текістінің мазмұнына сәйкестемей, бет алдына құбылтып жаман үйренүүі мүмкін. Былайша мәнерлеудің текістіні түсінүүге зыйаннан басқа келтірері жоқ.

Екінші жылдан былай қарай құрамалап оқығанда мәнерлеп, дауысты оқууды әдейілеп көрсете бастау керек.

Дауыстың құбылуы сұраулы, лепті сөйлемдерді оқығанда айтып түсіндіріледі. 3, 4 бөлімдерде мәнерлеп оқууды дұрыс оқуудың міндетті шарттарының бірі есебінде талап етүүге болады. Тыныс белгілерінің түріне қарай аз йа ұзағырақ тоқтау керектігін, оқығанда дем алысты тоқтатпай, қысылмай оқуу керектігін, дауысты сазына келтіріп, құбылтып отыруу керектігін жоғарғы бөлім балалары анық білетін болсын.

Шернышоптың «мінерлеп оқуу әліппесі» деген кітабында жоғарғы бөлімдердің балаларына арналып мәнерлеп оқуудың мынадай ережелері келтірілген:

1. Сөздер сөйлегенде қалай айтылса оқығанда да солай оқы («жазып алдым» емес «жазбалдым»). Дауысынды да сөйлегендегі сықылды құбылтып оқы.

2. Өзіңнің қалыпты дауысыңмен оқы.

3. Тыныс белгілеріне тоқтап оқы.

4. Біреудің төл сөзін оқығанда сол кісінің өзіндей қылып айтүүға тырыс.

5. Тым ақырын оқыма, тындаушыға дауысың еркін естілетін болсын.

6. Дененді аузы-басынды қыйсаңдатпай, дұрыс тұрып йа отырып оқы.

Қол жазба текістіні оқуу. Баспа текісті мен қатар жазба текістіні де оқытып жаттықтыруу керек. Бізден көп ескерілмей кемге бағаланып жүрген жұмыстың бірі. Баспа текістіні оқый білетін бала қолымен жазылған түрлі іс қағаздарын да, арыз-мәлімдемелерді де кідірмей оқып

алатын болсын. Біздің бастауыш мектеп бітірген балаларымыз, әрі кетсе өз қол жазбасын таныйды, өз жазуыын өзі танымай қалатындар да болады, ал басқа кісінің қолын оқуға тіпті шорқақ келеді. Былай болуу тұрмыста көп кемшілік келтіреді. Іштен оқуды бала әуелі өз жазуыын оқудан бастайды (жаз сала қайта оқыйды). II кіласта бір аз бұрын жазылған өз жазуыын. III кіласта қасындағы жолдастарының жазууларын оқып жаттығады. VI кілас баласы кез келген (анық) қол жазбаны оқый алатын болсын. Балалардың бірінің жазғанын біріне оқытудың біз үшін пайдасы күшті.

Кітапты кіласта оқу әдістері

Анализдеу, синтездеу жолдары. Мақаланың жалпы мазмұны оның бөлімдерінен құралады. Бөлімдер текістіде даңа жолдан басталып отырады. Текістінің жаңа жолдан басталған бөлімін *абзас* дейді. (Жаңа жолды абзасты жол дейміз). Абзастың өзінде бір неше сөйлем болады. Мақаланың түріне қарай абзас үлкен, кіші бола береді, және абзастағы сөйлем анық саны да көп йа аз болуу мүмкін. Бастауыш мектепке арналған (әсіресе оның, төменгі кіластарында оқылатын) мақалалардың абзастары сол мақаланың бөлімдеріне сәйкес келіп отырса, балаға оқыуға, талдауға⁶ (.....) оңай болады. Үлкен мақалаларда абзас болған жердің бәрі бірдей мақаланың бөлімі дей беруге болмайды. Онда бір неше абзас қосылып мақаланың бір бауынын құрауы мүмкін.

Мақаланы бөлім-бөлімі мен талдатып, барлық бөлімін оқып шыққасын барып жалпы мазмұнын қорытып – мақаланы *синтездеп оқуу* болады. Ал, егер әуелі текістіні тұтас бір оқып алып, содан кейін барып оның жеке бөлімдерін талдасақ, онда *анализдеп оқуу* болады. Оқылатын текістінің түріне, мазмұнына қарай, оқушысына қарай, текістіні оқудағы мақсат қандай болууына қарай, анализдеп те, синтездеп те оқуға болады.

Егер мақаланың жеке бұуындарына тоқталып, бөлмелеп оқып шыққанда ақ мақаланың жалпы мазмұны толық ұғылатын болса, онда мазмұны осы синтездеу әдісін қолдана берүү керек. Ал, егер текістіні жалпы тұтас оқып шыққанда ғана жалпы ұғылатын болса, онда әрйіне анализ әдісін қолданып, текістіні әуелі тұтас бір оқып алып, сонан кейін барып, қажеті болса, жеке бөлімдерін оқып талдауға тұура келеді. Аңызды әңгіме түрінде жазылған текістілердің көбін ақ синтездеп оқыған ыңғайлы. Көркем әңгімелерді, әсіресе өлеңдерді, оқығанда бәрін тұтас оқып шықпай болық мағнасы ұғылмайды, немесе оқушыға толық әсер бере алмайды. Сондықтан өлеңді бөлмелеп оқуға кеңес етпейміз.

Мақала оқуудың негізгі кезендері

Мақаланы кіласта оқуу мынадай кезендерден құралады: алдын ала әңгіме жасау, (дайарлық істеу) мақаланы оқуу (мұғалім өзі оқууы, балалар оқууы), түсініксіз сөздерді түсіндіруу, баланың қатесін түзетуу, мақаланы

6 «Талдау» деген сөзді мұнан былайда осы мағанада қолдандық

талдау жолдарын жасау, қайыра мазмұндату, қорытынды шығару. Оқылатын текістінің түріне қарай бұл кезеңдердің бірі кездесіп, бірі кездеспей, бірі керекті, бірі керексіз болуы мүмкін, көбінесе солай бола да береді. Текістінің түріне қрамай, қандай боса да ылғый бір қолдану керектігі тұралы текістінің түр-түрін айырғанда сөз қылмақшы, кәзір тек осы кезеңдердің кей біреулері тұуралы қысқаша айтып өтейік.

Оқуға дайарлық жасау. Бала текістіні түсініп оқуға дағдылану керек. Түсінбей оқыса, оқығаннан пайда шықпайды. Сондықтан текістіні оқу алдынан балаларды дайарлап, оқығандарын дұрыс ұға алғандай жағдай тұуғызу мұғалімнің міндеті. Мақаланың оқушыға (балаға) түсініксіз болуы, текістіді таныс емес жат сөздер кездесуінен болады да, немесе, жеке сөздері таныс болғанымен, жалпы мәніс-мазмұнына түсінерлік балада білім жоқтығынан болады. Немесе осы екі себептің екеуінен бірдей болады. Мұны былайша айтқанда оқып түсінууге шамасы келмеді дейміз.

Кезектегі мақаланы оқуға кіріспестен бұрын баланың зейінін аударып, қаратып алу үшін алдын ала кішкене әңгіме өткізу керек. Әңгіме нәтій-жесінде оқығалы отырған мақаласының тақарыбы тұуралы балада белгілі бір ұғым пайда болсын. Әрйіне, алдын ала әңгімелеймін деп мақаланың бар мазмұнын айтып қойуудың қажеті жоқ. Бір әңгіме кейде бір екі ауыз сөзбен айтылуы мүмкін. Кейде бұрын оқыған йа білетін әңгімелерін естеріне салу, немесе сүгірет қарау – осындайдың өзі ақ дайарлық болып табылады. Мыйсалы: «МСТ» мақаласын (II- кітап, 49-бет) оқырда қалқоздың жерін жыртатын тырақтырлар МТС бікі екендігі тұуралы, кәзір сол МТС тұуралы оқығалы отырғандары айтылса, дайарлық болады. Бәрін мұғалім өзі айтып түсіндіріп беру міндет емес, олай ете беру дұрыс та болмайды. Балаға сұрау қойып ақ жоғарыда айтылған дайарлыққа жетісууге болады.

Жеке сөздерді түсіндіруу. Алдын ала әңгіме жасау мен қатар мақалада кездесетін қыйын, жат сөздерді де түсіндіруу керек. Кей бір оқытұшылар мақалада ұшырайтын жат сөздерді тізімдеп алып әр қайсысын жеке-жеке түсіндіреді. Бірақ, олай еткенде сөздің дәл мағнасы дұрыс ұғылмай қалуы да мүмкін. Үйткені сөйлемнен тыс алынған сөздердің басқа зат пен де, өз ара да байланысы көрінбей тұрады. Сондықтан сөзді жеке түсіндіргеннен дәл мағнасы шықпауы мүмкін. Және сөздердің өзі бір жерде бір мағнада, екінші жері басқа мағнада тұра береді. Сондықтан сөздерді пыразыйадан бөліп алмай, оқылатын текістінің жалпы мазмұны тұуралы ұғым беріп, жеке сөздерінде соны мен байланыстыра түсіндірген дұрысырақ. Ғылымй термін сөздерді жеке түсіндіруу оңайлау, ал, өлең сөзі көбінесе ақ олай етууге келмейді. Өлеңнің жеке сөздерін түсінген мен, тұтас мазмұнын бала түсінбей қалса ғажап емес. Сондықтан сөздерді жекеменей сөйлемі мен, пыразыйасы мен қоса түсіндіруу, әсіресе өлең оқығанда керек. Мыйсалы «Рйідіздегі қорғасын қазаны» деген өлеңді алып қарайық.

Рйідіздегі қорғасын қазаны

Болат қазан
Салып азан,

Жігерленіп сарнайды.

Аузын ашып,
Жан таласып,

Кенді жұтып жаймайды.

Қойұу сүттің,
Қаймағындай

Жөнелтеді қыйып ап.

Бірі сайлап,
Бірі дайнап,

Ас қазанға айдайды.

Тас қазанда,
Ас қазанда,

Араласып қайнайды

Бұйраланған
Қанды көбік,

Қазаншыға қыйылат.

Жан жағында,
Тап жанында,

Жүрген ылғы сайманды ер.

Көк болатты,
Қайласы бар,

Жалын жұтқан кемеңгер.

Қыздары түс,
Сок екпіндет,

Олқылықты ықсыра!

Бәлшебектік
Қарқын менен

Орындайды асыра!

Бұл өлеңнің жеке сөздері онша түсініксіз емес. Бірақ, сонда да алдына ала дайарлап, аз-маз түсінік бермесе, өлең балаға ұғымсыз болып шығады⁷.

Бұл өлеңді оқыр алдынан балалардың сақа құйатын қорғасыны тұуралы, қорғасын отта ерйітіні оттан алса лезде қатып қалатындығы тұуралы, сол қорғасын әуелде кен ішінде болып, үлкен қыззу арқылы ертіліп, кеннен айырылатындығы тұуралы мұғалім өзі айтып түсіндірууі керек. Сонда өлең түсінікті бола алады. Әрйіне жоғарыда айтқанымыздай бұл әңгімені шұбалтпай қысқа қылу керек.

Оқыған текістіні талдау. Оқығанды талдау орыс мектебінің тәжрйі-бесінде зор орын алған жұмыс. Шынында да оқудың ең негізгі, ең маңызды кезеңі – оқығанды ұғынуу болуу керек.

Төңкерістен бұрынғы мектепте талдап оқытуу арқылы не құрлым көп білім беруу, оқығанды мүмкін қадерінше «толық» (түрлі жағынан) түсіндіруу мақсат болуулы. Соның салдарынан оқығанды талдау өз алдына бір бөлек жұмыс болып, кіласта кітап оқушылар түсіндіруу ауырұуына ұшырайтын болатын. Заманындағы әдісші білімпаздарда соны қолдаған. Сол кездегі (төңкерістен бұрынғы) шыққан методікелерде мына сыйақты сөздер көп кездеседі:

7 «Талдау» деген сөзді мұнан былайда осы мағанада қолдандық

«Талдап оқудың» ең негізгі мақсаты – оқу кітаптары арқылы балаға мүмкін болғанынша көп білім беру... Не құрлым мұғалім қабілетті, не құрлым көп нәрседен қабардар болса, со құрлым «талдап оқу сағатында оқылатын мәтеріалдың көлемі (сан жағынан) аз болмақ. Кейде бір сөздің өзі бір сағатқа жетуі мүмкін...» міне, осындай көз қарасқа бағынған оқытушылар кітап оқу сабағында балаларды көп нәрсе мен таныстырып, көп білім берүүге тырысқан, әр бір сөзді түрлі жағынан түсіндірууге ұмтылған, оқылған сөздің өз мағнасын да, оны мен байланысты басқа сөздерді де түсіндіре беретін болған. Олай еткенде мысалы «күн жылынып, күн шууактың қары ерй бастады» деген сөйлемнің өзін ұзақ әңгімеге айналдыруға болады. Күннің қай уақытта жылы, қай уақытта суық болатынын, оның себептерін (тұрған жерімізден алыстап, сәулесі көлбеу түсетіндігін), жерді күннің айналатынын, әрі өзінің шүлдігін айналатынын, жылудан қардың сұға айналатындығын, сұудың бұуланып, бұлып болып, қар, жаңбыр болып жауатынын тағы осы сыйақты нәрселерді айтып түсіндіре берүүге болады. Әрйіне, жоғарыдағы сөйлемнің өзі ақ түсінікті, оған түсіндіру сөздің тіпті қажеті жоқ.

Былайша талдап оқытудың тағы бір зор кемшілігі – текістінің түріне, мазмұнына қарай, қандайын болса да, мейлі көркем әңгіме йа өлең болсын, мейлі іс мақаласы болсын, мылжып «түсіндіре» берүүінде еді, міне сондықтан бұл сыйақты талдап оқулар, әсіресе көркем шығармаларды оқып, жай сөз бен түсіндірулер, баланы жалықтыратын, тым көңілісіз, әрі пайдасыз жұмыс болатын. Әңгіменің мазмұнын түсіну орнына баланың жеке сөздерге ойы бөлініп, мазмұнға жатпайтын нәрсеге алданатын.

Төңкерістен бұрын қазақ мектебінің өзі де, тәжірйбесі де жоқтың қасында еді. Орыс әдебіетін оқып, орыс мектебінің тіжірйбесін үлгі қылған бір сыпыра алдыңғы қатар мұғалім, үйшітілдеріміз де жақысылы-жаманды талдап оқытып келді. Кеңес мектебінен оқып шыққан маман оқушыларымыз аз кезінде, жалпылық бастауыш мектеп оқытушыларының білім-тәжірйбесі тыс төмен кезінде соның өзі үлкен жетіскендік болатын. Кәзірде де талдап оқытудан ат-тонымызды ала қашқалы отырғанымыз жоқ. Қайта талдап оқыту керек дейміз. Оның өзі кітапты кіласта оқудың негізгі кезеңдерінің бірі дейміз. Бірақ, мұғалімдер көпшілгін жоғарыда айтқан «түсіндіру, талдау ауруға ұшыраудан» сактандырамыз. Түсіндірууді керек қылмайтын айдан анық әңгімелерді түсіндіріп әуреленудің керегі жоқ. Талдаудың мақсаты ұшыраған сөздің бәрін бірдей әңгіме қыллу емес, текістінің мазмұнына түсіндіру, текісті бөлімдерінің өз ара байланысын ұғындыруу.

Оқу қатесін түзету. Кітапты кіласта оқығанда баланың қатасын түзету керек пе, жоқ па? Текістінің мазмұнын тұтас түсіндіру үшін оның бір тегіс, кідірмей оқлуы керек. Ол үшін кітап оқып алдындағы дайарлық әңгімеге текістіде ұшырайтын жаңа сөздерді бір қатар айтып түсіндііп кетүүге тырысу керек. Сонда баланың кідірмей оқуына жағдай тұады. Бірақ, қанша айтқан мен, оқығанда (әсіресе төменгі екі кіласта) қате болмай тұрмайды. Сөз қате оқылы, түзетілмесе, оны теріс ұғынлу мүмкін. Сондықтан оқу қатесін кезінде түзеп отыру керек. Қате түзедің түрлі жолы бар. Біреулер сөз қате болғанын үстелге қағып білдіреді (ол тұуралы күні бұрын айтып қойады ғой), біреулер «жоқ, олай емес» деп, қате оқылған

сөзді қайта оқыттырады. Қатесін оқып тұрған бала өзі түзеп оқый алмаса, басқа балаға түзеттіруге бар.

Қате түзеткенде созбалай, баланың көңілін бөлме, тез түзеп жіберіп отырғу керек. Сондықтан қатені оқыған баланың өзіне йа басқаға тапқызып, түзеттірем демей ақ мұғалім өзі түзеп жіберіп отырғаны дұрыс. Бірақ, оқып тұрған бала да ізінше мұғалімнің түзетіп отырғанындай қылып қайта оқып дағдылансын. Қатаны айтып жібермей, баланың өзіне таптырамыз десек, онда көп уақыт айналып, балалардың ойы бөлінеді, текісті оқудың маңызы кетеді. Қате оқылған сөзге әдейі тоқталып, қатесін (оқып тұрған йа абасқа балаға) таптырып, немесе қатенің себебін сұрап йа түсіндіріп тйіісті ережелерді айтып жатұудың да қажеті жоқ. Ондайдың бәрі арнаулы грамәтййке сабағында істелетін жұмыстар. Кіласта дауыстап кітап оқығанда есте тұтатын зат мынау: оқығанды тындап отырған балаларға текістінің мазмұнын ұғуу қымбат, сөздің дұрыс йа бұрыс оқылғаны тек сол мазмұн түсінуге көмекші болаын, жанама зат деп саналады. Қате тым жйіі шығып, бір сөйлемнің ішінде бірнеше қате ұшыраса, сөйлемнің айағына барғанша басын ұмытып та қалұуға болады. Ондай қате көп кездескен сөйлемді тұтасынан қайта оқытып отырғу керек. Бала шұбалаң оқыйтын болса, мұғалім өзі ақ қайта оқысын.

Балалар оқығанда тым көп қателесетін болса, онда – істің оңбағаны. Мұндай текістілерге алдын ала дайарлық әңгіме жасау мен қанағаттанбай, мұғалім өзі текістіні алдан тұтас бір оқып шығууы керек. Текісті оқуға бала ауыр сөйлем, қыйын мақала оқуу арқылы жаттықпайды, шамасы келетін жеңіл текісті оқуу арқылы жаттығады. Сондықтан тым ауыр текісті оқытудың пайдасы шамалы. Баланың шамасына сәйкестеп жеңіл тіл мен жазуу оқуу құралын жазуушы аптырлаымыздың міндеті.

Шығармалардың түр-түрін талдап оқуу

Қандай матерййал оқытұу керек. Бала камыл қат танып, тұтас мақалаларды оқууға кіріскенде алды мен ойлайтынымыз – сол оқылатын мақалалардың мазмұны баланың ұғымына, мұң-мүддесіне сәйкес кліп, түсіне аларлық болууы. Баланың түсінігі көп – аз болууы оның тұрған ортасына, қоғам – жарыйашылық жағдайларға, жасына байланысты зат. Баланың ұғымына сәйкестеу деп осындай жағдайлар мен санасұуды айтамыз. Бала деген заманның ағымына ілеспейтін, өз алдына оқшаужасайтын қалық емес. Баланың оқыйтын, заманға үйлесетін, сатсыйалдық салт-санаға жанасатын матерййал болуу керек.

Мақала немесе өленді бөлім бөлім мен оқыған дұрыс па, әлде тұтас оқып шығуу керек пе деген сұрау түүуы мүмкін. Бұл түүуралы жоғарыда бірсыпыра айтылды. Бұл мәселе оқылатын матерййалдың түріне қарай шешілетін мәселе. Мақаланың жалпы мазмұнын ұғууда кемшілік келмейтін болса, төменгі кіластарда бөлмелеп оууға болады, үйткені тұтас оқып шығуу жас балаларға ауырлық қылады, олардың зейінін қажытады. Бірақ, жүре-бара мүмкін қадерінше мақаланы тұтас оқууға дағдылануу керек.

Іс мақаласын оқытұу. Іс мақаласы жете тексеріп, дәлдеп анализдеуді керек қылады. Іс мақаласының мазмұнын түсініп қана қойуу жеткілікті болмайды, түсінуу мен қатар көңілге тоқып, бойға сіңіріп алуу қажет. Іс

мақаласын оқу арқылы бала кәңкретті білім алып, оны мен қатар жеке сөздердің терминдердің мәнісіне түсініп, сөз запасын молайтады. Іс мақаласындағы сөздердің мәніс-мазмұны шығарманың түріне қарай құбылыс отыратын болмайды, бір қалыпты, тұрақты келеді.

Іс мақаланың мазмұнына түсініп, онан алған білімінді айтып бере білу керек. Құр түсіну мен ғана білім көңілге берік тоқырмайды. Айтып беру үшін мақаладағы сөздердің өз ара байланысын, бір-біріне төтелестік тәртібін аңғарып алу шарт.

Мақаланы талдап оқудағы аса мңызды нәрсе оқығанды ұғу есіткенді йа оқығанды ұғу деп бір заттың аты йа қыймылы, қасіетті аталғанда көңілге сол зат тұралы деректі бейне пайда болуын айтамыз. Бұл жайында жоғарыда, текістің түсініп оқу тұралы айтылғанда бір сыпыра түсінік берілді. Оқығанды түсіну мәселесі мектеп тәжірйбесіде зор орын алып, орыстың және ет ел әдісшілдерінің көп тексерген, көп көңіл болген мәселесі. Өмірінде електір шам, телепон, мйкроскоп көрмеген бала сол заттардың атын тоқсан рет оқыса да түсіне алмайтыны анық. Ауызша қанша түсіндіргенің мен, баланың көңлінде сол заттардың дәл бернесі пайда болмай, бұлдыр бір нәрсе елестейді, олай болғанда бала білім алды деуге де болмайды. Осындай, берне тұғызбайтын, бұлдыр ұғым беретін әңгімені көп оқыса, бала текістінің мазмұнына көңіл қоймай, құр қарасын жүргізе беретін болып дағды алады. ондай оқудың ескі мектеп оқуынан көп айырмашылығы болмайды. Молдаға оқыған бала әліппііден бастап әбжіт, әптійек, құранға шейін не оқып отырғанын білмей, құр заулата беретін. Бұ да соның сыңары болады да қойады. Міне, осыдан барып Еуропа мектебі тәжірйбесінде көрнек оқу пайда болған: *Көрнекті оқу*, әрйіне, жалғыз ана тілі сабағында емес, басқа пәндерде де зор орын алады.

Түрлі пәндер мектепте жеке сабақ болып оқылатындықтан іс мақаласы аталған матерйалдардың көбі сол жеке пән сабақтарында оқылашақ. Бірақ, текісті оқудың өзін бала алды мен ана тілі сабағынан үйренеді. Сондықтан тіл сабағында ылғый көркеп әңгіме, өлең оқый берүүге болмайды. Ғалімдік жә іс мақалалары ана тілі сабағында да оқылұу міндет.⁸

Көрнекті оқудың мәнісі – жоғарыда айтқанымыздай, оқыған, есіткен заты тұралы баланың көңлінде беріне пайда болғызұу, сондай жағдай жасау. Мұның шарасы – алды мен сол оқыған затының өзін көрсету. Магінетті оқытсақ, магінеттің өзін көрсетпейді, көрнекті оқу болмайды, ауызша қашан түсіндірген мен, бала аз түсінеді. Бірақ, барлық затты сабаққа әкеліп көрсете берүүге мүмкіншілік жоқ. оқытатын затың қолыңда болмайды, йа, қолыңда болса, кілекпа апарып жүрүүге болмайды. Міне, осыдан келіп, көрнекті оқудың әдісі есебінде *екскүрсіе (серууен) жасау және нәрсеңің моделін (тұрпатын) йа сүгіретін көрсету әдістері шығулы*.

Іс мақаласының қортындысы бақылау арқылы шығады. Бақылау дұрыс болса, қортынды да дұрыс болмақ. Сондықтан іс мақаласының мазмұны баланың ертелі-кешті бақылаған таныс нәрселеріне сүйесе, оңай бола береді. сүйтіп, іс мақаласының мазмұны жете тексерілу керек болғандықтан оны оқып шығып ауызша мазмұндау да, жоспарын жасауда көптік қылмайды.

Іс мақаласын талдап оқудың сқемасы. Скема мынадай болса, жарайды:

8 Ұйымдастыруу қоғам тануу шаруашылық тағы солар сыйақты тақырып матерйалдарының көбі іс мақаласына жатады.

1) *Алдын ала дайарлық әңгіме жүргізуу.*

Қайсы бір жаңа сөздерді түсіндіруу. Дайындық ретінде сүурет пылакат, дыйаграм карауғада болады.

2) *Мақаланы оқуу.*

Мақаланаы балалар оқыйды. Мақала тұтасынан оқылады йа бөліп-бөліп оқылады.

3) *Мақала мазмұнын қайтара мазмұндау.* Бұл бөлімге кіретін жұмыстар: а) қойылған сұрауларға ауызша (йа жазба түрде) жауап беруу, б) мақаланың әр бөлімінің сөз бастарын табуу, ш) мақала тұтас оқылса, бөлім-бөлімдеріне айырып алып, аттарын қойуу (былай айтқанда, жоспар жасау), ж) қортынды жерлерін жазып алуу, д) мақаланы жоспар бойынша ауызша йа жазып мазмұндау, г) көрнекілік жұмыстар жүргізуу.

Тәжірибе жүзінде, әрйіне, бұл сема толық орындалмауы мүмкін. Бір мақала жоспар жасады, толық мазмұндауды керек қылса, бір бакала сұрауға жауап ретінде мазмұндау мен ақ жұмысталаып бітүүі мүмкін. Сондықтан қандай мақала оқысаң да бір скемадан жазба деу дұрыс емес. Мақаланың мазмұнына, түріне қарай, оқытұшының тийіс табууына қарай іс жүргізілмес. Әйтеуір, скеманың ұлы сұлбасы бұзылмау керек. Ол ұлы сұлба – оқуға алдын ала дайындық жасау, оқуу, оқығанды балаларға толық йа қысқа түрде мазмұндатып, мыйларына сіңіруу.

Көркем шығарманы талдап оқуу. Пайезйа мен розаның арасында зор айырмашылық бар. ол екеуін оқыйғандағы көзделетін мақсат та бірдей емес, оқуу әдістері де бердей бола бермейді.

Біздің ой түйсігіміз екі түрлі. Айналадағы құбылысты екі түрлі жол мен танып білеміз. Зерттеу арқылы, құбылысты бақылау арқылы қортынды шығарып, білім алсан, онда арнаулы мағнасында пайезыйа жоқ. пайезыйа құбылысты обырыз арқылы танытады.

Пұшкін «Сараң сері» деген драмалы шығармасында, Гөгіл «өлі жан-дар» деген романында көркем сөз бен саранды сүуреттейді. Плұшкеннің әрекетін, жүрген-тұрғанын оқып шыққанда сараңдыққа салынған адам бара-бара адамшылық қасйеттен айырылып көр-жерді жыйнау мен жүріп, пайда-зыйанын айыра алмастық қалде түскендігі айналадағыдай болып көз алдымызда елестейді. Былайша айтқанда оқып шыққанында көңілінде сараңның келбеті (обырызы) тұады. Өмірде сондай саранды көргенімізде «мынау нағыз Плұшкіннің өзі ғой» дейміз. Плұшкін жалқы есімнен жалпы есімге айналды. Ол сыйақты обырыздар, кейіпкерлер қазақ әдебйетінде де жоқ емес. Кеңес жолына түсіп, жан-тәні мен жұмысқа берілген шарууаны (қалкозшыны) кей жерлерде Мырқымбай дейтінін біліп отырмыз.⁹ Бұл Бейімбеттің Мырқымбайының обырызы. Осы сыйақты, Бейімбеттің Азамат Азаматшы да обырыз екені анық.

Көркем сөздің қасйеті – осындай обырыз тұудырууында. Обырыздың маңызы – тұрмыс құбылыстарын тез ұқтыратындығында, Жай сөз бен, тез ұғылмайтын құбылыстарды обырызды, көркем сөз толық қылып тереңнен ұқтырады. Көз алдына бейне бір сүуретін салып қойғандай болады.

Жазушы мен акын обырызды өзінің өмір тәжірибесіне, өзінде бар сана сөзімге сүйеніп жасайды. Обырызға, көркем сөзге түсінуу үшін

9 «Сатсыйалды Қазағыстан»ның 1934-ж. үшін нөмірлерінің бірінде Бейімбеттің «екі оқушыға» берген жауабында.

оқушыда да тiйiстi берне, ұғымдар болуы шарт. Олай болмаған күнде қандай сұлу сөзде түсiнiксiз болып қала бередi. Сондықтан өлең мен көркем әңгiменi оқыптастан бұрын балада оның обырызына түсiнерлiк берне бар-жағын ойлап алу керек. Өлең мен көркем әңгiменi түсiну үшiн олардың жеке сөздерi ғана түсiнiктi болуы жеткiлiксiз екенi осындан байқалады. Жеке сөздерi баланың күнде есiтiп жүрген таныс сөздерi бола тұрса да, өлеңнiң мазмұны түсiнiксiз күңгiрт болып шығуы мүмкiн.

Соны мен, көркем шығарманы дәл iс мақаласындай етiп талдаудың керегi жоқ. Көркем шығарманы оқудың ең маңызды жағынан бiлiм алуда емес, әсер алуда, ой мен қатар сезiмде қозғалуда. Көркем шығарманы тым башалап талдап жiберсек, баланың ойы жеке кездерiне айданып, шығарманың жалпы мазмұнын ұға алмай, жалпы сүуретiн бернелей алмай қалады. Онда шығарманың көркем шығармалық бағасы кетедi.¹⁰

Көркем шығарманы аяқталған, тұтас күйiнде оқу керек, үйткенi үзiндiден толық маңыз, толық мағана шықпау мүмкiн. Толық сүурет болмаған жерде оқушы да қанағат ала алмай, оқуға көп ынта салмайды. Сондықтан егер үзiндi оқуға тұура келсе, үзiндiнi қай жер болса, сол жерден алмай белгiлi бiр берне тұуғызарлық, басы-айағы ықшамдалған жерiнен алып оқу шарт.

Көркем шығарманы оқу сқемасы.

Көркем шығарманы оқудың жалпы сқемасы мынадай болу керек.

1. Алдын ала әңгiме жасау.
2. Шығарманың текiсiн оқу.
3. Сұрауға жауап беру, немесе сұрауға жауап болатын жерлерiн текiстiден тапқызу (яа жоспар мен айтқызу).

4. Оқығанды пысықтап, ойға терең iз қалдыру үшiн текiстiнiң мазмұнына сәйкес сүурет салу, қосылып оқу (қор), жаттау, дырамалап оқу.

Iс мақаласын оқығандағы сыйақты көркем шығарманы оқу сқемасы да тәжiрiйбе жүзiнде түгел орындалуы, яа орындалмауы мүмкiн.

Алдын ала әңгiме жасаудағы мақсат оқылатын тақырыпқа балаларды қаратып, көңiлiн аударып алу. Бұл әңгiме 5-10 мүйнеттен артпайды. Ол әңгiменiң мазмұны оқылатын текiстiнiң түрiне қарай түрлi болады. Балаларды сұраулы-жауапты әңгiме арқылы да, яа мұғалiмнiң өзiнiң ғана әңгiмесi арқылы, яа кездесетiн түсiнiксiз сөздердi түсiндiру арқылы дайарлауға болады. Тiптi дайарлық әңгiменiң керегi болмауы да мүмкiн.

Оқылған әңгiме яа өлең оқыйғаны *мазмұндап* келсе, оны жоспарлауда болады. Ал, егер *көркем әлiптеме* болып келсе, оны жоспарлаған мен жоспар бойынша әдемлiеп мазмұндау қыйын болып, ақынның әлiптемесiн қара сөз бен өзiндей қылып айтту қыйын жұмыс, айтамын деп, бұзып алуға болады. Сондықтан, осындай жағдайларына қарай қысқа өлеңдердi жоспарламай ақ қойуға болады, жоспарлағанда да балаға өз сөзi мен

10 Бiз бұл жерде бастауыш мектегi оқу жайлы ғана айтып отырмыз. Кейiн көркем шығарманың шығармалық қасiетiн тексерууге кiрiскенде, оны мейлiнше бөлшектеп, талдауға болатындығы анық.

мазмұндатпай, тйісті сұрау-жауап болатын жерлерін өлеңнің сөзі мен келтіртүү керек.

Көркем әңгімелі йа өлеңді текісті, кім оқыса да, мәнерлеп, сазына келтіріп оқуу бірінші шарт. Бастауыш мектептің төменгі кіластарында да кейде сүйтүүге болады.

Көркем шығарманың бөлмелемей тұтас оқылғаны тәуір.

Драмалау. Көркем шығарманы тереңнен ұғып, толық әсер алүү үшін оны бір кісі оқымай, әр кісі оқууға болады. Жеңілше әңгімелерді бөлім-бөлімі мен бір неше бала оқып шығүүды әр бала әр кім болып оқуу дейміз. Бұлай оқуу балаларды көңілдендіріп, сабақты жандандырады. Әр бала әр кім болып рөлдесіп оқуу үшін текісті кісінің сөзі болүүға, бір неше кісінің әңгімесі болүү да мүмкін. Мазмұнына қарай текісті бір нешеге бөлініп, әр бөлімін бір бала оқыйды. Мұнда текістіден сөз қалдырылмай оқылады.

Текісті де аптырдың сөзі аз болып, екі адам йа көп адам сөйлестіріп қойса; ондай текістіні балалар рөлдесіп оқууын *драмалап оқуу* дейді. Драмалағанда балалар әр қайсысы рөлдерін құр оқып қана қоймайды; сақнадағы әртес сыйақты. Сол адамдардың өздерінде қылып айтууға тырысады. Бірақ, мектепке көркем шығарманы драмалау үшін еш бір сақна жабдығы керек емес. Драмалағанда бала ойланып өзінің алған рөлін (соның сыр-сыйпатын, дауысын, қыймылын) дәл келтірүүге, өзі соның қалпына, соның күйіне түсүүге тырысады. Соның арқасында сөзді мәнерлеп айтууды да үйренеді, шығарманың мазмұнын, оның жеке кезеңдерін толық оғып алады. Әшейін (бір кісі) оқығанда байқамай кететін жерлер, драмалағанда бек жақсы сезіліп, айқындалып қалады. Драмалап алүүға дайарланүүдың өзі ақ баланың тілін дамытып, сөзін сұлдуулау жөнінде мәнерлеп оқууға жаттығу жөнінде зор тәжірйбе, жаттығу болып шығады. Драмалау тіл дамытуу жұмысының бір түрі.

Дауыстап оқуу мен іштен оқуу

Дауыстап оқуудың маңызы. Біздің бастауыш мектептерімізде бала көбінесе дауыстап оқыйды. Кілас сайын жеке мұғалім болмағанда ғана амалмыздан іштен оқуу жүргізіледі. Екі-үш кіласқа бір оқытүүшы бір оқытүүшы болса, бір кіласты оқытқанда, екінші кілас кілас балаларына өз беттері мен істейтін жұмыс беріледі; йа есеп шығарттырылады, йа жазуу, суурет беріледі, йа іштері оқууға текісті беріледі.

Іштен оқуу мен дауыстап оқуудың арасында бір аз айырмашылық бар. әр қыйссының орынды, орынсыз жерлері бар. Төменгі кіластарда, әсіресе бірінші кіласта, оқуудың негізгі түрі дауыстап оқуу. Дауыстап оқымай бала оқууға, текістінің қарасын жүргізууге дағдылана алмайды.

Оқуудың дұрыс болүү шартының бірі әріптерді, жеке сөздерді бұзбай дұрыс оқуу және сөйлемді дауыс ырғағын келтіріп, мәнерлеп оқуу дегеміз. Дауыстап оқымаған жерде сөзді дұрыс оқууда (ілкі әзірде), мәнерлеп оқуу да табылмайды. Сондықтан қара танүүға бір қатар жаттықтырып алмай баланы іштен оқытып үйретүүдің керегі жоқ. Өлең, жұмбақ, мақал, айтыс, жаңылтпаш сыйақты текістілерді жас бала дауыстап оқымаса, келтіре алмайды.

Бастауыш мектеп баланың сөз запасы да дауыстап оқу арқылы молай-ады, үйткені дауыстап оқудың әсері күштірек. Іштен оқығанда көз бен ғана көріп түйсіктенеміз, дауыстағанда көз бен де көріп, әр сөйлеп, және құлақ пен естіп түйсіктенеміз. Әрйіне, сезім мүшелерінің біреуі арқылы алған түйсіктен, үшеуі мен бірдей алған түйсік бернелірек болмақ, былай алған берне ойдың тереңінен орын алып, жақсы сақталмақ.

Дауыстап оқу керек жерлер. Дауыстап оқудың іштен оқудан артықшылығы, оның сөзсіз қолданылатын орындары мыналар болуу керек:

1) Қат тану дәуірінде, текістінің қарауын жүргізүүді әбден біліп тұрып іштен оқуға айналудың қажеті жоқ, дауыстап оқу керек. Қат танытын адам текістіні оқығанда сөзді ежіктемейді, тұтасынан көзі бір шалып қалғанда ақ сол сөздің мазмұны барып мыйға түйсіктеледі. Қара танып дағдыланбаған бала да, үлкен кісі де олай тез шалып ала алмайды, сондықтан сөзді оқып, оқығанды құлағына естілсе ғана ол сөздің мағнасына жақсырақ түсінеді. Шала сауат үлкендер де, балалар да текістіні іштен оқып алмайтындығы осыдан. Олар, жалғыз өзі отырып оқыса да, дауыстап оқыйды. Бұл да іштен оқып бастау үшін әуелі қара танып дағдыланып алуу керектігін ыспаттайды.

2) Сөздің ырғағын келтіріп мәнерлеп оқуды да, әрпін, екпінін бұзбай дұрыс оқуды да дауыстап оқу арқылы ғана үйренеміз.

3) Кей бір адамдар құлағы мен есіткенін ғана жадында берік сақтайды. Ондай кісілер үшін, әрйіне дауыстап оқу пайдалырақ.

4) Емле үйрену үшін де дауыстап оқудың пайдасы мол – үйткені сөздің жалғау-жұрнақтары, тыныс белгілері дауыстап оқығанда көңіліміз де көбірек қалады.

5) Өлең, тақпақ сыйақты текістілерді дауыстап оқымай ырғағына келтіруге болмайды. Ырғағына келмесе, өлең, тақпақтың, екі кісі сөйлескен дйалоктаудың, пійеселердің мәні болмайды.

Соны мен, дауыстап оқудың маңызы зор. Іштен оқудың да артық жерлері көп болса, дауыстап оқудың орнына жүре алғандықтан емес, оның жолы басқаша.

Іштен оқуды керек қылатын жағдайлар. Бұрынғылар іштен оқуды білмеген. «Оқу» деген сөз олардың ұғымында «дауыстап оқу» деген мағанада болған. Іштен оқу мәденіет ілгерілеу мен бірге шыққан мәденіет жемісі. Біздің қазақ мектебін алсақ, кеп-кешегі молдалар мектебіне шейін іштен оқуды білмеген. Молданың мәдіресесін баланың шұулаған дауысынан білетінбіз. Молдекең талай жыл оқып оқудың «дәмін білген» кітап құшақтап сарғайған әшкірттер не бәрі 5-6- кітаптан артық оқымаған. Біздің заманымыз мәденіеттің жетілген заманы. Біздің оқушыларымыз, мәденіетті еңбешілеріміз күніне ондаған, жүздеген бет кітап оқыйды. Мұншама көп мәтеріялды дауыстап оқу мүмкін болмас еді.

Мұндай көп оқудың өзіне сәйкес әдісі де болуу керек. Сол әдістің бірі *іштен оқу*.

Кәзірде, қайда көрсек, іштен оқығанды көреміз. Қалалы жерде көшеге жапсырылған әпійшілерді тұра қалып іштерінен оқып тұрған кісілерді көресін. Пойыздарда сауатты жұрттың бәрі болмаған мен көбі ақ кітап, журнал оқу мен болады. Олар да іштерінен оқыйды. Мәскеу, Ленінгірат сыйақты мәденіет кіндіктерінде жұрт тырамбайда кетіп бара жатып гәзет

қарап отырады. Кітап каналарға кірсеңіз жайұулы жатқан кітап, оқып отырған жұртты көресіз. Бірақ, тым-тырыс, барлық жұрт іштен оқып отырады.¹¹

Іштен оқу түрлері. Іштен оқудың түрі көп, және бір текістінің өзін түрлі жағдайда түрліге оқуға тұра келеді. Гәзетте не жайлы жазылғанын білу үшін гәзет мақалаларының бастарын көз бен шолып шығу – оқудың бір түрі: кітаптағы жазылған әңгімені тереңнен ойлап мыйға түйіп алу үшін оқудың екінші түрі. Тийісті жерлерді (ережені заңды, анықтаманы) оқып түсіну мен ғана қанағаттанбай жаттап алу үшін оқу – оқудың үшінші түрі. Бір кісінің өзі осындайтүрлі жағдайда түрліше оқыйды. Үлкендер де, оқушылар да солай.

Оқығанда текістінің барлық жеріне бірдей кідірмейміз. Бір жерге көбірек шығылданып, ежелеп оқысақ, қайсы бір жерлерін желдіртіп өтеміз. Бір неше бет болып мазмұндалған әңгіменің тыйанағы ішінде 5-6 жолында болса, осы 5-6 жол мен қалған текістінің оқылұуы бірдей болмайды. Әшейін жерін сыдыртып өтіп, тыйанақты 5-6 жолға келгенде кідіртіп қаламыз, ол жерін өте-мөте көңіл қойып оқыймыз.

Іштен оқу әдістері. Іштен оқуды көп қолданған, әрі көп зерттеп, көп тәжірийбе жасаған Әмерійке мектептері. Әмерійке мектептерінің тәжірийбесі басқа елдердің мектебіне де жайылұулы. Іштен оқу орыс мектебінің тәжірийбесінде де бар. бірақ, орыс ұшйітілдерінің қайсы біреулері іштен оқуға салқындау да қарап жүрген. Оның себебі іштен оқытып үйретуу үшін белгілі жағдай керектігін, белгілі әдіс қолдану керектігін олай ептегенде күткен нәтійже шықпайтындығын оқушылар өз тәжірийбелерінен жақсы білген. Бастауыш мектептерде (орыс мектебі болсын, қазақ мектебі болсын) 2-3 кіласты мұғалім бір өзі оқытады. Бір кіласты оқытқанда қалған кіластар қарап отырады. Оларды қаратып отырғызбау үшін іштен оқыйтын мәтеріял беріледі (басқа жұмыста беріледі).

Әрі тәжірийбесі кем, әрі 2-3 кіласты жалғыз өзі оқытқан мұғалім балаларға іштерінен оқуға жұмыс бергенде оларды оқуға дайарлауға уақыты жетпей, әрі шамасы келмей, «пәлен бетті ашыңдар, пәлен бетті мақаланы іштеріңнен оқый тұрыңдар!» деп ғана тапсыратын. Олары әрі-беріден соң кітапты былай тастап, шұулап ойынға айналып кететін. Әрйіне, сонсын ол сыйақты іштен оқудан да жөнді нәтійже шықпайтын.

Олай болса, іштен оқудың өзіне ылайық әдісі, орны болу керек. Алды мен қойылатын сұрау: «іштен оқуды қай кіластан бастап енгіземіз. Қазағыстан қалық ағартуу кәмесеретінің 1933-жылы Сталінді програмында I-кіластың балалары жыл айағында мүйнетіне 30-35 сөз, II-кілас балалары мүйнетіне 50-51 сөз іштерінен оқый алатын болсын делінген. Олай болса, бірінші жылдың соңғы жартысынан ақ іштен оқуды аз-аздап ендіре беру керек. Іштен оқуды дауыстап оқуға дайарлық есебінде де, дауыстап оқудан соң да жүргізуге болады. Соңынан оқылғанда дауыстап оқып жөнді түсіне алмай қалған жерлерін жақсылап байқап алу үшін оқылады. Үшінші, төртінші кіластарда іштен оқу жұмысы недәуір зор орын алатын болсын.

¹¹ Ұйымдастыруу қоғам тануу шаруашылық тағы солар сыйақты тақырып мәтеріялдарының көбі іс мақаласына жатады.

Іштен оқуға көбінесе қара сөз бен жазылған текістілер берілсін, өлең мен жазылған текісті аз берілсін (төменгі кыластарда). Алғашқы әзірде іштен оқуға мақаланың жеңілін таңдап беруу керек. Оқыған мақалсын бала түсінген-түсінбегенін бір екі сұрау мен ақ білгендей болсын. Ілкі әзірде іштен оқуға берілетін мақалаға да дауыстап оқығандағы сыйақты алдын ала дайарлық жүргізуу керек. Дайарлық ретінде мақаланы іштен оқуға берер алдынан балаларға мұғалім бір неше тапсырма сұрау қойып, ол сұрауларға оқып шығып жауап беретіндігін айтады және сұрауларын тактаға жазып қояды. Егер мақала кіласта оқылмай, үйде оқуға берілсе, онда тапсырма сұрауларды балалар дәптерлеріне көшіріп алады. бәрі тегіс оқып шықаннан кейін бір неше баланы кезек пен тактаға шығарып манағы жазылған сұраулардың жауабын айтқызады. Кей бір жерлеріне сұрау қойса да болады. Сонда сол сұрауға жауап болатын жерін табуу үшін бала амалсыздан мақаланы түгел оқыйды, және зейінін салып, түсінүүге тырысып оқыйды.

Мектеп тәжірйбесінде кейде былай болады: кіласта мақаланы дауыстап оқыған баланың өзі оқығанын шамалы түсінеді де, кітаптарын ашып қойып ананың оқығанына еріп іштерінен оқыған балалар йа тіпті кітаптан қарамай құр тындап отырған балалар жақсырақ түсінеді. Бұлай болүүдың себебі алдын ала дайарлық жасалмағандықтан. Дауыстап оқыған бала біріншіден көп ішінде қателесүүдұрыс оқуға тырысады. Екінші – оқыған текістінің мазмұнына қарай дауысын құбылтып, сазына келтіріп оқығысы келеді. зейіні осыларға бөлініп, оқып шыққан жерін қасындағылардан кем ұғууы мүмкін. Егер әуелі ештен оқып бір сыпыра танысып алып, сонсын барып кіласта дауыстап оқыса, ондағы жағдай тіпті өзгеше болады. Онда дауыстап оқыған бала қасындағылардан артық түсінбесе, кем түсінбейді. Бұған қарағанда қыйын мақаланы бірден дауыстап оқытпай, әуелі іштен оқытып, бір қатар таныстырып алуға да болатын сыйақты.

Текістінің мазмұнына түсініп оқуға бала бір аз дағдыланғаннан кейін алдын ала тапсырма сұрау қоймай ақ, не оқығанын бала өз беті мен айтып беретін қылса да болады. Оқығаны тұуралы мұғалім сұрайтынын білсе, түсініп оқуға соның өзі ақ себепші болады.

Іштен оқудың артықшылығы:

1. Іштен оқығанда ерін, тіл тағы басқа дыбыс мүшелеріміз қозғалмайды, сондықтан шаршауымыз дауыстап оқығандығыдан кемрек болады (пйзікелік шаршау).

2. Іштен оқығанда жеке сөздерге, әріптерге көзіміз көп кідірмейді, сондықтан шапшаң оқый аламыз. Зерттеу мәліметтеріне қарағанда іштен оқу шапшандығы дауыстап оқығандағыдан 25% 200 % шамасы артық болады.

3. Іштен оқымасак, бір бөлмеде бір неше кісі қатар отырып оқый алмас еді, кісі басы юөлек бөлме керек болар еді. бір жерде отырып жұрттың бәрі дауыстап оқый бастаса онда шұудан бас айналатын болар еді.

Іштен оқып дағдыландыруу тәжірйбелері.

Әмерйіке педагоктері іштен оқуға жетілуу жолдарын іздеп талай тәжірйбелер жасаған. Сол зерттеу тәжірйбелерге қарағанда іштен оқуудың жылдамдығына әсер беретін практилер мыналар көрінеді:

1. Іштен оқып әдейі дағдылануу (машықтау).
2. Іштен оқығанда ерінді, тілді қыймылдатуу.

3. Оқылатын текістінің мазмұны оқушының жасына сәйке қызылықты болуы.

4. Не үшін оқып отырғаны, оқығандағы көздеген мақсаты оқушының өзіне ағық болуы.

5. Басқа жаққа көңіл бөлінбеу.

6. Текістінің мазмұны баланың бұрыннан білетініне байланысты, соған қандай да болса қатысы бар нәрсе болуы.

7. Жылдам оқу керектігін жақсы ұғынуы.

8. Жылдам оқуға тырысуы.

9. Өзінің қаншалық шапшаң оқыйтынын сағат пен өлшеп тексеріп отыруы.

Түсініп оқуға себепші нақтылар мыналар көрінеді:

Жылдамдықтың белгілі бір шегінен аспауы. Шамадан тыс жылдам оқу түсінууге кедергі жасайтын көрінеді.

2. Оқыған текістісінің мазмұнын айтып беруге тұра келетінін ескеріп отыруы.

3. Оқығанды толық түсінууге мүмкіндік бергендей сөз сапасы болуы, ұшыраған терминдерін білуы.

4. Оқыған текістінің мазмұны қызылықты болуы.

5. Не мақсат пен оқып отырғандығы анық болуы.

6. Оқығанды талдап, маңызды жерлерін оқып отырып байқап қалуда дағдыланғандық.

7. Оқудың текнікесін білуы.

8. Оқығанды көңілгі түйіп алуға қабілеттілігі т.т.

Жалтылау. Іштен оқу жөнінде қазақтың ескі мектебінен қалған тәжірийбе жоқтығы жоғарыда айтылды. біздің кәзіргі бастауыш мектебімізде де іштен оқу көп қолданылмайды (тіпті жоқ десек, тым асырып айтқан болармыз). Кітап оқу жөнінде бастауыш мектептің алдына қойылатын негізгі мақсат – баланы өз беті мен кітап оқуға, кітап арқылы білімін артыра алатын қылып дайарлау. Дауыстап оқып кісі көп кітап түгесе алмайтыны анық. Олай болса баланы іштен оқуға жаттықтыру бастауыш мектептің де зор міндеттерінің бірі. Жоғарыдағы айтылған мәтеріялдарды бастауыш мектеп мұғалімі де жақсы ескеріп, өз тәжірийбесінде жүргізіп қарап, алай еткенде тәуір нәтійже шығатынын зерттеуі керек.

Оқу дағдысын есепке алу

Оқу сапасы арттыру шарасының бірі оқу дағдысын *есепін алып отыру*. Жұмыстың есебі алынбаса, оның қай жері дұрыс, қай жері теріс жүріп жатқанын дәл білу қыйын болады. Оқу дағдысының дұрыстығын, шапшаңдығын оқушы түсінуудің есебін алып отыруы. Іштен оқудың шапшаңдығы мен түсіну жағының есебін алуға болады.

Оқу дағдысының есебін алу жолдары көп. Оның өзіне арналған тестілер, оларды еткізу жолдары, мағлұметтерді қорыту жолдары бар. қазақ тілінде бұл жайлы шыққан мәтеріял жоқ. 1933-жылы Қазақғыстанның педәгәгійкелік ғылым-зерттеу үнісеті бір қатар мектептің оқу жұмысын зерттеген. Зерттеу мәтеріялдары бөлек кітап бөліп басылып шығуға тійіс. Ол мәтеріялда бастауыш мектеп мұғаліміне керекті заттар көп. I мен, II кіластарға оқуға берілген текісті мынадай көрінеді:

«Қат білді: дұрыс жазамыз, балалар тәртіпті. Ерте тұрып, жұуынып келеді; сабақ сағат сегіз жарымда басталады. Мұғалім қағысы мен сабаққа кіреді, арналған сабақтарын береді. Сабағымыз күннен күнге қызық. Сат-сыйалдық жарыс пен оқыймыз».

III және IV кілас балаларына берілген текісті мынау екен:

«Майдың бірі күні барлық еңбекшілер мен оның балалары қатар түзеп, дұшпандарға қыр көрсетеді. Бұған жазылған ұрандары болады, қолға қызыл тұу ұсталады. Түрлі ән мен төңкеріс өлендері айтылады. Бірақ май жер жүзі еңбекшілерінің бостандыққа тартысуу күні».¹²

Бірінші текісті де 36 сөз, 83 бұуын, екіншіде, 35 сөз, 90 бұуын. Міне осы текістілерді оқығандағы шапшандығын оқуының дұрыс – бұрыстығын салыстырып балалардың тәуір оқыйтындары қайсыралы оқый алмайтыны қайсыласы екендігі байқалған. Оны мен қатар балалар қай жағынан ақсайтындығы, көп шыққан қателеріне түрлі қателер, аз қайсылары екені анықталып, қате шығу себептері, оларды жойу жолдары ізделген. Зерттеу мәтеріялдарында мынадай мағлұметтер бар:

Ағжал мектебінің I кілас балалары көбінесе сөздің айақ жағын дұрыс оқымапты, мыйсал, «жүрміз» орнына «жұмыс» деп оқыпты, тыныс белгілері мен есептеспей аттап кетіп оырыпты, мыйсалы, «сабақ»деп тынатын жерге тоқтамай «сабаққа» деп оқып кетіпті, қайсы бір балалар сөз ішіндегі дауысты дыбысты тастап кетіп етістіктің жіктеу жалғауларын өзгертуу, «келеді, басталады, кіреді» орнына «келді, басталды, кірді» деп оқыпты.

Осындай зерттеу мәтеріялдарына сүйеніп оқуға жаттықтаруу жөніндегі кемшіліктерді, қайсы жаққа көбірек көңіл бөлуу керектігін, қай жерге қандай әдіс қолдануу дұрыс йа бұрыс болғанын тағы осы сыйақты қортындылар шығарып; тәжірійбе алуға болады.

Мұндай тексерулер Кеңес одағында шын ара болмаса, жалпылық мөлшерде әзір жүргізіліп көрген жоқ. Жеке педәгөктердің, ғылым-зерттеу үністеттерінің матеріялдары бар. Қазағыстанда да мұндай жүргізіліп бірлі – жарымды зерттеу мәтеріялдары жете тексеріліп, сыналып, тұжырымды қорытындылар шыққан жоқ. Сондықтан бастауыш мектеп мұғалімдері оқу дағдысын жабай жол мен есепке алып байқаса да жетіскендік болар еді.

Попова және басқалардың «ана тілінің методікесі» деген кітабында бұл жөнде мынадай кеңестер берілген. Біздің бастауыш мектеп мұғалімдері де осы нұсқауды қолданып іс қылұуына болады.

1. Балалардың оңашалап сынымай ақ, бәрін түгел кіласқа отырғызып қойып, дауыстып және ішінен оқу дағдыларының қаншалық екенін байқауға болады.

2. Баланың текістіні шапшаң оқуу, дұрыс және мәнерлеп оқуу дағдысын есепке алұу үшін балалардың көрмеген бір кітабып алып, содан әр қайсысына кезек пен, мысалы 30 секүнттен оқытады. Біреуі осығанда басқалары кезектерін күтіп тыныш отырулары керек. Мұғалім секүнт тілі бар сағатты алдына қойып қарап отырып, 30 секүнт дегенде оқып тұрған бала қай жерге келгенін бөлек қағазға белгілер алады. Ар жағын екінші бала оқыйды. Ол да 30 секүнт оқып тоқтайды. Сүйтіп барлық бала 30 секүнттен оқып өтеді. Текісті бәрі оқууға жететін болсын және, мүмкін

12 Голәкобскайаның деген қол жазбасынан алынды.

болғанынша, бір жері ауыр, бір жері жеңіл болмай, бәрі бір тегіс болсын.

3. Баланың мәнерлеп оқу дағдысын есепке алу үшін былай етеді: оқығанда (дауыстап оқығанда) тыныс белгілеріне тоқтаған-тоқтамағанын, ой екпінін дұрыс қойған-қоймағанын, дауысын дұрыс құбылтып, сазына келтіріп оқып алатынын байқап отырады.

4. Баланың түсініп оқу дағдысын есепке алу үшін мазмұны онша қыйын болмайтын жеңілше мақала тауып алып, соның текіс – бірдей қылып бөліп, әр бөлімге үш-үш сұраудан әзірлейді. Тіісті бөлімін оқып шыққаннан кейін, бала әлгі дайарланған сұрауға жауап беруі керек. Баланың жауабына қарай, оқығанын түсінген-түсінбегендігі тұралы бөлек қағазға (баланың аты жазылған қағазға) белгі салады. Бір бала жауап бергенде басқа балалардан еш кім айтып жібермейтін, тыныш отыратын болады. Сүйтіп, бір бала оқып болғанын, екінші бала оқыйды, сүйтіп кезек пен бәрі оқып, сыналады.

5. Іштен оқығандағы шапшаңдығын былай етіп өлшеуге болады: мұғалім балалардың бәріне бірдей текісті беріп, сағатына қарап отырып бәріне тегіс басталады. Дәл 39 секунд болғанда әр қайсының келіп жеткен жерлерін белгілеттіреді. 30 секундте оқып шыққан сөз санын екіге көбейтсе, мүйнетте неше сөз оқығаны шығады.

6. Іштен оқығанды түсінген-түсінбегенін былайша есепке алуға болады; балалардың бәрінің іштен оқыған текістілері бір текісті болады. Текістіні айақ жағына күн ілгері жазылып қойған қыс-қысқа сұраулар болады. Берілген текістіні оқып бітірген бала соңындағы сұрауларды да ішінен оқып шығып, оларға жауапты бөлек бөлек қағазға йа дәптерге жазып береді. бұл жұмысқа не бәрі 5 мүйнет уақыт беріледі. 5 мүйнеттен кейін балалар дәптерлерін мұғалімге тапсырады. Дәптерлерді мұғалім үйге алып кетіп қарап, балалардың оқығанына түсінген-түсінбегені тұралы қағазға белгі қойып, жазып алады.

7. Зерттеу көрсеткіштерін қорытту сөзді дұрыс оқуын тексеру үшін қай сөзде қате шығарғанын белгілеп отырады. Сөз қате оқылса, бір сөзді қайта оқыса, сөз тастап кетсе, осылардың әр қайысы бір қате болады. Текістідегі сөздердің бәрі әуелі басынан айағына шейін нөмірленеді. Мына төмендегідей қылып кесте жасап, қай бала қай сөзден (нешінші сөзден) қате жіберді, қандай қате жіберді, соны жазып отыруу керек.

№	Баланың пәмеліесі	Сөз тастап кету	Сөзді қайта оқу	Сөзді қате оқу
1	№	2,7	-	9,11
2	№	1	-	5,8

Бұл: бірінші бала 2-мен 7-сөзді тастап кетті, 9-бен 11-сөзді қате оқыды, біз сөзді қате оқыған жерлері болған жоқ деген сөз. Баланың 60 секундте оқып шыққан сөз санының сол 60 секундте қате оқыған сөздерін шегерсек, дұрыс оқудың көрсеткіші шығады. Түсініп оқу дағдысын есепке алғанда дұрыс жауаптардың саны көрсеткіш болады. Бұл тексті мен зерттегендегі шыққан көрсеткіштерді қорытту жолы біздің айтып отырған жабайы түрлі зерттеу көрсеткіштері де осы рет пен қорытылады. Әрйіне, жабайы түрде (сыналағын баланы оңашаламай) жасалған зерттеудің магілеметтері дәл бола алмайды. Бірақ, мұғалім үшін осылайша шыққан сыйпырды мағлімет-

тер тым қадірлі. Осы мен ақ мұғалім әр шәкірттің жетіскендігі, кемшілігі қанша екенін байқай алады.

Кіластан тысқарғы оқу

Кіластан тысқы оқудың маңызы. Кәзірде бізде балалар кітабы тіпті аз. Бастауыш мектеп балалары оқу құралынан басқа кітап оқулары шамалы. Бірақ, адамның білім-тәрбие алып жетілуіне себепші болатын ең күшті пәктілердің бірі өз беті мен кітап оқу. Кітапты өз беті мен оқуға баланы бастауыш мектепте жүргенде ақ баулы беру керек.

Кіластан тыс кітап оқу жұмысын ұйымдастыруда мынадай негізгі кездер бар:

1. Оқуға кітап таңдау.
2. Кіластан тысқа оқуға басшылық етуу.
3. Жұмысты ұйымдастырып, есебін алуу.

Оқуға кітап таңдау. Балалар оқуға арналған кітапшалардың өзі аз болғаннан кейін көп таңдауға да мүмкіншілік жоқ. Бірақ, кітап аз екен деп, қолайлы-қолайсызына қарамай кез келген кітапты ұсына берууге болмайды. Пайдасыз кітапты оқығаннан оқымаған артық.

Балалар кітабы алды мен балаларға таптық тәрбие беріп, пүролетарыйат салт-санасын ендіретін болсын. оны мен қатар тілі жеңіл, балаға түсінікті, әрі көркем сөзді, баланың көркемдік сезімін қозғап, рэзэт бергендей, оқушыны көңілдендіріп, рұукын көтеретін түрде жазылсын. Балалар кітабы жаратылыс құбылыстарын ғылым жолы мен оғындырып, айналадағы жаратылысқа зерттеу тексеруу көзі мен қарауға бейімдесін.

Кіласта тысқа оқуға басшылық етуу. Бастауыш мектеп баласының кіластан тысқы оқуыны алды мен мұғалім басшылық етуу керек. Мектеп кітапханасында оқу кітаптары мен қатар кіластан тысқа оқуға арналған балалар кітапшалары да болуу қажет. Балалардың білім өрісіне қарай, әр қайыссының жеке тілегіне, беймділігіне қарай балаларға оқыйтын кітапты ілкі әзірде мұғалім өзі ұсынып, оқытұшы тийіс, үйткені бала өзіне қандай кітап керегін, қандай кітапқа шамасы келетінін бірден біле алмайды. Кіластан тыс оқуды бала камыл қат танып, кітаптың қарасын кідірмей жүргізе алатын болған уақыттан, былай айтқанда, бірінші жылдың соңғы жартсынан ақ бастау керек. Баланы кітапқа баулып, жеңіл кітаптан бастап бірте-бірте ауырларына түсіріп, мектеп бітіргенше жеңілше ғылымдік кітаптарды қоғам-сайасат, және көркем әдебійет кітаптарын өз беті көркем әдебійет кітаптарын өз беті мен оқый алатын қылдұға тырысұу керек.

Баланы кітапқа үйір қылып, кітап оқуға баулудың түрлі жолдары бар. Мектеп кітапханасында кітап көрмесін ашуу, оқуға арналған кітаптарды бөлек жәшікке салып, баланың өзі аралап таңдап алатын етуу, тәуір-тәуір кітаптардың тізімін жарыйалау, пылакат жасау, кітаптың мазмұны тұуралы балаларға әңгіме айтту тағысын тағылар – бәрі де балаларға кітап оқытұудың шаралары, баланың кітап таңдауына ықпал жүргізуу шаралары. Балаға оқуға ұсынатын кітаптардың тізімі тұрақты бола алмайды. Бір жағдайда, бір мезгілде оқуға ұсынған кітап басқа жағдайда қажеттігі (балалар үшін) шамалы болып қалұуы мүмкін. бұл әсіресе қоғамдық-сайасый кітаптар жайында ескеретін нәрсе.

Кітап оқу жұмысын ұйымдастыруу, есебін алуу. Кітапқанада кітап нұсқасы көп болса, бір оқытқанда барлық балаға бір атты кітап оқытуды болады.

Бұлай еткенде кітапты оқып шыққаннан кейінгі жасалатын әңгімеге балалардың бәрі тегіс қатынаса алады. Соның арқасынла қай бала қаншалық түсінгенін, кітап қайыссына ауыр, қайыссына жеңіл болғанын, кімге ұнап, кімге ұнамағанын тағы осы сыйақты баланың мінездемесін толықтыратын жақтары анықталады. Соған сүйеніп мұғалім (яа кітапқанашы) баланың кітап таңдауын дұрыс бағытқа салып керексіз тақырыпқа әуестігі байқалса, оны жойып басқа тақырыпқа аударып, баланы тийісті бағытқа түсірууге тырысады. Кітап нұсқасы аз болса, бір неше бара бірдей кітаптан, яа әр балаға әр түрлі кітап беруге болады. Қалай болғанда да баланың неге бейім екендігін, қандай затқа әуестенетінін зерттеп, дұрыс затқа әуестенетінін зерттеп, дұрыс бағыт алдырууға тырысууы керек.

Үлкендердің де, баланың да кітап оқуға әуестігі, кітапқа көз қарасы түрлі болады. Біреулер оқыған кітабының құр қарасын жүргізгенде маз болып, мазмұн жағына аса көп кеңіл бөлмейді. Біреулер тек уақыты көп қызық әңгімелерді ғана оқыйды, қызығы азайа бастаса, кітапты айақтамай тастап жүре береді. Енді біреулер кітаптан адамгершілік, қоғамдық істердің үлгісін іздейді, кітап мазмұнында сол жағын көп бағалайды, біреулер оқыған кітабынан іс жүзіне асырып пайдаланарлық зат істейді. Балалардың өз беті мен кітап оқуына басшылық еткен адам осындай жағдайларды зерттер, балаға кітап ұсынғанда әр кімнің бейім екенін, қандай затқа әуес екенін ескере отыруы керек.

Төменгі кіластардың балаларына кітапты мұғалім өз оқып беруге де болады. Мұндай кітапты оқуды аз-аздап распійсаныйға кіргізгеннен де зыйан жоқ, онан мүмкіншілік болмаса, сабақ жоқ уақытта жүргізуге болады. Кішкене балалар өздері жақсылап оқый алмағандықтан мұғалімнің үлгілі оқуын яа әңгімесін ынтасын салып тыңдайды. Оларға өзжері оқуға жарамды үйлесе қалатын кітап та толып тұрған жоқ қой.

Кіластан тысқы кітап оқудың бір сыпыра ережелерін көрсетіп беруге болады. Бұлай етуу әсіресе қазақ тұрмысы жағдайында өте керек нәрсе.

Кітап қалай ұстап, қалай оқу керектігі тұралы көп ереженің қажеті жоқ, мына сыйақты басты-басты ережелерді ұсынуды болады.

1. Кітапты дем алыстан ұзақ оқып өзіңді өзің шаршатпа.
2. Тамақ іше сала кітап оқыма.
3. Жатып оқыма. Онда көзге зыйан келеді.
4. Кеуденді бүкірейтін отырып оқыма.
5. Кітап оқығанда жарық яа жарығы сол жағыңнан түссін.
6. Кешкіде қараңғыда яа жарығы жоқ жаман шам мен кітап оқыма, көзің бұзылады.
7. Көзің талса, оқыма.
8. Кітапты көріп қойудан іштеңе шықпайды, оқу керек.
9. Құр оқу емес, оқығаныңды ойлап, көңілге тйуу керек.
10. Асықпай түсініп оқы.
11. Көңіліңе ұнап кететін жақсы кітапты бір неше қайта оқысан да болады.
12. Түсінбеген сөзің болса, ұялмай білетін кісідеп сұрап ал. (Бұл кеңестер Қерсонскаяның «.....» деген кітабынан алынды).

Өз беті мен оқудың ұйымдастыруу мен қатар оқығанның есебін алып отыруу керек. Есеп алу жолы көбінесе ақ балалар мен оқыған кітаптары тұралы әңгіме жасау. Балалардың өздерінің қалауы бойынша оқығандары тұралы өздеріне мазмұндама жасаттырууға болады. Балаларға тәуір деген кітаптарының аттарын жаздыртып әлбомді тізім жасауға болады. Бұлда баланың оқыған (қандай кітапты жаратығ) көрсететін материал болады. Балалар 15 күнде бір рет әңгіме өткізіп отыруу керек. Бірақ, мұндай әңгімелер сабақ сұрағандағы сыйақты тексеруу, сынауға айналып кетпесін, бала ойындағысын қысылмай, жасқанбай айтатын жағдай жасалсын. Содан ғана баланы сынап жетімді-жетімсіз жерлерін байқауға, соған сүйеніп, дұрыс бағытқа салып отырууға болады. Баланың оқып шыққан кітабы тұралы әңгіме жасау үшін кітап мазмұнын мұғалім өзінде жақсы білуу керек. Әңгіме ретінде балаға кітап мазмұннан сұраулар қойуға болады. Сұраудың түрі, мазмұны кітабына қарай, баласына қарай түрліше болып келеді. жалпы сұраулар есебінде мыналарды көрсетууге болады:

1. Шығарманың геройлары кім?
2. Оқыйға қай жерде, қай мезгілде болған.
3. Саған шығарманың қай жері, қандай сөздері, қай геройлары ұнайды?

Кітап гәзеттің негізгі элементтері мен таныстыруу. Оқу кітаптарын бала мұғалімнің басшылығы мен соның көрсеткен жерлерін оқыйды. Көрсетпесе, бала өздігінен кітаптың қалай жазылатынын, қандай бөлімдерден құралатынын білмеуі мүмкін. оларды білмесе, бала кітап пен танысуды, кітап таңдауды, кітапты қалай оқуды керек затты кітаптың қай жерінен іздеуді тағысын тағы осы сыйақты нәрселерді білмейді. Өз беті мен кітап оқығанда бұларды білуудің мағызы аса зор. Кітаптың негізгі элементтері – аптыры кітаптың, аты, шыққан жылы, кіріспесі, кімге арналғандығы (атынан йа кіріспеден белгілі болады), кітаптың мазмұны. Кітап мазмұны. Бұларды білмеген адам кітап таңдай алмайды, талғамай, қолына түскен кітапты басынан түсіп оқый береді. әрйине, кітапты басынан түсіп айағына шейін оқытын ретте де көп болады, кітаптың ішіндегі жеке мәселелерді теріп оқыйтын реттеде болады. Кітап пен пайдалануу, кітап оқуу гегійнесі өз алдына бір күріс болғандай зат. Бұл жерде осы қысқа мағлімет пен тоқталамыз. Кітап пен пайдалануу сыйақты, гәзет оқудың ретін балаларға үйретіп қойуу керек. Ескі мектепте балалар гәзет оқымайтын кеңес мектебінің көп ерекшелігінің бәрі балалар гәзет-жорнал оқып қоғамдық-сайасый тәрбіе алып, мемлеке-қоғам жұмыстары мен қатынасып, сол жұмысқа өздері де ат салысып отырады. Қазақ тілінде балаларға арналған «пійәнер» гәзетті шығады, басқада гәзеттер шығууы керек. Гәзеттің құрылууы ретін-атын; шығаратын мезгілін, кімге арналғанын, қандай бөлімдері болатындығын, редақтыры йа шығаруушылар кәлегійесі кім-кім екенін, қандай ұйым-мекеменің шығарып отырған гәзеті екендігін тағысын тағылар балаларға түсініндіріп, оны мен қатар гәзет оқууға, гәзет жұмысына қатынасудуға баулуу керек.

Мақала оқытуу үлгілері

Егіннің жауы арам шөп

Өсімдіктің өсууі үшін күннің көзі, жылылық, және қорек керек. Егіннің арасына арам шөп шығады, шөптің тамыры ұзын болады. Ұзын тамыры

мен тереңге бойлап егінге керекті жердегі тамақты орап алып жей береді. арам шөп жердегі ылғалды да егіннен бұрын қақшып алады. арам шөптің жапырақтары бүркеп, егінге күннің көзін түсірмейді. Айналасын қоршап жылылықты жібермейді. Әрі жерден тамақ ала алмай, әрі жарық дүниенің көзін көре алмай егін өспей қалады. Әлсіздері құрып кетеді.

Арам шөптен құтылу үшін: сепкен тұқым таза болуы керек. Арам шөпті көрінген кезде отып тастау керек. Пар жытқан жерде арам шөп шығармауға тырысу керек. Егін арасындағы жыртылмай қалған жерге шыққан шөпті, ерте бастан құртту керек. Кәртөп, жоңышқа сыйақтыны көп егу керек. Сонда арам шөптен құтыласың. Егіннің еркінше өсіп өнеді.

Алдын ала дайарлық жасау. Бұл – іс мақаласына жататын мақала, 2-кіласта оқытылады. Бұл мақаланы оқытту үшін аса көп алдынала дайарлық керек емес, үйткені балалар арам шөпті біледі. Білмесе оның қандай зыйаны барын білмейтіндері болар атын білмеуі мүмкін. бірақ, егіннің арасына шөп өскенді ауыл балалары талай көрген. Алдын ала дайарлық есебінде мынадай әңгіме жүргізүүге болады;

М. – Балалар, далада өсіптүрған егінде көргендерің бар ғой.

Б. – Көрдік. (Қайда көргенін, қашан көргенін т.т. айтады).

М. – Егіннің арасына шыққан шөпті көрген шығарсындар?

Б. – Көрдім, көргенім жоқ.

М. – Егіннің арасына шыққан шөп пайдалы ма, зыйанды ма?

Б. – Пайдалы, зыйанды.

М. – Сол егін арасындағы шөптер пайдалы мекен, зыйанды мекен, кәзір сол жайлы оқыйық. (Егер балалар бәрі де зыйанды десе, онда «егін арасындағы шөптің қандай зыйаны бар екен, соны оқыйық» дейді).

Бұл мақалада түсініксіз болуы мүмкін сөздер: «қорек», пен «пар». Пар айдалған жерді сұрау арқылы естеріне салуға йа қайтып берууге болады. «Қорек»ті текістіні оқығанда ақ түсіндіріп жіберуу керек.

Мақаланы оқу. Мақала екі бөлініп оқылады. Бөлектері ұсақтау, сондықтан екі бөлегін тәуір оқыйтын екі балаға оқытту керек (1-бөлек «әлсіздері құрып кетеді» мен біледі). Мақалана онша қыйын емес, сондықтан алдан мұғалім өзі оқып шығуудың керегі жоқ.

Бұл мақаланың бір ерекшілігі сөйлемдерінің әр өайсысының жеке-жеке тыйанақты мазмұны бар. бір оқығанда сөйлемдердің арасындағы төтелестікті бала түйіп ала алмай қалууы (жадында қалдыра алмауы) мүмкін. Сондықтан, мұғалім ыңғайына келсе, мақаланы әуелі іштен оқуға беріп, сонар кейін кіласта дауыстап оқытқан жақсырақ болар еді. Егер мақала іштен оқылса, онда балаларға бір неше тапсырма сұрау беруу (тақтаға жазып қойуу) керек. Тапсырма сұраулар мынадай болса жарайды:

1. Өсімдіктің өсуіне не нәрселер керек?
2. Өсімдік өсуіне кедергі болатын заттар нелер?
3. Арам шөп өсімдікке қалай зыйан келтіреді?
4. Арам шөптен құтылу үшін не жасау керек?

Іштен оқып шыққан бала осы сұраларға бір қатар жауап беріп өтууі керек. Сонан кейін мақала дауыстап оқылады. Онда мақаланың мазмұнын дәлденкіреп, талдауы керек. Сөйлемдер де бір өзі бір сұрауға жауап болып бір өзі жоспардың бір бұуынын құрайтындары бар.

Мақаланы талдау. Бұл мақаланы тұтасы оқылмай ақ, әуелі бірінші жартысын оқып, талдап алып, сонсын екінші жартысын оқуға болады.

Бірінші жартысын оқығансын қойылатын сұраулар мынадай болса, жайды:

1. Өсімдік өсуіне қандай заттар керек?
2. Өсімдік қоректі қайдан алады?
3. Өсімдік жерде тамақты несі мен алады?
4. Егінге арам шөп қалай зыян келтіреді?
5. Білетін арам шөптерін бар ма?
6. Мұндай шөптерді не себепті арам шөп деп атаймыз.

Екінші бөлімнің сұраулары мыналар:

7. Арам шөптен құтылу үшін сепкен тұқым қандай болу керек?
8. Арам шөптің қай уақытта жұлу керек?
9. Пар жыртқан жерді қалай ұстау керек?
10. Аралықтың шөбін қайтуу керек?
11. Кәртөп пен жоғышқаның егінге қандай пайдасы бар? (Кәртөп пен жоғышқаның қалайша пайдалы екенін мұғалім өзі қысқаша айтып түсіндіру керек. Кітапта ол айтылмаған).

Көрнектілік үшін бұ сабақты оқырда егіске серууен жасау, немесе арам шөптердің бір нешеуін әкеліп көрсету керек. (Терістік Қазағыстанда кенже қалған тарылар сентәбірге баруы мүмкін).

Мақаланың екі бөлегін осылайша оқып, талдап шыққаннан кейін жалпылама түрде тұтас бір айттыруу керек (сұрау мен немесе сұраусыз). Мақаланың мазмұнын біреу бала келесі сабақта пысықтап береді. Мақаланы оқу мен байланысты үйге түрлі жұмыс беруге болады. (Даладан, йа қырымнан арам шөп жыйнап әкелуу, олардың аттарын біліп алуу, өсіп тұрған егіннің (арам шөп қаптаған егін мен таза өскен егіннің) сүгіретін салдыруу т.т.

Мақаланың жоспарын жасау. Бұл мақалаға қысқа жоспыр да жарайды. Жоспар екі бұуыннан құралады. Біріншісіне «арам шөптің егінге зыяны» деп, екіншісіне «арам шөптен құтылу шаралары» деп ат қойса, болады.

Егер толық жоспар жасайыз десек, онда жоспардың бұуындары сұрпау түрде құрылғаны қолайлы. Жоғарыда келтірген сұраулардың әр қайсысы жоспардың бір пүнкiтi бола алады.

Түріксіп түйісуіне

Тауды тіліп, тасты бұзып;
Тамшылатып ашшы тер,
Жан жүрмеген, жан баспаған,
Жан көрмеген тасты жер.
Қырдан асып, белді басып,
Жолды салған қандай ер?
– Ол қайратты, ол қажырлы
Қайтпас қайсар жұмыскер!...
Бұлшық еттер бұл майданда,
Бұл табыстың ірі екенін,
Кім түсінбес, кім білмес.

Мүмкін, білмес, мүмкін көрмес,
 Мүмін, жылар кәпйітал.
 Күйсін іші, қашсын түсі,
 Ұра... Ұра... Қыйқуу сал!
 Әлі сын көп, алдымызда,
 Алдымызда ауыр жүк.
 Ұлы майдан, ұлы жарыс,
 Бұл майданда ойнайды.
 Солқылдатып сокқан балған,
 Тауды еркіне қоймайды.
 Бұл табысқа кім құуанбас,
 Кім құуанбас, кім күлмес.
 Міне соған бәйге тік;
 Ал, ендеше, еңбекші топ,
 Түйіскенде Түріксіп
 Ұлы қарқын, ұлы еңбек пен,
 Сол жарысқа қайта шық!...

Алдын ала дайарлық. Бұл өлеңді оқытқандағы көзделетін негізгі мақсат – Қазағыстан жерінен Түркістан-Сібір темір жолы салынғанын білдіруу емес, үндістірдің геройлары «қайтпас қайсар» жұмыскердің обырызын сүуреттеу, темір жол қалай (қандай еңбек пен) салынатынын сүуреттеу. Баланың көңлін сол жағынан көбірек аударуу үшін алдын ала әңгіме жасап, Қазағыстанда Түркітан Сібір темір жолы салынғанын, темір жол жүргізуу текнйкесін (пойыз сайға түсіп, тауға шыға алмайтын) қысқаша айтып беруу керек. Түріксіп манайыдағы елдің баласы Түріксіпті білуу керек. Қазақстанның басқа аудандары (балалары) білмеуі де мүмкін. Түркістан Сібір темір жолы жүргізілгенін, мұғалім баланың бұрыннан білуу-білмеуіне қарай, йа сұрау-жауап ретінде, йа өзі ақ айтып береді. Дайарлық әңгімеде әшейін қара жолдың қалай түсетінін (тау шығып, сайға түсіп өтетінін) темір жол қалай жүретінін естеріне салуу керек.

Өлеңді оқуу. Бұл өлеңді екі бөліп оқығаннан зыйан жоқ, үйткені алдыңғы бөлегі («тауды еркі қоймайды»ға шейін) жұмыстың көркем әліптемесі де, соңғы бөлегі Түріксіп салууының сайасый маңызы мен еңбекшілерді іске шығаруу. Темір жол салынуу сүуретін анығырақ есте қалдыруу үшін алдыңғы жартысын айырып оқыған жақсырақ. Екі бөлегін екі бала оқыйды. Әр бөлімді жеке-жеке оқып талдаған дұрыс.

Өлең мазмұнын талдау. Бұл өлеңді жоспарлаудың онша қажеті жоқ.¹³ өлеңнің оқушының ойында обырыз туудыруу жағынан маңызды жерлеріне ой тоқтатуу үшін арнаулы сұраулар беруу керек. Және ол сұрауларға балаларға өз сөздері мен жауап қайтармасын, өлеңнен іздеп жауап болатын жерлерін тауып айтсын. Ондай сұраулар мыналар:

13 Және тетелестіріп жоспарлауға мына бір жері келіңкіремейді: «жан жүрмеген, жан баспаған, жан көрмеген тасты жер» деген екі жол 1, 2 жолдан мен 5, 6 жолдардың арасына қыстырылмай, ең алда келуу керек еді, үйткені 1, 2 жолдарға тете келууге тийісті сөздер 3, 4-жолдар емес, 5-6-жолдар.

1. Жұмысшылар темір жол жүретін жерді қалай тегістеген? (Жауап: «тауды тіліп, тасты бұзып»).

2. Түріксіп жолы жақынға салынған ба, алысқа жүргізілген бе? (Жауап: жан жүрмеген, жан баспаған, жан көрмеген тасты жер).

3. Жұмысшылардың еңбекі ауыр болған ба, жеңіл болған ба? (Жауап: «тамшылатып ашшы тер»).

4. Түріксіпті салған кім; немесе қандай жұмыскерлер? (Жауап: «Ол қайратты, ол қажырлы, қайтпас, қайсар жұмыскер»).

Екінші жартысына қойылатын сұраулар мыналар бола болады:

1. Бұл табысқа кімдер құуанбас? Жауап: «Кәпйітал». Қосымша сұрау: «оны өлеңде не айтқан? Жауап «мүмкін, білмес, мүмкін көрмес, мүмкін жылар капйітал».

2. Бұл өлең Түріксіп салынып біткенсін жазылған ба, бітпей тұрып жазылған ба?

3. Жұмысшылар жұмысты қалай істеу керек? (Ұлы жарқын емес, жарыс пен?)

Өлең мазмұнын талдау осы мен айақталады. Бұл өлең оқылұуы мен қатар (оқып шыққансын) қартадан Түріксіп жолын көрсетіп, екі жақтан бірдей салынып, келіп, орта да түйіскенін айтұу керек. Түріксіп бойындағы елде жол қайсы жерлерге соғып өткенін көрсетүүге болады. (Үшінші кіласта балалар жағрыпыйадан жер бетінің бедері мен және өлке қартасы мен таныс болұу керек).

Өлеңнің бәрін немесе алдыңғы бөлегін жаттатұу керек.

МАЗМҰНЫ

Сөз басы

I. Сауаттандыру әдісі

Сауат ашыу әдістерін жіктеу
Жыйнау принципіні құрылған әріп әдісі
Әріптерді жаттау
Буын жаттау
Әріп әдісінің кемшіліктері
Буын әдісі
Жыйнау принципіне құралған дыбыс әдісі
Степаній әдісі
Сабактың жалпы тәртібі
Алғашқы әңгіме
Сөз дыбыс не екенін айыру
Сөздің дыбыс жігін айыру
Дыбыстарды қостырып сөз құрастыруу
Сөз ішінен дыбыс айырттуу
Әріппен таныстыруу
Оқу, таныс әріптер арқылы сөздер құрастыруу
Дыбыс әдісінің кемшіліктері
Жазуу – оқуу әдісі
Тұтас сөз әдісі

II. Сауат ашуу сатылары

Дайарлық саты
Тұтас сөз бен таныстыруу сатысы
Сөздің буын жігін айырттуу
Бұуын ішінен әріп – дыбысты айырттуу
Сөзде дыбыс жағынан қойылатын шарттар
Сөзде мағына жағынан қойылатын шарттар
Сөз таңдағанда әріп тәртібі қандай болуу керек

III. Бастауыш мектепте тіл шыйратуу жұмысы

Сөзді дұрыс айтууға дағдыландыруу
Сұрауға жауап берүүге үйретүү
Оқып шыққан текіс бойынша ауыз сөз
Мектептің қоғамдық тұрмысы мен байланысты ауыз тілі
Сүүрет пен пайдалануу
Ойдан шығарып жазуу
Сөздік жасау
Іс пен байланысты сөз

IV. Грэмәтйке мен емле үйретүүдің әдісі

Грэмәтйке оқытүүдың мақсаттары
Жаңа пыроғырамның негіздері

Жаңа пыроғырамда гiрэмәтiйкенiң, емленiң көлемi мен құрылған желiсi

Грэмәтiйкенiң термiндерi мен анықтамалары

Грэмәтiйке мен емле үйретүүдiң әдiстерi

Грэмәтiйкелiк талдау

Емле, емленiң қоғамдық маңызы

Қазақ емлесiнiң негiздерi

Бастауыш мектепте емле қаталарының түрлерi

Көшiруу

Дiктант (жат жазуу)

Қатаны түзету әдiсi

Сөздік, кестелер, кәртiшкi тағы басқа көрнекi құралдар

Жазууда тыныс белгiсiнiң маңызы

Тыныс белгiлерiне үйретүүдiң әдiстерi

Грэмәтiйке және емле сабақтарының емле сабағының жүруу тәртiбi

Грэмәтiйке сабақтарының үлгiлерi

V. Жазуу үйретүүдiң әдiсi

Жазууға үйретүүдiң мақсаты мен қоғамдық маңызы

Жазуу мен оқытуды қалай сабақтастырғу мәселесi

Жаздырғу әдiстерi

Жазууға қойылатын шарттар

Жазуу түрiне әсер ететiн себептер

Жазуу кемшiлiгi

Қазақ мектептерiнде жазудың қандай кемшiлiктерi бар

Жазуу әзiрлiк жұмыстар

Қазақ әрiптерiнiң элементтерi

Сызықты дәптер

Жазуу сабақтарының жүрiсi такты мен тактысыз жазғызуу

Кiтап оқуу

Оқудың дұрыстығына өлшеуiш болатын заттар

Мақала оқудың негiзгi кезеңдерi

Егiннiң жауы арам шөп

484.342-81
61-78

сонан иль т.

savattan

қазақстан оқу кәмісеріетиниң билім
ордасы үлкендер үсин унатқан.

726R8

34824

Т. ШОНАНОВ.
Будь грамотным
(букварь для взрослых).
Шестое исправленное издание.



қазақстан баспасы 1930

Шонан ұлы Т.

САУАТТАН

Қазағыстан оқу кәмісеріетінің білім ордасы үлкендер
үшін ұнатқан

Т.Шонанов
Будь грамотным
(букварь для взрослых).
Шестое исправленное издание.

Қазағыстан баспасы, 1930

А Т Ы

Ат. Ата. Тал. Ал. Ала.

Ала ат. Ат. Ат ала. Ата ала.
Ат ал. Ата тал ал.

Б Д

Бал. Бала. Дала. Баба. Таба.

Бал табада. Бала бал ал. Ата атта.
Ат ала. Ала ат далада. Бала да, ата да, ат та далада.

Ата. Ала. Ат ал. а. л.

О З

От. Ол. Бол. Боз. Аз. Таз.

Дала таза. Таза. Далада бол.
Бала таза бол. Боз ат таза отта.

10 20 30 40 50 60 70 80 90

Бала, таза бол! о. з.

Ы Қ

Оқ. Оқы қыз. Қат. Қата.

Ата қалада. Ол қалада ақы алады.
Ата қат алды. Ол қатты қатты оқыды. Қатты қыз бала оқыды.

Оқы. Таза бол. ы. қ.

С Н Р

Ана. Сана. Сан. Нан. Соқа.
Сабан. Сабак. Бар. Тар.

Сабан қалада. Қазақ далада соқа салады.
Астық алады. Ол астықты сағады, қаладан сабан алады.

Батырақ қат таныды. с. р.

П М Ғ

Аға. Доға. Қоға. Мал

Батырақ мал бағады. Ол ақыны аз алады.
Батырақ тобы батыраққа қарасады. Батырақ, топтан!

1 2 3 4 5 6 7 8 9

Батырақ топтан. г. м. п.

Е К

Кет. Кел. Кесе. Ел. Ек. Елек.

Ел мектеп салады. Баласы мектепке барады.
Ел мектепке қарасады. Мектеп сал, бала оқыт.

Мектеп сал, бала оқыт.

Г І

Бір. Біз. Екі. Егін. Сыз. Сіз.

Қазағыстанда мал бағад, егін егеді.
Бізде егістік аз, мал қонс мол. Егістік бен мал саны артып келеді.

Бірік, тірәктір алады. г. і. к.

Ө

Қол. Көл. Тор. Төр. Қон. Көн.

Өкен егін екті. Егіні бітік өнді.
Өзіне отыз қап астық қалдырды.
Артығына сабан, орақ, бөз алды.

Өзін мақтаған – өлім.

Ұ Ш

Аш. Аша. Шана. Шал. Шолақ.
Ұл. Ұр. Ұқ. Ұзын. Ұзақ.

Құрман – батырақ. Құрман қошшыға кірді. Онан мектепке оқыды, қат таныды, көзін ашты. Ол елге білім таратты.

Батырақ тұқым шаш. ұ. и.

Ж **Ү**

Жер. Жар. Ажар. Жарлы. Тұрұу.
Түр. Құр. Күз. Бұр. Бұр.

Күш бірлікте. Батырақтар, жарлылар бірлес.
Үкімет батыраққа, жарлыға жәрдем береді.
Жарлы, ілгері жүр!

Жарлы, ілгері жүр! ж. ү.

У **Ң**

Шаң. Аң. Жаңа. Ау. Ауыл.

Камсамолдар, жас ұландар – жаңа тұрмыстың тірегі.
Олар жаңа ауыл да жаңа саны тудырады.
Тау талап жастар қолында, қызыл жалау.

Жаңа ауыл, жаңалан. у. ң.

Й **Ә**

Ай. Аяқ. Қый. Қыйақ. Тій. Ән-күй. Әскер. Ал. Әл. Әлек.

Қызыл әскер кеңес үкіметінің қорғаны үкімет еңбекшілер қолында.
Қызыл әскер әлді айбарлы әскер.

Қызыл әскер айбарлы. ә. й.

Һ

Қаһарман. Қаһуа. Үһлеу.

Шаршадым, «үһ!» дедім. Апам шапан үстінде отырып «аһ!» деді.
«Һ» кей бір шет сөздерде, және «аһ», «үһ» деген екі сөзде ғана жазылады.

Кей бір түрк елдерінде ұсталатын әріптер:

Х **Ф** **Щ** **З**

Ана, аһлама! Һ.

Әліппе іреті.


а	б	ш	ж	д
<i>а</i>	<i>б</i>	<i>ш</i>	<i>ж</i>	<i>д</i>
е	ә	г	ғ	һ
<i>е</i>	<i>ә</i>	<i>г</i>	<i>ғ</i>	<i>һ</i>
і	й	к	л	м
<i>і</i>	<i>й</i>	<i>к</i>	<i>л</i>	<i>м</i>
н	ң	о	ө	п
<i>н</i>	<i>ң</i>	<i>о</i>	<i>ө</i>	<i>п</i>
қ	р	с	т	ұ
<i>қ</i>	<i>р</i>	<i>с</i>	<i>т</i>	<i>ұ</i>
у	ү	з	ы	
<i>у</i>	<i>ү</i>	<i>з</i>	<i>ы</i>	

— 10 —

әліппе іреті.

a	в	с	ç	d
<i>a</i>	<i>b</i>	<i>c</i>	<i>ç</i>	<i>d</i>
e	ә	g	q	h
<i>e</i>	<i>ә</i>	<i>g</i>	<i>q</i>	<i>h</i>
i	j	k	l	m
<i>i</i>	<i>j</i>	<i>k</i>	<i>l</i>	<i>m</i>
n	ң	o	ө	p
<i>n</i>	<i>ң</i>	<i>o</i>	<i>ө</i>	<i>p</i>
q	г	s	t	u
<i>q</i>	<i>г</i>	<i>s</i>	<i>t</i>	<i>u</i>
v	y	z	ь	
<i>v</i>	<i>y</i>	<i>z</i>	<i>ь</i>	

ауыл шаруашылығын дамытамыз.



тірәктір.

тау күңіrentіп, тас баса
темір тонды тас бақа.
келді ауылға тірәктір.
шөккен нардай шоктығы.
майлы жарғақ шопыры.
бенттерін бұрап тұр.
бент бұралды күш алды.
тірәктір кеп тіс салды.
қара жерді қаусыра.
па, шіркіннің жыртысын!
айналдырды қыртысын,
қыр козғалды даусына.
шөңкеріліп жон қалсын,
төңкеріліп жер қалсын,
қайшыла, қайрат, қайшыла!

ілійас

күш бірлікте

шаруашылықты көтерүү үшін мал тұқымын асылдандырүү керек. сабан, шөп және егін мәшінелерін, тірәктір алүү керек. кедей шарууаның жалғыз өзі бұларды ауылға шамасы келмейді. сондықтан кедей шарууалар бірігіп кәллетіп әртел болүү керек, сонда кедейлер күш біріктіріп, шарууасын көтереді.

күш бірлікте. кедейлер бірігіңдер! үкімет, бірлескен шарұуаларға көп жәрдем, жеңілдік береді.

мақал: көп қорқытады, терең батырады.

жау, егіннің көгі өссін.

балдыр, күлдір көк жүзі,
зеңбірек топ атқандай,
бұлт айрылып жалт етед,
аспанда от жаққандай.

түнерген бұлт сұлтнып,
құя бастайды себелеп,
жел қосылып долданып,
қоран кылып жіберед.

жау, жау, жау жаңбыр!
жау, егіннің көгі өссін!
сұлуудай бұран құрақты
айдың шалдар көл өссін!

бейімбет

егінді дұрыс сал.

егін бітік болу үшін егін құралдарын ал. таза шығымды тұқым сеп, жерді дұрыс айдап, жақсы тырмалат. арам шөбін ота, шоңырышқа ек, тұқымды кезінде сеп. жер сұуландыр. шарұуашылық кітабін оқы. шарұуа мамандары мен ақылдас. құдайға сенбей, өз еңбегіңе, білімге сен. кәллектіп бол.

бізде бір гектар жерден 45 пұт, ғолландійлерге 170 пұт бійдай түседі. дұрыс салып отырсақ біз де егінді бітік қыламыз.

мақал: не ексең соны орасың.

*егіндік егілген,
алабы көрінбей
бар тұқым себілген
ауыл-ел ерінбей...
шиесі шым қызыл
бұтақтай үзіліп.*

егін егүүдің жолы.

күз аңызды жыртұу екі түрлі болады: 1. егінді орысы мен жерді жұқа-лап жырту; терең жыртұуды жазғытұрыға қалдырұу, 2. күздің өзінде ақ жерді терең жыртұу.

байқап қарап, осы жолдың қайсысы тийімді болса, әр жерде соны қолдану керек.

сұлы, бйдай, арпа үш түрлі себіледі 1. қол мен шашуу; 2. бытыратып шашатын мәшіине (разбросный сейілкi) мен себүү; 3. қатарлап шашатын мәшіине (редэбэй сейілкi) мен себүү. ең жаманы қол мен шашуу. ең жақсысы қатарлап шашатын мәшіине. қолмен сепкенде бір десеге кемі 8 пұт кетеді, бытыратып шашатын мәшіине 5 пұт, қатарлап шашатын мәшіине 4 пұт жібереді. мәшіине шашқан егін сығымды да болады.

бйдай, сұлы, арпа бәрінің де тұқымдары көп. бір жерге жақсы шыққан, екінші жерге жаман сығады. сондықтан жеріне қарай тұқым таңдап алу керек.

тұқымды қарақастан сақта, таңдап сеп.

сырымбет егінді жақсы сығып келе жатты да, бас алар кезде қарақас ұаптап кетті. енді бір өнбей қалды.

- егініме көз тйіді, садырдың көзі жаман деп еді, сол энеу күні егінім үстінен жүріп еді, - деді сырым.

мұны тыңдап отырған оқытұшы:

- шашқан тұқымында қарақас бар екен. сықпаған жердің тұқымы шірік екен, - деді.

- ойпырмай сіздікінің де жөні бар болар. мұрнағы былтырда егінімді қарақас қаптап еді. сонан тұқым да алып қалып едім. өнбей қалған жеріме бұрнағы жылдан жер астында жатқан бір ескі тықымымды себе салып едім, - деді сырым.

оқытұшы сырымға тұқымды қалай тазалап, өнгіш тұқымды қалай білуу жайын айтты. егін піскен кезде сырым қарақасты бастарды ормай қалдырып кетті. келер жыл себерде тұқымын пармалын мен жұуды. жұуып болып, әуелі құм салған жәшікке 100 дән тастап өсіріп көрді. 100 дәннен 90-ны көгеріп шықты. сонан соң барып сырым тұқымын жерге шашты.

сырым тұқымды жылда осылай тазалап байқайтын болды. егіні қара қассыз бітік шығатын болды.

қосылып мәшіине алындар.

бір үйге мәшіине алуу әрі қыйын, әрі тйімсіз. үйткені мәшіинекөбіне текке қарап тұрады. мәшіинені әртел болып қосылып алған тйімді. ауыл шаруашылық қоймаларында мәшіинені бәсін бөліп төлейтін қылып береді.

мәшіине бәсі

бір аттық сабан	14 сом
темір тырма	20 „
қатарлама шашқыш	100 „
сепаратыр (5 шелектік)	52 „
пішен мәшіинесі	150 „
егін мәшіинесі	200 „
2 ат бен егін басатын мәшіине	315 „
қол мен жүргізіліп егін басатын мәшіине	100 „

тұқымды алмастырып сал!**бақша.**

бақшаның шарууаға пайдасы көп. бақшаны күте білүү керек.

егіннің де, бақшаның да тұқымын алмастырып салып тұрүү керек. бір атырға қатарынан екі жыл бір өсімдік салсаң, келер жылынашар шығады. алғашқы жылы тын жерге қапыста, қыйар салүү керек. келер жылы сол жерге кешір, салқам, жұуа, ләбләмә, үшінші жылы бұршақ сыйақты нәрсе салүү керек.

бақшадағы, егістегі арам шөпті құрт, егіннің жауы арам шөп.

жоңырышқа ек.

жоңырышқа сатсаң ақша, сатпасаң малыға азық. жоңырышқа шөлге төзімді, жер таңдамайды, бірексен бір неше жылда шейін шыға береді, жазына сұуармасаң екі, суарсаң үш орасың. әр орғанда деседен сегіз жүз мың бау түседі.

жоңырышқа малды тез семіртеді. жоңырышқа орнына астық бітік шығады. жоңырышқаның орып алған аңызына да мал жайылады.

жоңырышқаның жақсы ұрығын тауып себүү керек. жақсы ұрық ашық, жылтыр, сарғыл, әр жерінде дөңгелек таңбасы болады.

жалпақ темірді қыздырып, үстіне ұрықты сепсе, жақсы ұрық құуыған бйдайша шыйрап кетеді, жаман ұрық күл болып кетеді.

жоңырышқа әсіресе мал баққан, сабыны кеміс, жері құрғақшылық қазағыстан еліне тийімдіөсімдік.

ауыл мен қала.

қара шарууаға сабан, орақ, шыны, матшырпы, жер май, қант, бұлғары сыйақты нәрселер керек. мұны олар қаладан алады. қалада оларды жұмысшылар жасайды. сүйтіп ауылдың қаласыз күні жоқ.

қаланың қалқына астық, ет, май, сүт, керек. зауытқа кендір, тері, жүн, жабағы, мақта керек. мұны қала ауылдан алады сүйтіп қаланың ауылсыз күні жоқ. қала мен ауыл байланысты.

қала нәрсесі ауылға жетіп тұрүү үшін, қаладағы зауыт-пәбіріктер жұмыс қылып тұрүү үшін қара шарууа ауысқан астығын, жүн-жабағысын, терісін, майын жай сәудегерге сатпай, үкіметке, кәперетіпке сатууы керек.

кәлектіп шаруашылық – сатсыйалық тұрмысқа жеткізеді.


жер мен дұрыс пайдалана алмаймыз. бір десе жерден герменде бізден астықты үш есе артық алады. бізде бір сыйыр жылына орташа 600 бөтелке сүт береді, даныйада 2500 бөтелке сүт береді.

біз жұтқа ашаршылыққа жыйы ұшыраймыз. шаруашылықты гүлдендірүү үшін мәшійне алүү керек, кәлқоз жасау керек. кеңес үкіметі кәлқоз жасауға жәрдем береді. кәлқоз – сатсыйалдық тұрмысқа басқыш.

майақ кәмүні

майақ өзі отыз үй.
 жазылды әлі елуу үй.
 ашылды тағы серіктік.
 жесір қатын шалыйпан.
 жетім бала қалмақан.
 жарналарын кеміттік.
 сүйттік тағы қор жайдық.
 аламыз деп қол қойдық.
 мәшйінені көлік қып.
 кәперетіп әне ашық.
 оған құйар бар астық.
 сатарманды сақтамай,
 тұтасынан төгеміз,
 кәнтірәктәп береміз,
 аламыз зат, ақшалай.

іліяс



дегерес зауытының асыл бұқасы.

мал тұқымын асылдандыр.

малдың өз тұқымын сұрыптап асылдандыруудан болады, йа сырттан асыл тұқымды айғыр, қошқар, бұқа үйірге салып асылдандырууға болады.

сырттан алынатын асыл тұқымды малдардың көбі нәзік келеді, күтімді көбек керек қылады. оларға жылы қора, жем керек. әйтпесе олардың көбі азып кетеді. сырттан асыл тұқымды мал алдырарда жақын жердегі ағраном мен ақылдасып, тұрған жерге қарай ыңғайлы тұқымнан алдыруу керек. сырттан келген асыл малды күте алмай аздырып өлтіреді де, қазақ: «маған асыл мал жақпайды» дейді.

егінді аз салатын, пішені кем, жақсы қорасы жоқ жерлерде өз малының ішінен жақсы айғыр, жақсы бұқа, жақсы қошқар таңдап салуу керек. қазақтың өз малының ішінен жапсыртылған тұқым берік, көнбісті келеді.

қазақ малы ұуақ, әлсіз, сүтсіз, шүнсіз болуына бір себеп – салақтық. ауыл қыдырып жүрген жаман бұқа қазақтың сыйырын қашырып кетеді. қортық қалған жаман тоқты, тәкешік қойы мен ешкісін қашырады. жаман сәуірікті үйірге салады. малды таңдапсалған жақсы айғырға, бұқаға, қошқарға қашыртту керек.

жақын жердегі асыл тұқымды мал ұстайтын орындарға барып биені, сыйырды, қойды қашырып алу керек. серіктесіп асыл тұқымды мал алу керек.

I	II	III	IV	V	VI	VII	VIII	IX	X	XI	XII
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12

шаруа кәйткенде түзеледі?

қара топырақсыз жердің шаруасы түзелууге жалғыз ақ шара бар. ол шара, мал бағуу.

мал бағууды күшейтсе шаруа түзеледі. шөпсіз, пішенсіз мал бағуға болмайды. жоңырышқа сыйақты шөп ексең, жайылым мен тоғайды оңдасаң шаруа түзеледі.

тұрған жерге үйренген малдың тұқымын сұрыптасаң, төлін дұрыс күтіп асырасаң шаруа түзеледі. мал тұқымын асылдандыратын серіктік ашсаң шаруа түзеледі.

малды қалай болса солай асырауды тастап, салмағына қарай мөлшер мен асырасаң шаруа түзеледі. қоранды жылы, таза, құрғақ ұстасаң шаруа түзеледі.

малдан өнген тірнекті серіктесіп, дұрыстап сататын ұйым болсаң шаруа түзеледі.

шаруа кітаптарын, гәзеттерін көп оқысаң шаруа түзеледі.

құдретке сенбей, білімге сеніп белсене іс қылсаң шаруа түзеледі.

бұл жолдардың қолдан келетіндерін таңдап алып іске асырындар. бәрін қолдансаңдар тіпті жақсы. сонда тамағың тоқ, көйлегің көк болады. мәмлекетке де мықты пайда келтіресіндер. тек жалдауланбаңдар.

пірійдөліін.

сүт зауыты.

мәз-майрам боп, қарқ-қарқ күліп қатындар шұуласады: «жылдымырақ тартындар!» күр-күр етіп зырылдайды доңғалақ. күлімдейді өңкей нашар пақырлар.

сар-сар етіп сүт бір жақтан ағады. бір тесіктен жылжыр қаймақ тамады. мәшійненің шелегіне құйған сүт. шұп-шұқыр боп ағып жатыр бүлкілдеп.

сүт зауыты кедейлерге пайдалы. бір сыйырдың алты ай жазғы қаймағы, кедейлердің жетпегенін түгендеп сата тұғын семіз қылып болдағы.

мал шаруаларының ұйымы.

мал шаруасын дамытуу үшін мал өсіретін серіктік иа ұйым ашуу керек.

серіктік өз алдына басқарма сайлайды. басқарма тұқым малын аман сақтауын, керек аудандарға тұқым малы сатылдууын қарап тұрады. шарууаға керек ақыл беріп отырады. жас төлін сатқысы келген адам басқармаға айтады. басқарма төлді қасапшыға сатпай, мал қылып тұтатын жерге жібереді.

малтұқымын тарататын пілемқоз және пілемкөлтiр деген орындар бар, бұлардан жақсы мал тұқымын алууға болады. жақсы мал тұқымы қымбат. оны тек серіктесіп салып алуу керек.

серіктік мүшелерінің міндеті: 1) үйір малының тізбесіне түскен малды серіктіктің айғырына, бұқасына, қошқарына қашыруу. 2) үйірге арналған малды маңындағы мал көрмесіне апарып тұруу. 3) басқармаға малының сүттілігі, күштілігі, жүнділігі, асырауы жайында мағлымат беріп тұруу. 4) арнаған мүшелік жарнасын төлеп тұруу.

мал серіктігі мен сүт серіктігін ашсаңдар шаруа түзееледі.

ақшанды қалтада сақтама, кәссiге сал.

ауысқан ақшаны шаруа қалтасында ұстайды. ол ақшасынан іш кім де пайда көрмейді. ауысқан ақшаны кәссiге салып қойса, ол ақшаны мәмлeкeт шарууаны түзеуге, зауыт-фeбiрiк салдууға жұмсады. әр кім бес сом, он сом салғаннан көп ақша құралады. салған ақшаға қазынажылына кемі 6% өсімін беріп тұрады. қашан керек десең, ақшанның өзін береді. ақшаң әрі өседі әрі аман болады, әрі мемлекетке үлкен жәрден келтіресің.

ауысқан ақшанды сақтық кәссiге сал.

сүтті сыйырдың белгісі.

сүтті сыйырдың желіні қомақты, үлкен арты қатпарлы келеді. желіні майлы болмайды. сауған соң тез солады. емшек арасы алшақ келеді. желіннен баурынақарай шыққан сүт тамырлары ұзын, төсіне қарай кеткен жерінде екі саусақ басы сыйарлық шұқыры болады.

басы кішкене, қағылез, мүйізі шағын келеді. терісі жұқа, мойны жіңішке, кеудесі кең, әукесі қартпалы болады. жүні қысқа, тегіс болады.

сүтті сыйыр бөкселі, аяқтары тарамыс, бұлшық етті, аласа, аяқтарының расы алшақ келеді. дабырға аралары қасық, қабырғасы жіңішке келеді.

өте- мөте сүтті сыйырдың желініне қарау керек.

кәпересетсе шаруаны түзеуге жәрдем береді.


**өнерлі кәсіпті өршітеміз.
жұмысшы.**

тоқпақтай түйін бұлшық ет.
әлемді күшке қаратқан.
сан керемет мәшійне,
күші мен ол жаратқан.

көк темір құрыш болат пен,
асуусыз асқар тау кескен.
тас қопарып, жер үңгіп,
шыңырау қазып, жер тескен,

шыңыраудан қазып қопарып
шығарған болат көк темір,
мыс, күміс, алтын, қорғасын,
жер майы, алмас, тас көмір.

сөкен.



алматының мауыт пәбриге

жаңа зауыт саламыз.

мата тоқуға егін құралдарын жасауға, електірік орнатуға тағысын – тағыларға мәшійне керек. оларды сырттан алу бізге тійімсіз. мәшійнені өзіміз жасау керек. жаңа зауыт салуға көп ақша керек. сондықтан өте күтімтар болып, жыйналған қорды өнерлі кәсіпті дамытудуға ұстау керек. көп зауыттар салынды. қазақыстанда 1928 жылы қарсақпай зауыты да іске кірісті. әлде де зауыттарымызды күшейтту керек.



Кілемші

ақ отау аппақ ақ ала,
шаңқан түсті шағала.
шағала десем ақ жаулық
жеңгейлер келген бағана.
қызарған қызыл қызғалдақ
қосыла келген қыз бала
кошқар мүйіз, қос ійрек
түрлентіп жатқан сары ала.
өрнекті өңкей орнатып,
оймыштап жатыр далада.
ійрелтіп ійрек жыландай
жылжытып бір із сала ма.
саусақтары сыртылдап,
бүктетіліп қала ма.
көз ілеспейді әйтеуір
өткізіп жіпті ала ма.
ақ отау толған жеңгейлер
түрлендір кілем алала!
өрнекке өрнек қосылып
жамала берсін жамала!

асқар



алматыға тұңғыш от арба келгенде

екі мүйнегі кем ертеңгі 10 сағатта:

- ал парабозкеледі. әне келді, әне ақырды, әне, әне! – деген дауыстар бір көтеріліп, бір басылды.

топ толқып ілгері кейін лықсыды. қанатын қағып қалықтап, алматыдан айрыпылан келді.

ал, парабоз ақырды, әне келді. мүзіке соғылды. ыргатылып шырғаған интернасіанал күйі тау-тасты жаңғыртып ала жөнелді. сымпор ашылды. жұрт толқыды. қызыл жұлдызды маңдайына қадап, ленин сүуретін омырауына тағып тау мен тасты бауырдай тілген қазақ жұмысшысы мен орыс жұмысшысын алдына мінгізіп, тұңғыш парабоз иіліп сәлем берді.

аспанда айрыпылан ойнады. жерде парабоз ақырды. шарт-шұрт шыққан шапалақ. «ура!»лаған дауыс. жаңғырыққан тау. тебіренген жүрек. анталаған атты. үйліккен топ. «жаса, жаса тұңғыш парабоз» деген айдай айқайға қосылды.

«еңбекші қазақ» № 142

алып болқып.

алып деген ертегіде болушы еді. алыптың қолынна келмейтін жұмыс жоқ деуші еді.

ал ертегі ғой. жұмысшылар мемлекетінің қолынуа не келетінін қарайық.

ленинградта жақынболқып деген өзен бар. өзі қыспа, бірақ долы өзен. ақ көбікті сасыр, қайратын сыртына шығарып күркіреп кемеріндегі көк тасы қарс-қарс кеміреді.

сол өзен бойына кеңес үкіметі електір ыстансасын салған. бұл ыстансаның күші бір мүліён жарым адам күшіндей. бұл «алып» емес пе?

болдып ыстансасының істемейтін жұмысы жоқ. ол барлық ленинград зауыттартарын жүргізеді, тырамбайларды жүгіртеді. үйлерді жарық қылады, көшеге панар болады.

«алып болқып» деген осы.

жаңа зауыттар жасалып електір ыстансалары орнатылып жатыр. жаңаданкен ошақтары қазылып жатыр. жаңа текнйіке ұсталып жатыр. жұмысшылар табы мемлекетті үндістіре жолына салып жатыр. жұмысшылар табы оның партыйасы, қайыршы-надан елді байытұға, мәденіеттендірүүге, сатсыйалдаққа жеткізүүге бар күшін салып жатыр.

(кәмүніс партыйасының кіндік кәм. үндеуінен)

түрксінке

*ұшқыр, жүйірік көлігім
құуатым мәңгі серігім.
бүгін ертең келер деп,
қасымнан жортып желер деп,
күннен күнге сені ойлап.
күшейеді сенімім
жүйірігім детер жеделдеп.*

*төрт болды көзім көрем деп.
алыңнан шығып қарсы алам,
«жасасын!» деп жар салам.
бір мен емес тойынсын
жемісіңді көп ел жеп.
мен де алдыңнан барайын
«жаса!» деп ұран салайын.
қызыл тұуды қолға алып,
қанатымды қомданып,
кең даланы кезууге
мініп алып шабайын.
жарқырап шамдай жанайын,
қайғының жойдым талайын
келгеніңше асықтым.
тіпті құмар асықпын.
қош келдің! кел жүірігім
құшағым алайын!*

дінепірыстрой.

үүкрэйнiде дiнепiр деген үлкен өзен бар. кiйшкэс деген дала жанында өзендi бөгеп, кемеңi кермелеп, сұуды йiрiп жатқан қалың тас бар. тас арасынан кеме өте алмайды. құс жүзе алмайды. бэрiнде толқын тастан тасқа қақпақыл қылып, сұу түбiне жiбередi.

сол жерден кеңес үкiметi електыр ыстансасын салып жатыр. бұл бүтiн дүниеде ең зор бiрi болмақ. мұның аты дiнепыстрой.

мұның жан-жағына неше жүз шақырым жерлергешейiн сым тартылды. бұл сым бойы мен зауыттарға, пэбрiктерге, кен ошақтарына, егiстiкке, ауыл-ауылға, үй-үйге тарап електiр кетедi.

дiнепiрыстрой – үүкрэйнiдегi сасйiалдық құрылыстың бiр мықты қорғаны.

Зауытта.

қабат-қабат салынған
бұлың-бұлың болат үй.
електiр шамы жағылған,
мэшйiнеде қоңыр күй.
дөңгелектер дүрiлдейт
ұршықтар ойнап билеп бiй.
арыстандай толғанып,
жалын көкке бойлайды.
жолбарыстай шыңданып
темпiр қоз тербеп толғайды.
қолы басы күйелi
оны мен жұмысшы ойнайды.

iлйса.

әблігәтсе ал, мәмлекетке болыс.

ауыл кеңеске жиналды. күн тәртібінде: үндістіре қарыз деген мәселе тұр еді.

- әблігәтсе алған ақам мәмлекетке ақша қарыз берген есеп. ол ақшаға мемлекет зауыт салдырады, мәшійне жасайды, шарууашылықты өркендетүүге жұмсайды. қарызға берген ақша өсіп тұрады. оның үстіне әблігәтсе ойналғанда әр кім 100, 500, 1000 сом ұтүүға мүмкін – деді қатшы.

- ол ырас, былтыр мен әблігәтсем 100 сом ұтып, ат сатып алдым. маған 25 сомдық әблігәтсе жазшы, деді қамыспай.

- ақша ұтсақ ұтармыз, ұтпасақ мемлекетке жәрдем берерміз, өз пайдамызға ұсталады ғой, маған бір 25 сом жазшы деді, - сарытай.

сарытай соныннан жұрт жазыла бастады. сол жерде 700 сомдай ақша жыйналды.

естен шығарма.

кеңес үкіметі қалық шарууашылық өркендетүүдің бес жылдық жоспарын жасады. бұл ірі жұмыстың жоспары. бұл – сасыйалдық тұрмыс орнатүү үшін ұлы басқыш.

әр жұмысшы бес жылдық жоспарды орындауға тырысса, сасыйалдық тұрмыстың керпішін қаласқаны.

жұмысшылар:

- 1. еңбек тәртібін күшеутүү керек.*
 - 2. еңбек өнімін арттырүү керек.*
 - 3. істеген нәрсені берік, сұлүү қылүү керек.*
 - 4. заттың бәсін арзандатүү керек.*
 - 5. сасыйалдық жарысқа түсуу керек.*
 - 6. жұмысқа кешігін келген иа келмей қалуды құртүү керек.*
 - 7. білімін арттырүү керек.*
- сонда бес жылдық жоспарды орындаймыз.*

кәперетсе – біздің күшіміз.

ауыл шаруаларының кәперетсесі.

мәшійне алғу бір үйдің қолынан келмейді. мәшійне алғуға байдың жалғыз да күші келеді. бірақ онан көпке пайда жоқ. кедейлер, орташалар бірігіп әртел, мәшійне серіктігін ашса, мәшійне алғуға қолынан келеді. ондай серіктікке көп жеңілдіктер беріледі.

мал тұқымын жақсыртғу үшін асыл бұқа, асыл айғыр алғуға жалғыз кедейдің, орташаның күші жетпейді. бірігіп мал кәперетсесін, әртелін ашса, мал тұқымын асыл дандыруу оңай.

мал, тұқым, мәшійне алғуға қара шаруа байдан қарыз ақша алады. бай ақшасына үлкен өсім алып қара қара шаруаны сорлатады. қара шаруалар өзіне керек кезінде тийімді қарыз алып тұрғу үшін қарыз серіктігін ашу керек. жалдап қара шаруаның қолындағы нәрсесін арзан алып, өз нәрсесін қымбатқа сағады. әрі қара шаруадан жақсы нәрсе алады да, жаман нәрсе береді. татыныс кәперетібі қара шаруаға жақсы нәрсе береді, өз бәсінен артыққа тауарын да сатпайды. үйткені кәперетіпке қара шаруаның өзі жожа.

шөнге ауылының тарыйқы.

(барған адам әңгімесі)

шырақтарым, дәм айдап мен көстром вүбірнесіндегі шөнге деген ауылға бардым. сол ауылдың қара шаруалары кәперетсе арқылы шаруасын қалай ондағанын көрдім.

төңкерістен бұрын шөнге ауылында жан басына жарты гектар жер келеді екен. топырағы жаманқомақ екен. жегені жалғыз кәртөп екен. кәртөбін кірәкімал жасайтын зауытқа тапсырып тұрыпты.

зауытшылар шөнге қалқын сорып тұрыпты. күн-түн жұмыс қылғанда қалық шықпа жаным шықпа деп, шақ-шақ тамақ асырап тұрыпты. неден біз кедей болдық деп шөнге қалқы әрі ойлайды, бері ойлайды, ақырында:

- бізді құртып отырған зауытшылар екен дейді.

- 1908 жылы кәртөп бітік толыпты. зауытшылар бір арба кәртөпке 70-80 тыйын төлепті.

өктәбір төңкерісінен соң зауытшылар құрып, қара шаруалар ауыл шаруашылық кәперетсесін ашыпты.

1923 жылы шөнге ауылы електір ыстансасы мен қант зауытын ашыпты. осы күні сол кәртөп тартатын, бір дйірмен, бір ағаш зауыты сол ыстансаның күші мен жүреді екен. бір гектар жерден 2 мың пұттай кәртөп өнетін болыпты. бір болыс ел тегісінен кәперетсеге кіріпті. мұқтаждық дегендей ол ел тіпті білмейді.

шөнге ауылына шетелік.

кәперетіп қалай жұмыс істейді

- кәперетібіміз жаман. басқарма ақша жеп қояды. тауарды дұрыс тартпайды деп қара шаруа зарланады.

кәперетсенің қожасы мүшелері қара шаруалар. басқарма мүшелердің қызметкері. қожа жаман болса, қызметкерге де жаман. кем-кетігін түзеуге көңіл бөлмейді.

кәперетсенің ісі шөңделу үшін мүшелері жыйылыстан қалмай барып тұру керек. кәперетіп жұмысын қарап, бағытына түсінуге тырысу керек.

үйді таза ұста.

- 1. кәперетіп жойылысына барып тұр, білген ақылыңды айтып тұр.*
- 2. басқаларды кәперетіпке кіргіз.*
- 3. нәрсені тек кәперетіптен ғана ал, жалдаптан алма.*
- 4. кәперетіп басқармасына құлақты кіргізбе.*
- 5. кәперетсеге сауатсыз мүшелерін оқыттыр, кітап тараттыр.*

*шыбын аурұу тасыйды, шыбынды құрт.
оқтың-оқтың төсек-орынды далаға жайып желкендір.*

кеңес үкіметін бекітеміз.

сәбетістан-екіспірес.

сәбетістн, біздің ыстан, сабыстан-екіспірес, талма екпінді шабыстан!
күуле жүгір,
үйі құжыр,
қалсын ұлып ескі жалған, арттан қалмай шабысқан.
бар адамзат тынбай жортқан құмырсқа, болсадағы шіркін өмір тын
кыспа.

түсі керен,
ісі ерен,
ұқсас көрем.

от арбаны біздің осы тұрмысқа.

айда от арба, құс аямай айдап бак! дөңгелегін зырылдасып: тақ-тақ-так!

кеңестер одағы.

өктәбір төңкерісін жасаған жұмысшылар мен кара шарууалар. бұлар үкіметті өз қолына алды. сондықтан үкіметті жұмысшы, кара шарууалар үкіметі дейміз. өктебірден соң пәбрік-зауыт жұмысшылар қолына, жер дара шарууа қолына көшті.

ресейде бұрын тұрған қалықтардыпатша үкіметі: бұратана, жөт, сарт, әрмешкі, насырман деп қорлайтын. оларды езіп, қанайтын.

жұмысшы, кара шарууа үкіметі ол атақтың бәрін жойды. бұл күнде күшті-күшсіз қалық деген жік жоқ. барлық ұлттың терезесі тең. әр бір ұлттың еңбекшілері жеке кеңес республикесін құруға ерікті болды.

бірақ олар бір-бірінен ат құйрығын кесіп кетіп отырған жоқ; кетпейді де, олар маңайдағы торыған жауға, бірігіп қарсы тұрып, шаруашылықты бірігіп қарсы тұрып, шаруашылықты бірігіп өркендетіп отыр. күш бірлікте. кеңес республикелері одақтасып отыр. сол одақты қысқартып с.с.с.р. деп жазамыз. бұл сасыйалдық сәбет республикелерінің одағы – деген орысшаның бас әріптері.

кеңес үкіметін кім бйлейді.

кеңес үкіметі – еңбекшілер үкіметі. кеңестер үкіметін кәмүнес партый-асы бастайды. кәнестер үкіметін бйлеуге байлар, төрелер, аксүйектер, сәудегерлер, молдалар, құлақтар қатыса алмайды. кеңестер үкіметін еңбекшілердің өзі сайлап қойады. өзі есебін алып отырады. кеңес үкіметін күшейтууге еңбекшілер белсеніп кірісуулері керек. оның үшін шарууашылықты түзеп, кеңеске дұрыс адамдарды сайлау керек.

кеңес үкіметі нені тілейді.

кеңес үкіметі мүлйіндеген жанды қанайтын байларды құрттуға ұмтылады. мұқтаждықтың қамытын кййген адам болмауын тілейді. капыйталдың қожалығын жайууға тырысады.

кеңес үкіметі ұлт алалығын жойып, бүтін адам баласын тұуысқан қылуды тырысады.

кеңес үкіметі мәдениетті күшеуттуге, техникені өркендеттуге, бей-бітшілікке, бостандыққа ұмтылады.

кеңес үкіметі сасыйалдық тұрмыс орнатады.

әйел теңдігі.

бұрын әйелді қазақ мал орнына ұстайтын еді: сатады, зорлап, жастайынан байға береді, ұрады, әменгер болады. қазағыстан кеңестер үкіметі: қалың мал, әменгер, көп қатын алуу жойылсын деп декрет шығарды, әйелдерге бостандық берді. бірақ, ескі әдет әлі қалмай келеді.

күндіктен ада-жұда құтылу үшін әйелдердің өзі үкіметке жәрдемші болу керек. оқу керек, ескі әдет пен алысуу керек.

сәуле.

біздің сәуле күң де болған.

күн боп өлер күн де болған.

ей сәуле, сәуле, сәуле тай!

«күн йт!» деді ау сені бай,

бес байталға сәуле барған.

шал мал беріп сәулені алған.

ей, сәуле, сәуле, сәулем ай,

соны ойласаң қайнайт қан!

сорлы сәуле, болдың тоқал.

алпыстағы алды ау бір шал.

ей, сәуле, сәуле, сәулем ай,

көрдін қорлық сен талай!

сөйткен сәуле оқыйды оқуу,

кесте тігіп, білед тоқуу;

ей, сәуле, сәуле, сәуле жан,

дауысың шырқап салсайшы ән.

сөйлеп кетсе сөзге шешен.

кеше күң е, бүгін көсем.

ей, сәуле, сәуле, сәуле сен,

басқалар мен болдың тәң!

енді сәуле жайнаған гүл;

білім алып жүр жыл-ма жыл,

ей, сәуле, сәуле, сәуле тай,

сіңіліңді тарт, құшақ жай!

кәмсәмөлкі сәуле болған.

жалшы әуелге сәуле қорған.

ей, сәуле, сәуле, сәуле жан.

сен бақытты, сенде сән!

асқар.

қызыл әскер – еңбекшілер қорғаны.



кеңестер одағының шаруасы үдеп келеді, іргесі бекіп келеді. оны қапы-йталшы елдер күндейді, шабууыл жасауға тырысады. кеңестер одағын қызыл әскер қорғайды. қызыл әскер жұмысшылар мен қара шаруашылардың балары. қызыл әскердің, жұмысшының, қара шаруаның тілегі бір, жүрегі бір, білегі бір. қызыл әскер күшеуіу керек. қызыл әскерді күшетелік.

әр бір көменес, әр бір көмсәмөл әрміенің үлгілі салдаты, қызыл кемеңің үлгілі жүзгіші болуу керек.

бүдөннй маршы.

біз жау жүрек айбынды жас жалшымыз.
кұл саналған қара шарууа малшымыз.
езілгенбіз, еңренгенбіз.
сүлде қалған өлмегенбіз.
әлі есімде таңба салған қамшыңыз.

енді біздер сол жалшыларынбыз.
жалынбаймыз.
бағынбаймыз.

бағынтамыз, бағынасың сен, сөзсіз:
күш те бізде, үстембіз де, енді біз.

шыныққанбыз. шыңдалғанбыз тапталып.
еңбек десе қарсы аламыз мақтанып,
еңбек болса құшақтаймыз,
еңбексізді ұнатпаймыз,
арамызда жүрмейт жалшы атты алып.

ат ойнатып, өайратып біз басамыз.
міне – білек,
міне – жүрек.
жас батырмыз, неден қорқып сасамыз.
еңбек ері, еркін есік ашамыз.

еңбекші жас қайнамай ма? қаның бір.
 әрі мұндас, әрі сырлас жаның бір.
 тұр қатарда. кел қатарға.
 тап қорғамай ер жатар ма.
 жалшы болсаң еңбекке ійе табың бір.

қалма!.. тұр! қатар түзе жалшы жас!
 бірде ұмтыл,
 екіде тұр,
 үш дегенде қатарға ен, айақ бас.
 келсін, көрсін, құлқы арамдар бізге қас.

асабыйақым.

кеңес үкіметі – еңбекшілер үкіметі. кеңес үкіметін еңбекшілер қорғайды. кеңес үкіметін торыған жаудан қорғауға еңбекшілер ұйымдасқан. ол ұйымның аты асабыйақым. асабыйақым айрыпылан жасайды, еңбекшілер арасына соғыс білімін таратады, үйірмелер ашады. кеңес үкіметін қорғаймын деген еңбекші асабыйақымға кіруу керек.

жұмысшылар еңбегі.

жұмысшының жұмысы ауыр. кеңес үкіметі жұмысшының күйін жақсырттуға тырысады. бұрын жұмысшы күніне 12 сағаттай байға жұмыс қылатын. сонда да аш, жалаңаш өмір сүретін. бұл күнде жұмысшылар күніне 8 сағаттан артық жұмыс істемейді. көп зауыт – пәabrikтер күніне 7 сағаттық жұмысқа түсті. оны мен жұмысшылардың ақысы кемітілмейді.

бұл күнде зауыттарда балаға жұмыс қылдырмайды. 16-18 жастағы еңбекшілер тек 6 сағат ғана жұмыс қылады. қатындарға түнде жұмыс істетпейді. қатынға баласын табар алдынан екі ай, тапқан соң екі ай жұмыс қылдырмайды.

еңбекшілер кеңес үкіметін бекіткен сайын, еңбекшілердің сүйі жақсара береді.

батырақ еңбегі.



бай батырақты алдап та жейді, арбапта жейді. батырақтың надандығына, қазақтың ескі әдетіне сүйеніп бай тоқтылы ғой, иа бір пар тай өгіз беріп батырақты күндіз түні жұмысқа салады. кейде еңшілесім деп батырақты 10-20 жыл дұмысқа салады. бір тийін ақы да бермейді. ақырында енші де бермейді.

кеңес үкіметі қызметшілерге пәленнен кем төлеуге болмайды деп кескен мөлшері бар. жалшыларды қорғойтын кесіпшілер одағы, жалшылар ұйымы, үкіметтің еңбек қорғайтын орындары бар.

жалшылар, еңбегінді сол ұйымдар арқылы қорға. кеңес үкіметі жалшылар жағында.

қызыл әрміеге белсене жәрдем етпеген адам, қызыл әрміеде қатта тәртіп орнауыа ат салыспаған адам – біздің жауымыз.

ленін.



кәмсәмөл.

кәмсәмөл ленин өсийетін орындайды. кеңестер жұмысына жәрдем береді. шарұуашылықты көтерүүге, мәденіеттартатууға көмек көрсетеді. кәмсәмөл, болашақ кәмүнізім тұрмысының қожасы. кәмсәмөл төңкеріс тірегі. ал, кәмсәмөлдер іске кірісіңдер!

астың бетін жауып қой!



өктәбір төңкерісі және кәмүніс партьйасы.

өктәбір төңкерісін ұйымдастырған кәмүніс партьйасы. кәүнес партьйасы кәпійталшылар мен алпауышттарды құрттуу үшін соңына жұмысшылар мен қара шарұуаны ертіп қан майданда соғысты. кәмүніс партьйасы-

ның ебі, ерлігі, еңбекшілер дұрыс бастауы арқасында еңбекшілер жеңіп шықты. еңбекшілер кеңес үкіметін құрды, төңкеріс дұспандарын құртты. енді сасыйалдық тұрмыс орнатып жатыр.

бірлессек, кәперетіп болсақ қана шаруа түзеледі.

әліріс:

<p><u>қызыл-орда.</u></p> <p>маркіс көшесі № 14</p> <p><u>шоранбай ұлына</u></p>	<p>10 т. мәркі</p>
--	------------------------

қол қат

1929 жыл, марттың 10. мен қызыл-орда өркігі қазалы ауданы № 4 ауыз азаматы тымақбай шымыр ұлы қазалы ауыл шаруашылық ұйымынан қарызға 15 пұт бйдайтұқымын алдым. сентебір 15-нен қалдырмай қайтарам.

қолым қойдым: т. шымыр ұлы.

астың алды-артында қолыңды жәу, аузыңды шай.

сенім қағаз.

қызылжар өкрігі, ауданы № 7 ауыл азаматы аман шоқан ұлы сатұуға 4 жасар өгізін алып барады. өгізінің түс-таңбасы: қызыл – қасқа, ақ танау. мінер құлағы алдынан шолак. күүәлендірдім.

№ 7 ауыл кеңес ағасы: (қолы)

қатшысы: (қолы)

аманат қат

1929 жыл. сентәбірдің 29. мен қызыл-көл мектебінің оқытұушысы жаңабай ұлы с. қарқаралы оқуу бөлімінен осы сентәбір айына тийісті жал ақымды алұуға әсет дініш ұлына тапсырам.

қол қойдым: с. жаңабай ұлы

жаңабай ұлының қолын күүәландырдым. - № 4 ауылдық кеңес ағасы (қолы)

ТҮСІНІК

«Самоучитель казакского языка для русских» атты еңбектің 5-басылымы ҚАССР Халық ағарту комиссарлары оқу-әдістемелік кеңесінің бекітуімен 1930 жылы жарық көрген. «Самоучитель» ҚАССР Халық ағарту комиссарлары оқу-әдістемелік кеңесінің 1929 жылы жарық көрген еуропалық үлгіде оқытатын мектептерде қазақ тілін оқыту бағдарламасына бейімделген.

Мұрағат деректеріне жүгінсек, XX ғасырдың 20-жылдарының соңында еуропалықтарға арналған «Қазақ тілі» оқулығына (оқу құралы, үйреткіші) байқау (конкурс) жарияланған. Осыған байланысты 1927 жылы Әулиеатадағы мектептің мұғалімі Петр Романович Косивцов сол уақытқа дейін оқулық ретінде пайдаланылып келген М.Жұмабайұлының «Сауатты бол», Т.Шонановтың «Самоучитель казахского языка для русских» тәрзіді кітаптарының еуропалықтарға оқуға жарамайтынын ескертіп, сынай келіп, өзінің «Учебник казахского языка для европейцев» деген кітап жазып шыққанын айтады /Орталық Мемлекеттік мұрағат. 81-қор, 1-тізім, 1313-іс, 106-б./. Кітапқа А.Байтұрсынұлы бірқатар кемшіліктерін көрсете отырып: «Олқылықтарды жөндеген жағдайда осындай кітаптардың зәрулігіне байланысты еңбекті баспаға ұсынуға болады», – деп пікір жазады /Орталық Мемлекеттік мұрағат. 81-қор, 1-тізім, 1314-іс, 6-б./. Кітап кемшіліктерін түзеу үшін авторына қайтарылады. Осы кезде Қ.Кемеңгерұлының «Жауропалықтар үшін оқу құралы» А.Байтұрсынұлы, Т.Шонанов, М.Жолдыбаев т.б. қатысқан ғылыми-әдістемелік кеңес мәжілісінде (17.03.1928) өте жоғары баға алады да /Орталық Мемлекеттік мұрағат. 81-қор, 1-тізім, 1313-іс, 91-б./, көп ұзамай кітап болып басылып шығады. Кітаптың зәрулігіне байланысты I бөлімі 1928 жылы Ташкентте, II бөлімі 1929 жылы Қызылорда мен Алматыда бірнеше рет басылған /Кемеңгерұлы Қ. Оқу құралы. - I кітап. - Ташкент, 1928. - 134 б.; - II кітап. - Қызылорда, 1929. - 194 б./. П.Р.Косивцовтың кітабын шығару туралы қайта-қайта жазған хаттарына Т.Шонанов: «...В случае включения в план будущего года рукопись Косивцова требует большой переделки, тем более, что в портфеле НМС за последнее время имеется более лучшая рукопись Кемеңгерова. Но учебник Косивцова, насколько мне известно, является букварной, по чему его можно было бы пройти до учебника Кемеңгерова, но для этого он должен быть сильно переработан», – деп жазады /Орталық Мемлекеттік мұрағат. 81-қор, 1-тізім, 1313-іс, 108-б./. Алайда П.Р.Косивцовтың оқулығы мүлде жарық көрмейді де оның орнына сол уақытқа дейін негізгі оқулық болып келген Т.Шонановтың «Самоучитель казахского языка для русских» деген еңбегі түзетіліп, басылып шығады. Осы кітаптан кейін Қ.Кемеңгерұлының «Оқу құралы» оқуды ұсынады /Шонанов Т. Самоучитель казахского языка для русских. - Қызылорда, 1929. -113с./. Осы деректің өзінен Телжан Шонановтың ғалымдық, азаматтық тұлғасы айқын көрінеді.

«Бастауыш мектептегі қазақ тілінің әдісі» Қазағыстан Халық ағарту комиссариатының бастауыш орта мектеп басқармасы оқу әдіс секторының бекітуімен 1935 жылы жарық көрген. Профессор Қ.Жұбанов жалпы редакциясын басқарған еңбек 1934 жылдың 27 қыркүйегінде баспаға беріліп, 7000 тиражбен жарық көрген. Кітап бастауыш мектеп оқытушылары мен

педтехникумдерге арналған. Ана тілінің программасы бес салаға жіктелгендіктен, ана тілі әдісі де бес саладан құралған: грамматика, емле, жазу әдісін Т.Шонанұлы, сауат аштыру, тіл дамыту әдісін Ғ.Бегәліұлы, оқу әдісін С.Жиенбайұлы жазған.

«**Сауаттан**» атты Қазақстан оқу комиссариатының білім ордасы үлкендер үшін мақұлдаған еңбек Қызылорда (Мәскеу-Қызылорда), Алматы қалаларында бірнеше рет басылған. Кітап мазмұны үнемі жетілдіріліп, толықтырылып отырған. Соған сәйкес үлкендерге арналған әліппенің көлемі де өзгеріп (32 бет, 48 бет т.с.с.) отырған. Әліпби алмастыруға (араб жазуынан латын графикасына ауысуға) байланысты туындаған даулар, бас әріпті алу-алмау мәселесі кітаптың емлесінен анық байқалады. XX ғасырдың алғашқы ширегіндегі тілдік ахуалды көрсету мақсатында қосар дыбыстарды таңбалауда, шеттен енген сөздердің берілуінде, сөздердің бірге, бөлек жазылуында түпнұсқаны сақтауға (сөз соңындағы *n* дыбысының орнына *ñ* келетін тұстардан басқа жерлерде) тырыстық. Сондықтан сөйлемнің басында сөздер түпнұсқаға сәйкес кіші әріптермен берілді.

Орынай Жұбаева
филология ғылымдарының докторы

Мазмұны

Самоучитель казакского языка для русских	3
Бастауыш мектептегі қазақ тілінің әдісі	110
Сауаттан	226
Түсінік	253

Телжан Шонанұлы

Бес томдық шығармалар жинағы

Оқу құралдары, оқулықтар

3

Беттеуші: *Б. Қосдәулетов*

Теруге 04. 12. 2015 берілді.

Басуға 11. 12. 2015 қол қойылды.

Пішімі 60x90 1/16. Офсеттік басылым.

Қаріп түрі «Times New Roman»

Шартты баспа табағы 16.

Таралымы 2000

ISBN 978-601-7822-29-3



9

7 8 6 0 1 7 8 2 2 2 9 3